

Каз
M37

Модернизация

Союз М37

Каз
М 37

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшіұртану ғылыми-практикалық орталығы

Мәшіұр Жұсіп

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері

Шығармалары. 7 том.

Павлодар, 2006 ж.

Қаз

Мәшһүр Жұсіп Көпейұлы. Шығармалары. 7 том.
Павлодар: "ЭКО" ФТФ, - 2006 ж. - 394 бет.

ISBN 9965-755-55-9

Жетінші томда халық ауыз әдебиеті, яғни әр кезде ауызша шығарылып, Мәшһүр Жұсіптің жинап қағазға түсіруімен жеткен түрлі ақындар туындылары топтастырылған. Кітап- қазак ауыз әдебиетін және қазақ тарихын, тұрмыс-салтын, нағым, психологиясын т.с.с. зерттеуші ғалымдар мен қалың оқырман үшін құнды бай материал көзі.

Редакциялық алқа:


Арын Е.М., Кирабаев С., Құсайынов А., Мәшһүр - Жұсіп К.П. (жауапты редактор), Касқабасов С.А., Нұргалиев Р., Әбусеітова М.К., Негимов С., Дәүітов С., Қамзабекұлы Д., Тұрышев А., Жұсінов Н.К., Жұсіпов Е.Қ.

Рецензенттер:

А.С.Еспенбетов- М.Әуезов атындағы Семей университеті ректоры, фил.ғыл.докторы, профессор; Д.Ыскакұлы- фил.ғыл.докторы, профессор.

Кітапты араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктер беріп, құрастырып, баспаға әзірлеген- Нартай Қуандықұлы Жұсіпов, фил. ғыл. кандидаты.

УК - 3490



Бұқар жырау

Абылай ханның қасында
Бұқарекен жырлайды.
Жырлағанда не дейді:
«Соғыспа!»- деп жырлайды
Бұқарекен деген кәрініз.

Соғыссан, кетер сәніңіз.
Бізден бұрын өтіпті
Хазіреті Фалыңыз [1].

Жаулық жолын сүйменіз,
Мынау жалған, сұм дүние
Отпей қалмас деменіз.

Мұсылман болсан, кетініз
Сырдарияның суынан
Көлденең кесіп өтіңіз.
Уш жыл малды ту сактап,
Жиделібайсын жетініз [2]!

Кісісі жүзге келмей, өлмеген,
Койлары екі қабат қоздаған,
Катын-бала камы үшін [3]
Солай таман жетініз!

Менің жасым-токсан үш,
Мұнан былай сөйлеуім
Маган да болар ауыр күш.
Өлетүғын тай үшін,
Қалатүғын сай үшін,
Қылмандар жанжал ерегіс!

Бұқылдықты қоймасаң,
Күдайдың бергеніне тоймасаң,
Ағаш үйде кәуір бар,
Көрерсің соナン теперіш!

Мұсылманның баласы [4],
Сірә, бір кеңес құрыңыз,
Бір ауызды болыңыз,
Қалған елді тастаңыз.

Бөтен елмен үйір боп,
Іргенізді қоспаңыз,
Қисық іске баспаңыз [5]!

Кәпір алмас деменіз,
Наны тәтті жеменіз,
Зәбірі қатты бұқ кәпір
Іргенізді алмай қоймас деменіз!

Кекшетауда салдырған
Кара үнгір жолдары.
Сабан таудан жиылып,
Бес сан болған (болды) колдары.

Өзін конған Кекшетау
Кәпір қала салды, ойла!
Жарқайын (иарғайын) деген жерлерге
Шашылып шеті барды, ойла!
Атбасар мен Қалқутан,
Балығы тәтті су еді,
Өне бойын шандып ап,
Сүзекісін салды, ойла!

Оны да кәпір алды, ойла [1]!
Қарқаралы деген тауларға (жерлерге)
Каркарасын шанышты, ойла!
Бетеге мен көденін
Берекесі қашты, ойла!

|\ Құсмұрын деген жерлерге [2]
Қыстастауын сонан төкті, ойла!
Жылқының суат сұына
Шошқасын әкеп екті, ойла!

Ұлытау, шеті Созактан
Созактан бергі жерлерден
Көгорай шалғын көре алмай,
Шұбырып қазак кетті, ойла!

Нұрада бар - Ақмола,
Есілде бар - Қараөткел,
Екі өткелдің аузынан
Тас қорғанды [3] салды, ойла!

Баянаула, Қызылтұу-
Оны да кәпір алды, ойла!
Жерлікте жетер суды ойла [4]!

Шұршітпенен құлақтас,
Қырғызбенен жауаптас,
Оргасында ұйлығып,
Кетпейін десе, жері тар,
Кетейін десе, алды-артын
Қоршап бір алған кеүір бар,
Ұйлыққан қойдай қамалып,
Бүйірінен шашу қадалып,
Сорлы бір қазақ қалды, ойла!

«Шұршіт келем!»- деген сөз бар-ды
Көктен түскен төрт кітап:
«Інжіл» атты каламда.

Егер шұршіт келмесін,
Егер шұршіт кептаса,
Алып бір жейді (кетер) ақтарып,
Көмүлі көрден дененді.

Шұршіт келсе, Сырға көш,
Ішетұғын сұы бар [1].
Келіп сізді қамайды
Үйтүндік пенен Беленде.

Баяғыдай: «Бір- шын!»- деп,
Сарыарқада қалмаңыз!
Сірә, байқа шіркінді [2]!
Шұршіт келсе, жарамас,
Ай-түйіңе қарамас!

Сай суындаи сарқырап,
Қалай көшіп барасың?!

Найман жатыр өренде,
Қырғыз жатыр шөленде,
Атың жатар белеңде,
Түйең жатар өленде,
Он сан Алаш билігі
Хан Абылай, төрөндө [3].

Ал тілімді алмасан,
Ай, Абылай, Абылай,
Сені мен көргенде,
Тұрымтайдай ұл едін,
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет патшага
Қызыметкер болып тұр едін.

Қалтактал жүріп қүнелтіп,
Үйсін: Төле билердің-
Түйесін бақкан құл едін!

Сен жиырма жасқа жеткен соң,
Алтын тұғыр үстінде
Ақ сұңқар құстай түледін.
Дәулет құс конды басына,
Қыдыр келді қасына,
Бақ үйіп түнедін!
Алыстан тоят тіледін,
Қылышынды тасқа біледін!
Алмаған жауың қоймадын,
Алғанменен тоймадын!
Несібенде жаттан тіледін!
Уа, сен Қанжыгалы: Бөгенбай,
Тақымың кеппес ұры едің,
Тұн қатып жаңа (және) жүр едін.
Кабанбайдан бұрын наизанды
Кай жерде жауға тіредін?!

Абылай-ая, Абылай,
Момынға келіп бес болдын,
Атанды білмес құл едін.

Атаң тегін сұрасан,
Арқар ұранды жат едін,
Қай жерінде төре едің?!

Қарсы менен Ғұзарда
Жалаң аяқ жар келіп,
Бөз тоқыған сарт едің.

Шешенді және сұрасан,
Қай алтынның буы еді?!
Оны да мен білуші ем,
Түрікпеннің төрінде (түбінде)
Қашып жүріп күнелткен
Мәскеудің қара күні еді [1].

Жұлдызың туды-ау оныңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан.
Он сан Алаш баласын
Аузыңа Құдай қаратып,
Жусатып тағы (және) өргізіп,
Жұмсап бір тұрсың қолыңнан!

Актан болды-ау күніңіз,
Фаршы менен Күрсіге
Дау таласты үніңіз!
Өзің болған күнінде
Бір-бір көшеге (көшке) сыймайды
Азаткер де құлыңыз!

Ашуланба, Абылай,
Ашуланба, Абылай,
Көтерермін, көмермін.
Көтеріп, қазға (көрге) салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма!
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба!
Күнінде мендей жырлайтын
Токсан үште кария
Енді саған табылmas!

Ай, Абылай, Абылай,
Қатын алма қарадан,
Қара тумас сарадан (шарадан).
Қатын алсаң қарадан,
Алды кеппес баладан,
Арты кеппес жаладан (иаладан)[1]

Қатын алма төреден,
Қатын алсаң төреден,
Еркегі болар жау жанды,
Үргашысы- ер жанды!
Төре берер ұл туса,
Аузы кетпес парадан,
Мал жинасан, қойдан жи,
Майы кетпес шарадан.
Ит жинасан, сырттан жи,
Қой да бермес корадан.

Аталаыдан би қойсан,
Адаспас жол мен жобадан[2].
Атасыздан би қойсан,
Босанбас аузы парадан.

Ағар дария су кетпес
Қалмақтан алсаң мәни бір зайдып.
Сүйегіңді жоғалтпас!

Отының болсын жантактан,
Қатының болсын қалмақтан.
Косының болсын қазактан!
Сегіз қыыр шар тарап
Төрт күбыланды түгел ғып,
Төрінде жатып салмақтан!

Он екі айда жаз келер,
Құс алдында қаз келер.
Айтып- айтпай немене,
Заманыңыз[1] аз келер.

Сол заманың келгенде,
Ата-бабаң қол берген
Кожаларды қас көрер.
Ногайларды ғалым деп,
Әулиедей көрерсің!
Ногайлардың бойлары [2] болар сазандай,
Сәлдесі (сәллесі) болар қазандай,
Ақыретке барғанда,
Ақсүйекті қор тұтқан,
Қараны онан зор тұтқан,
Ногайларды пір тұтқан,
Тартарсың сонда жазанды-ай!

Кеше[1] қара қалмак бұлдерде
Бұзылардың [2] белгісі:
Бұлыт-бұрқан болысты,
Уағдадан жылысты [3],
Бурышындай тіздесті,
Жамандықты іздесті.
Бірін-бірі кундесті.

Жаулаған ханын қара онбас,
Хан қисайса, бәрі онбас!
Ханын қалмак жаулаған
Сөйткен қалмақ онбаган!
Сол қалмақтың жері еді-ая [4]:
Үш (Ош), Қарқара, Көктөбе,
Ит те ұлып қалмаған.

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректей болыныз.
Судан -суға сұнгумен (шүйгумен),
Көлден көлге қоныңыз!
«Байлар ұғлы шоралар
Бас қосыпты!»- десін де.
Маң-маң басып жүрініз,
Байсалды үйге түсініз.

Айнала алмай, ат өлсін,
Айыра алмай, жат өлсін!
Жат бойынан түңілсін,
Бәрініз бір енеден тұғандай болыңыз!

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұрылып ұшар жаз күні.
Боз мойынды сұр үйрек
Көлге қонар жаз күні.

Көкаланы жаратып,
Кек дабылды байлатаңып,
Байлар ұлы (ұғлы) шоралар
Көл жағалар жас күні.
Байлар қызы- бикештер
Көл бұлғайды-ау жаз күні!

Қымызсыз жынын (иыйын) той болса,
Қызығы жоқ-ты жаз күні.
Қызыл турам ет болса,
Қызғаныш болар аз күні.
Мал- бергенің болмаса,
Пайдасы жоқ-ты аз күні!

Ақсары атан еспелі
Ел жайлауға шыққан жұрт,
Хақтың жолын күзетпей,
Жамандықты тұтқан жұрт.
Мамырасып, бай болып,
Байсал тауып жортқан жұрт.

Хан жарлығын алмады,
Ханға тізгін салмады,
Баяғыдай: «Бір - шын!»- деп,
Бір ауызды болмады.
Кас тұрпайы болған жұрт!

Айналасын жер тұтқан
Айды батпас деменіз.
Айнала ішсе таусылмас [1],
Көл суалмас деменіз!
Құрсағы құшак байлардан
Дәulet таймас деменіз.

Жарлыны жарлы деменіз,
Жарлы байға теңеліп [2] (тен алып),
Жайлауга жарыса көшпес деменіз.
Жалғызды жалғыз деменіз!

Жалғызды жалғыз деменіз,
Жалғыз көпке теңеліп (тен алып),
Бір жапанда соғысып,
Кегін алмас деменіз.
Құландар өттес [3] ку тақыр
Курай біттес деменіз.

Курай біттес құба жон-
Құлан жортпас деменіз!
Құрсағы жуан боз бие
Құлын салмас деменіз!
Құлық туған құлаша
Құрсактанбас деменіз.
Ку таякты кедейге
Дәulet біттес деменіз!

Ай не болар күннен соң,
Күн не болар Айдан соң?!
Құлпырып [1] тұрған бәйшешек,
Курай болар солған соң!

Хандар киген камқа тон
Шүберек болар тозған соң.
Еңсесі биік кең сарай
Мортық болар бұлғен соң.

Төрде отырған қарт бабаң
Төресін жаңылар малдан соң.
Төркіндеген бикешін
Тіркеусіз о да қайтар малдан соң.

Дөңгелеп (доңғалак)[2] арба жүре алмас,
Кос арысы сынған соң.
Жігіт жақсы бола алмас,
Алғаны жаман болған соң!

Кос, кос орда, қос орда [3],
Косыла қонбас малдан соң.
Коспак өркеш сары атан
Қом жасамас майдан соң.

Төсі аршынды сұлуың
Сілкін төсек салмас малдан соң.
Байдың ұлы көрпелдес (көрпелес)
Шұбаланқы тартады
Айдап жүрген малдан соң.

Үлдемен басын ораған,
Семсермен шашын тараған,
Қиғаштап қасын қараған,
Күлгенде, күрек тісі қасқайған,
Қынай да белін буынған,
Ол не болар ерден соң ?!

Ай, айтاشы, Алланы айт,
Аты жақсы Құдайды айт.
Төрт шаһариар (шадияр) Мұстафа
Мұсқап (мысхифа) ашқан ғаламды айт!

Тәнірім сөзі- Фұрқанды (Бұрқанды) айт,
Кәлам- Алла Құранды айт!
Тәнірім салса аузыңа,
Жан жолдасың- иманды айт!
Жамандыққа - жақсылық
Кектемеген [1] Еділді айт!
«Қара қылды қақ жарған»
Наушеруандай әділді айт!

Фаршы менен Күрсіні айт,
Лаухи менен Каламды айт!
Құдіретімен жаратқан
Он сегіз мың ғаламды айт!
Ақтан сия танытқан
Дәуіт пенен қаламды айт!

Сөйлеу үшін жаратқан
Сөз анасы сәлемді айт,
Тірілікте сыйласқан
Ата менен анаңды айт!
Адам үшін жаратқан
Қызықты нәубет балаңды айт!
Өлгеннен сон жер жүтқан,
Қараң қалған дененденді айт!

Алла деген ар болмас,
Ақтың жолы тар болмас.
Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес.

Берем деген- құтылмас,
Берік байлаған- шешілмес,
Қазулы жолдар көмілмес.
Картайсан, карт бабанды сыйлай бер,
Құндердің күні болғанда,
Кімдерде кімнің дейсің белі бүкіреймес [1]?!?

Хақтың үйі мешіт-ті,
Ақты құдай шешіпті.
Арамза да тәкпенің
Уыз (у,ез) ойын (үйін) кесіпті.
Ибраһім халал жасады
Тәнірім үйі- Қағбаны [1].

Батырлар үшін жасатқан [2]
Берен сауыт жебені.

Сыйлай бергіл көнені,
Сыйламаған күн қылар
Өзін тапқан енени.

Ибраһім халал жасаған
Тәңірім үйі - мешітті.
Құдайды білмес бинамаз
Құдайынан кешіпті.
Құдайыңа құл болсан,
Шын жасалған [3] үл болсан,
Құдай-тағалам өзі берер несіпті!

Ұрғашының жаксысы
Әбжыландай бұраңдап (есіліп) [1],
Боз жоргадай желгені (жылғаны).
«Қырға шықсам, көрер» -деп,
Пана тұтар жылғаны.

Ұрғашының жаманы-
Өсек дуken құрғаны.
Құдайының ұрғаны!
«Өсек пен ғайбатты,
Зина менен ұрлықтан,-
Бұрынғы өткен жақсылар:
- Онан да жаман!»- десіпті.

Ақсаңнан биік тау болmas,
Бауырынан қашқан күзен көрінбес.
Ақшам батпай, түн шықпас,
Ажал жетпей, жан шықпас.

Етекті кессен, жен (иен) болmas,
Ежелгі дүшпан ел болmas.
Қараша торғай қаз болmas,
Шағала келмей, жаз болmas.
Шаңқан болмай, боз болmas,
Іштен қыңыр туғанды
Тезге салсан, түзелмес.

Кара койдың терісін
Сабындаң жусаң, ағармас.
Қалған көңіл табылмас.

Өзіннен тумай, ұл болмас,
Сатып алмай, құл болмас [1],
Құм жиылып, тас болмас,
Құл жиылып, бас болмас.
Екі жақсы қас болмас,
Екі жаман дос болмас.
Дос болғанмен, хош болмас.
Екі жақсы дос болмас,
Дос болса, түбі бос болмас!

Бірінші тілек тілеңіз:
Бір Аллаға жазбасқа!
Екінші тілек тілеңіз:
Бір шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа!
Үшінші тілек тілеңіз:
Үңқілсіз кейлек кимеске!
Төртінші тілек тілеңіз:
Терде төсек тартып жатпасқа!
Бесінші тілек тілеңіз:
Бес уақытты бес намаз-
Біреуі қаза қалмасқа!
Алтыншы тілек тілеңіз:
Алпыс басты ак ордан,
Ардактаған аяулың
Күнінде біреуге
Тегіннен-тегін олжа болмасқа!
Жетінші тілек тілеңіз:
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келін,
Сонан сасып тұрмасқа!
Сегізінші тілек тілеңіз:
Сегіз киыр шар тарап,
Мал таусылып, ел қалып [1]
Жер тұлданып тұрмасқа!

Тоғызыншы тілек тілеңіз:
Төрөнгө тақтан таймасқа!
Токсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа!

Оныншы тілек тілеңіз:
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды құнде айналған,
Бұлтты құнде толғанған,
ТАР құрсағын кеңіткен,
ТАС емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа!

Он бірінші тілек тілеңіз:
Он бармағы қыналы [2],
Омырауы жұпарлы
Исі жұпар аңқыған,
Даусы кудай санқыған,
Назыменен күйдірген,
Күлкыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да, жесір қалмасқа!

Сәлем бір-сөздің анасы,
Галек (алейік) алған данасы.
Шығанактанды шырқайды
Ол біреудің танасы.

Оның сөзін тыңдасан,
Баяғы айтқан жаласы.
Әтірікті шын қылған-
Ол- Алланың қызыл көзді пәлесі.

Айтқаныңа көнбесе,
Айдауыңа жүрмесе,
Көнілінде бар оның аласы [1].
Бәрімізді сұрасаң,
Құтган байдың баласы,
Арғындардың сабасы,
Карақожа бас бөлүп,
Қабыл да болған дуасы (дұгасы)!

Жакын жерден шөп жесе,
Жердің сәнін (сәнің) кетірер.

Ағайынның аразы
Елдің сәнін кетірер.

Абысынның аразы
Ауыл сәнін кетірер!


Жарк-жұрқ еткен жайда бар,
Жарау семіз байда бар.
Құйрығы бітей қойда бар,
Қос қанаты тимеген (жетпеген) [1]
Канаты бітей қуда бар.

Ат тұяғы тимеген
Ақ кірпіш тас суда бар.
Ғазірейіл келгенде,
Жан қалар жер қайда бар?!

Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса, үй кетер.
Жатқа тізгін берменіз,
Жаламенен бас кетер!

Жаманмен жолдас болсаңыз [1],
Көрінгенге күлкі етер.
Жақсымен жолдас болсаңыз,
Айрылмасқа серт етер!

Ит жұғіртіп, құс салсан,
Киген тоның тұлқі етер.
Сыпайы сырын білдірмес,
Ақырын ғана бұлк етер.



Көкте бұлт сөгілсе,
Көктеп болмас, не пайда?
Көкіректен жан шықса,
Қайтып келмес, не пайда?!

Дін мұсылман болмаса,
Тіл мұсылман не пайда?!

Қызда қылыш болмаса,
Құр шырайдан не пайда?

Ерге дәулет бітпесе,
Шүлдірекен қызыл тілден не пайда?!

Мал араға түспесе,
Құр айтқаннан не пайда?!

Байдан қайыр кеткен сон,
Мал да кетер, не пайда?!

Алыстан қызыл көрінсе,
Манат емей, немене?!

Көтерілін ұшқан сон,
Қанат емей, немене?!

Екі жақсы бас қосса,
Санат емей, немене?!

Қамшылатып жүгірген
Шабан емей, немене?!

Айтқан сөзге түспеген
Жаман емей, немене?!

Сұрағанда, бермеген,
Сараң емей, немене?!

Кісі ақысын көп жеген
Арам емей, немене?!

Іштегі сыр Аллаға мағлұм,
Сыртындағы құлығын
Амал емей, немене?!

Сусағанда берген су
Шекер емей, немене?!

Һимматсыз [1] ерге біткен мал
Бекер емей, немене?!

Кара арғымақ арыса,
Қарға адым жер мұн болар,
Есіл көзден нұр тайса,
Бір көруге зар болар.

Батпакты сайға су түссе,
Атың арып келгенде,
Өткел бермес кешерге!
Қайырсыз итке мал бітсе,
Аңқаң құрып келгенде,
Саумал бермес ішерге!

Жаман болса алғанын,
Һимматлы туған есіл ер
Киім пішсе ол қатын,
Жағасы кетер көнтиіп,
Етегі кетер салпиып.
Үлгі болмас пішерге!

Айттар болса, Алланы айт!
Танертен азан шақырған,
Даусы сұлу молданы айт!
Өз жынысының ішінде
Даусы ашы тырнаны айт!

Тауық жұнді тастырна
Тақыршақ жерге қонбас па,
Таралып жұні қалмас па?!

Ақ сұнқар құстын баласы
Ұяды алтау тумас па,
Ұяды алтау туғанмен [1],
Оның ішінде
Біреуі алғыр болмас па?!

Алғырының белгісі -
Ұзактан жемді ілмес пе?!
Бірге туған ұялас:
«Бізге сауға!»- демес пе?!
Өзі аштан өлсе де,
Айырып жемін бермес пе?!

Сөйтіп жүрген кезінде
Алғырынан айрылса,
Қанаты түптен қайрылса,
Құс жаманы жапалақ
Оған да қор болмас па?!
Адамзаттың баласы
Атадан алтау тумас па?!
Атадан алтау туғанмен,
Оның-дағы ішінде
Біреуі арыстан болмас па?!
Арыстаниның барында
Жорғасы болса, мінісіп,
Торқасы болса, киісіп,
Толғамалы қамшы алып,
Толғай да толғай дәурен сүрмес пе?!

Сөйтіп жүрген кезінде
Арыстаннын айрылса,
Қанаты түптен қайрылса,
Ел шетіне дау [2] келсе,
Отініп оны ала алмай,
Алдына келген жақсының
Қадірін оның біле алмай,
Қадір-құрмет (ізет) қыла алмай,
Артында қалған жамандар
Бас-басына тозбас па?!

Ай, заман-ай, заман-ай,
Тұсті мынау тұман-ай,
Істін бәрі күмән-ай!
Баспақ, тана жиылып,
Пазна [1] болған заман-ай!
Құл-құтандар жиылып,
Құда болған, заман-ай!

Арғымағын жоғалтып (иоғалтып),
Тай жүгірткен заман-ай!

Азаматың құлапты,
Жұрт талық болған, заман-ай!
Арғымақтың жалы жок,
Жабылар жалыменен тенелер.
Жақсылардың (ихшылардың) малы жок,
Жамандар малыменен тенелер (тең алұр).
Арғымак-жалсыз,
Ер- малсыз,
Алланың аманат қойған жаны [2]
Қай күні алары (алұруы) болжалсыз.

Шашырап шықкан қандар көп,
Шашау жатқан малдар көп,
Қайсыбірін айтайын,
Айта берсем, сөздер көп.

Үй артында тәбешік
Ерттеулі тұрган ат болар
Қариясы кімнің бар болса,
Жазулы тұрган хат болар.

Өзіннен туған жас бала
Саудагердей сарт болар.
Өзінмен бірге туысқан
Алаштан бетер жат болар!
Сыйынған пірің сарт болар,
Бір Құдайға шет болар!

Өтермеден кетер ме
«Жарлымын!»- деп байғустар
Байдын малын күтер ме?!

Тайып кетсе табаның,
Шашыңды берсөн, жетер ме?!

Аздың да ісі бітер ме,
Кептің де ісі жетер ме?
Көп ішінде бір жалғыз
Сейлесе, сезің өтер ме?!

Рұлының оғы қалса, табылар,
Жалғыздың тартатұғын (ататұғын),
Жағы қалса, табылмас.
Әкелі бала жау жүрек,
Әкесіз бала сүм жүрек,
Жынын бөлса, бара алмас.
Барса-дағы төрден [1] орын ала алмас.

Екі көзі жаудырап,
Тұлымшағы салбырап,
Күнінде сонын не болғанын білмеймін.
Шайнағаным күмән-ды[2]!
Әкелі бала жау жүрек,
Әкесіз бала сүм жүрек,
Жынын болса, барады,
Барса, орын алады.
Бітірер сенін дауынды,
Қайтарар сенің жауынды,
Күнінде тастан өтер жебесі!

Арту-аргу бел келсе,
Атан тартар бүгіліп.
Алыстан кара көрінсе,
Аргымақ шабар тігіліп.
Алыстан жанжал сөз келсе,
Азулы сөйлер жүгініп!

Садыр, кайда барасын
Сарысуды көбелеп?
Ақмырзамды өлтірдің
Ак сойылмен төпелеп.
Жауайын деп мен келдім
Кар, жанбырдай себелеп.

Аргымаым барында
Жарықсалы келгенмін.

Азаматым барында
Алысқалы келгенмін!
Жақсы болсан, сенимен
Табысқалы келгенмін.
Жаман болсан, шаншысып,
Шабысқалы келгенмін.

Уа, сен танымай кетіп барамысын,
Мен-Аргын-Найман арыспын (арысмын),
Азұым кере қарыспын.
Іштен туған шалыспын!
Сен данышпан болсан,
Мен-арыстан.
Сен бұзаудың бас терісі баспак болсан,
Мен өгіздің жон терісі талыспын.
Сірә, кыр көтінен қалмаспын!

Бұқарекең біз келдік,
Акан, Тәбет байларға.
Бесті берсең, семіз бер
Жаздай Бұқар жайларға.
Бермеймін деп атама,
Асауынды матама,
Шандырынан [1] берік тартсам,
Шамырқанып, шамданып,
Шалқасынан жата ма?
Алпыстағы Бұқардың
Сілесі құрып қата ма?!

Құлдарың мен күндерің
Мерекеге бата ма?
Келіп едім өзіңе [2],
Тұнеугі айтқан сөзіне!
Тіпті разы болмаймын
Керегенің басында
Екі кары (қари) [3] бөзіңе!
Бермей қалсаң осы жол
Жолықпаймын деп ойлама
Жортуюлшы[4] ердің кезіне!

Ежелгі дос жау болмас,
Шернеуіште[1] хаты бар!
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көнілінде кірлер (кірдар) таты бар.

Ежелгі дос жау болмас,
Айтыскан оның серті бар.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көнілінің тұтқыр кірі бар.

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көнілі қайтады.
Қандыра жауап сөйлесем,
Халқым не деп айтады?!
Ай, Абылай, Абылай,
Кайғылы мұндай хабарды
Сұрамасаң не етеді?!
Сұраған соң, айтпасам,
Кісілігім кетеді.

Енді айтайын, тындасан,
Айтты деп қаһар қылмасан,
Судан қашып қарағай,
Шөлге біткен бір дарак.
Шортан суға шыдамсыз,
Балықтан шыққан бір қарак.
Ойлама: «Шортан ұшпас!»- деп,
«Қарағайға шықпас!»- деп [1],

Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақырда шығар со тұстан.
Өзі сары, көзі кек,
Бастығының аты- поп.
Күншығыска қарайды,
Шашын алмай, тарайды.
Құдайды білмес, діні жок,
Жамандықта міні жок.

Затсыз, тексіз, жон кәпір [2],
Аузы- басы жүн кәпір,
Жаяулап келер жұртыңа,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа.
Жемқорларға жем беріп,
Азды көпкө тенгеріп [3],
Ел қамын (ғамын) айтқан жақсыны
Сейлетпей, ұрап ұртына!
Бауыздамай, ішер қаныңды,
Өлтірмей, алар жаныңды!
Қағазға жазар малыңды!
Есепке салар барыңды!
Елінді алар қолыңнан,
Әскер (ғаскер) қылар ұлыңнан.
Тексізді төрге шығарып,
Басыңа ол күн туғанда,
Тендік тимес құлыңнан [4]!
Бұл айтқан сөз, Абылай,
Болмай қалмас артыңнан!
Есітсөн мына қартыңнан!-

деп, сөзін тауықсанда, Абылай хан: «ұф!»- деп, сұрағанына пұшайман болған екен.

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай!
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,
Үш жүзден үш кісіні құрбан (құрмалдық) қылсам,
Сонда да қалар ма екен қайран жаның ай?!

Көтеш Райымбекұлы (XVIII ғасыр)

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Жақсы қыздың үйіне қүйеу болсан,
Табак-табақ алдыңа төс келеді.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Жаман қыздың үйіне күйеу болсаң,
Төсін түгіл, төсегің кеш келеді.

Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,
Есіл ер, жазығы жоқ, неге өлтірдің?!
Хан басың қарашиңмен даулы болып,
Үстіне ақ ордаңың қол келтірдің.

Абылай, күйіп кетті салған қалан,
Мейрамға не дейсің жапқан жалаң?
Жанайды дәл бүгін күн босатпасан,
Болады ертең жесір катын-балан!

Төлебайдың баласы өңшең сырттан,
Ерегесіп ет жейсің, аты жұрттан [1],
Сен бермесең, етіннен, мен де бермен,
Зор болсаң, тартып жерсің, Ыстықмұрттан[2].

Есі бүтін табады көшкен жұртты,
Қойлы қатын алады май мен құртты.
Қарынласка ашуың қатты келіп,
Шауып ала қойыпсың Ыстықмұртты!

Арқауылдың құба жон түсер қактар,
Су ішкелі сол қакты құлан жактар.
Атадан алтау-жетеу туғанменен,
Соның ішінде біреу-ак сүтін әктар.

Ай- караңғы, күн- бұлт: түн деменіз,
Біреу- жарлы, біреу-бай: күн деменіз!
Ата тілін алмаган арам ұлды
Аузы түкті кеуірден кем деменіз.

Ай- қараңғы, күн- бұлт: түн деменіз,
Біреу- жарлы, біреу-бай: күн деменіз.
Ата тілін сыйлаған адал ұлды
Хат оқыған молдадан кем деменіз!

Балана, ұрса берме⁸, таз да болса,
Малынды, сол бағады, аз да болса.
Жұмыскер есіктегі тынышы кетер,
Кожайын төрде отырған қазба болса!

Койым-ау, кел, қойсайны өргенінді,
Мен айтамын көзіммен көргенімді.
Құйрығынды бір иткүс алып кетсе,
Сен онан ала алмассың бергенінді.

Дулап өтіп барады тұсымнан қыз,
Ұяты бар бойында, қымсынған қыз.
Қазы менен қартага тойғызғандай
Тәуір сыйлап жездесін отырған қыз.

Сонда қыздар айнала тұра қалып:
- Туу, мынау қалай өтірікші еді?!- дегенде, айтқаны:

- Түкірсендер, бетіме түкір, қыздар,
Түкіргеніңе қыламын шүкір, қыздар [1].
Көрінгенге былқ етіп құлай кетіп,
Соныра түсер ішіне, пікір, қыздар!

Күркелінің бауыры күнде дауыл,
Көтеш қалды қыстауда жалғыз ауыл.
Ауырып жатсам, көңілімді бір сұрамай,
Жын Сексеннің баласы қарабауыр.

Бір жанымның қамы үшін журдім саяқ,
Не қыламын бұл малды жаңнан аяп.
Ауырып жатқан күнімде бір қайрылмай [1],
Ет дегенде қалмапты тайлыштақ.

Арғы атамды сұрасаң, Сексен: Жұлма,
Райымбек Сексеннен туған ұл ма?
Райымбек дейсің де, Райды айтпай [1],
Райымбек би болса, Рай құл ма?

Тінәлі, Тышқанбайдан алдым «жетім»,
Қопаның, өкпеледім, көрмен бетін.
Малдыбайдан алғаным- маңқа жирен,
Түбінде жалғыз таудың жетім етін.

Қартайғанда қатының дүшпан болды,
Баласымен бірігіп қысқан болды.
Келін деген бір дүшпан және шықты,
Біреуі-іштен, біреуі тыстан болды.

Қартайғанда қатынын:

- Қазба!- дейді,
- Келін менен балаға жазба!- дейді.
- Ат болса, айғыр болса, солар мінсін,
Шолақ байтал қақбасқа аз ба?!- дейді.

«Бала, бала!»- деуменен мазалымыз,
Баладан, болар, білем, ажалымыз!
Баламызға жалынсақ, жан сақтар ек,
Келін деген даяр тұр тажалымыз!

Келін-ау, сен де тексіз, мен де тексіз,
Сен неге: «Тексіз»-дейсің жіктен-жіксіз?!

Қартайғанда Көтештің ажалына
Келіннен айғыр шықты екі енексіз.

Сөйлес дейсің, қонағым, сөйлеспеймін,
Екі елу-ердің жасы- он «бес» деймін.
Осы үйде ұршықталған жалғыз сан бар,
Төбелеспей, оны қатын кісіге бермес деймін.

Сексен- ерікке қоймады-ау қалжыратып,
Қайтіп өлең айтартмын алжып жатып?!

Сексен түгіл, тоқсанға болмас едім,
Ұсақ турап, ет берсең, балбыратып.

Кәрілік әбден жеңгенде, айтқан өлеңі:

Кәрілік, жылы-жұмсак ас жарай ма,
Қазы-қарта, жал-жая, бас жарай ма?!

Кәрілік, бәрін мұның жақтырмайсың,
Үйген топырақ, қалаған тас жарай ма?!

Атам ата болмады, қалмақ болды,
Қызын берсе, атымды алмақ болды.
Алты ешкі, жалғыз қойын базарға айдал,
Қызыл ділда, ақ жамбы алмақ болды.

Енем ене болмады, деген болды,
Жазығымыз енеге неден болды?
Сап-сая қызын ауру деп сылтауратып,
«Ақ сарыбас»- ереккөйді жеген болды.

Конақ кусаң [1], үйіңнен құт қашады,
Байлап қойсам, атымның қарны ашады.
Кең қорығын Құдайдың Шоң қорыса,
Ақ қар жауып ол жерді, мұз басады.

Қазакта Арғын аға болған зерек,
Басқадан ол кісінің жөні бөлек.
Арғының түп атасы- ақын Құтан,
Өлеңге бізден ұстұн болса керек.

Жөн-жобамыз- қалаши,
Қалаши мен далаши.
Бір тайырының алаши.
Жалғыз ала шолақ биенің көтіне
Құрым киіз тиіп сауган
Желкілдектің баласы,
Сауыр құлдың желігүін қарашы!

Ұстаның дандағөйі балғасында
Құдайым ұстаға құн салмасын да.
Ұстаға дандағөйісіз барамын деп,
Көріктің отырып қалдым далдасында.

Ақыл, Сексен атанған елімізді,
Атпен тартып қағатын желімізді.
«Жұтадық!»- деп, бозбала, мұнаймандар,
АЗар болса, бір жолғы төлімізді.

Ау, балам, танымаймын, не ел боларсын,
Не дәүлет, не перзенттен кем боларсың?!
Кетешті жүзге келген тонаймын деп,
Айдабол мен Күлікке жем боларсың!

Жан-жагымнан жеті ұры анталады,
Келе сала біреуі балталады.
Өспегірдің баласы қайдан туды,
Жауырынымның ортасы қанталады.

Жылқының бурыл келер шал қасқасы,
Кеудеден білінеді жан басқасы.
Жұмысым болмас еді-ау бұл пұшықпен
Кешегі өтіп кетті Төлебайдың бес қасқасы!

Жүре-жүре түзелер ердің қосы,
«Байдың қызы»- демесен, жанның босы.
Үлкендерден батаны көп алып ем,
«Алғаныңмен қоса ағар»- деген осы.

Дерикеске

Жылдан аса жолдас болдың Олжашыңа,
Қайрылмастай жан екен жолдасына.
Байлау да жок сөзінде, матау да жок,
Қол ап кел Олжашыңың өз басына.

Жанак Сағындықұлы (1770-1856)

Қиғытан, Босбостағы мал баккыштар,
Біреуіне біреуі сын таққыштар.
Біреуіне біреуін сын тақпай-ақ,
Ептеп, септеп күнінді елте қой қақыштар!

Қиғытан, Босбостағы обырларға,
Тойып, байлық көрмеген тобырларға.
Жұмасында орыстын арак ішіп,
Үкі тағып шабасың шобырларға!

Атым Жанак деген соң, атым- Жанак,
Айдаболда келіп ем Шонды қалап.
Қонағына бір тоқты соя салып,
Бозбаласы кетеді иттей талап.

Торайғыр мен Шоң едің мактап жүрген,
Бар ақылың осы ма сақтап жүрген?

Екеуің екі жаққа тарта берсөн,
Бұратараң жеп кетер жақтап жүрген.

Жаның берген Жанактың шұбарын жер,
Мына адам бұл шұбарды: «Менікі!»- дер.
Жақсы атыңды жалғанға сатқан жанды
Бар Құдай, өзің біл де, жазасын бер!

Абайділда, Аббастың елін жайлап,
Бес жорғасын өлтірдім кісе (кесе) байлап.
Ханнан алған сұлуым өлінг қалып,
Қара күнмен келемін сорым қайнап.

Ар жақта аты шықкан Нұрикен бай,
Ішкені- алтын аяқ, аққүйрық шай.
Байлығы алты Алаштан асып кеткен,
Жылында құлындайды жеті жүз тай.

Сақау Мәүкеұлы (1798-1875)

Ескі сөз жаңа сөздің үлгісі еді,
Торайғыр, Шоң- Арқада бір кісі еді.
Жаңабатыр өлген соң, Жанақ қалды,
Тұғырына қондырган белгісі еді.

Біреуі жеті бидің Шорман екен,
Шоң биім жел жағында корған екен.
Торайғыр жеті жүрттың дүлдүлі екен,
Көк жарып дүйсенбі күн туған екен.

Олжабай біздің елде ту ұстаган,
Балапан тұйғын құстай қоныстаған.
Қолының коспасынан өтсе де,
Ту ұстаган жерінен жылыспаған.

Не дейді мынау кәрі күн Құдай ұрған,
Кім бар еді конысынан желмей тұрған?
[А]ктауды Өртая менен бірдей алып,
Кернейді Алшағырым қойдай қырған.

Үшбу күн сыртым- бүтін, ішім-тұтін,
Ондырмас қарғағанын Құдіретім!
Жігіттер (жігітлар), өлмеймін деп, ғапіл қалма,
Өлімнің, алдын ала, келмей күтін!

Күте гөр, шамаң келсе, малдың астын,
Құтпесен малдың астын, мандымассын!
Үстіннен мал кеткен соң, ой (үй) да (де) кетер,
Жатарсың кебек қылып қардың астын!

Жаксы кенес естісен, құлақ құршы,
Мамық тәсек, тәтті үйқы- жанның тынышы.
Қыран құс, жүйрік ат пен сұлу қатын,
Дәулет, перзент- адамның көніл-хоши!

Капалы адам дүниеде зар айтады,
Жарлылық ер жігітті мұнайтады.
Өтпес пышак, шабан ат, жаман қатын,
Құс алмайтын көшіл құс-
Сол төртеуі ер жігітті қартайтады.

Сыртында Қызылтаудын сулы Бөрлі,
Әкемнің аруағы маған конды.
Жігіттер, қайыр берсең, біздерге бер,
Айрылған бұлбұлышынан біз бір сорлы!

Қадір Жаббар, медет бер,
Он екі мүші, тіліме!
Дария теңіз ағылтып,
Сөзді күйіл[т]ып есіме.

Бір Алламе[н] бастайын

.....
Әз Тәуkenің тұсында
Карлығаштай қайрылысқан
Калың қазақ ел екен.
Байсынға барса, мал бөгіп,
Жататұғын кезі екен.
Құлышы жүні бөрте екен,

.....
Бөрте қозы өсірген,
Байсындаи шүйгін бар ма екен?!
Еділ, Жайық есіліп,
Ойнап жатқан су екен.

Ертіс, Есіл мөлдіреп,
Мейір қанаң нәр екен.
Қырдың жоны- Қоныртау
Аса бір асу бел екен!

Алатаудың арқасы
Ақбураның құмындей,
Сұңғіп жатқан мұз екен.
Сырдың бойын жайлаған
Қалың Қонырат елі екен.
Желмаясын желдіртіп,
Нар түйесін боздатып,
Байтак жатқан Сыр бойын
Шүйгіп жүзген халық екен.
Бұл байтакты шарлаған
Төлеубайдың(Толыбайдың) баласы
Ер Олжабай жас екен!

Шернияз Жарылғасұлы (1807-1867)

Ассалаумағалейкүм, алдияр хан,
Өлім десе, қорқады шыбындей жан [1].
Өлімнен қашып келіп қорғалаған,
Күштің күйқылжыған күргір заман!

«Асыл зат, ханзаданың баласы!» -деп [2],
Мен бір торғай бұтаңа қорғалаған.
Жалаң аяқ, жалаң бас зарлап тұрмын,
Көзіңнің қырын салар бар ма заман?!

Найзаңның, күміс шаптың, қияғына
Сіз-сұнқар, келіп қондым қияғына.
Назарың топырақты алтын қылған хансың [3],
Көз салсаң, мұсіркеумен, сияғыма!

Хан іш дәретін ала берді:

- Караңғы тұнде [4] сұмырайдай тақылдаپ тұрған қай неме?- дейді.
Сонда Шернияздың айтқаны:

Арқада ту ұстаган Арғынғазы,
Сайраған мен қасында (солардың) [5] коныр казы.
Қысын- жаз, қылғын [6] той, күлкі қылған:
Мен байғұс-Исатайдың Шерниязы.

Байеке, қаһарың-қыс, рахматың (ракметің)- жаз,
Алдында өліп кетсем, өмірім [7] аз.
Құндіз-той, тұнде-базар: жүрген жерім,
Бұлбұлы Байұлының- мен, Шернияз!

[Баймағамбет]:

- Құлақ- мұрнынан [8] жүрдай қылған Исатайды қоймай, әлі был-шылдаپ тұрғанын!- дегенде, айтқан өлеңі [9]:

Шеріңнің бір сыпиршы томағасын,
Алаштан алып жеген сыбағасын.
Сау болса жақ пен тілім, күнелтермін,
Құлағым- қу басымның садағасы!

[Баймағамбет]:

- Шернияз болсан, жүр, үйге кіріп сөйле!-деп, хан үйге карай журе бергенде, айтқан өлеңі [10]:

Сөйлеген, хан Байеке, жақ пен тілім,
Не болар мұнан былай көрген күнім?!
Жалаң аяқ, жалаң бас, кіре алмаймын,
Қайтейін, ашылып тұр абырым!

Кәпір-антқа, мұсылман тілге [11] нанар,
Сөзімді естігеннің мейірі қанар.
Жалаң аяқ, жалаң бас кіріп барсам,
Ханым мен, қуып шығар, ханышалар.

[Баймағамбет] үстіндегі жаңнат ішігін тастай беріп:

- Мынаған оранып үйге кір, үйге барған соң, тастарсың!-деп, хан өзі үйге кіріп, дәретін алып [12], намазын оқып болған соң, қыздарына:
 - Ана сорлыға түгел киім кидіріндер!- дейді. Киімдерді қасына апарған соң,- Ал, мыналарды ки де, ананы таста!- дейді.

Сонда Шернияз сөйлемді:

Кім сөгер, сіз көтеріп демесеңіз,
Тозақ жоқ кісі ақысын жемесеңіз!
Ак сұнкар аунағанда, түк қалмай ма[13],
Тастайын: «Қалған түгім»- демесеңіз.

[Баймағамбет]:

- Шерім, алсан, алшы, өнерінді көрейін, осы үйімді бір ауыз өлеңмен макташы!- дейді.

[Шернияз]:

Жеткізбей екі жұзге ханның жасын,
Құдайым тегіс берген мал мен басын.
Жұмактың (ұжмактың) дәл төріндей ак ордасы,
Салдырыған саф алтыннан босағасын.

Бауы бар уығының меруерт, маржан,
Мұнан асып бола ма дүние жалған?!
Береннен туырлығын ойып салған,
Бір кезін манатының бір атқа алған.

Кілемі масаты емес, құлпы жібек,
Төріне, есігіне төсеп салған.
Осынша жұрттан озық бақ бергені,
Байеке, сіздерде де бар ма арман?!

[Баймағамбет]:

- Шерім, жарайсың, шешен екенсің, ұлым болмай-тын, мынау қыздарымды макташы! Бақандай алты қызыым бар, жарастықта отырғой[14]!

Сонда Шернияз былай дейді:

Байеке, сіздің қызда жаман бар ма,
Дейтұғын пәлен-түген заман бар ма?
Ерек болса, әр жұртқа хан болғандай,
Әйел қылған Аллаға амал бар ма?

Орынбор, Троицк қалалары,
Ақылға сондай толық даналары.
Өншен абзал баланы тауып берген
Жатыны асыл жан екен аналары.
Жұмактың хор қызындай тегіс туған,
Ой, Алла-ай, қалай мінсіз балалары?!

[Баймағамбет]:

- Шерім-ай, осыншама мактадың, енді жамандашы, қалай жамандар екенсің?

[Шернияз]:

Байеке-ау, сіздің қызда жаман бар ма,
Сіздің қызды жаман [16] дер заман бар ма?
Бір нәрсе қиыстырып айттар едім,
Бармайды ауыз құрғып [17] жамандарға.
Қызынның бес тыындық біреуі жок,
Құдай ханыша дегізді амал бар ма?!

Хан:

- Енді мына қатынымды мактاشы!- дейді.

[Шернияз]:

Шеріңнің сөйлер сөзге желгенін-ай,
Алланың шүкір қылдым бергеніне-ай!
Жұмактың сипатындай қияпаты,
Ханымның келбетінін келгенін-ай!

Хан:

- Енді жамандашы, не дер екенсің?- дейді.

[Шернияз]:

Байеке, заманында тасуың-ай,
Шеріңнің сөйлер сөзге басымын-ай [18]!
Ханымның бойы аласа, мұрны қайқы,
Тап мінген [19] мегежіннің каншығындай.
Өлең-жел, айдалаға жаққан оттай,
Япрыым-ау, көргенімді жасырдым ба ай?!

Хан:

- Енді өзімді мақташы, не дер екенсің?-дейді.

[Шернияз]:

Үш қабат ақ патшаға барып келдің,
Жаксыны жаман менен танып келдің.
Кызметің ақ патшаға жаққаннан соң,
Жандарал- болкебай шен алып келдің.

Бардыңыз Пергборға ол бір күнде,
Патша көріп таңданған келбетіне.
Құдайдан мұнан артық не сұрайсың,
Сегіз санат тік тұрған қызметінде.

[Баймағамбет]:

- Жарайды, Шерім, қасымда жүрдің бе, қайдан білдің? Сол ақ патшага барғанда, қатты науқастандым. Өліп кетсем, жұртым қандай кайғылы болар еді, өлмегеніме жұртым қандай шаттанды? Өлеңмен соны айтшы!- дейді.

Сонда Шернияз сөйлемді:

Сіздерді патша қойған тәнірім қалап,
Жүреді көшінізді Қыдыр жанап.
Ауырып сол сапарда өліп кетсөн,
Қалмай ма жұртың ұлып көкке қарап?!

Жер тігіреп, көк күркіреп, көркіне енбей,
Төбешік солып қалмақ болып мендей.
Естіген-естен танып, от боп жанып,
Сенделіп қалмақ әркім [20] сокқан сендей.

Есітіп есендігін, жұрт шаттанды,
Ғаламнан он сегіз мың жан аттанды.
«Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап»,
Балапан ұядығы қанаттанды.

Естүмен қан жылады жұртың кейіп [21],
Жазылдың көз жастарын тәнірім ип.
«Ханзада жазылды!»- деп естіген соң,
Төбе үлкейіп, түрленді жер көркейіп.

Қайын тал қарағай мен көркейді арша,
Шұқанақтар көл болып есті [22] қанша?!
«Ханзада жазылды!»- деп естіген соң,
Қозы-кой, бұзыу өсіп, болған тайынша!

[Баймағамбет]:

- Ай, Шерім-ай, жалғанда сенен де шешен жан болды ма екен?-
[дейді.]

Шернияз:

- Таксыр, дүние болған соң, неге болмасын?! [дейді].

[Шернияз]:

Шеріңің жайы-күйі кеткені ғой,
Калжырап босағаңа жеткені ғой!

Сайраткан бұлбұл құстай,
Ардактап Исатайдың күткені ғой [23].

[Баймағамбет]:

- Жаудан өлген немесін айта бергенше, басқаны айтсайшы!- дегенде,
Шернияздың айтқаны:

Жаман ой жете алмайды жабындыдан,
Ұл тумас Исатайдай Табылдыдан!
Исатай жаудан өлсе, шаид өлді,
Өлмей ме жаман да үйде қағындыдан?!

[Баймағамбет]:

- Өліп қалған Исатайды да мактадың, тірі отырған мені де
мактадың. Енді мені бір орнынан тұргызысыз ғып жамандашы,
өнерінді көрейін!

[Шернияз өлеңі]:

Кой, таксыр, жамандасам, жыларсыз да,
Ашумен алтын тақтан құларсыз да.
Сүйегіне батырып жамандасам,
Алдияр, бізді өлтірмей, шыдарсыз ба?!

[Баймағамбет]:

- Ой, ақымак, өзім жаманда деген сон, неге өлтірейін?! Жаманда
деген, жаманда!
- Кой, таксыр, шыдамайсыз!
- Ой, ақымак, менің жарлығым екі болушы ма еді?! Шауып
тастайын!- деп, қылышын сурып алды.

Шернияз:

- Сөйлемесем де, өлетін boldым, сөйлесем де, өлетін boldым! Ен-
деше өлеңім менің иманым ғой! Үндемей өлгенше, иманымды айтып
өлейін!-деп сөйледі:

Хан қылышын орнына салып, төрге апарып іліп қойды. Шернияз:

- Маған, өлсем, кім жылайды?- деп,- Өзіме-өзім жылап алайын!-
деп, домбыраны шертіп-шертіп жылап алып, мауқын басып, айғаймен
соқты [24]:

Исатай өзімменен бауырлас-ты [25],
Төгемін, аузыма алсам, көзден жасты.
Кәпірге мұсылманды айырбастап,
Хан, сені неден мұндай қара басты?!

Аркада Арғын, Бекей дүмбірлеген,
Байеке, елің бар ма бұлдірмеген?!
Ерімнің-Исатайдай- қанын ұрттап,
Сенен де шүршіт жақсы шүлдірлеген!

Құранда отыз пара тұрар нүкте,
«Жаксы!»-деп, адам айтпас сені тіпті.
Жылатып, халықтан қарғыс алып жүрген,
Сен сарттан кәпір жақсы аузы түкті.

Байеке, асып сенен ешкім тумас,
Ойласам Исатайды, ішім [26] сұымас.
Жылатып, жүрттап қарғыс алғаннан соң,
Кім ие сол мұлкіңе мұндар ку бас?!

Хан шыдай алмай, жүгіріп барып, қылышын суырып жатқанда,
Шернияздың айтқаны:

Жарасқан, хан байланса, қаска қылыш,
Өтесің қаһарлансаң, тасқа қылыш.
Тұтқаң бар хан қолында ұстап тұрған,
Жарлықтан, хан ойланбай, аспа, қылыш!

Қалмакта хан өтіпті Қалдан Шерің,
Қанша жұрт, билеп өткен, қалың елін?!

Саяңда сайрап еді ақын Шерің,
Шынымен таянды ма маған өлім?!

Жалғанда жан көрген жоқ тарлығынды,
Ісі қазақ көп көрген нарлығынды.
Өзіңіз айт деген соң, айтып едім,
Өзің кайтып алдың ба жарлығынды!

Мен өлсем, болмай ма, айтшы, босағаң қан?!

Арман не, басымды алса, өзіндей жан?!

Тақсыр-ау, неге өлейін сіз тіріде,
Кірген соң аттап алтын босағаңнан?!

Ит кетер: «Кет!»- дегенде, құла қырға,
Ит смен, жөнін таппай, лағырға (лағарға).
Есімді алып, елтітіп, масайратып,
Өзіңіз әулілктірдің тартып шырға [27]!

Жүйрікпін шаң жұқпайтын тұяғыма [28],
Сіз-сұңқар: келіп қондым қияғыңа.
Өлетін кісі осындай келе ме екен,
Тақсыр-ау, көз салсайшы сияғыма [29]?!

Хан сонда қылышын сарт еткізіп қынабына қайтадан салды:

- Шернияз, сен Исатайдың Шерниязы болсан, менің де Марабай деген ақынның бар еді. Соны алдырып, екеуінде айтыстырыайын! Женсен, аузың барғанша сөйлеп, қалағанынды алдыр. Женілсен, басынды алды-

рамын. Өз аяғынан келдің ғой! Өз аяғынан келгенді: «Кесілген бас»-дейді. Кесілген басты қылыш кеспейді. Егер Марабайдан женілсөн, кінәнды мойныңа койып, өлтіргеніміз болады. Қорыксаң, міне, атың менен тоның, ал да, жүре бер!- дейді.

Шернияз:

- Қой, таксыр, мен сізге келгенде: «Өлемін!»- деп келгенмін. Өлсем, сол өлімнен, өлмесsem, женіп алып, кетейін! Шақырыңыз!- дейді.

Марабай домбырасын қолына алып, едірейіп, есіктен кіріп келді. Шернияз неше күннен тамақ көрмей, жаңа ғана ханмен бірге дастарканға отырып, ханның қазы-картасын турап беріп отыр екен.

Есіктен кірер-кірмesten [Марабай] ʃeñendé қоя берді:

Қак жарған қара суды қайың кеме,
Жанына қысым келмей, Алда (о, Алла) деме.
Дәл мениң қаяма ұсал қақырайып,
Отырган хан қасында бұл қай неме?

Сонда Шернияз айтты:

Марабайға айтқаны

Осы ма Марабайы хан мактаған,
Қолға алып домбырасын бармактаған.
Алдияр ханына айтқан таксыры ма
Қаясын хан алдында салмақтаған.

Жиылып тере, қара көп [1] отырмыз,
Келді ғой Марабайы деп отырмыз.
Хан мен екеумізге тарттың, тәтті тамақ,
Қос қолдап хан екеуміз жеп отырмыз.

Сонда Баймағамбет хан ашуланып:

- Шығар итті үйден сүйреп!- деп, Марабайды үйден сүйретіп шығартып тастады [2].
- Ал, Шерниязым, сұрай бер, сөз сенікі!- дейді.

Баймағамбет қызы Ақылқайныкей тойын бастау өлеңі.

Кете: Шерниязакынның Баймағамбет правительдің Ақылқайныкейдің тойын бастағаны:

Ассалаумағалейкум, алдияр хан,
Қорқады, өлім десе, шыбындай жан.
Сыйынып бір құдайға сөз сөйлейін,
Тіліме жәрдем болғай бір Алладан!

Әуелі, пәрүәрдігер, сені айтамын,
Жаратқан Иемді айтпай, нені [1] айтамын?!
Той қылса [2] қара казақ, әркім де айтар,
Бұл тойда топтан озған мен айтамын.

Сөйлемес бөтен қазақ мен тұрганда,
Аузымда тәнірі берген жел тұрганда.
Мен кімге: «Сөз сөйле!»- деп жалынамын,
Өлеңім айтатұғын кен [3] тұрганда.
Бұл тойда не берсе де, мен аламын [4],
Дәнене (дәңке) жок шұқанакқа, көл тұрганда.

Құдайым куат берген таңдайыма,
Әр түрлі өлең келді жағдайыма.
Тойында Байекемнің сөз сөйлейін,
Бітпесе есек қылы [5] маңдайыма.

Байекенің баласында жаман бар ма,
Баласын жаман деуге заман бар ма?!
Той етіп, қыз ұзатпак- Хак бұйрығы,
Болған соң Хак бұйрығы, амал бар ма?!

Атаңыз қиналады: «Кетеді!»- деп,
«Қайсы қыз шырағыма жетеді?!»-деп.
«Қошкенде көштің көркі, көгершінім,
Қадірі, кетсе [6], мұның өтеді!»- деп.

Атаңыз қиналады: сіз кеткенге,
«Кезінің қарашығы»- қыз кеткенге!
Табылмас Байекеме сіздей бала,
Алты жұз арғымақпен іздеткенге [7]!

Атаңың қиналғанын көріп келдім,
Май салған корғасында еріп келдім.
«Ау-ата, Ау-анадан қалған жол!»- деп [8],
Насиқат, білгепімше, беріп келдім.

Той етіп [9], қыз ұзатпақ- Хак бұйрығы,
Адам мен Хаяу ананың тап бұйрығы.
Біздерге женешен де еріп келген-
Біреудің әспеттеген ақ күйрығы.

Той етсе, әдепсіз қыз көп жылайды,
«Айтсын - деп,- бауырмал қыз»- деп, жылайды.

Той етіп, қыз ұзатпак- Хак (ақ) бүйрыйы,
Болған соң Хак бүйрыйы тек [10] жылайды.

Алғаның хан Жәнгірдей бакты (бакытты) болсын,
Алтыннан күміспенен [11] такты (тағы) болсын!
Ақ үйің ойда түрған қырға қонсын,
Ақ тісің, аузынды ашсан, нұрга толсын!

Үйнде ұлде менен бұлде толсын,
Болмаса күндіз пұрсат, түнде толсын!
Жасаған, айтқан сөзім түс келтіріп,
Үйіңе Қызыры Илияс күнде консын!

Басымды [12] қоса көрме төмемменен,
Семірмес, каз ормаса, жегенменен.
Алдында аз ғана сөз, әңгіме айттым,
Асылдың азы жақсы дегенменен.

Атан түйе тарта ма, тас артқан соң,
Тасын не ғып көтерсін баса артқан соң?!
Тақсыр-ау, қылған қайырың сыр [13] болмай ма
Өзің беріп, өзіңіз шашалтқан соң!

Қойши айтты байдың атын «Баянас» деп

Шернияз бір байдікіне қонады. Бай бәйбішесіне:

- Ет ас!- десе, жақтырмайды, қабағын тыржитады.
Сонда Шернияздың айткан өлеңі:

Қойши айтты байдың атын «Баянас»-деп,
Бай айтты бәйбішеге: «Жаяны ас!»- деп.
«Алыстан арып-ашып келгенімде,
Қонактан бар жұмсағын аямас!»-деп.

Бай айтты бәйбішеге: «Құйрықты ас!»- деп,
«Конакқа құйрық деген- бүйрыйты ас!»-деп.
Байдың сөзін бәйбіше тындалады,
Қасын шытып, қабағын шүйіріп тастап.

Шөже Қаржаубайұлы (1808-1895)

Қызы едің ол Байыстың, атын-Балдай,
Іс қылдың естіген жүрт таң қалғандай.
Жігіттің өзі құрбы сарасы еді,
Дегенге не айтасың: «Дубан қандай?»

Шөженің Жолшараға айтқан өлеңі

Өзің-қазы, Жолшара, әкең- А나й,
Қазылықпен параны жедің талай.
«Өлең айтқан күнә»- деп, кемітесің,
Ат пен түйе парадан алған қалай?!

Өзің- қазы, Жолшара, әкең- А나й,
Қазылықпен параны жедің талай.
Сегіз жұмак болғанда, жеті-тозақ,
Кайсысына кірерің екіталай!

Аят, хадис дейтұғын Шар кітапта,
Мұндай сөзді айтады әр кітапта.
«Соқыр келсе, садақа бермесін»,- деп,
Айтқан екен, кәнеки, кай кітапта?

Кезімді алды Құдайым: «Көрмесін!»- деп,
«Жын-шайтанның тіліне ермесін!»- деп.
«Көріп пenen касерге қайыр, зекет-
Кай кітапта айтыпты- бермесін!»- деп?

Тәттімбетке барып ем, бір ат берді,
Жал-құйрығы бұп-бұтін күр ат берді.
«Бұл соқырға бергенім жарай ма?»- деп,
Кожасы мен молдадан сұрап берді.

Шөгіп жатқан Алшекем нар секілді,
Жұсіп жанның ақылы бар секілді.
Токсанбайдың баласы өңшең шірік (жаман),
Жанбыр езіп (жауып), құлаған жар секілді.

Алшекемнің баласы мырза (алтын) Жұсіп,
Алдына Шөже келді құстай үшып.
Жұма күні алдыңа кез болыптын,
Саған өлең айтамын көнілім түсіп.

Асаубайдың баласы- Әбен болыс,
Үстінен о да берді шапан шешіп...

Ақ серкесі Бошанның, Алшынбайдың,
Екі шекті қу тақтай қамшылайын.
Өңшең доңыз есіктен кіргізбейді,
Соқыр байғұс далада қалшылдайын.

«Мынау калай айуан дұр!»- деп айтты,
«Белдеу ұстап, жағалап жүр?!»- деп айтты.
Есік алған бозбала: «Қақпа бетін,
Сәлем бере, соқырым, кір!»- деп айтты.

«Белдеу ұстап жағалап жүрдім!»- дедім,
«Сенің төре екенің білдім!»- дедім.
«Ел- тары да, мен тауық несіп терген,
Сәлем бере алдыңа келдім!»- дедім.

Елу жылқым бар еді, «қоян» алды,
Қырық сиырым «мәліктен» өліп қалды.
Майқы, Бошан-көл дария теңіздей ел,
Қаздай қалқып бұл Шөже келіп қалды.

Екі балам шешектен өліп қалып,
Шам-шырағым, сөнген соң, тұрган жанып.
Дүние жүзін көрмеген мұнды сокыр,
Әрең жеттім алдыңа өліп-талып.

Бозбалаға жарасқан алқарагер,
Екі жақсы бас қосса, жылаған жер.
«Үәде- Құдай аты»- деген сөз бар,
Алшеке, көп қақсатпай, атымды бер!

Осы үйде бас қосыпты таз бен сокыр,
Кітапты «Сопы Аллажар»- молдан оқыр.
Алшеке, сіз- дария, біз бір- карға,
Дарияның, карға келіп, шетін шоқыр.

Түрегеліп Алшынбай төрге барды,
Жер бауырлак қамшыны кольна алды.
- Мына сокыр айуан не дейді?!!- деп,
Камшыменен қак басқа тартып қалды.

- Япырм-ая, бұ немене тарсылдаған,
Каншық емес, төбет кой арсылдаған.
Алшынбайдай көргем жоқ кәрі төбет,
Алжығанша ашуы басылмаған.

Тудырасың басыңа заман ақыр,
Елінде ақын бар болса, жылдам шакыр.

Жерошакта жығылып басың күйген,
Күдайдан көр бүл істі, төбел, такыр!

Нәптиектің ішінде бар-ды Ясин,
Қаның ұртта соқырдың, жарсан басын.
Жуан аяқ құрт үшін басың күйген,
Күдайдан көр бүл істі, алабасым!

Ак серкесі Башанның- Алшынбай таз,
Жаз шілгерде ұшады аталы қаз.
Екі сөздің бірінде соқыр дейсің,
Кепиетің бар болса, басынды жаз!

Жылқышының қарайған қосы болды,
Иманды құл Алланың досы болды.
Ел қыдырған кешегі есер шакта
Шаншардың ат шаптырған асы болды.

Сол асқа Тәттімбетпен бірге келдім,
Танертең Алшынбайға сәлем бердім.
«Каз дауысты Қазыбек ұрпағы»- деп,
- Алдыңа өлең айта келдім!»- дедім.

Алшекемнің кісісі құта жазды,
Асық ойнап балалар ұта жазды.
Корқау қасқыр сықылды Алшынбайын,
Өлең айтқан Шөжені жұта жазды (жаздады).

Жылқымды айдал саламын Қенаралға,
Оқ шырқасам, жетер ме Таумазалға?!
Арызымды соларға айттайын деп,
Жетіп бардым адъютант жандаралға.

«Тәуекел!»- деп, алдыңнан түрдым жылап,
«Не қылад?!»- деп, тазың тұр мені сынап.
Пәуескеден сол жаңа түскен екен,
Коя бердім мен өлең орысшылап.

Қырғызшылап бір өлең айттым сайрап,
Шұршітшілеп кетіппін оттай жайнап.
Орысшылап енді өлең айтқанымша,
Кешіктірмей екеуін келіпті айдал.

- Неге мені сабадың, екі доныз?
Бокты, бермей кетерсің екі «төғыз»?!
Менің кегім соныменен біте тұрсын,
Екеуінен әперші екі «семіз»!

Неге мұны сабадың, екі доныз?!

Керегі жоқ: «Пошел- тик, тоғыз-моғыз!»
Өлең айтқан Шөжені мұндай сабап,
Бүйрық қыл да, «Кеншеге (кенсеге) салсын!»- деңіз.

- Сабаганы соқырға дар- ау,
Тазға қырсық күн тудыңайда дарау!
Қамшыменен басымдың қақ айырды,
Басшы сұltтан государ біле-дар-ау!

Он тенгениң әперді қолыменен,
Кен қалтаның баяғы молыменен.
Соқырменен еш адам ойнар емес,
Үйге қайттың: «Құдай!»- деп соныменен.

Апа[м] бүгін түсімде:

- Сәлем!- дейді,
- Бір қойын соыйп бермеді балам!- дейді.
- Маған бір қой бермеген кү Шандыбас
Соқыр-ау, не береді саған?!!- дейді.

Шөженің Шоң биге айтқаны

Ағында аса жақын болған жоқ-ты,
Сөзінде тура бидің жалған жоқ-ты.
Хан- қара, неше билер өтсе-дағы,
Бәрі де Тайкелтірдей болған жоқ-ты!

Жәүкедей ел бастаған көсемді алдың,
Торайғыр, Жиреншедей көсемді алдың!
Қырмызы қызыл жібек, қайран, Шонты,
Шоң биім, осы күнде жалғыз қалдың!

Шөженің Секербайға айтқаны

Жаратқан құдіретін көр бар құдайдын,
Қызығын көрдім жастан бірталайдың.
Қорығында Өлеңтінің отырганда,
Аулына іздел келдім Секербайдың.

Жайылған ақын атым ой мен қырға,
Белгілі мен қыран құс түскен торға.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, сары жорға?!

Арғы атаң Төлебайға қыдыр қонған,
Өулие Едіге би одан туған.
Кешегі дуан аузы ашылғанда,
Ағаң Шоң болып еді аға сұлтан.

Жұқ тайлакқа қалғанда, ел аулақта,
Аруақ сарқып, келіп саған қонған.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, Секербай-жан?!

Сонда Секербай басын көтеріп, түрегеліп:

- Ай, Шөже, ертен жұз кісімен асқа жүрейін деп отырмын.
Ерейменнің саласында отырган Мұсаның үйіне түсем. Мұса да асқа
барады. Сегіз дуан елдің жақсылары жыллады. Өлең айтсаң, Мұсаның
үйінде айт, асқа барғанда айт, қазір тұра-тұр!- депті.

Сонда Секен Шөжеге:

- Көр,- деп айтты.
- Бір сөз айтам, мойныңды бұр!- деп айтты.
- Қарекесек: Құдері бір үлкен бай,
Қызылқұрт Құдеріге сауын айтты.

Ауылы- Қазалы, үй тұндікті,
Сойғызып тоқсан бие, жұз үй тікті.
Қарқаралы, Қараөткел, Кереку мен
Шакырды Омбы, Семей төңіректі.

Аягөз, Алматы мен ол Жетісу,
Шакырды хабарменен Қектеректі.
Сол асқа маған еріп барсан, соқыр,
Келеді талай шонжар не керекті.
Не жақсы, мырза келеді мойны жуан,
Мейрамның бес баласы басын қости.

Сол жерге еріп барып сөйле менімен,
Айтамын: «Сабыр қыл,- деп,- оған дейін.»
Ат бастатқан бір «тоғыз» мен бергенде,
Өзгениң бермегенін мен көрепін.

Ауылы Ерейменнің саласында
Жылқысы «Шұршіт қырған» жағасында.
Отырмын ертенгі күн жүрейін деп,
Шорманның барып сөйле Мұсасына.

- Ал, Шәже, ендігі өленді өзің айт,- дейді Секербай.- Ал, Шәже, менің алдында айтып отырсын ғой, ертең Мұсаның алдына барғанда, айта алмасаң, қайтесің? Асықтың қаржұрынан келген Қаржас түк бермесе, қайтесің?- дейді.

Ертеңіне Шәжені ертіп, Құдерінін асына жүріп кетеді. «Мұса, Секербай келеді!»-деп, төрт үй тіктіріп қойған екен. Секербайды бас қылып, жиырма кісіні Мұса өз үйіне түсіреді де, қалғандарын тіккен үйге бөліп түсіреді. Сәлем беріп, кіріп келсе, Мұса екі қолын төбесіне қойып, шалқасынан жатыр екен. Кіріп келген Секербайға көзі түсіп, орнынан түргеліп, Секербайға қолын ұстап сәлем береді де, қайта орнына жата кетіпті. Басқалармен амандаспайды да.

Сонда Шәже:

Мен кірдім сәлем беріп, Мұса мырза,
Көргенде ак жүзінді, көнілім риза.
Сәлем берсе, басыңды көтермейсің,
Біз сорлы кісі жейтін қасқырмыз ба?

Мұса, саған Құдайым берді білім,
Лайық ғылым берді, бектік алым-білім.
Faқыл менен бектікті бірдей берді,
Taғы да Құдай берді өнер, ғылым.

Жақсыға жарасады: «сіз, біз»- деген,
Қалпы бар жақсы, жаман елді көрген.
Fазазіл тәқаппарлық қыламын деп,
Атылып таспен, көктен жерге енген.

Сөзімнің, құлағың сал, форымына,
Сейлесем, келтіремін орынына.
Ібіліс тәқаппарлық қыламын деп,
Киілген лағынет хамыт мойынына!- дегенде, Мұса:

- Атым- Мұса, әкем- Шорман. Мен мақтауыңа лайық емеспін, мына «шынжыр балақ, шұбар төс» Секен болмаса!- депті. Сонда Шәже:

Куандыктан келеміз шеру тартып,
Аға болған Арғында- Алтай: Қарпық.
Әзін дуанбасы болғанда,
Інің Мұстафа болыс боп тұр,
«Төрт жар болам,- демесең,- мұнан артық»,
Бара ма бір бір жеріңнен негіз тартып?!- депті.

Сонда Секербай: «Өзім-Мұса, әкем-Шорман, мен мактауга лайық
емеспін»- деп отыр ғой, осыны жамандашы!- депті.

Шөже:

Мұсажан, мен айтайын, бабам- Мейрам,
Куандық, Сүйіндік пен- бәрі сонан.
Бегендік, Шегендік пен Болатқожа,
Баласы Қарәкесек: Майқы, Бошан.

Сүйіндіктен: Құлболды, ер Орманшы,
Жанболды, аз туза да, бір баласы.
Бір болыс Шегендіктен Қаксал туымт,
Көп болды Бегендіктің айналасы.

Бегендіктен: Токтас пен Қожамберді,
Болған сон жері шалғай, жырак жүрді.
Сүйіндік сары белдей ел болғанда,
Өткізген өз колынан талай ерді.

Белгілі Шақшақұлы- ер Жәнібек,
Бошанда: «Қаз дауысты ер Қазыбек».
Орманшыда Қарабай халық ұстапты,
Жобалы Сүйіндіктің сезін сөйлеп.

Мырзағұл батыр болған судай тасып,
Төлебай би болыпты елден асып.
Төлебайдан би Едіге туып еркін,
Бір Құдай кем қылмаған бағын артып.

Баласы Едігенің: Торайғыр, Шон,
Нұрдан тәнірім жаратқан Шонның миын.
Бәйге атындағы қылмиып Боштай шықты,
Бұлармен қатарласып артынан соң.

Куандыққа бітіпті мал менен бас,
Сүйіндікке ежелден қыдыр жолдас.
Куандық, Сүйіндіктің заманында
Ғайыптан келіпті ғой атаң Қаржас.

Мейрамның келген жылы қойын бақты,
Болғанда екінші жыл жылкы бақты.
Қойы- егіз, жылкысы аман, «құт аяқ» боп,
Бабаңыз Мейрам биге әбден жақты.
Тұмаса да, тұғандай тәрбиелеп,
Мейрам би бабаңызды қолына алышты.

Мұса-жан, демесің ғой мені есті,
Сонда да сөзім-рас, көкейкесті.
Бабаңыз сәйтін жүрген уакытында
Қуандық, Сүйіндік пен ұл көрісті.

Екеуі келер күзден енші алысты,
Қуандықка: «Еншіні алсын!»- депті.
- Қаржасты бала қылыш, қолыма алам,
Бұл бала меніменен болсын!- депті.

Қуандық өкпелейді:

- Әкемді көрмеймін!-деп,
- Зорлыққа өлгенімше көнбеймін!- деп.
Сүйіндік, экесіне, бұл да өкпелі:
- Орнымыдь келген құлға бермеймін!-деп.

Сонда экесі Мейрам:

- Дүниенің кім біледі кең мен тарын,
Бір күнде көріп едім кемдік зарын!
Түбінде осы бала кем болмайды,
Біреуін еншілес қыл, шырактарым!

Қуандық айтты:

- Бұл баланы мен алам,-деп,
- Мен алсам, бауырыма сап, ұл қылам!-деп.
Найман ата ішінде Арда биден қыз әперіп,
Мен мұны тен құрбыдан кем қылман!-деп.

Сүйіндік айтты:

- Бұл баланы мен алам,-деп,
Мен алсам, өзімменен тен қылам!-деп.
Ұлы жүзде: Үйсіннен қыз әперіп,
Бір тайпа өз алдына ел қылам!-деп.

Мейрам:

- Екі балам, екеуін келіссен, қайтер?
Сөзіме мениң айтқан көнсен, қайтер?

Қолдарыңа бір асық алсаң, қайтер,
Төреші сол асықты қылсан, қайтер?!
Алшынлы, шік- Куандық ағаң алсын,
Тәйкелі, бүк- Сүйіндік, саған қалсын!
Екеуің осылайша қылсан, қайтер?!

Куандық:

- Ал, әке, осы айтқаның болсын дейін,
Осыған екі балаң көнсін дейін.
Алшы, шік, тәйке, бүк- мен аламын,
Сүйіндік омпа тұрса, алсын!- деймін.

Болғанда ата-мекен, ана қорған,
Ананың кенже ұлына іші бұрган.

Куандық жуандықты қылған шақта
Шешесі Сүйіндіктің естіп тұрған:

- Эйелдің өзім құрбыданасы едім,
Тау сирак қамқа тонның жағасы едім.
Сенбесен, төркінім-ді- Төле би-ді,
Ұлы жұз: Өгіз бидің баласы едім!

(аяғы сақталмаған).

Арыстан Тобылбайұлы (1811-1880)

Фаламда он сегіз мың жан болыпты,
Бұл сөзім білгендерге таң болыпты.
Әлеумет, құлақ салып тыңдасаныз,
Арқада Абылайдай хан болыпты.

Ереймен, Есіл басы тау болыпты,
Кәпір-көп, мұсылман- аз- жау болыпты.
Баласы Қасымханың: Ержан, Сержан,
Орыс пен Кенесары жау болыпты.

Төскейде мал жайылар қау болғанда,
Жігітке кедейлік жоқ сау болғанда .
Үшқан құс, жүгірген аң өте алмады,
Орыс пен Кенесары жау болғанда.

Қылады Мекержіде байлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.
Сұрасаң Абылайдың тұрған жерін,
Хан болды қырық сегіз жыл Қекшетауда.

Жеткенде жиырма беске Ташкент бардым,
Қамалып бір қыс, бір жаз сонда қалдым.
Атаның артық малын аяйын ба,
Бердім де қырық жетіні, бір қызы алдым.

Жеткенде жиырм^а бес[ке] Ташкент бардым,
Қамалып бір қыс, бір жаз сонда қалдым.
Жігітке мал таппағы киын екен,
Күн өтіп майдаспенен, көп сандалдым.

Жұқ артып он сегіз пүт әрбір нарға,
Болады әркім әуес қызы барға.
Ташкентте бір қыс, бір жаз бұғып жатып,
Қайтадан шықтым енді Қызылжарға.

Бұйдасын қызыл нардың қолыма алдым,
Жеткенде жиырма беске Ташкент бардым.
Кене хан керуенді камаганда,
Қай жаққа қашарымды білмей қалдым.

Шұбыртып мал біткенді санап тұрды,
Ұмтылып колы жеткен талап тұрды.
Қылармын нешік айла мұнша көпке,
Жиылып бес жүз жігіт қамап тұрды.

Кек бестім мінілменең баршын екен,
Көрсеткен қызды сұлу аршын екен.
Жиылып бес жүз жігіт қамап тұрды,
Толыбай-қолбасшысы- Алшын екен.

Жарасар күміс жүғен Каракөкке,
Қылайын нешік айла мұнша көпке?!

Хан шақырса, келменең, сорлы Арыстан,
Жалынды: «Сауғабас!»-деп, төлеңгітке.

Ауылым Қорғалжынды қыстап алды,
Бөркім бар қызыл алтай тыстамалы.
Кене хан керуенді қаматтырып,
Ақынды Арыстандай ұстап алды.

Төлеңгіт тұс-тұсынан анталады,
Қанішер бет-бетімен балталады.
Қылышпен бірі шапты, бірі шанышты.
Бір жағы бүйірімнің қанталады.

Орнынан бір отырған тұра алмадым,
Дірілдеп тұла бойым, бұрандадым.
Бүйіріме қан ұйысып қалған екен,
Атыма ұш ұмтылып міне алмадым.

Атыма ұш ұмтылып міне алмадым,
Тағдыры болды осылай бір Алланың.
Желкеге айбалтамен бір түйгенде,
Қай жаққа қашарымды біле алмадым.

- Не жаздым, төленгіттер, мұнша талап,
Алып ең екі зекет құрттай санап.
Бұрын таңдақ тимеген сорлы Арыстан
Төрт жерден, тұра алмадым, басым канап.

Не жаздым, төленгіттер, мұнша талап,
Алып ең екі зекет құрттай санап.
Өлтірсөн, кәріп жанды, жылдам өлтір,
Кинадың бір жанымды иттей талап.

Көкбесті мінілмеген баршын екен,
Көрсеткен қызды сұлу аршын екен.
Жиылып бес жұз жігіт қамап тұрды,
Толыбай қолбасшысы -Алшын екен.

- Жарасқан сауыр етке белтір,- дейді,
- Қиуын кын сөздің келтір!- дейді.
- Атығай, Қарауыл мен- ескі бодан,
Қаратпай алды-артына өлтір!- дейді.

Біреуі қанішердің жетіп келді,
Насыбай, шылым шегіп, елтіп келді.
Белде-айбалта, қолында қылышы бар,
Қасыма сұп-сұр болып жетін келді.

Тымактың алшын бардан тысы бар ма,
Менімен Кене ханның ісі бар ма?!

- Айтатын хан иеме арызым бар,
Бұл жерде Орта жүзден кісі бар ма?

Төленгіт ұрыссуға тым-ақ күшті,
Басымнан қан сарқырап аспанға ұшты.
Астында- қаракөк ат, қолда- қылыш,
Бір жігіт көлденендер ара түсті.

Сонда сол жігіт бесжұздіктің басшысы Толыбайға айтқаны:

- Таудағы таза гүлді термеймісің,
Қолынды, өтер дүние, сермеймісің?!
Өзіңе жан болғалы түскен ісім,
Төлеke, маған сауға бермеймісің?

Онда Толыбай айтады:

- Конғаны ауылымның Қалың деймін,
Сенің де түп пейілің мәлім деймін!
Атығай, Қарауыл мен – ескі бодан,
Ежелден бодан болған залым деймін!

Сонда қаракөк атты жігіт айтқаны:

- Тісінді алыс жауга көп қайрайсын,
Артынан найза, қылыш бек таяйсың!
Апармай хан алдына, өлтіртпеймін,
Сен дүшпан шамаң келсе, кімді аяйсың?!

- Орнымнан бір отырган тұра алмадым,
Дірілдеп тұла бойым жүре алмадым.
Қаныма жалғыз қасық ара түскен
Қай ру екенінді біле алмадым?

Мен өзім сейлеуші едім сөз төресін,
Бұл болса көрсеткенің, күн құрысын!
Қаныма жалғыз қасық ара түскен
Бауырым, жөнінді айтшы, кай русың?

Есілдің, ауылым тұрган кірісінде,
Кезімнің мен сөйлейін тірісінде.
Қаныма жалғыз қасық ара түскен,-
Арғын, Найман, Қыпшақтың бірісін де!

Ақының сөйлер сөзге налымады,
Сұраспай, жау жолында, танымады.
- Ағатай, мен де өзіндей Орта жұз,- деп,
Сол жігіт жылайын деп қамығады.

Есілдің ауылым конған кірісі екен,
Қыпшақтың, Арғын, Найман жынысы екен.
Қаныма жалғыз қасық ара түскен
Шоқпыттың –Бағаналы інісі екен.

Мойныма темір арқан салып келді,
Көnlім кәріп жаннан қалып келді.
Жігіттер, шықпас жанға аз бір айла,
Алдына хан Кененің алып келді.

Қосының қонған орны такыр екен,
Тіккені жасыл торғын шатыр екен.
Алдына хан Кененің алып келді,
Сұлтаным әлі үйіктап жатыр екен.

Орнынан бір отырган тұра бердім,
Тітіреп тұла бойым әзер тұрдым.
Жел сөзді құдай берген аяймын ба,
Сурырылып келген жерден қоя бердім.

Астымнан- жер, үстімнен күн өтіп тұр,
Төлеңгіт жаяу айдал жүдетіп тұр.
Кене хан шырт үйқыда жатыр екен,
Алпыс жігіт қылышы бар күзетіп тұр.

Ауылым көшіп кеткен жұртында отыр,
Ақынның айтар сөзі ұртында тұр.
Сұлтаным әлі үйіктап жатыр екен,
Шокпармен тоқсан жігіт сыртында отыр.

Астымнан- жер, үстімнен күн өтіп тұр,
Төлеңгіт жаяу айдал, жүдетіп тұр.
Кене хан шырт үйқыда жатыр екен,
Қырық жігіт қанжары бар күзетіп тұр.

Базарға айдағаным тұсақ екен,
Жаныма асынғаным пышақ екен.
Қырық жігіт қанжары бар күзетшісі
Сұрасам, оның түбі Қыпшақ екен.

Аулының қонған орны майдан екен,
Қойылтқан койдың сүтін айран екен.
Қылышты алпыс жігіт күзетшісі,
Сұрасам, оның түбі Найман екен.

Жүгірткен жүйрік атты барқын екен,
Төлеңгіт бізді ұстаған әркім екен.
Шокпармен сыртта тұрған тоқсан жігіт
Сұрасам, оның түбі Арғын екен.

Жіберіп Кекаланы, керді міндім,
Арымас, алты ай шапса, пілді міпдім.
Күзетші, күтушінің -бәрі Орта жуз,
Жігіттер, өлмесімді енді білдім.

Жігіттер, күн- бұғінгі, жыл- биылғы,
Адамға басқа түссе, іс қыын-ды.
Өлеңді бес-алты ауыз жібергенде,
Үстіне Арыстанның жұрт жиылды.

Ауылым Қорғалжыннан асып кетті,
Сарғайтар, қайғы түссе, ақша бетті.
Өлеңді бес-алты ауыз жібергенде,
Іінімді төлеңгіттер басып кетті.

- Терісі сары ешкінің таспа, -деймін,
-Арыстан сөйлемейтін жас па?- деймін.
-Айтатын хан иеме арызым бар,
Иінімді, төлеңгіттер, баспа!- деймін.

Боз үйдің тамшы ағады тесігінен,
Жатпайды, шошып бала, бесігінен.
Маралдың әділ жүзін бір көрейін,
Шатырдың серпіліндер есігінен!

Ауылым Қорғалжыннан асып кетті,
Сарғайтар, қайғы түссе, ақша бетті.
Өлеңді бес-алты ауыз жібергенде,
Іінімді төлеңгіттер басып кетті.

Көшкенде жүк артамын нар түйеге,
Әрқашан жалбарынам әулиеге.
-Иінімді, төлеңгіттер, баспай отыр,
Айтайын [мен] өзімді хан иеме!

Кене хан көзін салып аша берді,
Иінімді төлеңгіттер баса берді.

Сұлтаным:

- Босат жолын!- дегеннен соң,
Алдынан төлеңгіттер қаша берді.

Бидайды піскеннен соң, өзім ордым,
Тітіреп тұла бойым әзер тұрдым.

Сұлтаным:

- Бері әкел!- деп, әмір қылды,
Сол шакта Кене ханың жүзін көрдім.

- Ойнаған екеу-екеу мерекен-ай,
Үстінде алтын шатыр, көленкең-ай!
Ту ұстап, заманында тұлпар мінген,
Жұрмісің аман-есен, Кенекем-ай?!

Батырдың, сауға лайық, ілігінен
Сары атан жүк көтерген жілігінен.
Ту ұстап, заманыңда тұлпар мінген,
Қасымхан айналайын сідігінен!

Орыстың кашып шықтым қаласынан,
Арқаның, ат жайылар, даласынан.
Ту ұстап заманыңда тұлпар мінген,
Қасымхан, айналайын, баласынан!

Сөйлейді әркім тауып сөз лайығын,
Зырлатар қайың күрек желқайығын.
Ойда- орыс, қырда коқан арасында
Жүрдің бе аман-есен, бидайығым?!

Әркім тауып сөйлейді сөз ереуін,
Балта ұстаған біледі қар күреуін
Ту ұстап, заманыңда, тұлпар мінген,
Жүрдің бе аман-есен, жаужүрегім?!

Біледі жылкы айдаған жер алсынын,
Көреді әркім жақын өз танысын.
Ту ұстап, заманыңда тұлпар мінген
Жүрдің бе аман-есен, жолбарысым?!

Кене хан, жақсы көрсөн, қарашибынан,
Жек көргенмен, өзінің алашынын!
Атана алты қатын алып берген,
Атығай- Қарауылдың баласымын!

Алдына сөз сөйлейді данышпаның,
Ешкінен сөйлер сөзден қалыспадың.
Ту ұстап, заманыңда, тұлпар мінген,
Жүрсің бе аман-есен, арыстаным?!

Әуелі Абылайдан Қасым туды,
Сүйегі ер Саржанның асыл туды.
«Кешегі әкем салған қара жол!»- деп,
Кейірді Қаражолдан қайта қуды.

Әуелі Абылайдан Қасым туды,
Кене хан бәрінен де асыл туды.
Кене хан асылдығын сонан білдім,
Көтерді Қараөткелге жасыл туды.

Әуелі Абылайдан туды Қасым,
Кене хан бәрінен де болды басым.
Таусылмас қалың Арғын, мен өлгеммен,
Алдыңа, міне, өлтірсөң, келді басым.

Бата оқыр аксақалдар туған айға,
Кіреді иманды құл кең сарайға.
Бетіне төре, қара еш келмеген,
Жалындым- Төртуылда: Жанайдарға!

Жарасқан жүйрік атқа темір таға,
Көрсеткен ерді сұлу алтын жаға.
Екеуміз: Арғын, Найман- егіз едік,
Ханға токтау айтсайшы, Шокбыт ага!

Әуеден қар жауады күтір-сатыр,
Жиылып төре-караң келе жатыр.
Сізде-қырғыз, біздерде қазактық жоқ,
Ханға токтау айтсайшы, Жеке батыр!

Өлеңді коя бердім ентелетіп,
Басын созып, аяғын келтелетіп.
Қасында бес жұз жігіт нөкери бар,
Ағыбай- Шұбыртпалы келді жетіп.

Жылқымды айдап салдым терең сайға,
Көп міндім кішкенемнен жорға тайға.
«Бір хайла шыбын жанға бола ма?»- деп,
Жалындым Шұбыртпалы - Ағыбайға.

Төленгіт ортаға алып тепкіледі,
Еш адам батып ханға беттемеді.
- Орта жұз, туғанынды таптың ғой!- деп,
Наурызбай ашуланып, өкпеледі.

Төленгіт жаяу айдап, қан жұтыппын,
Көнілді шыбын жаннан сұтыптын.
Батырын Арғын, Найман тегіс жоқтап,
Мақтамай ер Науанды ұмытыптын.

Қарадан қазы болған Қаракұлтан,
Төрем бар Құдайменде, Ержан сұлтан.
Өзгесі мақтаншылық қылса-дағы,
Басқасы бір Науаннан қалтаң-құлтан.

Жылқымды айдал салдым терең сайға,
Көп міндім кішкенемнен жорға тайға.
Болмасын Орта жузден білгеннен соң,
Жалындым алдиярлап Наурызбайға.

Ақының сөз қиуын келтіреді,
Мершаптар қылышпенен жер тіреді.
Ер Науан:

- Сөйлеме!-деп, ақырганда,
Басқасы бір Кенеден тігіреді.

Илесе ак бидайды, болар қамыр,
Ішінде төлеңгіттің жоқ-ты тамыр.
- Кене хан өлтіруге ыңғайланды,
Бере ғөр, езің медет, а, иа, Қадір!

Кене хан арығынмын, семізіңмін,
Шалкар көл, су аяғы- теңізіңмін!
Атаң алты қатын алып берген,
Атығай –Қарауыл мен егізіңмін.

Салғанда сөйлер сөзге ер таласпан,
Бұралған саздау жерге саз ағаштан.
Бірігіп атаң Абылай хан көтерген
Ежелгі ескі құлың үш алаштан.

Ақбекен түнде жортар жапан түзбен,
Кене хан, сірә, сізден қудер үзбен.
Бірігіп атаң Абылай[ды] хан көтерген,
«Азұым алты қарыс»- Орта жүзбін!

Аққорған- ел жайлауы ши болыпты,
Көп сөйлеп, шіркін тілім и болыпты.
Арғынға атаң Қасым хан болғанда,
Толыбай- менің әкем- би болыпты.

Қыс болса, жел жағымның қаласы едің,
Жаз болса, жау жағымның панасы едің!
Алдына итқорлықпен келіп тұрмын,
Ағаның би Толыбай баласы едім.

Хан айтты:

- Бұл жолға қалайша атқа міндің?- дейді,
- Бұл жерге ажал айдал келдің!- дейді.

- Арызdas өлмей тұрып, мекеніңе,
Арыстан, қақсасаң да, өлдің!- дейді.

- Жігітпен өзім теңдес табандастым,
Суық сөз естіген соң, жаман састым.
Ер Наан:

- Енді өлесін!- дегеннен соң,
Сол жерде Қызылжарға амандастым.

Кайың тал, қарағай мен қалың шұбар,
Дүние-ай, кеткенің бе болып құмар?!
Құс салып, ит жүгіртпі, мылтық атқан,
Есен бол қайран жерлер: Қабыл, Тұмар!

Табылар төрден орын сабалыға,
Құдайым таупық берсін тобалыға (тәубеліге).
Атамыз би Толыбай мекен еткен,
Кеттік ғой арызdasпай Корғалыға!

Жігіттер, барып па едің біздің елғе,
Көшкенде жылкы салған Сары белге?
Атығай, Карапай мен қаптай қонған
Бармадым Тайынша мен Сенғір көлге!

Көп міндім Тортөбелдей ырғактыны,
Бәйгеден келіп жүрген күнқақтыны.
Атығай, Карапай мен қаптай қонған
Көрмедин: «Шұбарағыры», «Құлыншақтыны»!

Жылқының өртке күйген ку тезегі-ай,
Қоянның, тасқа бұқкан, сұр көжегі-ай!
Кешегі атаң Қасым дәрет алған,
Есен бол қайран енді, Жолдызек-ай!

Саласың айғай-сүрен кәпір жауға,
Көшкенде жылкы салған Биебауға.
Хан Абылай мекен қылып, үй салдырган,
Мен кеттім амандаспай Көкшетауга!

Көкшетау, қыс қыстауым, қара қоныс,
Айнала дуан салды кәпір орыс.
Орыстан қашып шықсақ, сіз ұстайсыз,
Құн көрер қайда барып казак байғұс?!

Иманы ер жігіттің болар жолдас,
Иманға руза (ораза), намаз- о да қолдас.
Қазакта: қара да, көп, төре де көп,
Жиылып тоқсан мыңы сіздей болмас.

«Сарысу- Сапақ кетті- жайлаймын»-деп,
«Тай, құлын шалғынына байлаймын!»-деп.
«Жүргіме майордың қолы тиді,
Енді қайтып Сарыарқа бармаймын!»-деп.

«Сарысу-Сапақ кетті- жайлаймын»-деп,
«Құлын-тай шалғынына байлаймын!»- деп.
Ержан он мың қолмен шықты Арқаға:
«Тағы қалған қазақты айдаймын!»- деп.

«Сарысу- Сапақ кетті- өрлеймін»- деп,
«Солдаттыққа баламды бермеймін!»-деп.
«Кедейліктен тентіреп өлсем-дағы,
Сені қайтып, Сарыарқа, көрмеймін!»- деп.

«Сарысу-Сапақ кетті- жайлаймын»-деп,
«Құлын-тай шалғынына байлаймын!»- деп.
Сібірден он сегіз мың орыс шықты:
«Кірсе де жер астына, қоймаймын!»-деп.

«Сарысу- Сапақ кетті- жайлаймын»-деп,
«Құлын-тай шалғынына байлаймын!»- деп.
Он екі мың қолменен өзін шықтың:
«Орыспен он сегіз мың ойнаймын!»-деп.

Мен: «Бұхара барам», - деп, кой айдадым,
«Қойым жатып қалад!»- деп, қорғайладым.
«Пайғамбар-Құдай дос-ты- Мұса да өткен,
Мен Мұсадан артық па?!»- деп ойладым.

Мен: «Бұхарға [барам]- деп,] кой айдадым,
«Қойым жатып қалар!»- деп, корғайладым.
«Кетіп ем қоштаса алмай ата-анаға,
Ризалық алмай кеттім!»- деп ойладым.

Қайтейін, Есіл, Нұра, жайым қалды,
Суылдап қарағай мен қайың қалды.
Орыс пен өзін барып айдағанда,
Бойында Сарысудың тайым қалды.

Қайтейін, Есіл, Нұра- жайым қалды,
Суылдап қарагай мен қайың қалды.
Орыс пен өзін барып айдағанда,
Қыздан-күйеу, баладан қайын қалды.

Қайтейің, Есіл, Нұра шалғыныңды-ай,
Кім жейді біз кеткен сон балығыныңды-ай?!
Кене хан, Орта жұзге аман барсак,
Арғынға шашар едің жарлығыныңды-ай!

Ұшады көлден үйрек дүрілдесіп,
Тарс еткен көк қаршыға іліп түсіп.
Жақсылар, біраз сабыр, аял берсөн,
Алайын ел-жұрттыма арызdasып.

Жұрттымыз ренжімесін түрімізге,
Біз енді тірі болып жүреміз бе?
Құрбыға бізді көрген дұғай сәлем,
Ол жерді, Құдай білер, көреміз бе?!

Дегейсің, барсаң сәлем, атамызға,
Көп етті найза, қылыш жотамызға.
Сайраған бұлбұл құстай, Арыстан-ай,
Астына қара жердің жатамыз ба?!

Дегейсің, барсаң сәлем, енемізге,
Көп тиді найза, қылыш денемізге.
Сайраған бұлбұл құстай, Арыстан-ай,
Астына қара жердің енеміз бе?!

Дегейсің, барсаң сәлем, алғаныма,
Қойдай маңырап, қозыдай қалғанына!
Айттырып елден таңдап алған жарым
Бір жүрмей бір-екі жыл қалғаны ма?!

Дегейсің, барсаң сәлем, алғаныма,
Қойдай маңырап, қозыдай қалғаны ма?!

Арыстан, алған жарың, мұндай болып,
Құдайдың, көнін отыр, салғанына!

Тұманда жортушылар адасады,
Жігітке күміс мылтық жарасады.
Айттырып, елден таңдап, алған жарым.
Алуға әлдекімдер таласады.

Ақ мылтық қолыма алып, атпай қалдым,
Бір ақыл қапияда таптай қалдым.
Алғаным, менде сенің арманың көп,
Қолымнан бірер жыл дәм татпай қалдың!

Ақ мылтық қолыма алып, атпай қалдым,
Көкбесті атпен ашықта шаптай қалдым!
Алғаным, менде сенің арманың көп,
Төсекте бір-екі жыл жатпай қалдың!

Ақ мылтық қолыма алып, атпай қалдым,
Көкбесті атпен ашықта шаптай қалдым!
Мен-дағы жастығымды ап жатар едім,
Бір ақыл қапияда таптай қалдым.

Ақ мылтық қолыма алып, атпай қалдым,
Бір ақыл қапияда таптай қалдым.
Алғаным, менде сенің арманың көп,
Бір перзент менен бітіп таптай қалдың!

Ақ жүзің айнаменен көрмей қалдың,
Көнілінді еш адамға бермей қалдың!
«Баласы Арыстанның»- деп айтарға
Сонымнан бір ұл перзент ермей қалдың!

Белінді бір шешкен сон, бумай қалдың,
Бетінді ақ сабынмен жумай қалдың.
«Баласы Арыстанның»- деп айтарға
Сонымнан бір ұл перзент тумай қалдың!

Таудағы таза ғұлді термей қалдың,
Қолыңды, өтер дүние, сермей қалдың!
«Баласы Арыстанның»- деп айтарға
Артымнан бір ұл перзент ермей қалдың!

Жайлаган Есіл бойын жалғыз киік,
Ішінде көп жігіттің бойың биік.
Көрмеген еш жамандық би Толыбай,
Көшкенде, қара киер, іші күйіп.

Жайлаган Есіл бойын жалғыз киік,
Ішінде көп жігіттің бойың биік.
Көрмеген еш жамандық байғұс шешем,
Көшкенде, қара киер, маған күйіп.

Жайлаған Есіл бойын жалғыз киік,
Ішінде көп жігіттің бойым биік.
Көрмеген еш жамандық қарындастым,
Қанайды акша бетін, тырнақ тиіп!

Кайтейін, Есіл, Нұра- жайым қалды,
Суылдап қарағай мен қайың қалды.
Ұрыспен өзің барып айдағанда,
Сарысуда ... мен тайым қалды.

Кайтейін, Есіл, Нұра- жайым қалды,
Суылдап қарағай мен қайың қалды.
Ұрыспен өзің барып айдағанда,
Қызыда-қүйеу, балада қайын қалды.

Кайтейін Есіл, Нұра, шалғыныңды,
Кім жейді, біз кеткен соң, балығыныңды?
Кене хан, Орта жүзге есен барсан,
Арғынға шашар едің жарлығыныңды!

«Жақсылар бізге көзін салмады!»-деп,
«Кәпір жау қыр сонынан қалмады!»-деп.
Бір жұртың Найман деген өкпелейді:
«Хан ием бізді есіне алмады!»- деп.

Орынса көрсетерсің майданыңды,
Тигізші біз байғұска қайраныңды!
«О дағы атаң Абылай бір жұрты еді,
Жиып ал қаптағайлап Найманыңды!

Базарға айдағаным тұсағым-ды,
Беліме асынганым пышағым-ды.
О дағы атаң Абылай бір жұрты еді,
Жиып ал қаптағайлап Қыпшағыңды!

Таусылды Арыстаниң айтар сөзі,
Таянып енді өлуге келді кезі.
Алдында неше түрлі сөз айтса да,
Берменді-ау жылы шырай ханның жүзі!

«Не болса да әйтеур өлемін ғой, тілім тартпай, бір айтып қалайын!»-
деп айтқаны:

Кене хан, әділ патша, төремісін,
Наурызбай, айтқан сөзге еремісің?!

Көп Арғын мен өлгенмен, таусылмайды,
Жауабын қиямет күн беремісің?!

Мұсылман намаз оқыр сұндетіне,
Әркім оқыр өзінің міндетіне.
Аз айтып, пайғамбарды, көп жалынам,
Кешпесен Мұхаммедтің құрметіне!

Мұсылман намаз оқыр сұндетіне,
Әркім оқыр өзінің міндетіне.
Мен де өзіндей мұсылман баласымын,
Пайғамбар, зиян салма, үмбетіне!

- Жиылдып төре, кара,- естің!- дейді,
-Тұз бер нан, құдай десін, жестің!- дейді.
- Мұхаммед пайғамбардың құрметі үшін,
Күнәңды, енді Арыстан, кештім!- дейді.

- Күн көрер қайда барып доғасыз бас,
Ішпейді каса bekzat бір аяқ ас.
Жерімнен өліп қалған бір тірліттін,
Хан ием, айналайын, алдияр бас!

Мінуші ем күнде арқандап кара жалды,
Көруші ем бұрын жақсы жылқы малды.
Ақынның: «Енді өлесің!»- деген шакта,
Аузына Мұхаммедті Құдай салды.

Көкбестім, былтыр- дөнен, биыл- бестім,
Ағын Көкбестімнің шідерлестім.
Араға пайғамбарды қойғаннан соң,
Канымды сол бір қасық зорға кешті.

Жылкымды айғай салып айдағаның,
Колымды төлеңгітер байлағаның.
Есімнен сол кетсе де, бұл кетпейді
Жанымды бір шыбындақ кинағаның!

Төлеңгіт баялышқа көп сүйретті,
Ауыртып қабырғамды бек күйретті.
«Атығай, Қарауыл менен ескі бодан,
Бәрі жау- сары жаудың»-деп, сүйретті.

Қыздарға күміс тенге зере болды,
Кене хан әділ, патша төре болды.
Мойныма шылбыр тағып көп сүйреткен
Ол Қожас деген бір ит неме болды.

- Арыстан, өзіңе олжа жан,- деп айтты,
- Табылмас сол жоғалған мал,- деп айтты.
- Қиналған, кемігенің сазайы да,
Бар болса, қалағаның, ал!- деп айтты.

- Кенеке, бір қару бер, алғандай ғып,
Сүйегім, өлсем жаудан, қалғандай ғып.
Түйеннен айыр өркеш сары атан бер,
Беліне ауыр коржын салғандай ғып.

Кенеке, бір қару бер, алғандай ғып,
Сүйегім, өлсем жаудан, қалғандай ғып.
Жылқыңан өзі жүйрік семіз ат бер,
Еліме тарықпастан барғандай ғып.

Кенеке, бір қару бер, алғандай ғып,
Сүйегім, өлсем жаудан, қалғандай ғып.
Беріңіз отыз жігіт жарағымен
Еліме алып барып салғандай ғып.

Астыма-ат, жетегіме түйе берсен,
Тон берсен жаастықты, кие берсем,
Біздерге қанша берсен, көп болмайды,
Олжаны усті-устіне үйе берсен!

Ауылым көшсе қонар шилеуіне,
Сызығы, тартса түсер, күйлеуіне.
Сұлтаным осы айтқанның бәрін берді:
«Орта жұз, айтып бар,- деп билеріне!»

Орынбай Бертағыұлы (1813-1891)

Абайділда ханға

Абайділда хан орыс қолына тұтқын болып, сегіз жыл Итжеккеннен
әрі кетіп, кайта тірі келгенде, Орынбай ақынның айтқан өлеңі:

«Бозайғыр»- былтыр өтті-ау елдің жұты,
Қалада бес сом болды-ау ұнның пұты!
Орта жұз, ризығың бар жұрт екенсін,
Хан келді: Абайділда- елдің құты!

Тақсыр, сізге зар болдық былтыр күзден,
Үйде жатқан жамандар күдер үзген.
Былтыр кеткен кісідей келдің биыл,
Енді қырсық тарқады Орта жұзден.

«Хан келді-ау!»-деп қуанды қеріп жаным,
Тәңірім жесе, бейнет жоқ, ердің қамын.
Әр байталаң әр жакқа тозып кетті-ау,
Өзің жиып алмасаң, аргымағым!

Мәделі Жүсіпкожаұлы (1816-1888)

Бәйтерек, Байзаққа (бірінші нұсқа)

Бәйтерек, Байзақ едің мактап жүрген,
Осы ма бар өнерін сақтап жүрген?!
Екеуің екі жаққа тарта берсен,
Жеп кетер бұратараң жақтап жүрген.

Ер өлер ерегіссең намысына,
Арқада Арғын таң қалған дабысына!
Дулаттың төрт баласы- төрт өзенсін,
От қойма ерегісіп камысына!

Белбеуді, бел қышиды, шеіперінде,
Жылқы мал тебіспейді өсерінде.
Бәйтерек, Байзақ пен екі керуен,
Тастама жұртқа шала көшерінде!

Ұл туза ата безер, өзім деме,
Жақсыны-жат, жаманды көзім деме.
«Битке өкпелеп, тонынды отқа салма»,
Бактияр, өз етінді өзін жеме!

Сіздерді ел қылсақ деп, қылдық талап,
Дулатқа ага болдың Құдай қалап.
Арқада Шон, Торайғыр жауласқанда,
Өлеңмен елдестірген ақын Жанак.

Өлеңім- перен мылтық сегіз қырлы,
Баршаныз білесіздер біздің сырды.
Сіздерді (сізлерні) Шон, Торайғыр деп келдім мен,
Бізді сіз көрмейсіз бе Жанак құрлы.

Косында не ерлер бар ту ап келген,
Болар ма мұнан артық жауап деген.
«Екі адам ашуланып, араз болса,
Екеуін жарастырмак- сауап!»- деген.

Тату тұрсаң, көп косын жимайсыз ба,

Елдегі телі-тентекті тыймайсыз ба?!
Екеуінің жарасқаның сауап болса,
Қожаңызға ол сауапты қимайсыз ба?!

Аралас акку, тырна бірге жатқан,
Мергендер шакпағ тасын қырнап аткан.
Мылтых атсан, Дулаттың баласы өлер,
Қоңырат өлер дейсің бе Сырда жатқан?!

Көп дұшпан екеуінді жанып жүр ме,
Жел сөзге арадағы нанып жүр ме?!
Басын тарт тұлпарыңын, жарыстырма,
Сәуірін зорықтырып алып жүрме!

Бәйтерек, Байзакқа (екінші нұсқа)

Дұшпандар тың салмай ма шабысыңа,
Тұлпардай дүбірің шықкан дабысыңа!
Бәйтерек, Байзак пен екі нусың,
От салма өзді-өзінің қамысыңа!

Белбеуді, бел қышиды, шешерінде,
Жылқы мал тебіспейді өсерінде.
Екеуің орта жасқа келіп қалдың,
Тастама жұртқа шала көшерінде!

Бір дұшпан екеуінді жанып жүр ме,
Жел сөзге арадағы нанып жүр ме!
Басын тарт тұлпарыңын, кірестірме,
Сауырын (сәуірін) зорықтырып алып жүрме!

Дулатқа аға болдың Құдай калап,
Құтіп тұр лебізінді көп жұрт қарап.
Арқада Шон, Торайғыр жауласқанда,
Өлеңмен елдестірғен ақын Жанак.

Абғасыға

Отаудың, Ораз атаң, басқұрындей,
Токталмас тұлпар басы тасқа ұрынбай.
Бір жаман ұран айтып, саукым салса,
Қайнардың, інін табар, қасқырындей.

Көрдің бе Ермек бажаң қайрылмастай,
Тұяғың тасқа тиіп майрылмастай?!

Бір жаман ұран айтып, сауқым салса,
Бажаң түгіл, қатының қайрылмастай!

Бектер анға шығады сұнқарымен,
Қыздар тойға барады іңкәрімен.
Әркім баптар өзінің тай-тулағын
Ісі болmas біреудің тұлпарымен.

Бір ат мініп, бір атты өңгере ме,
Аю ұлын арыстаннан кем көре ме?!
Әркім бакпай өзінің көтеремін,
Біреудің тұлпарына жем бере ме?!

Бектер анға шығады сұнқарымен,
Қыздар тойға барады іңкәрімен.
Әркім барын өзінде теке кояр,
Ісі болmas біреудің кошқарымен.

Жарымас насыбайға шақшасы жоқ, 『
Жараспас қызға жорға бокшасы жоқ.
Ақылың Аплотондай болса-дағы,
Бұл күнде болыс болmas ақшасы жоқ!』

Тұз тартқандарға

Ассалаумағалейкүм, Қоңыратым-ай,
Сен болмасаң, қалар еді жол жатып-ай!
Жаз болса, тұз; қыс болса, көмір тасып,
Құдайым қойған екен сорлатып-ай!

Боза ішкендерге

Ассалаумағалейкүм, Дулатым-ай,
Бозаны ішип жатырсың шулатып-ай!
Бес үйінде бір түсік көрінбейді,
Құдайым қойған екен куартып-ай!

Шортанбай Қанайұлы (1818-1881)

Атамыз- Адам пайғамбар
Топырактан жарапды.
Мұсылман, кәпір халайық [1]
Сол Адамнан таралды.

«Үрлүк пенен қарлықтан(корлыктан)[2],
Өтірік, гайбат, зорлықтан-
Бойынды тартып тек жүрсөн,
Көрмессін-деген- залалды».

«Белгісі- деген- бейшітің
-Жазғы салқын самалды».
«Тәркі- деген- [тамұқтың]
Қысқы сұық амалды».

Ауыл малы бұралқы
Ақылы жок жаманға.
Атасын алдар баласы,
Жақсылықтан (иәрім) ырым[3] жок,
Жамандық асқан заманда.

Мегежіндей үл тумас,
Қайын болмас қабанда-ай!
«Балам бар!»- деп, мас болма,
Өзің болсан, аяңда.
Болмаганның бәрі сол-
Ерлі бір зайып аранда.

Малдан зекет бермеген,
Аузына Құдай кірмеген,
Қайыры жок саран-ды!
Алақандай ай мен күн
Фаламның орта жарығы.
Жаббардың екі болмайды
Әмір қылған жарлығы.

Құбылаға бас қоймақ-
Мұсылманның тарығы.
Ораза, намаз қаза қылмасаң [4],
Көнілде Құдай барлығы.

Жаяулық пен жалғыздық-
Жалғанның жаман тарлығы.
Түшіркенген ұйқы жок,
Қайғының асқан зарлығы.

Қолынан құсың қашырсан,
Қайтып қонбас қолына.
Ісің түссе жаманға,
Жаганнан алар сорына.

Көп ішінде аз болсан,
Әр нәрсе [5] түсер ойына.
Ел ішінде жоқ болсаң,
Мін тағылар бойыңа.

Жолдас болсаң жақсымен,
Қолың жетер Қырымға.
Топка кірсөң арсызбен [6],
Таласарсың орынға.

Текті құс қарар Қырымға,
Ит айналар жырымға.
Парақорлар қызығар
Бір қалаشتық тиынға.
Құдіреттің жарлығы:
Титтей нәрсе қалсайшы
Бұрынғы жаннан ырымға!

Бай- жарлының панасы[7],
Көп- жалғыздың саясы.
Тайып кетсе, аяғың,
Дұшпанның қанар табасы.

Нар түйенің жаксысы-
Бауыры сүтті маясы.
Харам пиғыл залымның
Тату болмас құдасы.

Құдай деген мұһиминнің
Аузынан кетпес тәубесі (тобасы).
Иманы бардың белгісі
Тілінен тамар шырайы [8].

Мағлұм дүр Құдайға [9]
Пенденің қылған күнәсі.

Алла ағлам құдай біледі
Осылай шығар арасы.

Сен демек қыын емес [пе]
Бұрын туған үлкенге?
Ақыл салсаң (атынды берсөң), азбассың
Бұрын (епті) туған үлкенге (ілкімге)!

Мал- дүниенің жарығы,
Жаратып шырай көркіне,

Қызықпаңыз бес күнге,
Бұл дүние қалмас әркімге!

Ағаш көркі- жапырак,
Адам көркі- шүберек.
Ақыретте жалғаң жоқ,
Таразысы басқа бір бөлек.

Өліге де мал керек,
Тіріге де мал керек [10].
Өлмей тұрып, тірінде
Мініп бір, ішіп, киіп бақ.

Айдаң барып малыңды
Ғазап үшін бермейсің.
Алтын, күміс- абзалың
Өлгеннен соң не керек?!

Өлгенде малың- иманың,
Тіріде қамың- жиганың!
Аманатын алғанша,
Жалғанды бар ма қиганың?

Аз тартайын десен күнәны,
Сахарменен [11] тұрғаның.
Хақ дидарын көрерсің [12]-
Ақырет қамын қылғаның!

Өлшеулі күнің жеткен соң,
Бұйрықты дәмің біткен соң,
Тәстіктең қызған бір жерге
Қырынан кіріп сыйғаның.

Мешіт, мектеп салдырып,
Окуға берсөң баланды.
Азанда тәкбір айттырып,
Мешітке койсан қолданды.

Сираттың [13] желі сокқанда,
Ораза, намаз- панаң-ды.
Тірілікте есіне ал
Өлгенде жанға пайданды.

Үйқыдан кешіп көп жатпай [14],
Құлшылық қыл Аллаға!

Бір бер езе бір қаптан,
Тон киғен топта тұрып мактандан.
Құдайдан корықкан мұсылман
Күнәдан ерте сактандан.

Аз мерей Құданы бір біліп,
Ақыретте болар пак,
Иманның ақыр жалғауы.
Жалғаннан титтей пайда жок,
Адамның аз күн алдауы.

Жорға мініп теңсeltіп,
Торғын тонын белсентіп,
Мамық төсек салдырып,
Ыңырантып тұргызып,
Дүниенің қалай алдауы?!

Мал бақтырар пайдага,
Зекетсіз мал айдама!
Қайыры жок ас сактап,
Дәмінді харам шайнама!
Құлдіретке қуніңсіз [15]
Құдайменен ойнама!

Ит жүгіртіп, құс салған
Құмарпаздың құмары[16]
Өтіп кеткен нәрсенің
Өкінсөң, жок келері!
Тозар торка, бөз шіріп [17],
Бетінен кетпес бедері.

Құбылып тұрган қызыл гүл
Кураса, кетер мәнері.
Сабыр қылсан, жетерсің,
Құдайдың болса берері!
Он сегіз мың ғаламды [18]
Құлдіреті бірлан жаратқан
Құдайдың қалай шебері?!

Жиырма бес жасында
Жігіт жетер кемелге.
Он сегізде қыз болып,
Апа болар бір елге!

Құрбыңнан зорлық көрмессін,
Құда болсаң теніне!
Жапырағын жайқалтып,
Жайлауда консан шым жерге!
Кек ала шатыр нағменен [19],
Мың сан қанша қолменен,
Он піркәншік құлменен,
Сапар қылсан бір жерге!

Жылқының құты айғыр-ды,
Ат тумайды атасыз.
Көсегесі көбейіп,
Көгермейді батасыз.

Файбаттың жаман екенін
Біле тұра айтасыз.
Құн шықкан соң, намаздың [20]
Қаза боларын біле тұра жатасыз!
Алланың берген хак дінін
Шайтанға қайтіп сатасыз?!

Түйенің құты- бура-ды,
Келесі қысыр қалмаса!
Қунә қайдан шығады,
Жаралып жан тумаса?!

«Әділ би» [21] деп айтпаңыз,
Төресін әділ бұрмаса!
Бұйрықсыздың бәрі харам-ды,
Шариғатқа сыймаса!
Жер тіремей тұра алмас [22],
Жеткіншектен айрылса!
Тұрымтай торғай ала (куа) алмас,
Қанаты сынып қайрылса.

Қасакана бітер мал
Қайыры жоқ қабанға.
Айдаса қырсық [23] жүрмейді,
Төрт түлігі аманға.

Алтынды ордаң болса да [24],
Адам кірмес жоқ болсан.

Кенес кетпес үйінен
Жаман да болып, тоқ болсан,
Қолың- шолақ, тіл-қысқа
Ортадан жалғыз dak болсан.

Жақсыны жаман көре алмас
Тен болмаса [25] өзше.
Шын екен деп наңбаңыз
Жалғаншының сөзіне!

Сырттан ғайбат қылғанша,
Айт көзінше өзіне!
Құдайдан қорықкан мұсылман,
Қарауыл кояр сөзіне.

Құдайдың барын білмеген [26],
Айтқан тілге (жөнге) жүрмеген,
Менменсіген зор кеуде
Кисық жүріп кете алмас.
Алдындағы жолығар
Құдайдың құрган тезіне!

Жігерлі туған жігіттің
Кім қой дейді талабын.
Жалғыз сиыры (аяқ) бар болса,
Кісі ішсін дейді [27] шалабын.

Атасы топка кірмеген,
Сөзге де салмас құлағын.
Құдайдан қорықкан мұсылман
Қонаққа сояр лағын.

Өткен сон, қайтіп келмейді,
Әлгенге мал ермейді.
Көріндер енді, жігіттер [28],
Бұл дүниенің шолагын.
Жиырма тоғыз әріптің
Жайын білмек керек-ті.

Төрт жардан шыққан қыр болар,
Ақылы асса, дұр болар [29].
Мынау жалған дүниеде
Малы бар кісі пұл болар.
Малы жок кісі қор болар [30].

Көпке тентек ез қисық
Қамшыменен и болар,
Ер басына күн туса,
Жалғыз бұта үй болар.

Көніл азып, тон тозса,
Киген кейлек кір болар.
Аштық та, жасық та, білсе,
Әдейі абзал сор (сол) болар!

Мейір кетті патшадан (пенден) [31],
Ақыл сұрасаң, азбассың
Көпті көрген көнеден.
Қасиет кетті төреден,
Ғаділдік кетті билерден,
Абырой кетті әкімнен.

Қайын енесі ас ішпес
Қабағын түйген келіннен.
Жалғыз Құдай болмаса,
Енді үміт жок өзгеден!

Мұһмин болған пенделер [32]
Құлшылық қылсаң, не етеді?!

Ажал деғен болдырмас,
Бір күні куып жетеді.
Мінезге дауа (бағым) табылмас,
Әдетіне кетеді.
Такуа болған ғалымдар
Бұл дүниені не етеді?!

Баяны жок, шіркінді
Бір күні тастап кетеді.

Малын көзі қимаган
Ішпей, жемей өтеді [33].
Бір кісі емес, әр адам
Бәрі де сөйтіп өтеді.

Дүниенің сұрсен дәүірін [34],
Басында бар ауырың!
Иман- жанның жарығы
Кешуі тар болған жолдарда
Хабардар бол, ай, пірім!

Ақыл-дария: білгенге,
Бұл жалған жоқ өлгенге!
Байлықтың алды- иман-ды,
Тәнірім сөйтіл бергенге.
Жан жоламас жатқанға,
«Жүргенге жәргем ілінер»,
Дүние арман емес дүр
Бір кезде дәурен сұргенге.

Ит жерімес арамнан,
Қалыптан артық [35] мал бітіп,
Кетпесе мал қораңнан.
Пайда қылсаң залалсыз,
Өзіне біткен қарандан.

«Қой!»- десен, білмес наданға,
Ақыл айтпа ақымаққа.
Кенеуі жоқ кей билер
Құр зорлайды тақпакқа.

Ұмытпасаң тәубенді,
Тұзу салар сокпаққа!
Тұзу жолдан қисайсан,
Жолығарсың пейіліннен
Күрзі бірлан токпакқа!

Жерге біткен тау пияз
Жегенмен, тамақ бола ма?
Әзелде [36] жазған несіпке
Дария құйсан, толар ма?!

Сұмбіле туып, жаз [37] болмай,
Көгорай шалғын болар ма?!
Кәрілік пенен мінезге
Білсеніз, дауа [38] болар ма?!

Сұтпен біткен мінезі
Сүйекпен кетпей тұра ма?!

Иманнан басқа нәрсені [39]
Күдайдан көп сұрама!

Ерден қайыр кетпесе,
Отырмайды [40] есікке,
Өлшеп берген несіпке!

Сөйлес деген мейманға
Сөз қатқанша, кешікпе.
Халқыңменен қас болып,
Оңалмас іске [41] өшікпе.

Ердің құны сот (сүт) емес
Есебін тапқан сабазга.
Төрден орын тимейді
Патша болса да, малы азға.
Езіп жақсан, кір жұқпас [42]
Сексен сынды маңғазға.

Шынарга біткен мактадай,
Шырайлы болса алғаның
Халал сүт емген жолықса,
Болар ма еді арманың?
Ескірмес ердің астында [43]
Ақ білекten тілеуің.
Білмес ердің ойнымен
Таңың атып жарғанын.
Жібермейді сұраусыз
Тәнір алдына барғаның!

Бай бол, малың не керек,
Патша бол, тағың не керек,
Жалғыз-ақ ойла дүниені
Сапарда жалғыз қалғаның!

Шортанбайдың насихаты

Шортанбайдың өлер уағында қатын-бала, ел-жұртына айтқан насихаты:

Мінеді ғаділ патша алтын такқа,
Қалмайды, иман бермей, көнілі аққа.
Шортанбай өзі тірі заманында
Сапар ғып барып қайтты Семей жаққа.

Кұданың ойлап тұрсым, қаһары қатты,
Патшаның тіріліктеге жаны тәтті.

Бір күні кеш боп кетіп, ел таба алмай,
Далада мейман болып қонып жатты.

«Жатқанда екі кісі тұсіме енді,
Қасыма тұсі суық кісі келді.
Кісінің сипатынан қорыққаннан:
- Жалғанда мен көрмеген кімсің?- деді.

- Өлгенде, имансыз құл, жолда қалған,
Мен газірейіл пенденің жанын алған.
Шүкір қыл, иман айтып, Шортанбайым,
Құдайдан жетті бұйрық, келді саған!

Екенін періштелер көңілім білді,
Кеудемнен, дем алғызбай, аттай мінди.
Қолында күрзісі бар, тұсі суық,
Жаныма бір шыбындай қысым қылды.

Келтірдім сонда тұрып: «Сұбыхан Алла»,
Мен білдім жүрмесімді бұл жалғанда.
Көнбеске Құдайыма шарам бар ма,
Беруге бір күн рұқсат (ұлықсат) аял бар ма?!

Тұсіме періштелер кіре берді,
Үстімнен сол сөз бірлан түрегелді.
- Ажалың ертең кешкे болады!- деп,
Бір күнге аял беріп, жүре берді.

Өзімді келтірейін сөз басына,
Қатты қиын ісім (асым) бар өз басымда.
Ұйықтап жатқан жерінен оятып алып,
Тағы да бір сөз айттым жолдасыма.

Амал жок енді жүрдік күн-тұн қатып,
Жәкеме кетейін де арыз айтып.
Жәкеме қатын-баламды тапсырайын,
Келе ме ол күн адам тірі қайтып?!

- Өлімге жақын болды менің басым,
Бір Алла ақыретте жарылқасын!
Жалғаннан ақыретке көшпек болдым,
Кеше гөр үш (осы) жолдасым «Жолдас ақын»!

Таң ата Жанқұттыға енді келдім,
- Сөйлес!- деп, тыста тұрып, хабар бердім.

Келген соң ажал жақын, амал бар ма,
Белгілі жүйрік едім тамам елден.

Семейден төрт ат алдым- бес жұз теңге,
Тоймадың екі көзім сұм дүниеге.
Көрмедин катын-бала, өз үйімді
Мен көштім дүниеден енді арманда.

Мені көргенің, дүниеден ғаніл қалма,
Бір тыын қазак байдан қарыз алма.
Әркімнен қала бермек дүние шіркін
Өтініз тәубе қылып аз жалғанда.

Сонда отырған халайық:

- Сөзініз өлім мысалы болды, біздерге бір насиҳат айтыңыз!- деді.

Сонда Шортанбайдың айтқаны:

Адамның жалған дүниесі,
Дүние- кимас жолдасы.
Дүниені жолдас демендер,
Көп болар оның күнәсі.

Өлгеніңше тою жок,
Тәгілмей [1], риза (ырза) болу жок.
«Жалғаның арты жақын»- деп,
Жегенін қазақ қою жок.

Сәлем айтып кетейін
Ағайын мен туғанға!
Бала менен қатынға
Насихат шашып кетейін
Аз ғана сөзді артыма!

«Не кәріплік?»- десеңіз,
Бүгін менің басымда
Жетім болып, ұл қалды,
Жесір қатын тұл қалды.
Ала ғер, Жәке, қасына!

Қаратуда халық едім,
Қожа емес, сарт едім.
Көк есекті мінуші ем,
Масақ теріп жүруші ем.

Арқаға шығып, наң жедім,
Нан жеген соң, дәнделім.
Қазактың жүйрік атын мінсем деп,
Сұлу қызын сүйсем деп,
Күннен- күнге сенделдім [2].

Арқадан қылдым жайлауды,
Әркімнен алдым байлауды.
Қиямет күні болғанда,
Қандай жер[д]е мекенім
Мен кәріптің сайлаулы?!

Әмме алдына шай қойды. Шайының жартысын іше алмай, шыны аяқты жерге қойып, бұл сөзді айтты:

Халықтан аскан [3] сұнкар ем,
Қанатым сынды, ұша алмай,
Қиядан қуга түсе алмай.
Нәпсім, қарар таптың ба
Дүниеге тоймайтын?!

Бір шыны шайды іше алмай,
Жалғаннан дәмім таусылды.
Жарылка, Құдай, артымды [4],
Хакқа тәубе қыла алмай,
Меккенің жүзін көре алмай,
Қонағымды таба алмай,
Кимра қылдым жасымды!
Екі сөздің басына
Келтірейін өзімді.
Тынласаңыз, жұртый, сөзімді:
Таба алмадым жерімді,
Көре алмадым елімді!
Қиямет күні кез қылгай,
Құдая, менің ғырысымды.

Билер, пара жемендер,
Жанға бейнет кезбендер [5],
Кісі хақын алмаңдар,
Аузыңа пара салмаңдар.
Дүние жинап өткен жок,
Бізден бұрынғы пайғамбар.

Сөз айтайын, ұлкендер,
Құдайдан ғапіл өтпендер [6],

Әлің келсе, Мекке бар,
Артық дәulet біткендер!
«Старшын, болыс болам!»- деп,
Ысырап қып малды төкпендер!

Таяндық енді өлімге,
Алты табан көріне.
Сатып алған күнәның
Кешуі болмас күнінде.
Ұл (ұғыл), атанұды сыйландар,
Ендігі туған балалар,
Атанаң сөзін бұзбаңдар!

Сәлем айттым бәріне,
Қызмет етіп жүріндер
Жасы жеткен кәріңе!
Ұяларсың Құдайдан [7],
Өлгеннен соң, қоймайды,
Тірідегі әліңе.

Үлкендер, саған айтайын,
Мал басына бармандар,
Ақырет қамын қармандар!

Дүниенің богы үшін
Сірә, тіпті азбандар!
Тентек болма балаға,
Безер болма келінге,
Қадірің кетер еліне,
Карауыл кой сөзіңе!

Қанша нәрсе ереді
Өлгеннен соң өзіңе?!

Қарай алмай жүрерсің
Таңда махшар күнінде
Құдайының жүзіне!

Атанаң тілін ұл алмас,
Ананың тілін қызы алмас.
Айта беріп қайтейн,
Өлінің тілін тірі алмас!

Жақыннан шыққан жақсыны
Ағайын- туған көре алмас.

Ақыр заманның белгісі-
Бірге туған бауырың
Тату да болып жүре алмас!

Дұғай сәлем дегейсің [8]
Ташкент пенен Бұхарға,
Бір Құдайдан қорыққанға!
Қызмет етпей мен өттім
Ата бірлан анага.
Қарнактағы, сәлем айт,
Үш кайтара бабама!

Бабама қол бермедім,
Мекке жүзін көрмедім.
Қайғылы болып барамын
Жалғанда жеген парама!

Және сәлем айтайын
Бауырлас туған ініме.
Дұние деген осы гой:
Жалғыз маған ерді ме?
Не деп жауап береміз
Кияметтің күнінде?!

Жұрт тамаша көруші ед
Жалғыз ауыз сөзіме.
Дұние ыстық көрінді
Құрғы да, менің көзіме!

Жалғанға тіпті тоймадым,
Өлмеймін деп ойладым.
Дүниенің боғы үшін
Өлгенімше шайнадым [9]
Тәубе қылмай жасымда.
Қанша пәле болады
Киямет күні басымда?!
Қасыктап жиған көп малым
Қалды менің артымда.

Жігіттің жасы- жиырма,
Өлім деғен киын ба?
Жұртты жсеген Шортанбай
Төрт қари бөз бұйырмай,
Қалды менің артымда!

Дұғай сәлем айтайын
Бес атанаң ұлына!
Дүние малы ермейді
Өлгөн ердің сонына!

Жалған жақсы көрінді
Мен құрғырдың сорыма.
Опасы жок сүм дүние
Оттан ыстық болар ма?!

Қалдым бір көрдің астына,
Қарындас ермес қасыма.
Тіріде көрген ағайын,
Дұға қызып жүріндер
Өлгеннен соң басыма!

Дұғай сәлем айтайын
Карсен менен Кернейге,
Бай мен жарлы, кедейге[10]!
Қазактан алған қарызым
Көлденен тұрды көмейге.
«Ақын, шешен көрсем!»- деп,
Айласпандар мендейге.

Дұғай сәлем айтайын:
Тобықтыда- Құнанбай,
Кімнің тағы қалмайды
Өлгеннен соң суалмай?!

Осы дәulet барында
Талап қылсын Меккені.
Ақыреттен құр қалмай,
Аз ғана қорған болып өт
Ағайын мен туғанға.
Жалғанда жиған нәрсөнін
Пайдасы болмас (жоқ) ку жанға.

Дұғай сәлем айтайын
Көпбай менен Нұрланға!
Харамды мал демесін,
Зәбін болар иманға.
Қазактан пара алмасын,
Ұмытпай жүрсін Алласын,
Құдайдан ғапіл қалмасын,
Өлгенді менен барласын.

Дұғай сәлем айтыңыз
Шорманұғлы Мұсаға!
Дәүлетінің барында
Коркыныш бар алдында.
Тәубесіз өтіп кетпесін
Бес күндік жалған қызыққа.

Дұғай сәлем айтайын
Куандықта: Қоңырға!
Куанбасын дәүлетке [11],
Мал деген хайуан донызға.

Тура келген ажалға
Дәүлеті ара болар ма?
Ақыретке көз салсын
Баратұғын орынға!
Қылсын Алланың жарлығын,
Алдында өлім барлығын,
Құдай дос-ты Мұхаммед,
Онын да алған жалғызын.
Көргенімше күн канша,
Мұхаммед Мұстафа
Дүниеге тоймаган.
Өлгенімше жинаған [12],
Енді болдым бек қапа.

Дұғай сәлем айтыңыз
Катын менен балаға,
Тапсырдым енді бәрінді
Жаратушы, расул, Аллаға!
Дүниенің боғы үшін,
Мендей болып қаңғырып,
Көп шықпасын далаға!
Қас қылmasын жакынға,
Қайырлы болсын халқына!
Не кәріплік десеніз,
Мен кәріптің басында
Жетім қалды жасында.

Дұғай сәлем айтайын
Жесір қалған қатынға,
Токтасын сез бен ақылға,
Ие болсын артына [13]!

Қайғының ісін (асын) салмасын
Жалғызының басына,
Қалмасын көзінің жасына!

Әм, дариға, жалған-ай,
Жалғаның енді қалғаны-ай,
Шортанбайды алғаны-ай!
Қайғыны басқа салғаны –ай,
Бар Құданың әзелде жазған пәрмені-ай!

Тағы да сәлем айтамын
Қалын жатқан Сарымға,
Бай мен кедейді көп жедім
Құданың берген бағында.
Өлімнің жақын екенін
Біле алмап едім алдымда.

Шүкір де қылмай қайтейін,
Ажал келсе, тұрмайды.
Патшалар да тағында.

Тәубе қылмай, қапы өттім,
Өлерімнің шағында.
Құдайдың ісі бұзық па,
Дүниеге қызықпа [14]!

Әуелде менің ғұмырым
Құдайдың жазған сзықта.
Ұл атадан айрылған,
Әркім біздей қайғырған,
Қалған дүниеден пайда жок [15],
Жарылқа, Құдай, алдыннан!

Барша отырған халайықтар айтты:

- Ендігі заманның адамдары қандай болады, соны айтып өтіңіз!-
деді. Сонда айтқаны:

Бір захымат айтайын,
Тынла мұны, балалар!
Естігендерің ұмытпа
Қайсында сенің сана бар?

Жақсы аттан жығылса,
Жаманың тұрып табалар.
Ендігі сорлы бейшара
Корықканға барып паналар.

Қария қалды ақылдан,
Қастық шығар жақыннан.
Ендігі күнің кем болар
Тәубе қылмай, қапы өттің,
Әуелгі бұрын жасындан.

Бай кедейді көрмейді,
Кедей байға ермейді.
Қызметін бір күн қылмаса,
Майлы сорпа бермейді.

Әнеки, байдың қайыры!
Бұрынғы өткен адамның
Міне, келді зайыры!
Жалғанда қылған ісіңнің
Алдыңнан шығар ғайыбы.

Байды Құдай атқаны [16],
Жабагы жүнін сатқаны.
Кедей кайтіп (қалай) күн көрер,
Жазбай жатқаны?!

Жаздай арық қазады,
Күз пішенін шабады.
Оны –мұны жиганын
«Шығын»- деп, тілмаш алады.

Жалғыз сиыры бар болса,
Соғымына сояды.
Қағаздатып бұзауын
Ноғайына қояды.

Кедейге салып шығынды,
Негізі байдың тоймайды.
Қылымсыған катыны
Қызылдан көйлек киеді.

Өзінің байын билейді,
Өзінің байын менсінбей,
Көрінгенді сүйеді.
Осы міnez болған сон,
Тозакқа пенде күйеді.

Елубасы, онбасы
Ол- шайтанның жолдасы [17].

Ендігі байға мал бітсе,
Шайдан басқа асы жок,
Жақыннан басқа қасы жок,
Ендігің мұрзасы.

Әмме отырған халайықтар айтты:

- Мына Асан қожаға арыз айтыңыз!- деді. Сонда айтқан арызы:

Сөз айтайын Асанға,
Дүниеге мактанба.
Япым-ау, неге мақтандың
Дәүлетін судай тасқанға?!

Дүниекордың маясы,
Жетпіске келді бұл жасың,
Дүние болды жолдасың.
Әндіжандық сарт едін,
Қай жеріңнен кожа едің?!
Қаратруды тауладың [18],
Пәленше деген мұрзасың.

Сарыарқаға келген сон,
Төрт аякты жорғасың.
«Жәдігөй жарғыш»- атанып,
Осынша жиған мүлкіңнен
Не көреді ку басың?!

Талабың бар жалғаннан,
Әлі де болса аспаққа.
Дүниенің бояғы үшін
Күнде түсіп апатка [19]
«Ман раббік!»- деп сұрағанда
Ұяларсың Құдайдан!

Әуелден күнә - жанға қас,
Қазаққа келіп, болдық мас.
Мениң тегім сарт еді,
Сенің тегің- Қызылбас.
Екеумізді пір тұтқан
Кімнің діні бұзылмас [20]??

Жәдігөй, жарғыш болмаңыз,
Ақырет қамын ойланыз.
Жасың жетті жетпіске
«Иман бер!»- деп сұраңыз.

Бұл айтқаным- ақылым [21],
Аталас тұған жақыным.
Қиямет қайым болғанда,
Пайдасы болмас қапының!

Ауыртты Құдай басымды-ай [22],
Өлшеп берген жасымды-ай!
Ой, ой менің басым-ай,
Келе гөр, Жәке, қасыма-ай!

Амалым нешік Құдайға
Жүгірмек болған жасым-ай!
Әр жұмада жүре гөр [23]
Дүға қылып басыма-ай!
Ол күнде көрген шырағым
Жылап бір келер қасыма-ай!
Колынан сусын бере алмай,
Өлгенің әке көре алмай,
Дүғай сәлем айтыңыз
Жетім қалған жас ұлға-ай,
Көргенімше күн қайда[24]??!

Бұл сөзімді айтыңыз
Менен қалған балаға-ай!
Бұл дүниенің боғы үшін
Канғырмасын далаға-ай!

Тіріде көзім тоймады
Тәнірдің берген қарага!
Жалған деген осы ғой,
Маған еріп бара ма?!

Білсін бір сұндет, парызды,
Қазақтан алдым қарызды.
Өлеріме таянып,
Халқыма айттым арызды.

Үш қайтара сәлем айт
Ағайын мен туғанға!
Дүние, шіркін, ермейді
Бейнетпен жиган қу жанға.

Енді есен бол, елдерім,
Құсымды салған көлдерім,
Замандас, құрбы, теңдерім!

Ғибрат менен алындар,
Өлгенімді көргенің!

Өлім үшін жараткан [25]
Әуелден-ақ адамды.
Опасыз деп білмедің
Мынау дүние жалғанды.
Үш түрлі қылыш шығардым
Артқы қалған заманды.
Қиямет қайым таянды,
Қайырсыздың көп малы
Жылан менен шаян-ды.
Ол күнде көрің қаранды.

Бір күнгідей болмайды
Мың күн тірі жүргенім.
Мынау мениң өлгенім
Қасықтап жиған дүниеден
Кәнеки, пайда көргенім?!
Өлмейтін адам болмайды
Туганнан соң анадан!

Жұртты жеген тауық едім,
Жалғаның ебін тауып едім!
Қаратуда жүргенде,
Сарыарқаның наны үшін,
Шалқып жатқан малы үшін,
Бері таман ауып ем,
Бозбалага сауық ем.

Сауығым кетіп, күл сөнді,
Жұрттан асқан көсем-ді.
Алмай ма Құдай шешенді?!
Өлеріне келгенде,
Жан, шіркін, енді сескенді.

Ескендір өткен дүниеден
Жиырма тоғыз жасында,
Перзент қалмай артында.
Шариғатқа сыймайды
Екі тілек бір жерге.
Кәрні пенен нашарды сүйеген
Он сегіз мың ғаламга

Патша болған Сұлеймен,
Олар да өткен дүниеден.

Ойлап тұрсам, жалғанинан [26]
Бұрынғылар не көрген?
Мұхаммед өткен Мұстафа
Кім болмаған би қапа?!

Өлімнің асы күз болды
Алпысқа жеткен бұл шакта
Қайсы пенде жұмақта,
Қайсы пенде тозақта?

Бұл дүниеден пайды жок
Өлгениңше дін сақта!

Күлсे балам басыма,
Қатынам қалды артымда.
Жетімдікке көндірді
Жұдырықтай жасында.
Кімдер өлмей тұрады
Бұл дүниенін жүзінде?!

Мұхаммед те көніпті
Жетімдікке жасында.

Жалғызыма сәлем де,
Алладан бүйрек жеткен соң,
Аскар тауы құлады,
Ағар бұлағы суалды.
Жетім-жесірді сүйейтін
Ағайын, туған жоғалды.

Ай, пенделер, муһминдер,
Мен не деген есермін
Дүниеден кашпаған,
Корқыныш қылып Құдайдан
Карызды ойлап саспаған?!

Дүниеде көп мұлқін [27]
Ибраһим мен Адам да
Талақ қылып тастаған.

Тіршіліктे корықпай:
«Күнә аз»- дедім, шошынбай.
Кеудемді дерт камады,
Халім де кетіп барады.

Есен-аман бол, Жәке,
Кияметтік досым-ай!
Және сізге тапсырдым
Бала бірлан қатынды.
Жалғанда досым ғен едің,
Аяй көрме ақылынды-ай!
Қояр ма еken Құдайым [28]
Киямет күні қасыма-ай?!

Жүгірмек болған жасым-ай,
Әр жұмада жүре гөр
Дұға қылып басыма-ай!
Ол күнде (өлгенде) көрген жалғызы
Жылап бір келер қасыма-ай!
Сөйлесетін күн қайда
Ол күнде көрдін ішінде-ай?!

Тәубе қылып қояйын
Құдайға сөзім ғасы ма-ай?!

Таяндық енді өлерге
Күн қанша дүр көрерге?!

Дұғай сәлем елдерге,
Елдегі жақсы билерге,
Жаксыдан дұға (сәлем) жетер ме?!

«Өлді!»- деп бізді білгенге
Дұға қылсын ерлерге!

Жасымнан қылдым мастықты,
Жаныма қылдым қастықты.
Жан шығарға (жарға)таянды,
Қоя гөр, Жәке, жастықты!

Алпыс үштен асырмай,
Өлім бір келіп асықты.
Аралап бір келіп түсуші ем
Алтай менен Қарпықты.
Ынғайы жаман аурудың
Жаманнан көнілім корықты.
Артымда қалған жалғызға
Бір қасірет жолықты.

Мен өттім енді арманда,
Көре алмадым жалғанда (артымда)
Ағайын мен туғанды.

Жан тәсілімге таянды,
Айта гөр, Жәке, иманды!
Уа, Алла тағалам [29]
Бір тәңірге аян-ды.
Он екі құйрық, қырық шалғы,
Кияда сұңқар тараңды.
Достығынды қастық дер
Санаңа (ойламай) еске жаманды!
Пірлерден кетіп керемет,
Патшадан кетіп әділет [30],
Ақыр заман таянды.

«Алады,- деп-қай күні?»-
Аманат малды бағып тұр.
Бір адамға ұл бермей,
Бір перзентке зар ғып тұр [31].
Бір адамға ұл беріш,
Біреуді малға бай ғып тұр!
Жөнсіз оқтайды канғып тұр,
Жан, шіркін-ақ, берік екен,
Үзіліп кетпей не ғып тұр?!

Құдайға макұл ісін жок,
Біреудікін іздедің,
Өзіндікін аз көрдің (көздедің),
Құшің жеткен адамды
Мұнша неге тезледің?!
Ұрлық пenen қарлықтан [32]
Үмітінді үзбедің!

Алмаған неме (нәрсе) қоймадың,
Еш нәрсе тоймадың.
Азуы [33] қарыс адамның
Айтқанына болмадың!
Болмағанның белгісі:
Бұлғактап едін асаудай,
Бойыңа жанды теңгермей.
Басыңа бір тас тиіп тұр,
Не қылайық дүниені,
Тырнактап жидың сен нені [34]?!
Жау қалқаның ер күтіп,
Би қалмады шүйделі,

Шұнак бидің тұсында
Ағаш атты тізгінде,
Арба [35] міндік күмелі.

Ақылынды алып тұр
Саумал еткен (бар) биелі.
Көш-қонынды билеп тұр
Қом жасаған түйелі.
Біз айтарлық не қалды
Қай ақыл бар жүйелі?!
Әзелде жазған іс болса,
Несіне мұның күйеді?

Күйіп бір, күймей, немене,
Құр қызады делебе,
Сақтасын жалғыз қайғыдан!

Көппен көрген- селебе,
Халқы менен баланы
Бір алған соң ауызға
«Алмайды»- деген немене?!

Ұзын бір акқан Сарысу
Аға бер жайлап көбеге (күйила).
Айдамай тұрып солдатқа,
Зар қылмай тұрып жалды атка,
Жүйрік пенен жорғанды
Өзің бір мініп жебеле.
Жалаңаш бол да, жауға шап,
Ажалдан бұрын өле ме?
Ноқталы басқа бір өлім
Өлмей адам жүре ме?

Қатын-бала қамы үшін
Карсы шап та, мылтық қауыш,
Коршап тұрса [36], жүдеме!
«Аламын!»- деп талпын да,
Жаудан да зорлық көрген соң,
Отырып билер (ерлер) алқынды.
Мың-мың жылқы айдаған,
Сары қазы шайнаған,
Қымызын судай сапырган,
Оны ішкен соң мас болып,
Аюдайын ақырған.

Қимаймыз деп айрылдық [37],
Адыра қалған шалғынды.
Арқаның жазы- пейіш-ті,
Жылқының еті жеміс-ті,
Жагаласқан дүшпаннан
Көрерсің, казақ, кейісті!
Құранда жазған тіл бар ма
Ниет, пиғылын түзетер
Жамандық жолға жүрісті?!

Күннен-кунге тартылып,
Заманақыр кезінде
Ұл сыйламас атасын.
Арам сідік болған соң,
Атасы бермес батасын!

Қазы, болыс, хан қойды
Қайдағы бір некесіз туған шатасын. ·
Өзі қылған өкінбес,
Күнінде соナン тартарсың,
Абактыға жатарсың!

Қыз сыйламас анасын (енесін),
«Ер жеттім», - деп, егесіп,
Салыстырап денесін.
Старшын қойған болды жұрт [38]
Пысықсыған немесін.
Кезінді ойып барады,
Күнде тесіп тәбесін.
Ақсакалдан әл кетті,
Болмаса тәнірім демесін.
Азаматтар, әлеумет,
Мұның да несін сөгесің?!

Жас сыйламас ағасын,
Алып бір жыртар жағасын!
Бір-біріне көпсініп,
Куат қылар баласын.
Шыдай алмай ызаға,
Майырға төгер қарасын.
«Қой!»- деп, айтсан, тіл алмас,
Ақсақалдан ұялмас.
Жүгірісер қалаға,

Қанықкан соң жалаға,
Алып бір шығар далаға.
«Дұшпаның кім?»- деп сұраса,
Алып бір келер аулына,
Өзінің туған бауырына.
Келген соң кімді аясын,
Жығып бір салар дүреғе,
Қызықкан соң парага.
Кошіп кетер жерің жок [39],
Жауабы нар ерің жок,
Сөйтіп калмай, не қыласын,
Біздің казак пәлеге?!
Таба болып тұрарсын,
Тұсерсің күнде санаға.

Еділді алды, елді алды,
Енді алмаған не қалды?
Қараны санап, малды алды,
Қазакқа қамкор ханды алды.

Кетейін десен, жерің тар,
Тұрайын десен, кәпір бар,
Қайсыбірін айтайын,
Қазактың ұлы сандалды.
Сандалғанның белгісі:
Береке кетті асынан!
Үл[гі] қызық көрмедің
Корлықпен өткен жасынан.
Ұғлы-қызыым деп кеттің
Айрылдың, құда, досынан!

Тілеуінді бермейді,
Көзіңің жасын имейді.
Азаматтар, жігітлер,
Айғыр етін, сойсан да (сүйсен де),
Әуелгі заман келмейді.

Заманакыр кезінде
Құласы жоқ құл азар,
Қонысы жоқ бай азар.
Азғанының белгісі-
Байдың тілін жарлы алмас,
Ханың тілін қара алмас!

Өлінің тілін тірі алмас,
Өздері ақыл біле алмас.

Екеуі үлкен егесіш,
Қошкардай басын теңесіп,
Сол жерден заман оқалмас.
«Оналар заман»- дер едім,
Жауға алдырын әуел бас,

Іс аскынды болмастан,
Мейр-шапағат кем болып [40],
Шын сөз кетті сырластан,
Ойын кетті курдастан.
Жастар үміт үзін тұр
Жол тосынған жолдастан.

Заманақыр кезінде [41]
Койнында қатын жатпайды,
Ұрсаң, тілін тартпайды.
Күнәсі асқан бұл пенде
Құдайдан асылы (әс[те]) корықпайды.
Шешесіне бүлініп,
Ұлы шоқпар саптайды.
«Алжыған кәрі қакпас»-деп,
Келіні сырттан боктайды.

«Қатыным колы тонар!»- деп,
Қар жауғанда, үй қактын.
«Балам адам болсын!»- деп,
Ұйқыдан безіп, мал бақтын.
Асыраймын деп баланы,
Желіп бір жортып, лактын (ұлактын).
Балан адап болмаса,
Азаматтар, жаранлар,
Пайдалы жоқ шырактын.

Арам туған баланың [42]
Бетінде жанған оты бар,
Белгісі бар тозактын
Зар заман сөзі- осы:
Тынлаңыз мұны, құлақ сал!
Абылайханның тұсында
Саудагер еді бұл орыс.

Арпасын тартып, ұн қылған,
Отын сатып, пұл қылған,
Есіл менен Нұраның
Екі жағын жол қылған.

Ертістің басы- қарадың,
Еңкейе біткен қара адыр.
Арқаның басы- құба жон,
Аядай біткен көл екен.
Атты кердең өсірген
Арқаның тарая шөбі екен.
Жігітті кердең өсірген
Аты мен тамақ дәмі екен.

Ұрлық қылыш, мал жидың,
Өтірік айтып, жан жедің.
Ойлап тұрсаң, жігіттер,
Ақыретте жанға қас [43]
Тірілік жолдас болмайды!
Құдайына табарсың
Жанға залал істерден
Бойынды тартып, аулак қаш!

Сөздің басы- Бисмилла,
Мұсылманның тарихы.
Төрт аяқты хайуан-
Бұл дүниенің жарығы.
Бағасы кеткен жігіттің
Бетінен алар запысы.

Кәпірден бойын тартпайды,
Дінінен кеткен табы бір.
Бір Алладан өзгенің
Көп дүр қылған айыбы.

Кесапаттың кесірі
Келе ме деп көр ит баска?!

Сол шабыты қорқамын.
Елге бір егін жайылды.
Байға қоңсы жоламас:
«Алдап-арбап жесем!» - дер.

Өз тілеуін сұрамас,
Арам сідік балаға,
Ата менен ананың
Айтқан сөзі ұнамас.
«Суый кете ме,- деп- пұлымыз.»
Сол себепті қорқамын
Әр нәрсенің болжалы
Келе жатыр жақындал.
Ағашты жерге үй салып,
Алды кәпір ақым деп (ауқымдал),
Енді еркіне қоймады
Қарт бурадай тақымдал.
Дуанбасы, болыс тұр
Орыстың сөзін макұлдал.
Бұқараның пұлы жоқ,
Құр жылайды тақымдал.
Жарыска кірген жақсылар
Жақындал жан тартпайды
Үйінде күлер сақылдал.
Қорлықпен өткен кү өмір
Ашылmas сениң көзін де!
Сол себепті қорқамын,
Ақыр заман кезінде,
Алуан-алуан жан шықты,
Арампейіл хан шықты,
Кайыры жоқ бай шықты.
Сауып ішер сүті жоқ,
Мінін көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты.
«Жарлы, кедей, жоқ- жітік
Кайтіп күнін көрер?!»- деп,
Сол себепті қорқамын.

Азган заман кезінде
Шең сейілер жердегі,
Бай таусылар елдегі.
Жалғыз шақлақ сыймайды,
Кісені кара белдегі.
Күс таусылар көлдегі!

Мынау указ шыққалы,
Ұзатқан қызда неке жоқ.

Өлгенге оқыған құраны
Қожаға сорлы жеке жок.

Жеті атасы бір болған,
Балаларға молда жок.
Парсыдан мағына⁸ үйреткен
Кереметлі қожа жок.
Диуана болды аттаған
Елге тілмаш қожа болар ма
Шошқаның етін қақтаған,
Құбылаға бақпаған,
Атасының қанындай
Аракты ас кып сактаған?!

Отыртпаған сұндетке
Шоқынады суретке,
Амалың болса, қылышы енді
Калимасыз кәпірге
Кірінтар кылған Құдіретке!

Мұның өзі зар заман,
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман!
Тарлығының белгісі:
Бірін-бірі күндеғен.
Жан жайына жүрмеген.
Мұның өзі- қар заман.

Ендігі көрғен қызығын-
Бір жаныңың тірлігі.
Бір үде неше жан болса,
Бірікпес оның бірлігі.
Арқаның ақ шебінде
Төрт түлік малдың кіндігі.
Мынау «сарсан»- деген заманың
Катынында болар билігі.
«Оның белгісі не?»- деп сұрасан,
Жаулық кимес басына,
Бір кез мата күндігі,
Қолынан түспес айнасы.
Құйрығы тістеп тұрады
Көйлегінің кендігін.

Шеніне жанды жолатпас,
Дүниеде болмас теңдігі.

Өз қолынан келген соң,
Жездетіп киер өкшесін.
Түскен күні тайсалмас,
Жылмита тараң шекесін.
Нәсілі жок жаманға
Мал шығарып алмаңыз,
Ер жеткен деп кексесін.

Жақсы зайып өйтпейді,
Қонсыны құндең түртпейді.
Алған ерін сыйлаған,
Ақылын әр кез бұрмаган.
Ол нәсілді жақсылар
Әркімге тегіс бітпейді.

Жаманның жайын айтайын,
Күзгі қойдын сүтінен
Қайнатып қоспа қосар майына.
Көпірген соң кей көк дауыл
Сыймайды таудың сайына.

Сұмдық қылып ас сактар
Бір татырмай байына.
Өлтіре алмай, сата алмай,
Құрбысынан ұялып,
Үлкенге шағып айта алмай,
Бас ие женіліп бейшара
Отыраң қарап жасына.
Ол көніліне келтірмес:
«Ұрысқан екен маган!»-деп.
Кешке дейін ас бермес:
«Сактап едім саған!»-деп.

Келер кешке болғанда,
Отын ерте сөндіріп,
Айтқанына көндіріп,
Өзі жазып төсегін,
Арқаға қағып есегін,
Қатын деген шіркіннің
Жан таба алмас есебін!

«Бермен жатшы, шіркін!»- деп,
Тартқан болар қолынан,
Құшақтап алып мойнынан.
Жаман еркек жалбандап,
Алдырап сырын бұрыннан.
Наз қылғансып байына:
«Өкпеледім саған!»-дер.
Кеудесінен итеріп:
«Бөлек жатшы әрмен!»-дер.
Налыс қылып Құдайға:
«Тегі жаман шіркінді
Алып едім қайдан?!»-дер.
Онда да карап тек түрмас,
Бір осыртып ерінін:
«Сенің адыра қалсын пайдан!»- дер.
Жауып салмас көрпенді,
Өзімсінер еркінді.
Иттей қорып басынды,
Жөндең бермес асынды.
Қырдай қылар желкенді.

Бай-жарлының панаы,
Көп-жалғыздың саясы.
Нар түйенің азғаны
Бауыры сүтті маясы.
Тайып кетсе аяғың,
Дүшпанның қанар табасы.
Арам пейіл залымның
Тату жүрмес құдасы.

Құдай деген муһиминнің
Аузынан кетпес тәубесі.
Иман[ы] бардың белгісі-
Көңілінде тұрар сәресі.
Уа, Алла, уа, ғылам Құдай біледі,
Осылай шығар бір ісі.

Байдың үйі- ду базар,
Ертеден-кешке жиын-ды,
Алысын жақын қылдырған.
Жоқтың ісі қиын-ды:

Малың кетсе қолынан,
Жан танымас пұлышынды.

Заманның тегі бұзылды
Текеметтің түріндей.
Ойлағаны- жамандық,
Жарадан ақкан іріндей.

Жеті ел кеткен ку жерден
Сен тұрмассың бүлінбей!
Қазактың ұлы жиылып,
Бір Құдайға сыйынып.
Құндыгерге хат жазып,
Кешіктірмей дат жазып,
Өлмесіңнің қамын қыл,
Бастарыңың қамын қыл!
Бастарың сотқа ілінбей (алынбай),
Ақсақ дүние көр болды.
Желмей, жортпай, сүрінген
Антұрган дүние кез болды.

Бармақты шайнаң күйінген,
Сол заманның кезінде
Құдан мен досың қас болды,
Арақ ішіп, мас болды.
Өзін-өзі көтеріп,
Білімсіз туып, нас болды.
Біріне-бірі қараспай,
Түк бермейтін тас болды.
Талапты туған кей жігіт
Ел билеген бас болды.
Үлпершегін май басып,
Шай деген сары су ас болды.
Жұрт ішінде хан ішті,
Ел ішінде бай ішті.

Сактап асты сандықка,
Көнбейсің бе жарлыққа,
Ұқсауға енді тақалдың
Кешегі тәбелдік (тобылдық) пен тарлыққа.
Алдаушы жалған дүниенің
Алдайтұғын жолы бар.

Аякты теріс баспаңыз,
Жаманнан басты жырып ал.
Сұғанақ болып ұмтылма,
Сыбағаң бүл, шакырып ал.

Қазылған орға кең болсан,
Атыңың басын бұрып ал,
«Үй менікі»- деменіз,
Үй артында ұры бар.
Асыл туған жақсының
Құн жетпейтін пұлы бар.
Кейбір түрлі сабаздың
Сегіз түрлі қыры бар.
Бақта талас ерлерге
Кейбір жаман былығар.
Қуа берсең корқақты,
Батыр болып, шынығар.

Текті туған ер жігіт
Кедей болса, күні кар.
Енді еркіндік заман жок,
Дұшпанның құрган торы бар.
Ендігі туған жігіттің
Маңдайының соры бар.
Өз қолынды кесе алмай,
Дүниенде шашып төге алмай,
Осы шығар, әлеумет,
Дүниенің жаман каупі (кауыбы).
Бетіне (бітна) толып осылай
Мұхмин (момын) жатқан елімен.
Кәрі түскендей бұзылды
Дария шалқар көліме.
Екі кісі ұрыssa:
«Қап, бәлем,- деп,- сені ме?!»
Закон айтып қатын тұр
Қойнында жатқан еріне.
Зарланып тұрган әйел бар:
«Қосылғам жок,- деп,-теніме!»

Құтырып тұрган елдер бар
Кала түспей жеріне.
Кел, жігітлер, түселік
Жанған отқа көріне!

Жақынға жақын қас болып,
Шілдің боғындей тозбалық!
Саналы адам түсінер,
Біраз жырлап қозғалық.
Осы пәни дүниені
Осы жерден болжалық.
Мұһмін (момын) болып кей адам
Өзінің малын бағып жүр.
Тұзу тартып кей жаксы
Өз жұрттына жағып жүр.
Осылай емей неғып тұр?

Бекері бар ма сөзімнің
Жігерлі туған кей са[б]аз,
Елін жаудан қорып тұр.
Болыс пен би, ауылнай
Сыртынан қарап бағып тұр.
Бір ауыз үгіт сөйлесен,
Алдына тұзак құрып тұр.
Осы күнде заманың
Осылайша болып тұр.

Қайыр кетіп байлардан,
Бұзауға акша беріп тұр.
Пәлен тенге торпак боп,
Тиынға тиын болып тұр.
Залым туған сұмырайлар
Осылай жұртты еміп тұр.
Шолак иттей діңкілдеп,
Бір-біріне жетем деп,
Аласұрып үріп тұр.
Көзге түскен пысықша
Әр жерде жүр шан беріп.
Жақынымен дауласар:
«Ұрладың,- деп,- мал көріп!»
Залымды залым қуаттап,
Карасынан (карашынан) құткарып,
«Ісім ақ!»-деп, - жан беріп.
Бұл заманның амалы-
Ұстасады көре алмай,
Аз болса, беліп бере алмай.
Шындық кетті халыктан,

Қазактың ант сөзине
Сене алмайды бір-бірі.
Дауласады алты жыл,
Жене алмай бірге тұған қарындасы
Отырады үйінде •
Бірін-бірі көре алмай!

Қас болып тұр жакының.
Су секілді ағады
Жаманға айтқан ақылың.
Уағда бірлан бермейді,
Аласы болса ақынды.
Сеніп кетпей әлғыржим
Оның да байқа ақырын.

Ақ жаулықпен көркейер,
Абыырлы болса [ал]ғаның.
Жаман болса алғаның,
Қатардан кейін қалғаның.

Жаман иттен құтылмай,
Жаксы бір қолға тұтылмай,
Ақырында махшарға
Қорлықпенен барғаның!

Көрілік туралы

Жайнап тұрған көзді алдың,
Сайрап тұрған сөзді алдың!
Алып атандай күшті алдың,
Ақ меруерттей тісті алдың!

Үлбіреген бетті алдың,
Уылжыған етті алдың.
Ай, көрілік, ненди алдым?!

Теспей, пішпей ат қылдың,
Алғанымнан жат қылдың,
Ай, көрілік, ненди алдым?!

Құдеріқожа Қошекұлы (1820-1858)

Лә-ила-Алла, Алла-мен
Әуелі Құдайды айтайын!
Бұл дүниені кең еткен,
Топырактан дene еткен - Құдайым!
Баз пендесін күлдіріп,
Баз пендесін еңіреткен,
Қаһар қылған- Құдайым!

Азаппенен (ғазаппенен) жан алған,
Жігітлер, мен ғазірейілді айтайын!

Қара жерді как жарған,
Пенденің күнәсін сорған
Жігітлер, мен Жебірейілді айтайын!

Хаққа шын ісін айтқан,
Пендеge несіп таратқан,
Таразысын тең тартқан
Жігітлер, мен Мекайлді айтайын!

Тауды ұшырған қаңбактай,
Тасты ұшырған бұршақтай,
Исрафил сорын үрген
Қырық жыл (ұдайымен) жанбыр жаудырған,
Өлген адам тірілген-
Жігітлер, мен Исрафилді айтайын!

Өзі туып, дін ашқан,
Бұл дүниеге нұр шашқан,
Біләлға азан шакыртқан,-
Жігітлер, мен Мұхаммедті айтайын!

Кәпірге қарап оқ атқан,
Мұсылманға жан тартқан,
Исламның қылышын шапқан,
Жігітлер, мен ер Ғалыны айтайын!

Көтен жеген қой бағып,
Құлын жаста суға ағып,
Құдайға пәрменменен сөйлескен-
Жігітлер, мен Мұсаны айтайын!

Атасыз бибі Мариянан туған
Жігітлер, мен ол Гайсаны айтайын!
Шайхы Бурхи диуана,
Адам атадан болған,
Мекіре балықтан туған -
Жігітлер, мен ол Бурхиді айтайын!

Ол Жақыптың он ұфлы,
Тоғызы көреалмастық қылған:
Аулак түзге апарған,
Үстінен киімін алған,
Зындан түбіне салған,
Қырық жыл құлдықта қалған -
Жігітлер, мен ол Иосифті айтайын!

Бибісімен бәс болған,
Өз ұlyмен қас болған,
Кереметін тыймаған,
«Екі қошкардың басы
Бір қазанға сыймаған» -
Жігітлер, мен ол құл Сүлейменді айтайын!

Тірі ғайып болған -
Оның ұлы ер Жүсіні айтайын!

Фазірейілмен дос болған,
Құдай жолын бос қылған,
Тірі кірген пейішке -
Жігітлер, мен ол Ыдырысты айтайын!

Аталарын еңіреткен,
Аналарын боздатқан,
Әткір пышак қайраткан,
Қол-аяғын өз еркімен байларатқан,
Құбылаға жүзін (иүзін) қаратқан,
Құрбанлыққа жан киган -
Жігітлер, мен ер Смағұлды айтайын!

Молдаға кітап аштырған,
Шаригат төресін берген,
Қалыңсыз катын құштырған,
Кешегі өткен ғазизім -
Ер Абылайды айтайын!

Аюкенің ауыр қолы, жігітлер,
Ер Абылай аруақты,
Дұшпанына салмақты.
Тәубесін тәнірі жаңылтып,
Тоз-тоз қылды, көрдің бе,
Кешегі Торғауыт: тоғыз сан үйлі қалмақты!

Ел қыдырған қожаның,
Қожа менен молданың,
Бақсы менен құшнаштың,
Өйтіп-бүйтіп кәріптің,-
Есі-дерті- алмақ-ты!

Алаш, тіле тілеуін
Абылайдың- жан үшін!
Ер Абылай жатпады
Сол мезгілде, жігітлер,
Дін мұсылман баласының қамы үшін!
Сол мезгілде, жігітлер,
Қалмак бұлді (бұлінді), көрдің бе?!

Еділ менен Жайықтан
Қаранғыда сол өтті.
Кеме менен кайықтан.
Дат тіледі бұл қалмақ
Қазекене шыдамай,
Ерәлі мен Нұралы
Батыр ұлы Қайыптан!

Өзінен елші жібермей,
Бел шешіспі, елдеспей,
Бұ қазакты ел демей,
Айткан сөзін елемей,
Ұлытаудың бауырында
Серен айтты Усаға:

«Абылай сені шакыртар:
«Уса мұнда келсін!»-дер,
«Ақ үйлісін берсін!»- дер.
«Зияным жоқ қалмаққа,
Жөніменен жүрсін!»-дер.

Ай, Уса хан, Уса хан,
Менің айттар кеңесім:
«Шакыртса да, барма!»-деп,
«Алтын берсе, алма!»-деп,
«Абылайды көрме!»- деп,
«Ак үйлінді берме!»- деп.
«Қазақ бізден каймыгар!
Біз ортасынан өтерміз,
Өтерміз де, кетерміз!
Көк тәнірі жар болса,
Әуелгідей, жігітлер,
Біз баяғы кең қонысқа жетерміз!»

Сол мезгілде, жігітлер,
Қалмак бұлді-ай, көрдің бе?!

Сарысуды жағалап,
Арғымағын тағалап,
Үлгіртені қөбелеп,
Мәстегін басқа төпелеп,
Боталы түйе боздатып,
Жолышбай қойын қоздатып,
Құлынды бие кісінетін,
Бұзаулы сиыр мөніретіп,
Қозылы қойын маңыратып,
Боз ордасын құлатып,
Бозбаласын сорлатып,
Балаларын жылатып,
Қалмақ бұлді, көрдің бе?!

Аударыстың зоры үшін,
Қонысының тары үшін,
Жалаң аяқ жүре алмай,
Етік қылды сабасын.

Ішеріне көрек жоқ,
Толағайын тұлақ етіп,
Асып жейді баласын!
Бар Құдайым білмей ме-
Пенденің көнілі аласын?!

Аласы жоқ Абылай
Хаққа айтады шынысын!
Ұстап алып күнінде

Көріш (ғаріб) етті ,жігітлер,
Кәрі Аюке тәпсіре
Кешегі шабдар шаптың баласын.
Абылай мұнан аттанды,
Мінген атты астында
Басқа, көзге төпелеп,
Үлгіртені қебелеп.
Қарсы алдынан шыққалы
Жабдықпенен жебелеп,
Жауған кардай себелеп.
Қалмақ қайда құтылар,
Арық атын төпелеп?!

Бұ қалмақ алмай жүрген кол емес,
Көрмей жүрген ұл (ол) емес!
Алаш, сен Құдайыңа тәубе қыл,
Мандай тайғандай жыл емес.

Онда (анда) Абылай тағы айтады:

-хай, хай, Алаш, хай Алаш:
«Бұ қалмаққа барма!»- деп,
«Қыр соңынан қалма!»- деп,
«хай-хай-лап ат салма!»-деп,
«Аттан тұсті жатпа!»- деп,
«Қараңғыда от шағып,
Темекі, шылым тартпа!»- деп,
«Ат үстінен мылтық атпа!»- деп,
«Сен атқанда, өл да атар,
Сен атқан жерде
Деймісін: «Ол жай жатар!-
Шауып барсан үстіне
Ұстап алар өзінді.
Тұра қалып қазактар
Сен-Алашсың, бейбас жұргсын,
Басыңды сонда бір байталға ұстарсың (сатарсың)!

Онда Алаш тағы айтады (ойлады):

- Бұл Абылай бармас!- деп,
-Барса да, олжа алмас!- деп.
Сол жердегі Алаштың
Көбі қайтты ерініп.

Атадан артық туған ер Абылай
Жер кайысқан қол алып,

Желкілдеген ту алып,
Науалыдан торсыкка су алып,
Барды да, алды қалмақты.
Еш дұшпаннан ғамы жок,
Абылайдын, жігіттер,
Құдайдан басқа жағы жоқ.

Косын салды ер Дайыр,
Құлан өтпес көндерге (күндерге).
Шабуылшы шыгады
Күнде шауып дөндерге.
Хабар келді Дайырдан
Егіз бенен Тайымға,
Ордадағы ханымға:
«Қалмак бар,- деп, үрікпесін,
Балаларым үйықтасын,
Малым жайылып оттасын,
Иірмесін түйесін,
Сауып ішсін биесін!»
Жоқтай ма еken бұ Алаш
Абылайдай (Дайырдайын) иесін?!

Ақылына женгізіп,
Көшекұлы Қудері
Сол келтірді, жігітлер,
Күнінде сөйлер сөздің жүйесін!

Ақмолла Мұхамедиярұлы (1831-1895)

Замана туралы

Адамнан нағуа калмас кәріп болмай[1],
Пақыр сыхаптына озып болмай.
Әуеті иа рыстыныз, иа, хақарат,
Еріккен ердін корын парық қылмай.

Біреуге дүние- нажат хасыл болса [2],
Мұратқа һуасынша уасыл болса.
Нәпсісі Ферғаяндаидай дағуа қылар,
Бір пітне каза келіп басылмаса.

Ғұмыры[н]да қасиетті бар деп білмес [3],
Өзіне шын нәпсіні касқыр қылса.

Кәмілді хиқыр көрүр оба алғас,
Сағадат пітір иесі тақсыр болса!

Гарланып (арланып) қатесіне мақыр болмас,
Әбін керім олай болмай, асыл болса.
Сол күйге ақыретке көшті кетер,
Бір піскен алма ағашқа асылмаса.

Әр кісінің сөзіне адам сынар,
Бірін-бірі кемітуге пенде құмар.
Маса, шыбын таза жерге көз салмайды,
Қайда шірік, қотыр болса, сонда (анда) қонар.

Үйнаптан бір мыскал жок ісімізде,
Күнә, хысыр, пысад толған ішімізде.
Өнеріміз (һөнеріміз) иа ығыныт, иә сыхықап,
Өз қылған ісіміз жок есімізде.

Раббыны: ғылым да, пікір де жок, қаттау да жок,
Біле тұрып теріс жакқа аттау (атлау) да жок.
Өлген көnlі ілбіз пірәдарлар
Әркімді қорлауға бар, мактауға жок.

Тиіп кетсе карамай шелегіндей,
Қарайтып таттауға бар, актауға жок.
Қатеден аяқ тайып, құлап кетсен,
Басыннан аттауға бар, сактауға жок.

Біреуден бір ғайыпты көре қалса,
Ғұртанды жаппауға бар, қайлауға жок.
Қара жүрек адамдар парасат тапса,
Үстіннен таптауға бар, тоқтауға жоқ.

Ғылымның шымырасы асып-тасу,
Жел беріп құтырганға қабаттасу.
Бір-бірін сәлем етіп, тыймақ түгіл,
Қосылып соларменен жамандасу.

Кәмілдін кәміліне інкәр етіп [4],
Төбелеспей, басылмас сондай ашу.
Істік бардан басқа жоқ ғадауатына,
Мұратымыз маддасы ғұрыт ашу.

Әркімді ана ниет адастырды,
Қисайды сол себеплі аяқ басу.
Ахылак мәрзияны артқа тастап,
Мақсаты- хакаратпен көніл басу.

Есікке бір бай келсе, хош әми-ді [5],
Мұсәпір, пақыр келсе, үйге қашу.
Күнәнүң сомлығымен жер көтермей,
Тәнірден құры қалды біздің басу.

Әркімді молда дейміз алдағанда,
Шын молда, аз табылар, таңдағанда.
Намманыш Алла мыстак қайда
Көз салып хакиқатын андағанда.

Хашита ғаламаты сонан занір,
Дін беріш, дүние сатып алмағанда.
Жөні келсе, алуға әзір тұрар,
Қармағы алыс емес, бармағанда.

Ғылымы, ақыреттің, ісі басқа,
Ол колға аз ілінер қармағанда.
Ғаламатын білерсіз, бақыт қонса,
Азап тығыз үрлікқа салмағанда.

[Дұға] (...ұру) менен мешітте жалғыз қалып:
«Раббана залымына!»- деп зарлағанда.
Біз калай молда болып табыламыз,
Бұрынғы ресімлерден қалмағанда.

Нәпсі һұа әміріне [біз] мықтымыз,
Тырыспас шайтан да олай жалдағанда.
Әр ғылым сыйқамит бірле мышрут,
Бауырсак, тәтті болар (болұр), балдағанда.

Жарап еді өзімізді қарасақ біз,
Ғылымның шымырасын арасақ біз.
Ғылымды ғибадатқа алыт қылып,
Күрегі (хорегі) Хадис тәспір қарасақ біз!

Он бір жастан берік (беркі) іске тәубе қылып,
Мешітте жалғыз қалып, жыласақ біз!
Баяғы ғыр ұрлықты былай тастап,
Аяғына ишанның құласақ біз!

Молдалық сонда бізге пайда беріп,
Нәпсі иттің құлағынан бұрасақ біз!
Бала пигыл, қолдан келер еш нәрсе жок,
Көнілмен елге нелер қылашақпыш?!

Көрерге молдасымақ салтанатпыш,
Сәлдені келістіріп орасақ біз.
Оқысақ уағид аят нәпғалы жок,
А, дарига, махшарда не болашақпыш?!
Жасымыз ұлғайғанмен, көніліміз жас,
Тәубені соныраң-ак қылашақпыш!

Fayamға бірак сәлдең үлкен болсын,
Атың, шанаһ киімін көркем болсын!
Әсіресе жаһил халық назарында
Өзің-семіз, құrsaғың үлкен болсын!

Бір байда, иа ұлыста тұрмақ керек,
Мығырұрларды өз жаныңа бұрмақ керек.
Таһарат, намаз дұрыстап білмесен де,
Молдалық түрлі пәннен ұрмақ керек.

Һауасына мақалға кептер (кеpler) сөйлеп,
Тұзак, ау келістіріп құрмак керек.
Олардың мұратынша жүре берсөн,
Дін ислам ғиравсыны [6] қырмак керек.

Әр не қылса, залымына тужие жасап,
Лаһылымда һыбына қылмак керек.
Жынды, шайтанды теріс қылып,
Онан соң бізді Құдай ұрмақ керек.

Ішіміз-карт бықырының буазындей,
Тіліміз- жаһаннамың шуазындей.
Кұтырып әркімге бір қампиямыз,
Семірткен күркетауық коразындей.

Тыя тұрған ақсакалдар опат болды,
Енді бізге афыт салу асат болды.
Гаям халықтың бағдарын қанғырттық,
Үжідіміз ғайын бір апат болды.

Пітненің көбі шығар ішімізден,
Сәлдесі үлкен деген кісімізден.
Бұл күнде тысымызың-құп, ішіміз-бос,
Зауал жалал ғапіл емес ісімізден.

Молдалық ісі қыын, жөн білмесе [7]
Құдайым таупық беріп, көндірмесе.
Нәубеттен мығтыс ғалым- бір нұр,
Бар шырағын һуасы сөндірмесе!

Молда болса, кебір болмай, корқак болсын,
Дін жолында желмаядай жортак болсын!
Нәбғат бірлан форма түзеп, сүре сатпай,
Дінде- зерек, дүние ісіне шорқак болсын!

Үйретсін шәкірттерге әуелі иман,
Молда болсын дін үшін [8] жанын қиған.
Мағынасын һәм өз тілінше түсіндірсін,
Уа, Алла, екі жақтап (иақлап) болсын есен (исан)!

Молда болса, пәс болсын, зарлы болсын,
Керегі- бай, керегі- ол жарлы болсын!
Бұл сөзді жаратпаған керкеткендер (мұхасыздар),
[Қайғыдан], иа ашудан жарылып өлсін!

Дәuletке, адам бар ма, құтырмаған,
Іштерін бір күмәнға толтырмаған?!
Тұғыры, сөзге, һуасы- ұшып баар,
Шатынаған пияладай шытырлаған.

Хаклықтан, орны келсе, тіл тартпайды,
Ақмолла деген байғұс тыптырлаған.
Жарадан жүдеп жатқан мен кәрі итпін,
Саусықан, каргалар тұр шықылдаған.

Шаригат [9] исі шықпас ісімізден,
Тағамда қатеміз көп, асып ішкен.
Қазак иле ноғайда етпен кейлек,
Қыскартып киімдерін кесін пішкен.

Лұғаты жерде калмастай әпенділер
Тінбие қылу керек еді мұндай істен.
Хазіртлер біздей хақыр, кәріп емес,
Олардың палауы әзір, наны піскен.

Мен байғұс айтсам-дағы, бағасы жок,
Сөзімнің қадірі кетіп, үнім өшкен.
Дүниеде толып жатқан ғазиздер (ғазизлар)[10] бар,
Сандуғаштай тілдерін ақша кескен!

Өлшегіш көп салмаклар женіл шықты,
Безбенің пұты шығып отыз бестен.
[Білгіш]тер, тахакерлер былай тұрсын,
Иінінен ыстыхарының нокат түскен.

Тәкпірдегі фихадан әлиф туар,
Айтпаймын мынау сөзді Құдай үшін.
Насихат дін мыстағбыздың қабыл қайда,
Қатесін тахсин менен ғұмыр кешкен.
Парыз, ғылым, тағылымда жоқ қайғысы,
Өзі оқыр қатнажід, тұрып кештен.

Тыйыш таһарат алуменен іс бітпейді,
Болмаса шын таһарат әуел іштен.
Дүниеге тою да жок, кою да жок,
Қапшығын қанағаттың тышкан тескен.

Насихат сөздер

«Ең әуел керек нәрсе- иман!»- деген,
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!»- деген.
«Құдай кешер! - дегенмен, іс бітпейді,
Иманшартын білмесе, айбан (айуан)!»- деген.

«Екінші қымбат нәрсе- көніл», - деген,
«Көнілі бұзық адамнан түніл!»- деген.
«Бұзыққа- жер үстінен, асты артық,
Болмаса көніл таза, көміл!»- деген.

«Үшінші қымбат нәрсе- ақыл!»- деген,
«Фақылсызда таупық жағы тақыр!»- деген.
«Аз іске ашуланып, дінін бұзар [11],
Иманын күпірлікке сатар!»- деген.

«Төртінші қымбат нәрсе- шүкір», - деген,
«Нығыметке шүкірсіzlік- күшр!»- деген.
«Жаткан жерден, «Құдай кешер», - деген- корлық,
Себеп ізлеп, түз[у] жолмен жүгір!»- деген.

«Бесінші қымбат нәрсе- әдеп»- деген,
«Әдеп деген махаббатқа себеп» -деген.
«Күпірлік әдептіде тұрмағандай,
Әдепсізде иман тұру [12]- ғажап!»- деген.

«Алтыншы қымбат нәрсе- сабыр»- деген,
«Сабыр кісі мұратын табар!»- деген.
«Әр істе сабырсыздың тубі- корлық,
Сабырсызлық баска пәле салар!»- деген.

Өткен жок, алдымызда, қауіп-қатер,
Бұ халық біле тұра ғапіл жатар.
Ғашілеттен ояну жок, ұялу жок,
Керуендер өтіп жатыр катар-катар.

Гибратлы кез алдында көріп жатыр,
Қолымен қанша адамды көміп жатыр?!

Көп көрдік кабір казған бозбаланы,
Арасында әзіл-ойын толып жатыр.

Не пайда ах ұрғаннан өлгеннен соң,
Іс өтіп көр ғазабын көргеннен соң,
Алладан коркү деген қайда қалды [13],
Зар жылар орындарда күлгеннен соң!

Иманның бір шартынан қауіп, зарлық,
Бөлмаса қауш-зарлық, күпір барлық.
Танар күн есімізді- алдымызда,
Хазіреттен: «Уахтазуа
(уамтазуа)!»- деп, келсе жарлық.

Адамы бұл заманның болсаң сондай,
[Ол] халық бұз халықпен әр кез онбай.
Дін жағына артық көңіл қоя алмайды,
Дүниеге зереклігі Аплондай!

Жаксылар Хактан көңіл аудырмаган,
Жаманға Құдай рахмат жаудырмаган.
Білімсіз өзі білмес- жөнге конбес,
Халқы тентек: сиырдай саудырмаган.

Ең әуел пактеу (паклау) керек іш дүниесін,
Іште толып жатпасын сайкал ірің?!

А, дариға, іш тазарсын, іш тазарсын,
Болмаса пайда бермес құр білімің!

Білмеген казақ та бар, ноғай да бар,
Ең әуел иман ғылымын оңайлап ал!
Кітапты, періштені, пайғамбарды-
Құр атын білуменен не пайда бар?!

Үйрен[д]ің молдалардан мұны сұрап [14],
Болмасын: «Мұсылманмын!»- деген- құр ат.
Суретте мұсылмандай көрінсе де,
Ақырет пайдасына- мағына, мұрат.

Айтамын үгіт қылып қазақ халқын,
Көңілізің дін жағына сонша салқын!
Қаншама ғұламалар айтса-дағы,
Бұрынғы қоя алмайсыз ата салтын!

Сіз бекер бір молдасыз, отырманыз,
Үйренбей парыз, уәжіп, тек тұрманыз!
Ол молданың қарайты жақсы болсын,
«Көрген,- деп,-молда халал!»- құтырманыз!

Халін білмей, молда сеңіп, қаңқаймасын,
Басшысы балаларға қатаймасын!
Бір жақта көп істер бар, артын білсін,
«Гакайд» [15] оқыдым!- деп, қақаймасын!

Ұстайсыз онай көріп бала молда [16],
Көбісі дін ғылымында шала молда.
«Шемшиден» бес ауыз біжта жаттап,
Атанар наданларға «дана молда!»

Қанша айтсам да, тәтті қып балдағандай,
Құдай үшін әфсун оқып, арнағандай.
Әзініздің тілінізше анық қылып,
Баласы мұсылманның андағандай.

Сонда да ешбір дауа келіспейді,
Құлакқа көрінесіз алмағандай!
Бұйайтканым кітапқа халаф емес,
Сіз ойлайсыз Ақмолланы алдағандай!

Тіліміз- сонша тәтті, қоңіл-қатты,
Жолдасын қасындағы жалмағандай.
Дүниеге сонша зерек болды халық,
Көз алдында карманнан қармағандай!

«Атаңын аузы...»- деген бір ғадет бар,
Көкіректе мықтал иман қалмағандай.
Неге мұнша опасыз болдық екен,
Жаһаннам ғазабына нанбағандай?!

А, дариға, алдымызда бір күндер бар,
Жан қалтырап, кан жас төгіп, зарлағандай.
Сираттан өтеміз бе, қаламыз ба,
Халіміз онда (анда) болар (болұр) әлде қандай?!

Біз бір түрлі халық болдық өлмегендей,
Көрстанға жалғыз бас бармағандай!

Тұғырлық бұ заманда құрып қалған [17],
 Тұғыры айтушы арт жақта тұрып қалған.
 Кей молдалар қазакқа жалған дейді,
 Мұқадан қаламын деп корықканнан.

Күші бар мырзаларға жағамын деп,
 Шариғат- көніл үшін бұрып салған.
 Байланған тамиғпенен тіліміз бар [18],
 Жылқышылар мойнымызға құрық салған!

Ісіміз өзімізге дәлел болды,
 Неше жерге шайтан тозак құрып салған?!
 Шаһбазлар Қап тауына көшіп кеткен,
 Орнына күзғын, байғыз қонып қалған.

Сүйекке сіңген бір ит айрылмайды,
 Жасынан жаман әдет куып қалған.
 Бұ айтылған бірғыт істер табылады [19]
 Адамсынған, ғақылға толықтардан.

Жебірейіл түсіп айтса, көнбекендей,
 Қара кан ішімізге толып қалған.
 Дін кетсе де, зан қоюға, разы емес,
 Көніліміз сол себеплі суып қалған.

Қайырына ұстап берері- арық, котыр,
 Байғұс молда сол котырды күтіп отыр.
 «Иншалла, осы мал болмас па?»- деп,
 Ысхатқа (расходка) шығарар бір көзі соқыр.

Қой, жылқыдан ұстарлар ақсақ, шатан,
 Түйеден бере қалса котыр атан.
 Мактаншылық жер болғанда, мал аямай,
 Дегенде садақаға, сонша қатан.

Ұмтылып молдалары отыр алдан,
 «Киікбас», «Ақырзаман»- оқығаннан,
 Жаманын малдан берүр сайлап, ұстап,
 Тізгінлер: котыр- арттан, соқыр-алдан.

Құр ауызben: «Кешіре гөр, Құдай!»-деп,
 Тәубені үйренгендер токырандап.
 «Бізлерге бере ме?»- деп, міскін болып,
 Естек молда тағы отыр соқырандап.

Байлаған сиыр малдан екі мөшке,
Байғұс молда мөшке арықлық түрар күшке!
Сарғайып, таң алдынан өлген мәйіт
Көмілмей, кеңеспенен қалар кешке!

Қағынған бұ заманда бозбалалар,
Харамлық жағына тез козгалар.
Тыюсыз бет алдына жүріп өскен
Аман тұрса жарап еді қыз балалар?!

Бұзықтар бірін-бірі қолдайды екен,
Киянатын біле тұрып, корғайды екен.
Залымдарға әзірленген жаһаннам бар,
Құдайым бұ дүниеде ұрмайды екен.

Біржан Қожағұлұлы (1834-1897)

Баласы Қожағұлдың ақын Біржан [1],
Жарым бар Құдай косқан сұлу нұрдан.
Жатыр ғой сөйткен Біржан сандырактап,
Баласын Орта жүздің әнмен қырған.

«Біржан!»- деп, шақыруышы еді атымды атап,
Байлары беруші еді қысырақ матап.
Шалқыған шалкар көлдей елім [бүгін]
Бауырында әр төбенің қалдың жатақ.

Атадан артық туған Біржан салмын,
Пайдам жоқ, залалым жоқ, жүрген жанмын.
Баласын Орта жүздің әнмен қырған,
Жасымнан жаһан кезғен, тайсалмаған.

Жасымнан жүрдім жүзіп елде ортеке,
Бозбала, құлағың сал кеменгерге.
Сайраған тоты құстай, қайран Біржан.
Тірідей түсіп жатыр қазған көрге.

Бар ма екен бұ дүниеде мендей болған,
Ішіме бұл уақытта қайғы толған.
Иа, Алла, рақым айла, фазылың бірлан,
Шығатын күнім бар ма қазған ордан?!

Арманда, бұл дүниеден, жұмдым көзім,
Артымда дастан болған айткан сөзім.
Өтерін бұл дүниенің жаңа білдім,
Теміртас, қош аман бол, жан құлыным!

Әлген соң, арыстаннан, тышқан артық,
Жай білмес ақымақ достан дүшпан артық.
Қолына бір наданнын түссе гауһар,
Жұмсайды, затын білмей, мысты артық.

Жігіттер, бұл дүниені көрген артық,
Дүниеде не бар, не жоқ, білген артық.
Тұскендей аспан жерге іс болса да,
Байлап бел: «Тәуекел!»- деп, жүзген [2] артық.

Қол берген, қысылғанда, досың артық,
Бас тартқан жолдасынан- оңбас артық.
Әзіңмен бірдей жатып [3], бірдей күйген,
Досыңдан қатын-балаң болмас артық.

Өсылай бозбалаға салдым нұсқа,
Өмірің зая болар текке босқа.
Көргенің бір күнгідей болмас, сірә,
Міне, ажал- келген нәубет деген тұсқа.

Ал, дүние, өтерінді біліп едім,
Білдірмей серілікпен жүріп едім.
Бұл күнде арық қойдан бағам төмен [4],
Үш жүзге аты шыққан Біржан едім.

Сөз айттым мұнан бұрын әлденешеу [5],
Домбыра қолымдагы болды көсөу.
Сөз аяғын осымен тоқтатамын,
Адамнан білетүғын- сұрап кешу!

Базар Оңдасұлы (1842-1911)

Әр нәрсенің паркы бар

Жақсы менен жамғанның
Арасы- жер мен аспандай.
Байқарсың бір күн, білерсің [1],
Іс түскен кезде, сасқанда-ай!

Мырза менен сарапты
Өлшестіріп қарасаң,
Ылди мен зәулім аспандай [2].
Ғалым менен наданды-
Салыстырсаң білерсің,
Дария толқып, тасқанда-ай [3]!

Әр нәрсенің осындай
Алғандарға паркы бар,
Қадірін білсең, мысалы,
Кәрі менен [4] жас қандай?!
Әздеріндей жақсының
Оңай емес алдында
Татаусыз сөз табуға,
Кібіртіктең, жасқанбай.

Топқа кисе, толымды
Тозбайтын берік [5] тондайсын,
Мен сендерге- астардай.
Ойдағы мен қырдағым,
Кілем [6] менен сырдағым,
Куанып бүгін отырмын
Есен-саяу басты қосқанға-ай [7]!

Акан сері Қорамсаұлы (1843-1913)

Құлагер

Жануар, Құлагерім, қолдан кетті [1],
Дұшпанның қастығынан қаза жетті.
Қаржас боп, Қанжығалы, Керей, Алтай,
Куандық, Сүйіндік боп намыс етті.

Тамам жұрт көтермеге аттанғанда,
Алдынан қарсы бармай, маған не етті?!

Жиыннан жеке келген, тұлпарым-ай,
Үмітсіз қандай дұшпан қағып кетті?!

Кырмызы, қара құлпы (құлғы) құйрығын-ай [2],
Суырылып, таптан озған жүйрігім-ай!
Жеріне Баянаула алып барып,
Құдайдың қарай қойшы бұйрығына-ай!

Шешесі Құлагердің- Қақпай соқыр [3],
Жиылып қыз-келіншек кежім тоқыр.
Молдасын Тазқараның сонда білдім,
Басында үш күн, үш түн құран оқыр.

Ақан серінің Ақтоқты атынан шығарған өлеңі

Кекшетау, адыра қалғыр, күнде боран,
Дуага жалынғанға тағдыр саран.
Құлқімен күндіз күнді жұбатамын,
Келгендे дәл жатарда күнім қаран.

Сарыжал, өрлей біткен тал еken гой,
Әкемнің ойлағаны мал еken гой!
Дегенге: «Жарың жаман!»- нанбаушы едім,
Өзі ақсақ, он үштегі бала еken гой!

Ақтоқтыға (бірінші нұсқа)

Бәрекелді, Ақтоқты, тапқаныңа,
Жібектен шоқ шекене таққаныңа!
Бұдан артық Құдайдан не тілейсін,
Шолак касқыр түсіпті қакпанына!

Ақтоқты, кеткениң бе шыныңменен,
Бал бердің талай жерде тіліңменен.
Басыңды Сары маяда кесіп алып,
Өмірімше дауласамын күніңменен.

Ақтөктыға (екінші нұсқа)

Тал бойың- Құлагердің сағасындай,
Тамағың піскен алма сабағындай.
Қаз мойын, мәлдіреген қарашат көз,
Иегің ителгінің тамағындай.

Ішінде өз жұртыңның еркелейсін,
Айдынның ак қайраны шабағындай.
Осынша жүргегімді жандырғанша,
Не етеді ұл боп тусаң, қарағым-ай?!

Шын тұлпар дүбір шыкса, шыдамайды,
Тар қылып төрт аяғын, байласа да.
Жатпайды болат пышақ кап түбінде,
Өтпейді жасық темір қайраса да.

Анқаудың, астығы жоқ, шайнағанмен,
Құр тілдің, пайдасы жоқ, сайрағанмен.
Көнбейді жаман адам ынтымаққа,
Жүрмейді шошқа жөнге, айдағанмен.

Алтынды ораганмен жез болмайды,
Жібекті жуғанменен бөз болмайды.
Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай,
Жаманның кеудесінде көз болмайды.

Шірімес алтын жерде жатқанменен,
Оқ өтпес, ажалсызға, атқанменен.
Жалқауға- сөз, жаманға таяқ өтпейді,
Тас жібімес, дарияға батқанменен.

Құр қызыл болғанменен, тұлқі болмас,
Ойнактап сиыр үркіп, жылқы болмас.
«Ел көркі- дәүлет»- дейді әүелден-ак,
Дәүлетсіз, ел болғанмен, көркі болмас.

Жаксыға бітсе дәүлет, бақ айналар,
Жаманға бітсе дәүлет, әуейленер.
Басына ер жігіттің бір іс түссе,
Арасы қас пен достың абылланар.

Жігіттің көз тоқтаттық қандайына,
Шешенің тәңір берген таңдайына.
Батырдың қайрат берген жүргегіне,
Малдының ырыс берген мандайына.

Мәстектен тұлпар артық шаппаса да,
Тексізден текті тумас, мақтаса да,
Баласы ителгінің түк ілмейді,
Үстіне алтын тұғыр саптаса да.

Сауысан шықылықтап, сұнкар болмас,
Мәстекті мактағанмен, тұлпар болмас.
Кей жаман: «Мал бітті!»- деп, әкім болар,
Халық та сол жаманға іңкәр болмас.

Сауғанмен, жалғыз сиыр, іркіт болмас,
Өнерді бойға біткен іркіт болмас.
Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай,
Сұнқылдан күшіген күс бүркіт болмас.

Су шықпас, қазғанменен, тау басынан,
Қазактың дай кетпейді сау басынан.
Жолдасың сыр айтысқан жау боп шықса,
Ер жігіт жаңылады тәубесінен.

Абай Құнанбайұлы (1845-1904)

Картайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек,
Ашуың, ашынғаның- ойын, кермек [1].
Мұндасарға кісі жок, сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек?!

[Ескерту: 5-6 жол мұнда жазылмаған.]
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Басқаның, бір Құдайдан, бәрі өзгермек.

Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылышы өле көрмек.
Шыға ойламай, шағындан қылыш қылма [2],
Еріншек ездігінен көпке көнбек.

Жамандар қыла алмай жүр [х]алал еңбек:
«Ұрлық, құлық қылдым!»- деп, қағар көлбек.
Арамдыққа жамандық көрмей қалмас,
Мын күн сынбас күнә, сынар шөлмек.

Адамзат тіршілікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппак, адал (алал) жүрмек.
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезбек,
Не корлық, құр қылжакпен күн өткермек [3].

Наданға арам-ақылға құлақ ілмек,
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.
Рас сөздің кім білер қасиетін,
Ақылсыз шынға сенбес, жоққа сенбек.

Қызыл арай, ақ күміс, алтын берген,
Қызықты ертегіге көтерілмек.
Ақсақалдың, әкенің, білімдінің
Сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек.
(аяғы сакталмаған).

Ескерту: Бұл өлеңнің аяғы, екінші өлеңнің басы жазылған бет сакталмауына байланысты, келесі: «Қарттайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» өлеңнің жетінші шумағынан бастап келтіреміз:

... Бұзыларда ойламас: «Бет көрем!»- деп,
Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп.
Қабаған итше өшігіп шыға келер:
«Мен қапсам, тап бір жерінді бөксерем!»- деп.

Орыс айтты: «Өзіңе ерік берем!»- деп,
«Кімді сүйіп, сыйласаң, бес көрем!»- деп.
Бұзылмаса бұған жұрт түзелген жоқ,
Орыс жүр: «Осыныңды кек көрем!»- деп [4].

Жұрт жүр ғой: «Арсыздыкты [5] еп көрем!»- деп,
«Токтау айткан кісіні шет көрем!»- деп.
Жай жүрген жан бар ма екен қанағатпен:
«Құдайдың өз бергенін жеп көрем!»- деп.

[Ата] андиды балаңды, ағаны-іні,
Итқорлық, немене екен, сөйткен күні?!
Жанын сатқан мал үшін антұрғаның
Айтқан сөзі құрысын, шықкан үні!

Ардан ксткен [6] казактың бәрі қаңғып,
Аямай, бірін-бірі жүр ғой андып!
Мал мен бактың кеселін ұя бұзар
Паруардигәр жаратқан несін жан ғып?!

Ант ішіп, күнде берген жаны құрысын,
Арын сатып, тіленген малы құрысын!
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Ку тілмен кұлық сауған заңы құрысын!
Бір атқа жуз құбылған жузі күйір,
Өз үйінде шертиген паңы құрысын!

Қыран бүркіт не алмайды салса баптап,
Жұрт жүр ғой: қүйентай мен қарға сақтап.
Қыран шықса, қияға жібереді,
Олар да екі құсын екі жақтап.

Қарқылдал қарға қалмас арт жағынан,
Қүйентай үстінде жүр [7] шықылыштап.
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап.

Түйіп-шығып, ыза ғып, ұстапаса,
Қуанар иелері сонда ыржактап.
«Не таптық мұныменен?»- деген жан жок,
Тұні бойы күпілдер құсын мақтап.

Басқа сая, жанға олжа, дәнеме жоқ,
Қайран жұрт осыменен жүр далактап.
Есір, есірік бермейді сөзге теңлік
Тура шыннан қашасын құр далақтап [8]!

Қалың елім, қазағым, қайран жұрттым,
Ұстарасыз аузына түскен мұрттың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі-қан, бірі май боп енді екі ұрттың.

Бет- бергінде [9], шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?!
Ұқпайды өз сөзінен басқа сөзді
Аузымен орақ орган өңкей қыртың.

«Өзімдікі!»- дей алмай өз малынды,
Күндіз құлқиң бұзылды, тұнде- ұйқың.

Көрсекызар көбейді [10] байлауы жок,
Бір күн тыртың айтады, бір күн- жылтың [11].

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жок па елдің сыйқын?
Өздерінді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңдан кетпесе енді өз ырқың?!

Ағайын жок нәрседен етер бұртың,
Өзін де алғаннан соң Құдай құлқын.
Бірлік жок, береке жоқ, шын пейіл жок,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың!

Баста- миға, қолда малға тас (талас) қылған
Күш синасқан құндестьік бұзды-ау шырқың!
Оңалмай, бойда жүрсе осы қыртың,
Әр жерден-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?!

Қай жерінен көңілге қуат қылдық,
Артылмасы болған соң мініп қыртың!

[Ескерту: келесі беттегі соңғы 4 тармак бізге жетпеген].

Байлар жүр жиган малын қорғалатып,
Өз жүзін- онын беріп, алар сатып.
Онын алыш, тоқсаннан дәме қылыш,
Бұл жұртты қойған жок па Құдай атыш?!

Барып келсе Ертістің сүйін татып,
Беріп келсе бір қағаз бұтып-шатып,
Елді алыш, Еділді алыш, елереді [12],
Ісіп-кеуіп қабарып келе жатып.

Әрі-бері айналса, аты арықтап,
Шығынға белшесінен әбден батып.
Сүм-сүркія, ку, білгіш атанбакқа
Құдай құмар қылады қалжыратып.

Қорғаласа: «Қорықты!»- деп, қоймаған соң,
Шаптырады (шапғырады) қалаға бай да андатып.
Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан,
Қолға түсер, сілесі әбден қатып.
Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сактап жүр арылдатып [13].

Көңілім қайтты достан да, дүшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанды?!
Алыс-жақын қазактың берін көрдім,
Бірді –жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жаға қисайғанда.
«Мұнан менің қай жаным [14] аяулы?!»- деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда?!

Ендігі жүрттың бар сөзі- ұрлық-қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
Осы күнде бұл елде дәнеме жоқ [15]:
Мейір қанып, мәз болып, қуанарлық.

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.
Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,
Ыржиып ызаменен күле алмай жүр.

Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр,
Қолдан беріп, қор болып, ала алмай жүр.
Ел-аулақта: күш айтып, топта таңған (танған),
Арсыз жүртттан көңілі тына алмай жүр.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,
Өлерде де (олар да) ойлама: «Мұнаймай жүр!»
Ала жылан, аш бақа- күпілдектер
Кісі екен деп именіп, тіл алмай [16] жүр.

[Ескерту: бұдан кейінгі 5 шумак бұл мәтінде жоқ.]

Патша құдай, сыйындым,
Тура баста өзіңе!
Жау жағадан алғанда,
Жан көрінбес көзіме.

Арғын, Найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме.
Қайран сөзім қор болдың
Тобықтының езіне!

Самородный сары алтын-
Саудасыз берсөң, алмайды
Саудыраган жезіне.
Саудырсыз сары камқаны
Садага кеткір, сұрайды
Самарқанның бөзіне.
Кесірлі түйін шешілсе,
Кердейін мойны кесілсе [17],
Келмей кетпес кезіне.

О да құдай пендесі
Тұспей кетер деймісін
Тәнірінің құрған тезіне?!

Базарға, қарап тұрсам, әркім баар,
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу астық алады, біреу- маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.

Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап акшасына соны алар.
Біреу ұғар бұл сөзді, біреу ұқпас [18],
Бағасын пайым қылмай, аң-таң қалар.

Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма,
Демеймін: «Жалпақ жұртқа бірдей жағар!»
Жазған соң, жерде қалмас, тесік моншақ,
Біреуден біреу алып, елге таар.

Бір кісі емес, жазғаным, жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ак, шырағым, ұксан жарап!
«Ит маржанды не қылсын?»- деген сез бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.

Жаз

Жаздықун шілде болғанда,
Көкорай шалғын бәйшешек
Ұзырып өсіп толғанда,
Құркіреп жатқан өзенге
Көшип ауыл қонғанда.

Шұрқырап жатқан жылкының
Шалғыннан жоны қылтылдап.

Ат, айғырлар, биeler
Бүйірі шығып ынқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап.
Арасында құлын-тай
Айлана шауып бұлтылдап.
Жоғары- төмен үйрек, қаз
Ұнып тұрса сымпылдап.

Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып, былқылдап.
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесін, сыңқылдап.

Мал ішінен айналып (айналайып),
Көңілі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға
Аяңшылы жылпылдап.

Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп, сылқылдап.
Жаңа туған [19] жас бала
Жағалайды шешесін:
- Ет әпер!- деп қыңқылдап.
Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатлы байлардың
Самауыры бұрқылдап.

Білімділер сөз айтса,
Бәйге атындағанқылдап,
Өзгелер басын изейді:
«Әрине!»- деп, мақұлдап.

Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен:
- Малынды әрі қайтар!-деп,
Малшыларға қаңқылдап.

Бай: «Байғұсым- десін», - деп,
Шақырып қымыз берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдап.

Шапандарын белсенген,
Асау мінін тенселғен,
Жылқышылар кеп тұрса,
Танертеннен салпылдап.
Мылтық атқан, құс салған-
Жас бозбала бір бөлек
Су жағалап, кутындал.

Кайырып салған көк құсы
Көтеріле бергенде,
Қаз сыпырса жарқылдап,
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі
Кошемет қып қанқылдап [20].

«Ішім- өлген, сыртым-сау»-
Көрінгенге деймін-ау!
Бүгінгі дос- ертең жау,
Мен не қылдым, япрыым-ау?!

Өз үйінде өзендей
Күркірейді, айтса дау.
Кісі алдында кірбендер,
Шабан, шартық және шау,
Мұндай ма едін анау күн [21],
Мұның қалай, батыр-ау?!

Уш күн арқаң босаса,
Бола қалдың бас асау.
Жан қысылса, жайтандал,
Жанда ер өткен [22] жайдары-ау!

Жан жай тапса, сен неге
Жат мінезсің жабырқау?
Қолқа менен сұмдыққа [23]
Байлағанда, кестін баяу!

Берерменде бесеусің [24],
Аларманда және алтау.
Топ (түп) болғанда, көрерсің,
Тұрлі дауды жүз тарау!

Аяғында сендейлер
Кермей жүр ме қанталау («хан талау»)?
Қайтып көрер [25] есікті
Катты серіппе, жарқын-ау!
Жетілсөн де, жетсөн де,
Керек жері [26] бір бар-ау!

Қыз сөзі

Ескерту: өлеңнің бастапкы 43 тармағы сақталмаған да, 44-тармағынан, яғни 11 шумақтың соңғы жолынан басталатын аяқ жағығана бізге жеткен.

... Айтса жарап ән салып.
Өлең жиган тырбанып,
Ән үйренген ырғалып.
Қыз қасында мұны айтса [27],
Төсегіңнен қыз шықпас,
Қайсы-ак тілеп ыңыранып.

Кажымас дос халықта жоқ,
Айнымас серт кайда бар?!
Алдын көрген- артта жоқ,
Мысқыл, өсек, айла бар.

Жақсылығың күнде ұмыт,
Бір жаңылсан, бұл да (болды) кек.
Пайдасынан бой сұыт
Өзі тимей(тымай) жүрсе тек.

Бүйда тақ та мұрныңа [28],
«Бер- десе де- қолыма!» -
Жарасар ма орныңа
Иттің ерсен соңына?

Сақтасарлық тектіңің
Кім танымас нұсқасын?!

Күнде өзімшіл ептінің
Несін адам ұстасын?!

Пайда, мактан аузынан [29]
Артыла ма ант ұрып?!
Жарисың [30] өсөк сөзінен,
Айта берсін шарқ ұрып.

Жау қожандап, бұрттайып [31],
Дос құбылып (құп алып), әуре етер.
Кімі тентек, кімде айып,
Тексере алмай өмірі өтер.

Кімге достық көп еттім,
Тұбі болды бір кейіс.
Жаксы өмірім, әуре еттім,
Жар таба алмай бір тегіс.

Ем таба алмай,
От жалындай
Толды қайғы қеудеге.
Сырласа алмай,
Сөзді аша алмай,
Осы жүрген [32] пендеге.

Махаббат, дәстық қылуға [33]
Кім де болса,
Тең емес хазірдайін тұруға
Бес күндік ғашық жөн емес.

Сүйіскен көңілім ойлайды:
Жанның бәрі қатыбас.
Сүйісу тозбай тұрмайды,
Еңбекке аз күн татымас.

Босқа ұялып,
Текке именіп,
Кімді көрсем, мен сонан.
Қатты састьм [34],
Бетті бастым,
Тұра қаштым жалма-жан.

Үйқы, тамак
Калды дым-ак
Керегі жоқ іс болып.
Жай жатпағым,
Тыйыш таппағым
 Өзіме қиын [35] күш болып.
Жас жүрегім
Жанды менің
 Жай таба алмай, япырым!
Өзің онда
Жақсы жолға
Патша құдай [36], ақырын.
Жас теректің
Жапырағы
 Жамырайды, соқса жел.
Тұсті мойын,
Толды қойын,
 Ақты сел.
Мен паң едім,
Бейгам едім,
 Еш нәрседен қайғысыз.
Тез дерттендім,
Кеш өртендім,
 Кейде жалын, кейде [37] мұз.

Келдік талай жерге енді,
Кіруге қалдық көрге енді.
Қызыл тілім буынсыз,
Сөзімде жаз бар шыбынсыз.
Тыңдаушымды ұғымсыз
 Қылып тәнірім берген-ді!
Осы жасқа келгенше,
Өршеленіп өлгенше,
Таба алмадық бір адам
Біздің сөзге ергенді.
Өмірдің өрін тауысып,
Білімсізбен алысып,
Алпыс деген бір жасқа [38],
 Шықтық, міне, белге енді!

Енді аянда, жығылма,
Сыймас жерге тығылма,
Кей бұрынғы желгенді!
Қайғы шығып иыққа,
Қамалтпасын тұйыкка,
Сергі көңілім, сергі енді!
Балапан, құстай онданып (ондалып),
Қанатынды қомданып,
Жатпа үяда қорғанып,
Ұш, көңілім, көкке, кергі енді!
Көңілде қайғы, қалын зар,
Айтатұғын сөзім бар,
Салсын құлақ ұққандар,
Өрбі, сөзім, өрбі енді!
Іште қайғы дерт пісіп,
Көкіректі өрт қысып,
Айтуға көңілім тербенді (тырбанды),
Өзиң жалғыз, надан көп,
Ұқтырасың сен не деп,
Әулекі, арсыз елге енді?!

Тыныштық сүймей, қышынып,
Дат керімге түсінін [39],
Пәледен тұрмас шошынып,
Тұл бойын желік женғен-ди.
Адам деғен даңқым бар,
Адам (адым) қылмас халқым бар.
Өтірік пен өсекке
Бәйге атындей аңқылдар.
Тұла бойым шіміренді.
Туған жерді қия алмай,
Тентегін жиып [40], тыя алмай,
Әлі өтырмыз ұлмай,
Таба алмадық өңге елді!
Әзелде тәнірім сорлы етті,
Арсыз елмен әуре етті.
Жалғыз үйде құнірентті.
Тағдырға білдік қонгенді.
Барма топқа шақырмай,
Жат үйінде шатылмай,
Шыдармын ба, япырмай,
Жатуга, шықпай, үйде енді?

Қатыныңың ойнасын,
Көрсөң, білсөң, қоймасын,
Не ойлар ең өз басың,
Сонымен тең біз де енді.

Өзгеге, көңілім, тоярысын,
Өләнді кайтыш жоярысың?!
Оны айтқанда, толғанып,
Іштегі дерпті жоярысың [41],
Іштегі дерпті жоярысың!

Жарла да, зарла, қызыл тіл,
Қимаза [42] көңілім оянсын.
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын!

Қара басқан, қанғыған,
Қас надан неңі ұға алсын?!
Кекірегінде оты бар
Құлағын ойлы ер салсын.

Тындараса еш адам,
Өз жүргім толғансын.
Әр сөзіне қарасын,
Іштегі дертім қозғалсын!

Әуелесін, қалқысын,
От, жалын боп шалқысын.
Жылай, жырлай өлгенде,
Арттағыға сөз калсын!

Мендей кәріш (ғарыб) кез болса,
Мойын салсын, ойлансын.
Қабыл көрсе сөзімді,
Кім таныса, сол алсын,
Кім таныса, сол алсын!

Не пайда бар, мың надан
Сыртын [43] естіп, таңдансын.
Онан-дағы бір есті
Ілкі сырын аңғарсын!

Өздерің де ойландар-
Неше түрлі жан барсың?!
Ғылым да жоқ, ми да жоқ,
Даладағы андарсың!

Жүргінмен тындалмай,
Құлағынмен қармарсын.
Соны көріп, сол итке [44]
Қайтіп қана сарнарсын,
Сарнарсың [45]!

Кейде есер көніл құрғырың
Махаббат іздел талпынар.
Ішем деп бейнет сузынын,
Асая жүрек алқынар.

Тартқан бейнет, өткен жас,
Жүректің отын сөндірмес.
Махаббат- өмір көркі рас,
Өлген соң, ол да үндермес.

Махаббатсыз- дүние бос,
Хайуанға оны қосындар.
Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатының, балан, досың бар.

Жүргегі жұмсақ, білген құл,
Шын дос таппай, тыншымас.
Пайды, мақтан- бәрі тұл,
Доссыз ауыз тұңымас!

Жазғытұры

Жазғытұрым қалмады қыстын сзыы,
Масатыдай құлпырып [46] жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас құлдер құрбысымен.
Көрден жана тұргандай кемпір мен шал
Жалбаңдасар өзгің тұргысымен.

Кырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшактасып.
Шаруа куған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.

Түйе боздап, кой қоздап- кора шу-шу [47],
Көбелек пен құс пенен- сай да [48] ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұрандап агады су.

Көл жағалай мамырлап ку менен қаз,
Жұмыртка ізден (ізлеп), жүгіріп, балалар мәз.
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,
Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауылпаз.
Құс катарлап байлаған қанжығага
Қызы бұрандап, жабысып, қылады наз.

Жазға жаксы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл- бәйшешек.
Қырда торғай сайраса, сайды- бұлбұл,
Тастағы үнін қосар байғыз, көек.

Жаңа пұлмен жамырап саудагерлер,
Диканшылар жер жыртып, егін егер (салар).
Шаруаның біреуі екеу болып,
Жаңа төлмен көбейіп, дәulet өнер.

Безендіріп [49] жер жүзін тәнірім шебер,
Мейірбандық, дүниеге, нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп, емізгенде,
Бейне әкендей устіне аспан төнер.

Жаз жіберіп, жан берген кара жерге,
Рахметіне Алланың көңіл сенер.
Мал семірер, ак пенен ас көбейер,
Адамзаттың көnlі өсіп, көтерілер.

Кара тастан басқаның бәрі жадырар,
Бір сараннан басқаның пейілі енер.
Тамашалап карасан Тәнірі ісіне,
Бойың балқып, ериді іште жігер.

... Күн жокта кісімсінер жұлдыз бер ай,
Ол қайтсін кара түнде жарқылдамай?!
Тан аткан соң, шығарын күннің, біліп,
Өні қашар, бола алмас бұрынғыдай?!

Күн-күйеу, жер- қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті!
Күн қырындал жүргенде, көк [50] кожандап,
Күйеу келді, ай, жұлдыз көтін қысты.

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
Жан-жануар қуанар тойға еліріп.
Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.

Кемпір-шал шуак іздеп, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.
Жыршы құстар әуеде өлең айтып,
Қиқу салар көлдегі каз бен кулар.

Жер-күйеуін, күн көксеп, ала қыстай,
Біреуіне бір дene [51] қосылыспай.
Көңілі күн лебіне (лабыта) тойғаннан соң,
Жер толықсып, түрленер тоты құстай.

Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,
Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.
Қызыл арай, сары алтын ұясына [52]
Күннің кешке кіргенін көрді көзім.

Заман ақыр жастары
Қосылmas еш бастары.
Біріне-бірі қастыкка
Қойнына тықкан тастары.

Саудасы- ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы.
Енбегін етті ауыртпай,
Құр тілменен жиганы [53].

Өнімсіз іске шеп-шебер,
Майданға тұспей, несі өнер?!

Сиырша, тойса, мас болып,
Өреғе келіп сүйкенер.

Күлмендеп келер көздері,
Қалжынбас келер өздері.
Кекектеп, секек етем деп,
Шошка туар сөздері.

Жастықтың оты жалындал,
Жас жүректе жанған шак.
Талаптың аты арындал,
Әр киынға салған шак.

Уайым –аз, үміт-көп,
Ет ауырмас бейнетке.
Бүгін-ертең жетем деп,
Көңілге алған дәүлетке.

Қайратпен кіріп жалынбай,
Ақылмен тауып айласын.
«Мен қалай-ға» салынбай,
Жылы жұзбен жайнасын.

Қайратқа сеніп, қактықпай,
Жарасын [54] тауып, жауласар.
Қатынша тілмен шаптықпай,
Майданға шықса, жарасар.

Жалыны қайтар денениң
Үнемі тұрмас осы шақ.
Талайғы кәрі дүниенің
Бір кетігін ұстап бақ.

Құйрығы- шаян, фітнә (беті) [2] адам,
Байқамай сенбе құрбыға.
Жылманы- сыртта, іші-арам,
Кез болар қайда (қайыр) сорлыға.

Досыңа дәстық- карыз іс,
Дұшпаныңа әділ бол.
Асығыс түбі- өкініш,
Ойланып алмақ- сабыр сол.

Аккоңілді жақсыдан
Аянбай салыс ортаға.
Ақылы, ары тапшыдан
Кү сөзін алма қолқага.

Сұм-сұрқия қу заман
Гұл көрінер (күйінер) жігітке.
Қызықты өмір жайнаған
Кеудесі толып үмітке.

Бір нәрсені ұнатса,
Қайта ойланып қарамас.
Мактатып [55] жұртты шулатса,
Құмар сол- қызыба бас.

Сенісерге келгенде,
Сене берер, талғамай.
Жұртты құрғыр, сенгішке
Тұра ма күлкі жалғамай?!

Ары кеткен алдағыш,
Мені-ак алда, сөкпейін.
Балы тамған жас қамыс-
Ормасаңшы көктейін!

Сені жаксы көрмесе,
Сенер ме еді сөзіңе?!

«Япым-ай!» -деп, терлесе,
Ар емес пе өзіңе?!

Қайғы шығар- ғылымнан,
Ыза шығар- білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар шығады тілімнен!

Қайтіп қызық көремін
Әуре-сарсан құнімнен?!

Қайрылып, қарап, байқасам,
Ат шаба алмас мінімнен.

Қайғылы қартан біздей шал,
Қарай берсең, қайда жоқ?!

Есер, есірік болмасан,
Тіршілікте пайда жоқ.

Ақыл бітпес дәүлетке,
Дәүлет бітпес келбетке.
Болымсыз күлкі- тоіымсыз,
Болады балаң жер-көкте [56].

Ішімен жау боп, сыртымен
Кім тояр қылған құрметке?!

Кеншілікте туған жоқ,
Шықсын (шықсан) деген жел бетке.

Тарлықта қанша тайпалса,
Қадірі болмас әлбетте.
Сыйлассан [57], елің ұлықтап,
Араласан қызықтап.

Қызық пенен тыныштыққа
Қазак тұрмақ тұрықтап (тұрактап).
Қаңқылдап біреу ән салса,
Біріне-бірі жуықтап.
Тебінісіп қамалар
Тоқтатып болмас сырықтап.

«Түзу бол!»- деген кісіге
Түзу келмес ырықтап.
(аяғы жок).

Бойы бұлған,
Сөзі жылмаң
Кімді көрсем, мен сонан,
Бетті бастым,
Қатты састьим,
Тұра қаштым жалма-жан.
Өз ойында
Тұл бойында
Еш міні жоқ пендесіп.
Тұзде мырзан,
Үйде сырдан,
Сөзі қылжаң, еркесіп.
Бас құрасып,
Мал сұрасып,
Бермегенмен кетісер.
Адам аулап,
Сыпыра саулап,
Байды жаулап жетісер.
Сөз кыдыртқан,
Жұрт құтыртқан,
Антын, арын саудалап.
Бұтты-шатты,
Үй санатты,
Байдан атты алмалап.

Кедейі- ер,
Кеселі зор.
Майлы байдан сорлы жоқ.
Аш көмектің,
Жемдемектің, •
Босқа әлектің орны жоқ.
Ел қагынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гу де гу.
Байы- баспақ,
Биі- сасқақ,
Әулекі, асқақ, сыпыра ку [58].
Ақы берген,
Айтса, көнген,
Тыныштық іздер- елде жоқ.
Аққа тартқан,
Жәнгे қайтқан,
Ақыл айтқан пенде жоқ.
Әз тұтуға,
Сыйласуға
Қалмады жан бір татыр.
Сыпыра батыр,
Пәле шақыр
Болдың ақыр тап-тақыр.
Су жүғар ма,
Сөз ұғар ма,
Сыпыра жылман, желбуаз?!

Не етті [59]- көндім,
Алды- бердім,
Енді өкіндім- өзіме аз!

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсан, арқалан.
Сен де- бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар
Қашканға да куғанға.
Ғаділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапкы екеу- соңғысыз
Біті қалса қазаққа.
Алдың- жалын, артың- мұз,
Баар едің қай жаққа?!

Пайданы көрсөң, бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мінінді ұрлап, жасырып,
Майданға түспей, бәйге алма!

Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндейстігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.

Ақырын жүрін, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Ұйретуден балаға.

Аш карын жұбана ма майлы ас жемей?
Ток тұра алмас дәмдіден дәмді ізdemей.
«Бір тойған- шала байлық»- деген қазақ,
Ет көрінсе, қайтеді күйсей бермей.

Еңбек жоқ, харекет жоқ, қазақ кедей,
Тамақ аңдып, не қылсын [60] тентіремей.
«Ет, қымыз секілді ас жоқ!»- дейді,
Ол немене: «Жоқ-жоқтың!» [61] әсері емей?!

Ет, қымыз- тамақ болса, әркімге арзан,
Тәтті дәмді іздер ең онан арман.
Өз пұлтыңмен халің жоқ күнде тояр,
Құлдық ұрып, асайсың асы бардан.

Тоярга өз үйінен қолың қыска,
Ас берер ауылды іздеп жүрсің босқа.
Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген-
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа.

Ұрлық, кулық, сұмдықпен мал жиылmas,
Сұм нәспің үйір болса, тез тыйылmas.

Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,
Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырmas.

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылmas,
Еңбек қылmas еріншек адам болmas.
«Есек көтін жусаң да, мал тауып кел»,
Колға жұқпас, еш адам кеміте алmas.

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра алmas ел.
Каруыңның барында қайрат қылмай,
Қанғып өткен ғұмырдың бәрі де жел.

Асаған, ұрттағанға ез жұбанар,
Сенімді дәулет емес сен қуанар.
Еңбек қылмай, тапқан мал дәулет болmas,
Қардың сұзы секілді тез суалар.

Мінер ат пен киімін ып-ықшам ғып,
Сымбаттанып, сымпиып тамақ аңдып [62].
Бұрандап, жылы жүзін асқа сатқан-
Кезікпене қосылма, кеткіл [63] қаңғып.

Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжынға ұста,
Кейін, кем ит тым-ақ көп біздің тұста.
Өз үйінен жиреніп қашып жүрген
Антұрганға қосылма қапылыста.

Әбдірахман өліміне

Талаптың мінін тұлпарын,
Тас қияға өрледің.
Бір ғылым еді інкәрін
Әр қияға [64] сермедің.

Көзінді салдың тұрғыға,
Бейнетін қыын көрмедин.
Бірге оқыған құрбыға
Бас бәйгені бермедин.

Бала болдың, жас болдың,
Жалғандыққа ермедин.
Төре болдың, бас болдың,
Көкірегінді кермедин.

Ел ішіне сау келсен,
Тағылым жаймас [65] ер ме едін?!
... Пенде өлмейді- арманнан,
Мінеки, мен де өлмедім.

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ыңталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі Хакқа қол емес.

Денениң барна қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің, ғақыл, суаты,
Махаббат қылса тәнірі үшін.
(аяғы жок).

Жүректе қайрат (ғайрат) болмаса,
Ұйықтаған ойды кім тұртпек?
Ғақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп қүнелтпек.

Аспаса ғақыл қайраттан,
Теренге бармас өстіртер (үстірттер).
Картынның ойы шар тартқан
Әдет женіп, күнгіртер [66].

Тән сүйгенін бермесе,
Жан шыдамас жаны ашып.
Бере берсең, бер (бір) десе,
Үміт етер (итер) таласып.

Малда да бар- жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Теренге бет қоймаса?!

Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!

Адам - бір бок көтерген боктың қабы,
 Өлсе, сасық болады боктан тағы [67].
 «Сенен мен кем бе?»- деп таласады [68],
 Білімсіздік белгісі- ол бағы.
 (аяғы, соңғы шумағы жоқ).

Магауияға

Жұзге келген кәрідей [69],
 Халықтың қамын ойлаған,
 Сәулем еді көзіме
 Жанған оттай жайнаған,-
 Дүние-ай, қалай тар едід,
 Мағашымды қоймаған?!

Қуанушы ем, сәулем-ай,
 Облыстан келгенде.
 Бақасқа әрбір салушы ем,
 Жауабын түгел бергенде.
 Фылаж бар ма, тағдыр-ай,
 Қалап бір атқан мергенге?!

Ғапылықта жүруші ем
 Ұсындым Ҳаққа мойнымды
 Атам, анам, - қара жер,
 Аша бер, кірем, койныңды!
 Құнәһім көп, қорқамын,
 Жарылқа, Жалғыз, орнымды!

Мәшһүр-Жүсіптің Құнанбай, Абай туралы жазғандары

1. Тобықты-Құнанбай әкесі Өскенбайға ас беру үшін қалың
 Бошанның ортасына көшіп келіп, Қарқаралы тауында ас берді дейді.
 Сонда Жамантай хан Құнанбайға не деп көңіл айтудың ретін таба ал-
 май, Баймұрыннан Балта ақынды сұрап, қасына алып отырды дейді:
 Құнанбайға көңіл айттыру үшін.

Сонда Құнанбай Жамантай ханға сәлем беріп, кіріп келгенде,
 «Ассалаумагалейкум- уағалейкумассаламнан» соң, сөзге келмesten,
 өлеңді қоя берді дейді:

Атаңа ас бергенің- барлығынан,
Үш жүздің басын костың нарлығынан!
«Борыш жоқ Хақ асына» - дегендейін,
Алланың кім қалады жарлығынан?!

Кешегі Жиреншедей сөйлер тілің,
Дұшпаның жақынынан - жалғыз мінің.
Дәуіт ұғлы Сүлеймен дәuletіндей
Қомында(құмында) Имам Ағзам күткен дінін.

Құнан сөзі Құранның тақтасындей,
Бұхардың ол осы кең қақпасындей.
Өлі аруақ өз орынын күр тастамас,
Алтынын тастап кеткен ат басындей.

Құнан сөзі Құранның иреуіндей,
Өсекең бұл жалғаның тіреуіндей.
Ғаділдікке келгендे, жүргттан астың,
Шаһариар: Ғұмар, Ғұшман біреуіндей.

Кедейін асырайды бай Жанысым,
Дұшпанға жібермейді бір намысын.
Қазак түгіл кәпірге дәуірін жүрген,
Сындырмас жалғыз қамыс жолбарысым!

Сонда Құнанбай:

- Қоя ғой, сөзің жетті, болды! Құдай тағаланың Шашар деген елден аяп қалған нәрсесі жоқ сықылды-ау! Шанишардың ең ғақылсyz жындысы сенсің-ау! Сен де Жамантай сықылды ханды арашалап алуға жарап отырсың!- депті.

Ақын да жарайды, оған қайырған Құнанбайдың сөзі де жарайды!

Құнанбай әкесі Өскенбай өлгенде, ел тауға жана қонған кез болса керек. «Бүгін дүйсенбіден келер дүйсенбі жаназа оқылатуғын күні»,- деп, ел шакырды дейді. Жаназага жиылған жанға жетпіс үй тікті дейді. Сонда сол үйлердің не керек-жарағы бәрі өзінің ішінде тұрды дейді. Самиурын қайнататуғын көмірі әр үйдің өз алдына үйілді дейді. Жаназага жиылған жан басына бір-бір жайнамаз садақасы болды дейді. Асқат (расход) малынан бөлек жаназа шығарған молдаға төрт түйе сыбаға байлады дейді.

«Қазак жүртүнда Өскенбайдың асындаи ас болмады!»- дейді.
«Қанша сойылған малдан шек-қарын деген қазанға түспеді!»- дейді.
«Жерошактың маңайына жалғыз малдың шек-қарынын аршытпады!»-

дейді. Және әр жерошақ басына бір мергенді қойды дейді: «Келген итті атып тастай беріңдер!»- деп.

Бәйгеге шабылған қанша ат болса: «Ат тері әкемнің мойнында қалмасын!»- деп, қалған атка да ат майын толеп отырды дейді.

Сонда тамам молданы бір үйге хатым-құран түсірді дейді. Өзі молдалардың ортасына барып:

- Парыздың ең күштіңі не?- дегенде, жалғыз молда жауап берे алмады дейді. Сонда өзі айтты дейді:

- Молдалар, мұнан былай халыққа ұқтырып қойынызлар: «Парыздың ең күштіңінен күштіңі: ішкен-жеген ас адалданбай, тайқазаны орынға тұрысып, жұмыска жарайды. Мал адал болса, бәрі соның күшімен іске жарайды!»- деген екен.

(Мәшиүр-Жүсіп, 6-папка, 216-218 беттер).

2. Құнанбай Алшынбайдың Жүсіп дейтүғын баласының қызын тұнғышы Ибраїға [Абайға] алып берген. Ибраидың бәйбішесі Жүсіптің қызы болатүғын. Мұны ұмыттырмайтын тарихы- Қалдыбай қожаның бір ауыз өлеңі. Жүсіптің бәйбішесі пәуеске мініп, Құнанбай аулындағы қызына амандыққа бара жатқанда, Молдашбай деген аксақ отағасысы бар екен. Қалдыбай қожа да бар екен. Бұл қожаның өзі де жергілікті аксақ кісі, кемпірдің шабаданы тәрізді қораш, көрткістау болса керек. Бір шолак аяқ аксақ ит те бәйбіshedен қалғысы келмей ере шығыпты, бір аттың аяғы жолшыбай аксақ болыпты. Сонда қожа айтады:

Бес аксақтың біреуі- Қалдыбай-ды,

Молдашбайдың басқаны маңымайды.

Байы болыс бір катын арбада отыр,

Ақсақ, сауын еш адам андымайды.

Жүсіптің бәйбішесі де тұа аксақ екен, оны «аксақ»- деп ешкім айта алмаған екен. Баласына баласының қызын алып берді, Құнанбай Алшынбай мен замандас болды. Құнанбай әкесі Өскенбай Тіленшімен замандас болды. Кенгіrbай Өскенбай әкесі болса, Тіленшімен замандас деуге сыйды. Болмаса Дадан: Тобықты- Қараменде бимен замандас болған Қабекеніз Тіленшімен бас қосуға тіреліп келген болады. Ондай болғанда, Ибраидан да дәмеліміз. Тұқым жұрагатында өлгені тіріліп келіп, кейінгі заманың кісісімен бастас болатүғындық әуелден ата тегінде бар болғандықтан. Жабайы жанды, тар, ауданды кісіден не шығады? Соқыр сезімдіден не шығады?! Шұбыр адамның жаны жабайы, ауданы тар болады.

(Мәшиүр-Жүсіп, 1178-папка, 314- бет).

Көкбайдың «шұбыр» екендігін Әріппен айтысқан өлеңінен әбден танығанбыз.

(Мәшиүр-Жүсін-1176-380(449)б.)

3. Тобықты: Олжайдың үш баласы болған. Біреуі- Ырғызбай: «Үш Олжай»- деседі. Ырғызбайдың катыны «Елти қатын» атанған. Құнанбай-осы Ырғызбай ұрпағынан. «Үш Олжайдың» бірінен- соқыр Оразбай, бірінен- баяғы Құнанбаймен он бір жыл қағаздастарғын Бежей шықкан. Онымен туысы бірге: Базаралы, Бағаналы, Қарымсақ, Шопан- төрт ағайынды. Бірінен- бірі өтеді, көкжал, борі болғандар. Сол төртеуінің кенжесі- Шопан Құнанбайдың тоқалымен ойнас екен. Құнанбай кепек те қылмайды, жұмысы жок. Ибраі [Абай] марқұм андиды екен. Құнанбайдың тоқалы Ибраідың қолына бермес үшін бір ай көмбеге тығып сақтапты. Бір күн[i] Ибраі марқұм экесіне айтыпты:

- Мен жұрт бетіне қараі алмадым. Әр жерде бетіме шіркеу болды!- деп. Сонда, Құдай рахмат қылсын, Құнанбай айтыпты.

- Бұрынғылардың айтқаны: «Ұргашының емшегі- елудікі, аузы-алпыстықі, асты-жетпістікі!»- деген. «Іннің түбі - өзімдікі, аузы-әлдекімдікі». Ас құйып ішуге адал ыдыс таба алмай, дағдарып жүрсің бе?- депті.

Ибраі тұтін болып шығыпты, сонан кейін өзі болып, «Тасы өрге домалап тұрған» күнде сол төртеуін түгелімен айдатқан екен: «Бірі қалса, мені жер үстіне қоймайды!» - деп.

(Мәшиүр-Жүсін, 1178-папка, 305 б.)

4. Тобықты: Олжай балалары: Ырғызбай, Жігітек, Боккөт. Ырғызбайдан- Оскенбай, онан- Құнанбай. Бәйбішeden Құнанбай жалғыз. Өскенбайдың тоқалынан Майбас жалғыз. Құнанбаймен он бір жыл дауласқан- Бежей- Жігітектен. Базаралы, Бағаналы, Қарымсақ, Шопан- бұлар да Жігітектен. Осы ағайынды төртеуін Ибраі [Абай] айдатқан.

(Мәшиүр-Жүсін, 1-папка, 53 б.)

(Ескерту: әрі қараі айтылған өткір сын біреулерге ұнамағандықтан ба, әлде ресми үstem пікірге қайшы келуден қаймыққандықтан ба, беттің төменгі жағы жыртылып құртылған- Н.Ж.)

5. Ибраі Құнанбаев сөзі.

«Қазақ қылышым Құдайға лайық болса екен!»- деп, қам жемейді, тек жұрт қылғанды қылышп, жырылып, тұрса болғаны. Саудагер несиесін

жия келгенде: «Тапқаным-осы, біттім,- деп- алсан, ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?»- деп айтатұғыны болушы еді. Дәл Құдай тағаланы сол саудағердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім-осы, енді қартайғанда, қайдан [үйре]немін?»- дейді. «Оқымадың!»- демесе, болады, тілімнің келмегенін...- дейді. Тілі өзге жұрттан өзгеше жаратылып па?!

(Мәшиүр-Жұст, 1-напка, 99 б.)

6. Абайдың афоризм созі

1. Конілдегі көрікті ой

Ауыздан шықканда, өні қашады.

2. Жамандықты кім көрмейді? Үміт үзбек- кайратсыздық. Дүниеде еш нәрседе баян жоқ екендігі рас. Жамандық та қайдан баяндан қалады дейсін?!

3. Қары қалың қатты қыстың артынан- көк қалың, көлдері мол, жақсы жаз келмеуші ме еді?!

4. Егер де ісім өнсін десен, ретін тап.

5. Биік мансап- бнік жартас:

Ерінбей еңбектеп, жылан да шығады,

Екпіндеп ұшып, қыран да шығады.

6. Женсікшіл ел жетпей мактайды,

Желекпелер шын деп өйлайды.

7. Дүние- үлкен көл,

Замана- соққан жел.

8. Алдыңғы толқын- ағалар,

Артқы толқын- інілер.

Кезекпенен ілінер (үленер),

Баяғыдай корінер.

9. Сақалын сатқан кәріден-

Еңбегін сатқан бала артық.

10. Бакпен асқан патшадан-

Мимен асқан дана артық.

11. Тоқ тіленші- адам шайтаны.

12. Харакетсіз сопы- монтаны.

13. Жаман дос- көлеңке:

Басыңды бұлт алса, іздел таба алмайсың,

Басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың!

14. Досы жоқпен- сырлас,

Досы көппен- сыйлас.

15. Қайғысыздан- сак бол,
Қайғылыға- жақ бол!
16. Қайратсыз ашу- тұл,
Қайғысыз ақыл- тұл.
Тұрлаусыз ғашық- тұл,
Шәкіртсіз ғалым- тұл!
17. Бағын өскенше, тілеуінді ел тыймайды:
Өзің де тілейсің.
Бағын өскен соң, тілеукорын азаяды,
Өзің ғана тілейсің!
18. Жабайы жанды,
Тар ауданды,
Сокыр сезімді
Шұбырлардан не шығады?!

(Мәшіур-Жүсіп, 1176-папка, 81 б.)

Осы орайда Мәшіур-Жүсіп жазуымен жеткен жеке Абайға қатысты деректер де көніл бөлерлік:

7. Байқарадан жеті ақын әзіретке барып, пірге қол беріп; «Домбыра тартуды қойдық!»- деп келгенде, Ыбырай [Абай] өлең шығарған екен:

Байқарадан жеті ақын мүрид болды,
Домбырадан айрылып, тірі ит болды!- деп.

(Мәшіур-Жүсіп, 1178- папка, 304(171)бет).

Балта Бұқарбекұлы (XIX ғ. айтыс ақыны)

Акоу, айдай, арбаның әлде несі,
Қолқа жүрек- адамның жан денесі.
Кірген кісі шыққысыз Жаныс үйі,
Ит байласа тұрғысыз болған несі?

Әріп Тәнірбергенов (1856-1924)

Тозакка біреу кетсе, Дүтің кетер,
Дүтің кетсе, бәлем, Көкше, құтын кетер!
Алдына қарайғырын айдал салып,
Артынан тоғыз биін күгілдетер.

Тозакқа біреу барса, Абай баар,
Абай барса, Тобықтыдан талай баар.
Мойнына оттан күрзі салып алып,
Төрт Мұкараб періште сабай баар.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931)

Мәшіур-Жұсіп жазбаларында өзімен тұстас ақын Шәкәрім туралы, оның «Қалқаман-Мамыр» дастанына өзек болған тақырып т.с.с. туралы қысқаша деректер орын алған:

1. «Тобықтыда: Кішеке, Самысты деген екі ағайынды туысқан елдін ішінде Әйтке баласы Қалқаман- Кішеке таптікі, Қекенай қызы Мамыр- Мамбет деген таптікі. Екеуі ғашық- мағшық болысқан. Соған жұз (елу) жылдан артық жыл өткен шығар. Ғашық- мағшықтыңтан ел аузында аттары қалысқан: Қалқаман мен Мамырдікі достында жұп деген сөзі жалғанда қосыла алмаған. Қосылса да, дәурен сүре алмаған. «Бақытсыз Жамалдың» - «Саумал көліңе басың тығып кеткенінде»- дегені сыйылды.

Мамбет өсіп-өнді, бара-бара сол таптан бір бай шықты- Жылакара. Сол байдың он бесер жасар қызы Мамыр- әрі сал, әрі пысық, ерекк-шора... Басқа бала жоқ әлгі байда. Оны қыз деп, еш адам айту қайда: «Байдың көңілі жабырқап кала ма?»- деп, жүргт жүрді. «Құда боламыз!»- дей алмайды.

Ұл мен қыз айырылмай жүреді екен,
Мамырды жас қүнінде біледі екен.
Ғашықтығын айта алмай, іштей жанып,
«Құрбымыз!»- деп, күр ойнап жүреді екен.
[Па]қыр жылқы бағады қүнде барып,
Тымақ кііп, қолына құрық алып.
[Бар]ғасын Мамыр менен малда жүріп,
Бір аз сөз сөйлесіпті кез боп қалып.
Сонда қызға өзін сүйдірмекке,
Ғашық болса, оны да күйдірмекке.
...Мысал сыйылды бір сөз айтты
Көңіліндегі мақсатын түйдірмекке.

(аяғы сақталмаған).

(Мәшиур-Жұсіп, б-панка, 202 б.)

2. Айтуышылардың айтуына қарағанда, баяғы «Қалқаман-Мамырдың»- Қалқаманы осы күнгі «Қалқаман тұзы» бекет салынып,

«Қалқаман бекеті»- аталған дейді. Неге десен, онда бір келіншектің аты Мамыр дейді. Мамырдың көмілген жері болғанда, Қалқаман соның моласын күзетіп қалған дейді. Қойсарыдан: Байзак, Өмірзак. Байзактан-Байқожа. Қалқаман осы Байқожага бала болған дейді. Сол заманда қалмақтан екі қыз олжага түсіп, біреуін- Жәнібек алып, онан-Манамбай туған дейді. [Б]іреуін Байқожа Қалқаманға қосып, өзі кара шаңыраққа ие қылатұғын [ке]нже баласы Жұмағұлмен еншілес қылған дейді: «Бұл өзі затты тұқым [болма]йды- деп. Жұмағұлдан- Ақжан, мұнан- Жүсіп. Бұл атасының аты- Байсын, біреуін ұмыткан. Бұл ұмытылғанның аты- Байтілеу- Қалқаманнан. Мұнан- Әжібай, мұнан- Сүлеймен қажы: «Қойсарымын»- дейді. Осы күнде Бұқа, Қубір ішінде Қалқаманның өз моласы. Қөп ұлт Бәсентійнін қасқа жайсаңы, әдей өзін сонда қойдырыпты: «Қалқаман- атты тартып аламыз!»- деп, ала алмапты. Сәмеке жабық өситет қылып, өзін әдей қойдырган, сонда да атағы шықпаған. Мұса, Секербай заманында «Жабықтың Мұсасы»- деп айтылып жүрді.

(Мәшиүр-Жүсіп, 1176-напка, 48 б.)

Нұржан Наушабаев (1859-1919)

Жаманды, жақыным деп, есепке алма,
Жақсыны, жат та болса, өсекке алма.
Жетем деп осыменен мұратыма,
Тұлпарға айырбастап есекті алма.
Сыйласып тірілікте жүріскенде,
Қадірін бір-бірінің біліскенде.
Белгісі жақындықтың- күрметтесіп,
Ықыласпен сағынысып, көріскенде.
Не керек жаман туған құр ағайын,
Басыңа, септігі жок, іс түскенде?!

Нармамбет (1860 туған)

Кең дала, кеткениң бе, кер бетеге,
Бұжерде бала жаксы ер жете ме?
Суырдай іннен шықкан сүмірейіп,
Дариға, мекенінен ел кете ме?!

Именіп, иба қылар келін бар ма,
Ол именсе, елемей жының бар ма?
«Тоқсан екі толғансан, тозбайсың!»- деп,
Артында тілеп тұрар елің бар ма?!

Ақылбай Абайұлы (1861-1904)

Дағыстан

Қазактың «Қап» деғені- Кавказ серек [1],
Құдайым сұлу, биік, еткен ерек.
Ақырып айдаһардай жүз толғанып,
Тасты ағызып, тау [2] жарған долы Терек.

Артық нәрсे дүниеде айтпак үшін,
Көріп келіп, ойланып, білген зерек [3].
Колдан келер нәрсे жоқ- жаңға рақат,
Хикметін тамашасын көрсек керек [4].

Кавказды сұлу қылған Құдай калап,
Кете алмас көрген адам тамашалап.
Белгілі ер Черкестен (Серкештен) көп адам бар,
Сол тауда өмір сүрген жанасалап.

Сейлеймін сол таудағы Дағыстаннынан,
Жауменен, жалығу жоқ, шабысқаннан.
Күні бүгін іркіліп көрген емес-
Бір сезге қанжар алып қағысқаннан.

Бастаған, сөзді бастан, баяғыдан,
Сөз түйіні шешілер аяғынан [5].
Қаны қызыса, қанжарын қайтармайды,
Бұл елдің бұрын сермер таяғынан.

Ақ жиек, көкшіл сұрғылт, сәулө берген,
Тұманткан [6] Кавказ буы көтерілген.
Алтын шатыр сәулесі тау басында,
Атырабы мәлім болды талай жерден.

Бұлбұл құс үйкесінан көзін ашып,
Нұрына [7] гүл- бәйшешек таңырқасып.
Күн ыстығы түскенше , сермелендеңеп,
Түзетті үнін, жүнін жабырласып.

Күйітті үнін тұзеп, шырқатады,
Көмейін қайырып, толғап, ырғатады.
Тоқсан екі толғанып мұң мен зарды
Тәңірінің берғен үнін зарлатады.

Сайраған құмыр бұлбұл үні шықты,
Шәлісін кемпір қара бүркеп тықты.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Елерін тік қарайды Кавказ мықты.

Сөкпе, қалса сөзімнің шалалары,
Кітапта жазған орыс даналары.
Бұрын неше соғыста ойран болған,
Көрінді Дағыстанның қалалары.

Бұзылған Дағыстанның қай қаласы,
Көрінді карт Күшіктің [8] үй-ханасы.
Күшік тұр қайғы басқан үй алдында,
Дүниенің әсер (әшір) бермей тамашасы.

Бір қатын үйден шықты қадам басып,
Асығып, дегбірі жоқ, асып-сасып.
Күшік айтты қатынға:

- Шақырды ма,
Көрейін жалғызыымды, болса несіп?!

Қатын айтты:

- Ауруы жаман! - дейді,
- Әлі ырзалық берген жоқ саған! - дейді.
- «Әкенді шақырайын», - дегенімде,
Бір ауыз сөз айтпады маган! - дейді.

Күрсінді, сөзін естіп, Күшік кәрі,
Көзінің жасқа толып кетті бәрі.
Өткен істің катесі ойға түсіп:
«Келді-ау-деп, - Әлі кемпір қылған зары!»

Екі көзден жас ыршып, атып кеткен,
Тоқтамай, сорағытып [9] әжім беттен.
Жуан, калың билектей, бурыл мұртқа
Домалап улы жасы барып жеткен.

Зайра сұлу, жалғыздан, айрылғанын,
Әлінің сілеп қарғап, зар қылғанын.
Алдына кеп тосқандай сықылданды-
Орынсыз өмір бойы бар қылғанын [10].

Күшіктің кандай іспен өскендігін,
Қалайша өмір бастан кешкендігін.
Басынан ұқтыруға енді [11] келдім,
Неліктен осы қайғы түскендігін.

Тәкаппар Дағыстанда Иөсиф батыр,
Бақыты асып құрбысынан келе жатыр.
Екі ауыз сөз көтермес- зор көкірек,
Соктыңып бұған ешкім тимейді ақыр [12].

... Қорғалап, тірі адамнан қорықпаған [13],
Әлі өзінен мықтыға жолықпаған.
Қанды көз, қанішер боп, туған Күшік
Ұялмас: «Іс қылар [14]- деп,- ұлық маған!»

Мындан тізгін тартпаған о да мықты,
Мергендікке өзгеше болып шықты.
Бір кемпірдің баласы, аты- Ибраһим,
Ондай адам атпаған бір мылтықты.

Білімді, қалжынға ұста, тілі майда,
Жұрт құлларіп, сөз айткан әрбір жайда.
«Басқа пәле- тілден»-деп, мақал бар фой,
Бірде залал қалжың сөз, бірде пайда.

Сол күнде Дағыстанның әдеті еді-
Бір үлкен той қылатын он екі айда.
Кімнің жақсы екенін, кімнің- мерген.
Гулесіп айтушы еді [15] осындайда.

Сол тойы және болып, жұрт айтады:
«Бұл елде Ибраһимдей мерген қайда?!»
Өзі есті, өзі шешен, өзі [16] мерген,
Қайда барса, жақсыға қосылмай ма?!

Ибраһим бір сөз айтып, қалжындасты,
Киыстырып Жүсінтиң мінін тапты.
Көп ішінде қалжында айткан сөзи
Күшіктің кеудесіне ок боп атты [17].

Долданып, ыза болып, буынады,
Көтермей ойын сөзді Құдай атты [18].
Басқа жұрт елемейді еркелетіп,
Тәкаппар долы Күшік қандай катты [19]?

Күшекен бұл сөзді кек көреді,
Мактауды өзге алғанын жек көреді.
Ішінен Ибраһимді жоқ қыларға
Буынып, улы қанжар кектенеді.

Сол сөзбен жұрт тарқайды әр тарапка,
Ибраһим көнілін қойып жүреді аққа.
«Құн ашықта бұғы, арқар атайын!»- деп,
Үйден шығып, жөнелді Кавказ жаққа.

Сол күні Жұсіп-тағы анда жүрді,
Жайылған бір арада арқар көрді.
«Еттеп басып, шалдырмай атайын!»- деп,
Бір жартасты бетке алып жүреді енді.

Байқамай, дәрісін көп, сасып, салған,
Еттеп келіп, арқарды басып қалған [20].
Бір занғардың басына, оғы тимей,
Көз ұшына ойнатап арқар барған.

Бола ма анға көңілі аумасына,
Оқ тимей, арқар шықты тау басына.
Ескерусіз Ибраһим келіп қалды
Өзінің қанын ішер жау қасына [21].

Мылтыққа, атайын деп, оғын салды,
Сығалап, нысаналап, бетіне алды.
Оқ тиместей дандайсып тұрған арқар [22]
Ибраһим тарс қойғанда, құлап қалды.

Ибраһим айтты қалжындан:

- Батыр, саған
Мендей арқар атуға келмес шамаң!
Жазатайым атарлық сен емеспін,
Тағы арқарың бар болса, көрсет маған [23]!

Бұл сөзге ашууланды Күшік долы,
Орынсыз кімге жақсы ашу молы?
Байқаусыз Ибраһимге жетіп келіп,
Как жүректен шап берді қанжар қолы [24].

Бұ-дағы, қанжар дайын, айқаспай ма,
«Қой, мырза, ойнама!»- деп, шайқаспай ма?
Қапы қалды, білмеді аямасын,
Әйтпесе бір кісімен байқаспай ма [25]?!
162

Сол жерде Ибраһимді жығып салды,
Қанға былғап канжарын жұлып алды.
Жазықсыз, бір қалжынға кісі өлтіріп,
Құдай сүймес ірі істі қылып салды [26].

- Өлтірдің,- дейді Ибраһим,- залым Жүсін,
Нақак едім, өлтірдің, ашу қысып.
Жалғыз шешем артымда, о да өледі-ау,
Сен-ак қарқ бол дүниеге, көңілің өсіп [27].
Тұған адам өлмекші, арман етпен,
Көрермін тәнірі алдында бір сөйлесіп.

Ай, дүние, кәне, сенің мактағаның,
Жақсылығын орнымен актағаның?!
Киянат жоқ, жалған жоқ, таза жүрек,
Мынау ма тәуір жанды сактағаның?!

«Жақсылық жақсы»- деғен сөзің қайда,
Мің бар ма Ибраһимде, өзі майда?
Жазықсыз жас өмірін қанмен жудың,
Ешкімге де тимейді сенен пайда!

Өлтіріп Ибраһимді жүріп кетті,
Тағдырдағы байгұстың күні бітті.
Екі күнде кез болып, біреу тауып,
Өлгенін Ибраһимнің мәлім етті.

Денедегі жосадай көріп қанды,
Зар каксан, Әлі кемпір талып қалды [28].
- Жалғызымды жазықсыз өлтіргенді,
Құдай-ау, ата көр!- деп, қылды зарды.

Құдай-ау, құлың едім,- дейді- сенің,
Құрыды, жалғыз еді, тұбім-тегім.
Хақ пайғамбар шапағат қылганың- сол,
Кетпесін, өлтіргенде, мениң кегім?!

Мендей ғып, келтір Алла, анасына,
Қарамай, қаза бергіл, шамасына!
Құрытып үрім-бұтқақ жұрағатын,
Қырғын, апат өлім бер баласына [29].

Әр түрлі Әлі кемпір қарғыс етті,
Алланың құлағына арызы жетті.
Кемпірдің зарлығына шыдай алмай,
Құшік бұғып, үйіне кіріп кетті [30].

Әлі кемпір ас ішіп, құле алмайды [31],
Кім өлтіріп кеткенін біле алмайды.
Жалғызы- Ибраһимнің- кайғысынан,
Әлсіз боп, аяқ басып, жүре алмайды.

Кемпір өлді жұмада әлі бітіп,
Баланың жетісіне әрең жетіп.
«Аманат Алласына»- тапсырады,
«Кегімді ала көр!»- деп, зарлық етіп.

Сонан кейін бір қатар заман болды,
Қарғысы Әлі кемпір жаман болды.
Шошынғаны қөnlінен шығып кетті,
Малы, басы Құшіктің аман болды.

Білгенімше айтайын әңгімесін,
Секлендер: «Сөйлемді,-деп,- мұның несін?» [32].
Бес ұл туып, ер жетті арыстандай (арысландай),
Сөйлейін Зайра (Зәнира) қыздың өзгешесін.

Күшіктің жалғыз қызы- Зайра сері,
Мұнан сұлу не болсын әйел түрі [33]?!
Рахметімен жаратқан Алла сүйіп,
Денесінде болмаған мінді жері [34].

Зайраны көрген жанда қалмайды ес,
Қара касы киылған, көзі- нәркес.
Алақанға көтеріп аялады:
«Өзгеше не еткен жан?»- деп, мұғыл Черкес [35].

... Тал шыбықтай бұралған онын белі,
Бес ұлдың ең кенжесі, қызыл гүл.
«Женіл басып, киікше жүреді!»- деп.
«Фазел» -деп атап кеткен аймақ елі [37].

Толқынды кара шашы жібек талдай,
Көрген адам қарайды көзін алмай.
Аласы аз, нұрлы қара, ұялы көз,
Жаралған бір мүшесі қапы қалмай.

Қып-қызыл бет, жұмсақ ет- қар секілді [38],
Көргенге онсыз дүние тар секілді.
Жүзін көрген алыстап кете алмайды,
Жанының бір ұшығы бар секілді.

Кірсіз тіс, қырлы мұрын, мінсіз еріп,
Кім білер ондай жанның ішкі сырын?
Бұл жүрген әйел оған ұқсамайды (ұхшамайды),
Оқысаң (ұқсан) осы сөздің артқы жырын [39].

Тақпактап, жарамайды, айта берген,
Қызды әркім мақтағанын көзім көрген.
Ақылы, мінезі мен тұлғасы сай,
Таза жүрек, мін шықпас, мұндай ерден.

Мал мен бас бұл Күшіктे бәрі дайын,
Ұлы, қызы артықша осындаїын.
Әлі, Мұса, Жағыпар, Таир деген,
Ракым- ең кенжесі, айтсам жайын.

Бәйгесін мергендікгің бұлар алған,
Батырлыққа ешкімнен емес қалған.
Қолы жеткен, айтпасам, бір заманда,
Кімді еркіне жіберген мына жалған?

«Кім?»- десе, «Жүсіпұлы»- дейді халық,
Кайда барса, келеді жүлдені алып.
Қан саулаған, қамалдан, тізгін тартпай,
Көрген емес бас тартып [40], кейін қалып.

Солардың қолы жеткен заманында,
Жолдас боп, бірге жортқан қамалында.
Жалғызы бір кедейдің ер Жебірейіл,
Есті, сұлу, ерлік бар, қабағында.

Кара мұрт, сұрғылт сұлу, қырлы мұрын,
Қақпактай кең жауырын, айтсам түрін.
Алланың рахметімен туған жігіт,
Жеткізіп айта алмадым мыңнан бірін.

«Газелді» көріп бір күн, болған ғашық,
«Кедей-деп, - бермейді-ау!»- деп, кайғы басып.
Не өлмек, не қызды алмак- ойға түсті,
Тағдырдан құтыла ма пенде қашып?

Айтуға бата ала ма байға кедей,
Қоя ма, әл келмесе, кедей демей.
Ғашықлық пәлесіне ілінген соң,
Не қылса, амалы жоқ, қайғы жемей.

Ала алмас ғашық адам өзін тыйып:
«Сөйлессем- деп ойлайды,- малды жиып.»
Дағыстанның белгілі бір жауы бар,
Қыз үшін аттанбақшы жанды қиып.

Дағыстан бір жұмысты етпек болды,
Тұбіне сол жауының жетпек болды.
Талабының оты жеңген ер жігіттер
Өшіккен осы жауға кетпек болды [41].

Әлі, Мұса екеуі болды бармақ,
Бұларға ұят осындай дудан қалмақ.
Жебірейл бұлармен бірге аттанды,
Жауды олжалап, ел шауып, Ғазелді алмақ [42].

Жұсіптің екі ұл кетті бір басынан,
Әлі, Мұса- мін шықпас тұлғасынан.
Ажал айдал, үйрінен қуып шықса,
Тәнірімнің кім қылады шырғасынан [43]?!

Жөнелді Дағыстаннан өңкей батыр,
Жауменен соғысуға келе жатыр.
Өзі туып көрмеген Дағыстанға
Қындық бір жол болды заман ақыр.

Құйылды көп ғаскерлер сайдан дулап,
Жау жаракты қалын ел [44] шықты шулап.
Қара қошыл тұтіннен от жарқылдан.
Қорқынышты дыбыспен оғы зулап.
Оқ тиген құлап жатыр оннан, бестен,
Шалшықтағы балықтай жатыр тулап.

Бірге барған елден бес кісі шықты,
Жекпе-жекке шыққанда жаман тіпті.
Әлі, Мұса екеуі қайрат қылып,
Ақырында бұларды атып жықты.
Көз алдында бастарын кесіп алып [45],
Сүйретіп алып барып жерге тықты.

Жебірейл аянбайды өзі мықты,
Өлерше жараланды жаман тіпті.
Қалғанын жанды аямай алып шықты,
Қайраты Жебірейлдің байқалыпты.

Оқ тигенін сүйесіп үйме-жүйме,
Тағдыр ісі түсірді мұндай күйге.
Жақынынан айрылған жаралы көп,
Көздін жасын тыя алмай келеді үйге.

Өкінгенмен, не пайда, катесіне (хатасына),
Жолықты Әлі кемпір батасына.
- Тағдыр осы, екі ұлың шәһід (шейіт) болды,-
Деп айтты келіп біреу атасына.

Жұз құбылып, түрленді Жүсіп түсі,
Ойға түсіп орынсыз қылған ісі.
Алласы ашу қылмаса, қарғыс тиіп,
Қабат каза көре ме екі кісі?!

Ажал жетсе, бола ма өлмесіне,
Тағдырға амалы не көнбесіне?!
Жылап-сықтап, аяғы бітті осымен
Кез жеткен соң өлгеннің келмесіне [46].

... Алып барып бұларды қойып кетті,
Жылауменен бірқатар күндер өтті.
«Ашық күні аң атып қайтайын!»- деп,
Батыр Рахым аяңдан тауға кетті.

Жебірейіл жаудан келіп, жатып алған,
Жарақат жаман болып, есін танған.
Емдетіп, елу күнде, тәуір болып,
Аң атуға сол тауға бұз да барған.

Екеуі бір арада кездей келді,
Біріне- бірі келіп сәлем берді [47].
Бірге өсіп, біте қайнап жүрген кісі
Кез келген соң, бір-бірін таниды енді.

Екеуі екі тауды қылған мекен,
Көптен осы бір-бірін көрген екен.
- Рахым, саған айтатын бір мұңым бар,
Аттан түсіп, сөйлессен, болар ма екен?

Керіліп, кекір Рахым аттан түсті,
Тәкаппар, зор көкірек, сондай құшті.
Өзін артық, онымен тен көрмейді,
Менсінбей, азар ғана аз сөйлесті.

- Құрбылас, Рахым мырза, сенің басын,
налақет бір қайғыда менің басым.
Зайрадай әйел адам жарала ма,
Өзгеше көрінді ғой қарындасың!

Қысылып Рахымға бұл солай депті,
Айтса да, жерге, ұялып кіріп кетті.
Арсыз болып бұрыннан көрген емес,
Ұялғаны бетіне әсер етті.

Рахым сонда бет қойды тасырлықта [48],
- Біз, сірә, сендей жанға бас ұрдық па?!

Зайраның сұлулығын несіне айттың,
Сұрамақыны шығарсың қатындыққа?!

Терлеп-тепшіп Жебірейіл түрегелді,
Ұнатпай тік айтқаның сезіп білді:
- Сұрайын деп ойлап ем, рас еді,
Калай кормын (хормын)- алуға бір әйелді?!

- Көнбеймін осы сөзге, әкем көнсе,
Азғырган бір кедейдін тіліне ерсе!
Әкемнің де құлы көп сен сықылды,
Атылып өлмеймін бе, саған берсе?!

... Жебірейіл, бұ-дағы асқан, өзі мықты,
Естімеген ешкімнен мұндай тіпті.
Тістенгенде, ернінен қан сорғалап,
Хайуанша қырылдаған үн шықты.

Екеуі де қанжарға қолды қойды,
Аямасқа бір-бірін ойлады ойды.
Араменен суарған улы қанжар [49],
Не қылса да, бірінің басын жойды.

Рахым ер менсінбейді аса сермеп,
Қан басып, тұла бойын ашу кернеп.
Қорланып [50] Жебірейіл де ыңғайланды:
«Қанжардан капы кетер қай жерде?»- деп.

Әркімге де өзінің керек жаны,
Тұзы кеп Жебірейілдің аңдығаны.
Салғанда кеудесінен шапқа шейін,
Қанжардың қол күшімен қадалғаны.

Жығылды Рахым батыр күні бітіп,
Бара тұрсын Жебірейіл қайтып кетіп [51].
Біреу тауып үйіне апарған соң,
Төрт сез айтты Рахым арыз етін.

- Әке!.. Зайра!.. Жебірейіл,- дейді кегім,
Ойлап Күшік, бұл сөздің білді тегін.
Жылап бұлар Рахымға ант ішеді:
Алмақ болып, қайтсе де, оның кегін.

Қарғыстан қоркушы еді зулап ішім,
Анттасты қанды қанмен жумақ үшін.
Ғазелге де: «Ант іш!»- деп, ант айтқызды,
Қажымай мұның жөнін қумақ үшін.

Рахым ер күні біткен- өліп кетті,
Бір естірлік тамаша жерге жетті.
Тағдыр ісі, қарашы, қалай құшті,
Ғазел көніл көтере тауға шықты.

Ғазел шықты аяндап тау басына,
Бұлбұл көніл қоя ма аumasына?!

Өңінде, не түсінде көрген емес,
Бір жұмыс түседі ауыр [52] сау басына.

Не қылуға білмеді жалғыз басын [53],
Дүние көрген, ұнатып оңашасын.
Көнілді көтеруге тауға шықты:
«Жалғаның, көрсем-ау-деп- тамашасын!»

Ұқсаңыз, осы сөзім жөн шығады,
Білмеймін: қай жерінен мін шығады?
Көкірегін қайғы басқан, көзі- жасты,
Зайрадан басқа тауға кім шығады?

Зайра артына бұрылып жалт карады [54],
Бір жігіт - өзі көркем, таң қалады.
Қара көзі мәлдіреп, кадалып тұр,
- Кім жіберді мұны?- деп, шамданады.

Жігіт айтты:

- Ай, Зайра, бар тілегім,
Сыртыңнан көптен бері мен білемін.

Ғашықлықтың басымда пәлесі бар,
«Саған айт!»- деп, бұйырып тұр бұл жүрегім.

Зайра қыз есітпеген мұндан зарды,
Бұ да сезді: жігітте ғашық бар-ды.
Ағынмен үйге қайтып кетсе-дағы,
«Япирмай, бұл қалай?»- деп, түйткіл алды.

Ғазел барды үйіне кадам басып,
Ғашықтық мұны өртеді отын шашып.
Көзін жұмса, жігіт тұр карсы алдында:
«Кел, қалқа, бір сүйгіз,-деп,-құшақтасып!» [55]

Ғашықлық Зайраға келіп түсті,
Еркектен әйел дерті болар құшті.
Жұмса көзін, кетпейді көз алдынан,
Түсірді жас жүрекке мұнданай істі.

Сол таска, таң атқан соң, және барды,
Іздеген сол жігітке кез бол қалды.
Түсте көрген өңіндегі кез болған соң,
Ғашықлықтың, ынтық бол, дәмін алды.

Жетісті мұратына екі ғашық,
Сүйісіп, құшақтасып, айқаласып.
Зайраға айтты:

- Қарағым, мұнда тұрмай,
Кетейін, жүр бір жаққа, алып қашып!

- Мені әкем, сенен басқа кімге берер [56],
Кешікпе, бар үйіне, елші жібер.
Егер қабыл көрмесе, мен айттайын,
Сонда мені ал да кет, жөні келер.

- Мені әкең өлтіруге бөгелмейді,
Сірә, мені бір көрсе, жібермейді.
Арман етсен, сен- дағы ант еткенсін,
Міне, дайын, өлтірсөн, қанжар!- дейді.

Білгені – қызға жаман кетті батып:
-Қасқунемғе кез кеппін Құдай атып!
Жалғыз ағам Рахым жоқ тіпті ойымда,
Мен ит болған екем фой!- деп, кетті атып.

- Өлтірсөн, Зайра, сениң уағдаң бар,
Мен дайын тырп етпеске, міне, қанжар.

Разымын- сен өлтірсөн, арманым жок,
Мен жазықты емеспін, оны да анғар.

Зайра қыз өткір қанжар қолына алды,
- Кәне, айтшы,- деп, есітті өткен халді.
Ойланса да, махаббат қотті жеңіт,
Қолынан қанжар жерге түсіп қалды.

- Ақ екен Аллаға ісін, болды мәлім,
Сенімен бірге болды менін жаным!
Ақ, қара болсан-дағы тік қарауға,
Тағдыр осы, қайтейін, келмейді әлім.

Соныменен екеуі жүріп алды,
Тәттісін махаббаттың біліп алды.
Амал жок Жебіретілден айырылуға,
Жарының жазықсызын біліп алды.

Сұрайды Күшік бір күн Зайрасынан:
- Сак бол жүр Жебіретілдің айласынан!
Сен көрдің гой ағана күнәкарын,
Жүргенін мен естідім сай басынан.

Айқын ғып, тегі біреу айтқаны- осы,
Қыз айта алмас: «Жебіретіл- жанның досы!»
- Кім көріпті? Көргем жок, бекер шығар,
Не керек естүге [84] сөздің босы?!?

Мамыт деген койшыға айтты Күшік:
- Хабар бер, Жебіретілді көрсөн, ұшып.
Кенжемнің айтқан сөзін ұмытпаймын,
Кетпесін бізден аман, көзге түсіп!

Бірқатар бұл арада заман өтті,
Рақат кетер, бұларға, заман жетті.
Көзі шыккыр, ит Мамыт бір күн көріп:
- Дұшпаныңды кектенген көрдім!- депті.

Қойши айтты:
- Жебіретілді көзім көрген,
Жылдам жүр, асып кетті анау белден.
Әмірің, батыр-еке, екі болмас,
Міндетті сөзім- осы: хабар берген.

Шақырды Күшік сонда екі құлын:
- Өлтірсек, кім даулар,- деп,- онын құнын?

- Үш қылышпен кешікпей жылдам барып,
Қарамай өлтірейік ығы-жөнін.
- Қанжарың өткір ме?- деп, айтты оларға [57],
Қапы болмай, қайрап ал, міні бар ма?
- Мәйісін қанжарымның тұра айтайын,
Қайтадан келтірмейді бір саларға.

Қасен менен Хұсайын жетін келген,
О да оңатын ит емес бұған ерген.

- Қанжарымның не жайын сұрадыныз,
Бағана өлген койды бір-ақ бөлген.

Біреуі айтты:

- Қылышым қалмас кейін,
Кім де болса, шайқасып көрісейін.
Адам қанын ішуғе құмары бар,
Токтамайды, бойламай сапқа шейін.

Кәрі көзі ашумен кетті жайнап,
Бұрыл қасын түйіп ап, қаны қайнап,
Кідірмей келіп қалды әлгі тасқа,
Үшеуі улы канжар белге байлап.

Сол таста отыр еді қашпақ болып,
Зайра сұлу бұралып, аппақ болып.
Айырылды екі ғашық бір сүйісіп,
Ертең сонан бір-бірін таппақ болп.

Отырганда бір тастан сыйбыр кепті,
- Япырмай, бізді іздеуші бар ма?- депті.
- Кош, ертең келейін,- деп, ер Жебірейіл
Ымыртта Самға таман жүріп кетті.

Зайра естіді: бір дыбыс сатырлаған,
Қанжардың дыбысы екен шатырлаған.
Жүгірді Жебірейілді бір көруге:
- Өмір жоқ тұруымға өнсыз маған.

Үш кісі ортага ап жүр Жебірейілді,
Әкесі екен біреуі, келіп білді.
- Оны өлтірсөң, ай, әке, мен де өлем!- деп,
Жан ұшырып, жанына бұ да келді.

Хұсайынның шауыпты бас бармағын [58],
О да өйлап, қимыл ғып жүр, жан қармауын.

Зайраға қарап, көзі тайған шакта
Ойлады Жебірейлден кек алмағын.

Жебірейіл үшеуше алғызбапты,
Көп те болса, дәнeme қылғызбапты.
Хасеннің де шауыпты бас бармағын,
Қанжарды денесіне дарытпапты.

Енді екеуі жабылды екі жактап,
Бұ да қайрат қылыш жүр қалбалактап [60].
Уақып болды Зайраға қараймын деп,
Аныраған дыбысына бір жалтактап.

Қарағанда қамығып, қапы тиіп,
Қандай келді келді дегендей іші күйіп.
Зайранын зарлағанын естүмен
Жығылып қалды жаман, қатты кейіп.

Байқаусыз ортаға алып, жығады ерді [61],
Аққан қан алып кетті жаткан жерді.
-Мұны өлтірдің, ай, әке, мен де өлем!- деп,
Дірілдеп, есі шығып Зайра келді.

- Ағанды өлтірді ғой осы залым,
Өзіне де қылышы еді мәлім.
Көптен іздеп, аңдыған дүшпаныма
Үшеулеп әзер жетті менің әлім.

Жебірейіл қаны саулап жатыр талып,
Зайра қызы құшактайды оны барып.
Зайра менен Жебірейіл қош айттысып,
Жан берді: «Ризамын!»- деп, сүйіп алып.

Жебірейіл сүм дүниеден кетті қайтып [62],
Бір-екі ауыз Зайраға арызын айттып.
Ғазелдің өңі- туисін көргеннен соң,
Үркектеп шыға берді Күшік тайқып.

- Әке, менің кетірдің шамамды да,
Тәнірім алған, жетім ем, анамды да.
Құрыгытың тұқымынды меніменен
Өлтірдің шімдегі баламды да!

Ай, әке, өлгенімше көрмен сені,
Аямастан өлтірдің жалғыз мені.

Сұп-сұр болып, дірілдеп, үйге келді,
Біткен соң, Жебіреілдің ақыр демі.

Зайраға осы қайғы батқан екен,
Шын ғашықлық сүйнан татқан екен.
Баста айттым Күшіктің қапалығын
Сонда Зайра өлер боп жатқан екен.

Кайғылы Күшік: «Зайра кешпеді!»- деп,
«Ризалық меніменен десспеді!»-деп.
Өлерде әкесіне:

- Кештім!- депті,
- Қайтейін, Жебіреіл: «Кеш!»- дейді,- деп.

Көп жатпай-ак Зайраның халі бітті [63],
Сол сөзбен күліп жатып жүріп кетті.
- «Шақырды қазір Жебіреіл, барайын!»-деп,
Бір нәр салмай аузына фейіс етті.

Шын ғашық шыбын жанды бүйім демес,
Орны келсе, өлуі қыын да емес,
Алдында ғашық жары кеткеннен соң,
Кайтқанына жалғаннан қайғы жемес.

Тартынбас таза жүрек мұндай жолдан,
Осы емес пе, жігіттер, өлімі оңған?!

Кажымастық қайрат пен арлы болмай,
Беталды келе берсін неге колдан?!

Зайра мен Жебіреілдің көңілі таза,
Күшік те ашуынан тартты жаза.
Жазықсыз бір қыршын жас өлтіргеннен,
Тәуір –ак көрген жоқ па пәле-қаза?!

Баймұхаммед Тілеубергенұлы

Гүлқашима

Жасымнан жел жаратты Хак тағала,
Түседі жел көңілге қайғы сана.
Іштегі құпия сырды әшкере етіп,
Сейлесем, тыңларсыз жүрт, құлақ сала.

Жаратқан, Тәнқірі күшті, махаббатты,
Махаббат косар бірге түрлі затты.

Жігітке анық ғашығын Тәнірім берсе,
Күйігі сол ғашықлық болар катты.

Жыл жарым мені Алла әуре етті [1],
Бір қызға көзім түсіп, көnlім кетті.
Арқаны сұық сорып дем алғанда,
Сыр елі жақындаған хабар жетті.
Көшпелі елдің Орқашқа алды келген,
Хабарын естіп көnlім елендепті.

Бармаққа ел алдынан міндім атқа,
Мінәсіп, көрінген соң, көnlі шатқа.
Ағайын жүзін көріп, амандаспак
Емес пе көркемшілік саламатқа?!

Арқаға коян жылы келдік ауып,
Мал жұтап, кедейшілік басқа шауып.
Келген соң, он үш жылдай кәсіп істеп,
Қатарға тағы кірдік бие сауып.

Тобылды мекен еттік, қыстау салып,
Кошпелі Үнгіт еді біздің халық.
Жакындал ел жайлauғa келген шакта,
Алдынан көrісуші ем өзім барып.

Быыл да атқа міндім барайын деп,
Фатика ұлкендерден алайын деп.
Бас косып катар өскен құрылармен,
Бес-он құн ойнап-құліп қалайын деп.

Мен жалғыз үлкен жолмен келе жаттым,
Еріксем, жол қықартып, өлең айттым.
Отырган жол үстінде ауыл көріп,
Атымның, сусындауға, басын тарттым.

Шеткегі ақбоз үйге келдім кіріп,
- Ассалаумагалейкум! - деп, сәлем беріп.
Конакты үйге кірген көргеннен соң,
Жеткен қыз көрпе салды турегеліп.

Бәйбіше қымыз құйды, қызы берді,
Қыз екен аскан сұлу, көзім көрді.
Құн ыстық, шөлдесем де, қымыз ішпей,
Жаудырап екі көзім қызда отырды.

Таранған тоты құстай бір асыл зат,
Мензесем хор қызына, болмайды ұят.

Ақ жүзді (иүзлі), бидай өнді [2], шырын сөзлі,
Үстіне сәндік үшін киген манат.

Көп артық ұзын емес, орта бойлы,
Аса артық сөйлемейді, терең ойлы.
Түрленіп тоқсан екі, жүз құбылып,
Сүйкімді, шырайлы, өнді [3], жүзі нұрлы.

Сөйлесе, езу тартып, көзі күлген,
Адамда сабыр қалмас оны (аны) көрген.
Ақ екен ақ інжуден отыз тісі,
Садап пен қымбат пұлға шайтан келген.

Болғанда жазық мандай, қызыл жүзі,
Татиды шекер балға айткан сөзі.
Жігіттің тұла бойын балқытады,
Қара қас, жаудыраған қара көзі.

Тігілген кірпігі оқтай, жайдай қасы,
Өрілген он екі тал желке шашы.
Үзілген, мойны, алманың сабағындей,
Білініп көмейінен [4] ішкен асы.

Аккудай көлде жүзген көлеңдеген,
Оң жакта былқ-сылқ еткен бай баласы.
Бұралған тал шыбықтай құмырсқа бел,
Он бес пен он алтыға келген жасы.

Үстінде шайы көйлек оқа салған,
Кең етек айдалага шұбатылған.
Пешпенті алшынбардан, қысқа женді,
Үңіліп қарағанның көзі талған.

Басында кәмшат бөрік үкі таққан,
Шекеге бөркін қойып, айна баққан.
Алтыннан құлағында қос сырғасы,
Сәулесі, жарқ-жұрқ еткен шамша жаққан [5].

Осындей бір сұлуды көрді көзім,
Бозбала және бойдак жүрген кезім.
Қиялым қызға кеткен сықылданды,
Бермесе ғашық отына тәнірім төзім.

Көрдім де сол сұлуды, болдым ғашық,
Ғашықлық минут сайын артар асып.

Әуейлік, әлеуметім, жаман екен,
Сол үйден шыға алмадым қадам басып.
Сусындаң өз жөніме жүріп кеттім,
Қош айтып бәйбішемен амандастып.

Жөн табу қайда маған, жүріп кеттім,
Басы осы түскен бізге қайғы-дергітің.
Сағ көңілім судай тұнық лайланды [6] енді,
Не қылса, хұқімі құшті Құдіреттің!

Не қылса, Құдіреттің хұқімі құшті,
Көрсеткен пендесіне әр түрлі істі.
Сандалып, дал болумен келе жатсам,
Алдынан көнілді ашар жан кездесті [7].

Ауылдан мен барамын ұзай алмай,
Жан шықпас, асықканмен, Құдай алмай.
Мән-жайын сұрап қыздың, бір қана алмай,
Кезімде келе жатқан шыдай алмай.

Ғашықлық басқа түссе, дерті катты,
Жаратқан мекнат үшін адамзатты.
Алдынан атқан оқтай ұшырап қарсы,
Килікті көлденененен бір көк атты.

Айтыстық сәлем беріп аман-есен,
Жігіт екен қолайлы тілғе шешен.
Орынсыз құрбыларым, бола қалмас:
«Алдынан қарсы ұшыраған қыдыры»- десем [8].

Ол жігіт Құдай айдал душар келді,
Сұрадым, ата жөні мынау болды.
Тамыр аулап Бестөбеден келе жатқан
Мекені- Жақсазда, Құдайқұл-ды.

Жолығып, ата жөнім айта тұрдым,
Атымның басын біраз тарта тұрдым.
Тілі орамды, қолайлы көрінген соң,
Қыз жайынан сөз қозғап, сауал сұрдым (сұрадым) [9].

- Кейінгі шеткі ауылға түстім,- дедім,
- Текке аңсан, көзімменен су[10] іштім!- дедім.
- Бойжеткен сол үйде бір сұлу көріп,
Кап ауызын ғашықтықтың шештім!- дедім.

- Көрген сон, білдім үйдін байын,- дедім,
- Мал менен мұкәммалға сайын,- дедім.
- Жасырмай, білсөн , құрбым, баяндай гөр,
Ол қыздың бастан-аяқ жайын!- дедім.

- Күйеуге берген қыз ба, бермеген бе,
Жел өсек қыз сонынан ермеген бе?
Кеткен сон, көнілім ауып, сұрап тұрмын,
Айып етпе тәптішлеп [11] тергегенге!

Қай жерді мекен еткен ата-анасы,
Қаншаға келген, сірә, қыз шамасы?
Ол сұлу мұнан былай ойга түссе,
Тамшылар өніріме көздің жасы!

Сонда бұған жолыққан жігіт шешіліп сөйлей бастады:

- Достияр [12] Карасуды орын қылған,
Медетбай- атакты бай дәulet конған.
Сен тұскен үй иесі- сол Медетбай,
Жалғыз қызы- Гүлқашима (Гүлкәшиме)- асыл нұрдан!

Үш ұлдың ортасында жалғыз бала,
Өзі ақын, өзі молда, артық туған.
Сипатын өз көзінмен көріпсің ғой,
Ерген жоқ әлі өсек, құрбым, оған.
Сыртынан құмарланған жігіт те көп:
«Арманым болмас-ау»- деп,- барсам соған!»

«Күйеуге ол сұлуды берген»- дейді,
«Қызығын малға сатып көрген»- дейді.
«Күйеүі Сыр бойында- Мөнке: Табын [13],
Шаруа, дәулетті емес, төмен»- дейді.
«Қыз риза емес-ау!»- деп, айтады жұрт,
- Ол жеріне көп жетік емен [14]- дейді.

- Жігіттер сөз айттырған толып жатыр,
Макрұм барлығы да болып жатыр.
Ешкімге езу тартпай, ойнап күлмей,
Бәрін де қабылдамай, қуып жатыр.

Мінезі ауыр қыздың, сабыры көп,
Білмеймін қашанғаша жүрерін тек.
Ол қыздың тас көнілін жұмсатпакқа
Жігітке артық өнер, керек-ті еп.

Жас бала әзір таза, бұзылмаған,
Бақшада бір таза гүл үзілмеген.
Бұл өнір: Жаппас, Қыпшақ жігітінің
Көзі жоқ ол сұлуға сүзілмеген.

Он беске, жылы қоян, келген жасы,
Әзір жоқ жігітлікке ықыласы.
Жігітке, қысылғанда, жанын беріп,
Өсектен бұл күнде аман кара басы [15].

Жаз өлең, білсөң жазу, қызға арнап,
Сұлуға сез қатынастыр, болсаң бармак.
Хатынды қызға берер алып барып,
Үйімде бір інім бар- Инекармак.
Жайлауым- Домбыралы, Қайран келде
Табарсың: «Сүлеймен»- деп, келсөң барлап.

Ол жігіт осыны айтып, жүріп кетті,
Бір сауда түсіп басқа әуре етті.
Біле алмай не қыларым сыркірден (сергелден) боп,
Арада киялменен көп күн өтті.
Барғанмен, ел алдынан, көп жүре алмай,
Құрбыныз, әлеуметім, елге жетті.

Күшейді бұл ғашықлық бастан асты,
Төгемін, қызды ойласам, көзден жасты.
Алдында, көзім жұмсам, қыз тұрады,
Қайғымен астан қалдым, ұйқы қашты...

Білмейді бастарына келмеген жан,
Атына махаббаттың мінбеген жан.
Тағдырда осылайша жазған болса,
Бар ма екен Күдіретке көнбекен жан?!

Бүтін ой, бүтін істі кеттім тастап,
Ғашықлық қын екен отын баспак.
Осындай бір мұхнатка мінгізуге
Жаратты жел көкірек қып Тәнірім бастап.

Осылай арада өтті біраз заман,
Күн сайын ғашығым артып, болдым жаман...
Айтқанын Сүлейменнің макул көріп,
Жазуға оған бір хат алдым қалам.

Сыймайды көңілім лоблып көкірекке,
Кеткен соң ішім толып қайғы- дертке.
Әшкере ішкі сырды етпек үшін,
Оңаша хат жазбаққа шықтым шетке.

Көп салып зейінімді, зорлансан да,
Ой алаң, жазған сөзім келмейді епке.
Ағалар, рұқсат бер, өтінгенім:
Сынатсан, осы хаты, оқып көпке.

Жаңылып зейін, ойым тұрган шағым,
Қалтырап, хат жазғанда, он саусағым.
Әшкере ішкі сырды етпек үшін,
Келмейді, зорлансан да, тіл мен жағым.

Зор беріп, біраз сөздін қостым басын,
Қағазға тамызамын көздің жасын.
Ағалар, ойлан-дағы, байқап кара,
Білерсіз, оқысаныз, сөз мағынасын [16].

Мен иаздым (жаздым) хат басына дұғай сәлем,
Болғанын ғашықтықпен көңілім алаң.
Почтауай исі майлы ақ қағазға
Қарадан жол салады-ау темір қалам!

Осылай бір хат жаздым ақ қағазға,
Қылғаны, жөн болады, ақылы азға.
Конверттеп (кәмпіріттеп) ііс майлы бұл қағазды,
Баладан жіберуге сұлу назға.

Жігіттің қызға жіберген хат сөзі:

- Хат жаздым сәлем айтып асыл затқа,
Сөзімді сәлемнен соң жаздым (иаздым) хатқа.
«Пиғылын тәқаппарлық жұмсай қоймас,
Алар-деп,- жазған сөзді ілтипатқа!»
Құпия сыр құпия тартпай, әшкере естіп,
Кәріпті (ғарыбды) калдырмаңыз зор үятка.

Көрген соң, ғашық болдым, жүзіңізді,
Жаунардан басы (бәсі) қымбат көзіңізді.
Күйген соң ғашық отына, алдым қалам,
Күлкіге шығарманыз сөзімізді.

Ғашықтық басқа түсті, етті алаң,
Берменді көркем сабыр Хак тағалам.

Бұл сауда есімді алып, ішті от кып,
Күйдіріп, өртеген соң, алдын қалам.

Мен бір ай мұнан бұрын сізді көрдім,
Көрген соң көркінізді, көңіл бөлдім.
Бір ұшқын көзіңізден бізге түсін,
Лапылдан өртей кетті, шыдай бердім [17].

Күйдірді түскен ұшқын ғашық майын,
Ауданы ұлкейеді сағат сайын.
«Жалыны қөпке бармай, басылар!»- деп,
Ол отқа сабыр суын қауғалайын.

От сөнбей, түгесілді сабыр суы,
Қауғага көтерілді ғашық туы.
Ішімді, катты жанып, қинаған [18] соң,
Ғақылдың көзін шалған нәпсі буы.

Ақылдың нәпсі буы шалды көзін,
Қалмады көтеруге ешбір төзім.
Аузынан соның (аның) үшін шығып жатыр:
«Мен сізге ғашық болдым!»- деген сөзім.

Көзіме көріндіңіз хор қызындай,
Ақшамның Өмірзая жұлдызындай.
Қара шаш, қара қастың қаралығы
Қытайдың пұлы қымбат құндызындай.

Көргенде жүзінізді жайтаңдадым,
Саудадан, көңілім сұып, қайта алмадым.
Ауыз екі айтпақ түгіл (емес), хатқа жазып,
Сырымды қөпке шейін айта алмадым.

Қөптен соң, сырымды ашып, жаздым хатым:
«Салар,- деп,- жазған хатқа ілтишательн.»
Берсеніз, бермесеніз, сіз білесіз,
Асыл зат, колыңызда ракатым.

Сізді ойлап, үйқы қашқан екі көзден,
Түсінер фахымды адам айтқан сөзден.
Сөзімді жүз қайтара жықсаныз да,
Өлгенше рахманыңнан күдер үзбен!

Ғашықпын сізге сырлас болмак үшін,
Күйген соң ғашық отына, кетті күшім.

Faқыл мен мінез сипат бірге қосып,
Құдайым сізге берген артық пішін.

Болуға бізге сырлас көңіл беріп,
Болсаңыз, жан жолдасым, өмір серік.
Жанымда ерте кеш те сіз болған сон,
Кетер еді корғасындан бойым еріп.

Басыма жиырма үште түсті сауда,
От түсті курап тұрған қалың қауга.
Ha, дүнис, біздерде арман болар ма еді,
Жарқырап (жанымда) отырсаныз ак отауда?!

Не пайда, Тәнірі сені шетке жазған,
Сонда да үмітім көп сұлу наздан.
Мал берген сізге ажарсыз жаман жігіт,
«Көрер- деп- біздерді (бізлерді) артық»- ғақылым аздан.

Дүние өтер басыныздан желдей саулап,
Қалайық өлмей бұрын көnlіді аулап.
Бізлерге шын көnlініз қосылмаса,
Уака жоқ: жұбатсан да азын-аулак.

Денене сыр жалаңаш денем тисе,
Шөп етіп мен сүйгенде, о да сүйсе!
Сенімен құшақтасып жатқан етім
Тозаққа, ынқ етпес ем, мың жыл күйсе!

Қатты дерт кекірекке болды пайда,
Некахлап (некелеп) алар сізді заман кайда?
Өзініз бір ақылды таппасаңыз,
Кұрбыныз таба алмады-ау ешбір айла.

Қайғымен кекірегім ашылмайды,
Ғашық оты өлгенімше басылмайды.
Ойланыз шама қылып зыныңызben (зейніңізben),
Сүймеске ешбір адам асылмайды.

Тобылды мекен еткен, Үңгіт- затым,
Халық ара, маглұм еді жазған хатым.
Атакты Тілеуберген жыршыныздың
Баласы- Баймұхаммед- болады атым.

Бізлерді қалмагайсыз мазак етіп,
Бұл дәурен әлі-ақ бастан кетеді өтіп.

Жіберіп бұл хатымды сіз тарапқа,
Ынтызар, жауабынды тұрмын күтіп.

Жібердім осылайша бір хат жазып,
Қайғымен кеткеннен соң жудеп, азып.
Сөкпеніз мен байғұсты қыған жан,
Саудасы ғашықлықтың сондай нәзік.

Желіксе, ғашықлықпен қайран көніл,
Жас ағар қара көзден ағыл-тегіл.
Жалғыз-ақ бұл дүниеде мен емеспін,
Әркімде болған шыгар осы піғыл.

Ғашықлық саудасынан өлгендер көп,
Мәжнүндей ғакылы зая болғандар көп.
Біреуге ғашықлықтың оты түссе,
Айрылып шыбын жаннан қалғанлар көп.

Мен-дағы арақ ішкен мас адаммын,
Сүйгенсіз күні қаран жас адамнын.
Саудасы ғашықлықтың басқа түссе,
Ериді катты көнілі тас адамның.

Көнілімді бұл саудамен қайғы басқан,
Жұдедім ада болып ішер астан.
«Бір хабар сол қалқадан келе ме?»- деп,
Ынтызар бола-бола үйқым қашқан.

Арада бұл калыппен аз күн өтті,
Ынтызар болатұғын уақыт жетті.
Сыртында жазуы жоқ, түсі қызыл,
Бүктелген көзім көрді бір конвертті.

Інісі Сүлейменнің келген барып,
Оқыпты қыз хатымды назар салып.
Сол жакта үш күн жүріп, айналақтап,
Жауабын жазған қыздың келді алып.

Куанып, хат келген соң, судай тастым,
Конвертті жырта тастап, аузын аштым.
Жазылған сөзін оқып қараганша,
Жүрегі қалтырайды біздей мастын.

«Ассалаумағалейкум!»- деп, хатқа жазған,
Нәпсіге ерген жігіт жолдан азған.

Ағалар, сізлер ойлап, байқамасаң,
Мен сөзіне түспеппін – ғақылым аздан.

Қыздың жігітке қайтарған жауабы

«Ассалаумағалейкум!»- деп, сәлем бердік,
Бізлерге арналып жазылған хатты көрдік.
Құпия сыр ғашықлықты әшкере еткен,
«Ары жоқ, ұтты аз, жан ғой!»- дедік [20].

Көрген жан сүйсінгендей қаламыңа [21],
Сонда да, шынын білмей, нанамын ба?
Жігітлік, жел мінезді тоқтата алмай,
Қайранмың- жоқ нәрсеге алаңыңа.

О баста Хак жаратқан махаббатты,
Жар тапсан махаббатлы, болар тәтті.
Біреуге беріп, біреуге бермей қойған,
Кім өзгертуі, ойлашы [22] Құдіретті!

Шығарып киялыннан, ұмыт бізді,
Хат жазып, қуып мұнша өткен кезді.
Екі жыл мұнан бұрын тап келмедін,
Қосуға бұйрық жоқтан екеумізді [23].

Қолденең тындалап отыргандардың сөзі:

Рас сез, Гүлкашима шын айтады,
Бұл сөзі талай жанды мұнайтады.
Қүйеуғе бір өлмеген басы бос...
Не тауып,- ғашық жарға нені айтады?

Хат сөзі

Салдың ба жеңілдікке мінезінді,
Байқамай бізге жазып әр сөзінді?
Баяндалап ғашық жайын хат жазыпсың:
«Ләйлі мен Мәжнүндеймін!»- деп өзінді [24].

Баяндалап ғашықлықты жазыпсың (иазыпсың) хат,
«Мен ғашық саған!»- деудің өзі де ұят.
Сөзіңе түсе алмадым, қатты ұялдым,
Қалғандай кей сөзінде көнілде тат [25].

Мал берген мен біреудің таңбалысы,
Қос жұртты әзіл сөзге қылам ба мат?
Той қылып, құда түсін, құйрық жесіп:
«Мал- сізге, қызы- бізге»- деп, айттылған шарт.

Әркімдер: «Факылды!»- Дер, мені мактап,
Бұзбаймын мен батаны, уәде аттап.
Мойныма жұрт батасы ауып кетсе,
Құлармыз тар көпірден тайғанақтап.

Қос жұрттым «жауыз дұға» қылар маған,
Болған соң пиғылым көпке ұнамаған.
Қалыпқа биопалық үйренген соң,
Тағы да опа қылман, жаным, саған!

Ғибрат кітапларын оқып қара,
Оңбаған- жауыз (иауыз) дұға алған адам.
Ренжиді ар төккенге ата-анам,
Тоқтарсың бұл сөзлерге, болса санаң.

«Ерің мен ата-ана, ұстазынды-
Бұйырған- ренжітпе!» -деп, Хақ тағалам.
Хатында деп айтыпсың: «Жарың жаман,
Өтер-деп,- әлі-ақ бастан шолақ заман!»

Бұл шолақ заманада сүйініш аз,
Күйініш көп көреді бәни адам.
Көз салышы бұл дүниеге келген жанға,
Мақсаты болған адам бар ма тамам?!

Білемін өзім-дағы жар жаманын,
Құдайдың тағдырына бар ма амалым?!

Тағдырға риза болып, сабыр айлап,
Саплардан [26] сабыр еткен табыламын!
Бақидың қызығынан үмітім бар,
Пәнидің аз қызығын не қыламын?!

Сабырдың акыретте сауабы зор,
Жар жаман бола берсін көрсөкүр көр.
Жаманға жақсы қатын тұс келген соң,
Құдайға шүкір қылар, қара да тұр [27].

Тәңірінің бергеніне шүкір етсе,
Риза болып тоюмен көнілі бітсе!

Жұмактан (ұжмақтан) жақсы орын алар деймін,
Құдайым еткен шүкірін [28] қабыл етсе!

Мен-дағы жаман ерге сабыр етsem,
Өлгенше «жаманменен» дұрыс өтsem (кетsem),
Пенделер сабыр қылған қатарында,
Құдайдан қабылдығын үміт етsem.

Бір жақсы бір жаманмен қосылмай ма,
Қосылып екі жақсы тұр кай жайда?
«Барына-шүкір, жоғына қанағатшыл
Болғанның [29] орны жұмакта!»- деген қайда?!

Зинаны пайғамбар да қош көрмеген:
«Шырғыдан мұмін адам тыс жүр!»- деген.
Бакиының көп қызығын артқа тастап,
Пәниде аз қызықты ескермеген.

Бір күні жарым келер есік аша,
Ойлаши: «Келмей жүрер қашанғаша?»
Бетіме: «Опасыз!»- деп, түкірмей ме,
Біздегі қойған малын таба алмаса.

Бір күні жаман іздер аманатын,
Қош көрмес мал бергеннің [30] киянатын.
Бұл күнде мезгілсізрек көрінеді,
Біздерден ол-пұл сұрап жазған хатың.

Сөзіңе сөз қайтарып, қалам тұттым,
Өсегі көп болса да біздің жүрттың.
«Бегет көп өте алмайтын мен көрседім,
Зейіні бар түсінер!»- деп, үміт еттім.

Миуа жоқ сізге несіп бұл шарбактан,
Ізденіз ол миуаны бөтен жактан.
Тен құрбым катар өскен болғандықтан,
Сөзінді түсірмедім ілтипаттан.

Саялға жауап беру бізге парыз,
Өтедім, жауап жазып, бойдан карыз.
Аяғын осылайша тамам еттім:
«Жауапсыз қалмасын!»- деп, сіздің арыз.

Жазыпты осылай деп маған хатты,
Хатты оқып, тұла бойым қалтырапты.

Ғашықлық басқа түссе, киын екен,
Бойымнан шып-шып шығып терлер акты.

Бұл хатты оқып көрдік келгеннен соң,
Не шара: тәнірім басқа бергеннен соң?!
Ол қызға қол салуды ойыма алдым,
Баладан жатар орнын білгеннен соң.

Інісі Сүлейменнің барып келді,
Сұлудың жазған хатын алып келді.
Сол жакта ұш күн жүріп, айналсоктап,
Бірсыныра хабарларға қанып келді.
Жабдығын «Есік ашар» сөйлескенін [31]
Іс соңын не боларын танып келді.

Қамданып, бір айдан соң келмек болған,
Күйеу кеп, есік ашып кіrmек болған.
Той малға сегіз жұз сом ақша алып,
Қалаға шығып, қызды бермек болған.

Медетбай сегіз жұз сом ақшаны алған,
Алуға керек-жарап қала барған.
Болған соң үй онаша сол күнлерде
Құрбыңыз қол салуды ойна алған.

Ауылына Медетбайдын келе қалдым,
Үйіне жалғыз келіп кона қалдым.
Жұмыспен Кіндіктіге бара жатқан
Жолаушы өп-өтірік бола қалдым.

Қол салдым түнде тұрып сұлу қызға,
Оянып сұлу қыз да келді сөзге:
- Жайымды жазған хаттан айтып едім,
Тоқтамай, жігітлікпен келдіңіз бе?
- Мен сізді (сіznі) көргеннен соң, болдым ғашық,
Хат жаздым (иаздым) ғашықлықпен сырымды ашып.
Бойымда мерезім жоқ жұғатұғын,
Не болды, сұлу, сізге мұнша қашып?

Көлденең тындауны айтады:
Сұм дүние-ау, сенен менің көнілім сұыған,
Жандарға, жеткізбедің, сондай қуған.
«Аузынан айналайын!»- десендерші,
Ер екен заманада жалғыз туған!

Қыз айтады:

Беруге, мені Тәнірім, несіп кеткен,
Тағдыр ғой келемежге ғашық еткен!
Іздесе бізге қойған аманатын,
Сонан соң болмаймын ба мен ант жеткен?!

Уақытым жақын қалды көретүғын,
Серттесіп, жар соңынан еретүғын.
Несіне аз күн үшін ұмтылайын,
Косылып, болмаған соң жүретүғын?!

Тәнірге уағда беріш ұрдым кадам,
Көтерген ауыр жүкті бәни адам.
Әйелден адам ұғлы өргендіктен,
Салмағы ауыр жүктің түскен маған.

Женілдік, таста, жігіт, тәубені ойла (айла),
Халқыңа, шаман келсе, тигіз пайда.
Міндетлі ауыр жүкті сен көтерсөн,
Махшарда отырарсың коңыр жайда.

Тындаушылар мынаны айтады:

- Жарайды, пәлі, жаксы қыздың сөзі,
Алтындей сүйікті екен әр лебізі.
Сактағаны жоқ иттер иесіне,
Пәлі боп, бұлданады несіне өзі?

Махаббат берсін Алла екі жасқа,
Болмаса бастырылсын қара тасқа.
Болған соң махаббатсыз бір-біріне,
Жатса да бір төсекте екі басқа.

Болмаса, міне, осындаі айтар сөзің,
Біреуеге боп тұрмаса берген кезін.
Меселін ер жігіттің мұқатпай-ақ,
Мамырша деп тұрсайышы мейлін өзін!

Жігіт қызға айтады:

Мен айттым:

- Токта, сұлу, бермен қара,
Ауданды, менін дертім, болғап жара.
Сен маған уағыз айтып әуре болма,
Құлагым саңырау болған, есім шала.

Маган сен дін үйретпе, айт ықыласын,
Сен үшін әуре болды кәріп басым.

Шынынды айтып өлтірші тым болмаса,
Бізлерге көnlің калай, замандасым?

Қыз айты:

- Білерсің бір уақытта сабыр етсең,
Азырак ішкі сырға жәбір етсең.

Жазармын, жайымды айтып, мен шынымды,
Сен менін ұзатылар уақыттым күтсөн.

Ішкі сыр запискамен болар аян (ғаян),
Қылармын, хатқа жазып, саған баян.

Ол күнлер алыс емес, оған шейін,
Сабырдың таяғына мықтап таян.

Ал, енді түр қасымнан, орныңа бар,
Әрқашан сізге болсын бір тәңірі жар!
Оянып ауыл-аймақ біліп койса,
Басыңа кең дүниені етпей ме тар?

Сөз бітті, бұл сөзден соң, ғылараж құрды (құрыды),
Салбырап қыз жаңынан сорлың тұрды.

Мен емес, әркімдер-ак өте алмаған
Араға Құдірет қазған терен орды.

Тындаушылар жай отырмай, сөйлеп жібереді:

- Құрылған қакпан менен торы жоқтар,
Абайла мынау сөзді, соры жоқтар!
Шапанның өніріндегі қабысып қал,
Белгілі Құдірет қазған оры жоқтар.

Жарагкан осылайша Жаббар Халық,
Бұл сөзді, шын тыңланыз, демей танық.
Бір ұшқын ғашық оттан түсіп кетсе,
Өлуің, көпке бармай, сүттен анық.

Тап келді бұл бір сауда жиырма үште,
Ғашықлық қатты батты, тиді күшке...

Күз болып, күземді алып, көшпелі елдер,
Қатарлап тізген шакта түйе көшке.

«Медетбай үш күннен соң той қылад!»- деп,
Отырып мен естідім бір күн кешке.

Сәтіне сәрсенбінің той қылады,
Әр жерден жұрт жиюға үй қылады.
«Ат жарыс, балуан курес, қызық бар!»- деп,
Мереке, бас косылған сый қылады [32].

Медетбай қыз ұзатпақ, отау жауып,
Ат, құнан бәйге алады оза шауып.
«Бір жетіде шамасы таркайды»- деп,
Жұрт қымызын жияды [33] бие сауып.

Бұл сөзді естіген соң біздің құлақ,
Шама жок үйде отырап, жаным шыдап.
Той болар сәтті күннен бір күн бұрын,
Ерттедім мен атымды жылдамырақ.

Мен ерттеп, жабдық салдым кержорға атқа,
«Көрініп қалайын,- деп,-асыл затқа!» [34]
Бұл тойға не себептен асығамын,
Ол сұлу кеткеніне көніл шат па?

Шат болу маган қайда, замандасым,
Бұл іспен әуре болды кәріп (ғарыб) басым.
Ішім-жалын, сыртқа түтін көрінбейді,
Агады іш елжіреп, көзден жасым.

Тұс қыза жұртпен қатар келдім тойға,
Тап келді бір селкілдек тұла бойға.
Тұбінде Қарасудың байдың ауылы,
Тойға арнап алты үй тіккен көгорайға.

Ақ орда байдың тіккен көл басына,
Үй толған сегіз қанат ұргашыға.
Бәрін де сәүлетінің асырыпты:
«Түсер,- деп,- жұрттың көзі- болмашыға!»

Ақ кигіз, қыз отауы, қызыл-жасыл,
Отаудың іші-тысы, бәрі де- асыл.
Ішінде қызы-келіншек басын қосқан,
Отырған ортасында бекзат нәсіл.

Ас үйге пісірісіп тойдың асын,
Көп адам босатпай жүр ошақ басын.

Кісіге сегіз жұздей қанша табак,
Жетеді, білген адам, хасапласын (есептесін) [35].

Бұл тойда қожа да бар, молда да бар,
Тенселген төрт аяғы жорға да бар.
Не жандар, жұрт жиылса, көрінбейді,
Құрт жиған, диуаналар, дорба да бар [36].

Қолға алған домбырасын жыршы да бар,
Іздеген ойын-күлкі тойшы да бар.
«Тойға қу бас домалар»- дегендейін,
Жанында жан торсығы- қойшы да бар.

Көп жұртқа табак-табақ ас тартылды,
Жал-жая, қазы-қарта, бас тартылды.
«Той асы- Ҳақ қазынасы»- деген рас,
Жегенмен таусылмастай көп артылды [37].

Тауыса алмас көзбен көрген тілмен айтып,
Қинадық аз құн жанды бейнет тартып.
Жиылған кеш тартысқа бозбалалар
Құн батпай, зарықтырды көп сарғайтып [38].

Қызырып құн де батты таудан асып,
Ақ үйден қыздар шықты қадам басып...

Жылаған сүйгенінің даусын естіп,
Ағызды көзден жасын біздей ғашық.
Ішінде көп жұлдыздың Айдай еді,
Қайтейін, болмады фой маған несін?!

Налимын жеке отырып Жаббар Ҳаққа:
«Қар құн туғыздың ғой мен бейбаққа?!«Отырған жерде соны жоқ қылсам!»- деп,
Кей-кейде көз саламын шатыр жаққа.

Жиылған қызы-бозбала акбоз үйге,
Жыршылар домбырасын салған күйге!
Бай-жарлы, жас-көрілер сексен-тоқсан,
Келіпті бай қыzlары мінген күйме.

Бәрі де тойға келген ермек үшін,
Мереке, ойын-күлкі көрмек үшін.
Әркімлер дос-достымен бірер құнгे
Қымсынбай емін-әркін жүрмек үшін.

Киінген қыз-келіншек аянбай-ақ,
Қосылған «Қозы Қөрпеш-Баяндай»-ақ.
Іші тар Қодар құлдай қыз қорыған,
Келіпті кей кемпірлер, қолда- таяқ.

«Кемпірі бардың кәпірі бар»- деген рас сөз.
Кемпірлер қыз қорыған қөзін сатып,
Қойнына, бұрылдырмай, алып жатып.
Барсайшы иттің көбі қалмай бірге
Ұзатып жіберген күн малға сатып.

Қыз болып өскен жоқ па иттің өзі,
Ойын менен күлкінің жастық кезі.
Он жакта ойнап-күлгендің бір мереке,
Емес пе колға түспес дәурен өзі?!

Анық сөз ақ тенгедей адад маған,
Тікен жоқ өн бойыма қадалмаған?!
Бозбала жаман туған, заманымда
Кемпірден қызды айырып ала алмаған.

Бұл бір түс: орнын тауып, кім жорыған,
Бозбала аш қасқырдай қыз торыған.
Көрініп иттің құскан құсығындағы,
Кемпір көп талай жерде қыз қорыған.

Таба алмай бір тұрган жан: «Өзің біл!»- деп,
Жанлар көп су таба алмай жүрген шөлдеп.
Бұрынғы бәйбішелер кетуші еді:
«Шырагым, құрбың келді, ойнап-күл!»-деп.

Тойды козінен көрген Баймұхаммедтің өз сөзі:
Жиылтып түгелденген жұрттың бәрі,
Жастардың, ойын-күлкі, ынтызары.
Жиылған бірыңғай жас, назар салсам,
Болмаса Қодар құлдай кемпір кәрі.

Шай ішіп, ет жеген соң, басталды ойын,
Сауық қып отырысты тұні бойын.
Әуелі- өлең, екінші әр түрлі ойын,
Қыздырып ылғи жастар қыздың тойын [39].

Бір ақын той бастаған домбыра алып,
Тыңлаған отырған жұрт құлак салып.

Байлығын Медетбайдың баян етіп,
Тастады біраз жерге алып барып.

Қыздар да екеу-екеу әнге салған,
Жамандар жүрексінген құры қалған.
Қыз ойнак, той тартысы бозбалага,
Көрінер сүйкімдірек дүние малдан.

Шаттанған (шатланған) жұрттың бері ойнап-күлші,
Жалғыз-ақ мен екенміш түскен бүлік.
Бұл сауда басқа түспей тұрган күнде
Кетуші ем осындайда аттай желіп.

Көрген соң бұл шаттықты, қайнайды ішім,
Онбаган, о бастан-ақ, қылған ісім.
Бұхардың шынжыраулы бурасындағы,
Қайраймын шықырлатып отыз тісім.

Көрдім де сол сұлуды, көнілім кетті,
Бір сауда басқа түсіп, әуре етті.
Озған соң түн ортасы, танға жақын,
Айтатын қызға жар-жар уақыт жетті.

Бұл қиял келді де ойға, тыска шықтым,
Бәрі бір, адасқанға, жел мен ықтың [40].
Кеткен соң інім толып қайғы- дертке,
«Иа, hy!»- деп, леп шығарып, көкке бақтым.

Аспанда жүлдyz жиң жыбырлаған,
Қайғы-дерг жанымды өртеп, тындырмаған.
Іштегі қасіретімді түсінгендей,
Жүлдyzдар жымындастып [41] сыйырлаған.

Калтырап, қадам басып, жетіп келдім,
Өлеңді қыз тұсынан қоя бердім.
Бұл фәни дүниенің аз күнінде
Басына не келмейді жігіт ердің?!

Сол жерде бес-алты ауыз ау-жар айттым,
Тартуға ілтипатын әлеуметтің.
Ағалар, ойлан-дагы, байқап қара,
Мазмұны мынау болды хикаятың!

Сонда Баймұхаммед сабаздың айтқан жар-жары:

Ак бекебай орамал
Басында дүр, жар-жар!
Жолаушының тілеуі
Кұсында дүр, жар-жар!

Құрбынменен жүре алмай,
Аз ғана күн, жар-жар!
Орамал кеткен басындан
Жасында дүр, жар-жар!

Құрбынменен ойнаған
Ақырғы түнің, жар-жар!
Сәскеден қалмай таң атса,
Табарсың жөнің, жар-жар!

Енесінен айрылған
Балапандай жар-жар,
Ёртеннен сон естіліп,
Шықпайды үнің, жар-жар!

Артта қалды желкілдеп,
Туган жерің, жар-жар!
... Қынай белің жібекпен
Буган жерің, жар-жар!

«Ортамыздан кетті- деп,-
Бір асыл зат!», жар-жар,
Көздің жасын төгеді
Туган елің, жар-жар!

... Ағаң менен артында
Інің қалды, жар-жар!
Оң жақтағы ойнаған
Құлын-тайдай айқасқан [42],
Күнің қалды, жар-жар!

Такия киген қызы атың
Өшіп қалып, жар-жар,
Жаулық салған басыңа
Келін болдың, жар-жар!

Айнала сал назарың,
Қарындасым, жар-жар!

Бәрі- сенің катарын,
Карындасым, жар-жар!

Жылашы, қыздар, жылашы,
Қосып үнің, жар-жар!
Білдің қараң батарын
Карындасым, жар-жар!

Жар-жарды осылай деп, болдым айтып,
Фашықлық күйдірді ішті, зарды ұлгайтып [43].
Шыдар ма қыз жыламай, тас та болса,
Бұл дәурен екі айналып (айланып) келмес қайтып.

Ах ұрып, қыз жылады, қайғыланып,
Әркімнің іш кайғысы өзіне анық.
Жылайды не нәрсе ойлап ол сұлу қыз
Ол сыры өзіне аяң, маган танық.

Қыз сыңсып, зарлы сөзбен көп жылайды,
«Аман бол, қайран жүртүм!»- деп, жылайды.
Тиеді атқан оқтай маган зият (заят),
Күмістей қызыдың дауысы сылдырайды.

Бар еken сол жиында бір келіншек,
Баяндайын, болмайын мен еріншек.
Өзі де қызыл тілдің бұлбұлы еken,
Емес-ті женçл малдай, ол сүріншек.

Ол бұлбұл отыр еken қызға жалғас,
Көп аса қалжың сөзге құлақ салмас.
Қыз сыңсыған кезекте шешен болып,
Жалқы (жалпы) әйел көніл аулап жұбата алmas.

Келіншек лебіз ашып, бастады сөз,
Жұбатты қызды өлеңмен, ұзартпай тез.
Айтқан соң ұнамды ғып тәтті сөзді,
Жылауын өксіп-өксіп тоқтатты қыз.

Келіншектің айтқан жар-жары:

Ақ бөкебай орамал
Басында дүр, жар-жар,
Жолаушының тілеуі
Қосында дүр, жар-жар!

Әйелдің сұрген дәурені
Әлеуметім, жар-жар,
Алған адал жарының
Тұсында дүр, жар-жар!

Оң жақта қыз жүгенсіз,
Аттай болар, жар-жар,
Жерде жатқаң тот басып,
Таттай болар, жар-жар!

«Әйел-ханым, жігіт-хан»-
Деп айтылған, жар-жар,
Бұрынғының накылы-
Хаттай болар, жар-жар!

Елің үшін жылама,
Кетпейсін жауға, жар-жар,
Жерің үшін жылама,
Кетпейсін тауға, жар-жар!

Халалыңа қосылып,
Бір төсекте, жар-жар,
Басыңа сәуле түседі
Болған соң сонда, жар-жар!

...Жар-жарын жас келіншек айтып болды,
Жылауын өксіп-өксіп қыз да қөйды,
Ішіме зор кызғаныш пайда болып,
Көрсетті сұр жыландај жынын тойды.

Дал болып мен отырмын жерге қарап,
Тұс-тұска заһин (зейін) пікір кетті тарап.
Лыпырақ деген сөздер ойға түсіп,
Сандалған бір мәжнұнмін, халім ҳарап.

Қасыма сол уақытта біреу келді,
Қолыма төрт бүктең қағаз берді.
Ап келген он-он бірде бір жас бала:
«Бұл хатты апам сізге берді»- деді.

Сонда естіп тұрған біреу айтыпты:
Құр шаршап, естүменен мен налыппын,
От жалын, шоқ өртеніп, ну жаныппын.
«Өтер күн өтіп кетті, керегі жоқ,
Уай, апанды-ақ с...ін!»- деп салыппын.

Баймұхаммедтің өз сөзі:

Оңаша жерге жалғыз шығып алдым,
Азырақ көздің жасын сығып алдым.
Жалма-жан отты жағып, жарық қылышп,
Мазмұнын бұл қағаздың үшіп алдым.

Мінеки, білгің келсе, жазған сөзі,
Дүниенің харам болар келді кезі.
Япырмау, не қылған жан, ішкі сырын
Сактаған адамға айтпай қалайша өзі?!

Қыздың ішкі сыры:

Қызлардың ішкі сыры Аллаға аян,
Ешкімге сыры- жауһар: етпес баян.
Кетерде сізге айтайын, замандасым,
Алдында хал-ахуалым болсын фаян.

Мениң де көргеннен-ак қөңілім кеткен,
Бұл сауда мені –дағы әүре еткен.
Ойлаши өзің-дағы қайранлықпен,
Іс бар ма бұлай болған Құдіреттен?!

Мениң де, сізді ойласам, ішім-жалын,
Кетеді кей уақытта ықтиярым.
Дүниеден татар дәмім таусылғанша,
Жүрермін тарта-тарта ғашық зарын.

Ит дүние, баяның жоқ, жалған дүние,
Талайды арманда қып алған дүние.
Мақсатқа қиялдағы жеткізбестен,
Көңілге кетпес дерпті салған дүние!

Не пайда шықкан күннен жоқ боп батар,
Нар күрсыын жетектеген [44] қатар-катар?!
Мен сорға қара күндер көл туғыздың,
Қайғының касіретімен жылап жатар.

Сөзінді сенің жазған жатқа алармын,
Тұскенде сен есіме, хат қарапмын,
Өлмегенге, қара жер, күнім өтіп,
Міндетті бір жұмысты атқарапмын.

«Шаш ұзын болғандықтан, ғақыл-қыска»,
Қалдырдым әуреліктे сені босқа.

Менін де тірілігім не болады,
Болған соң бас қосқаным ит пен шошка.

Талайсыз, бақсыз болған мен бір сорлы,
Көрмеген ердің күнын ұят құрлы.
«Ұяттан аттамаймын!»- деп, жоғалдым,
Сөзімнің, қанша айтқанмен, болмайды орны.

Өмірлік(ғұмырлық) қайғыдан құткар, Алла!
Басқаға мұндай күнің тінті салма!
Несіне жан жаратып, дүние қылдың,
Жалғанда қоспасың бар сүйген жарға?!

Налыған Гүлқашима сорлы күнін,
Өтеді зұлматпенен, қайран күнім!
Серігім дұрыс болып жолықпады,
Берсен де жөн танырлық маған білім.

Біреуге бір көргеннен ғашық қылдың,
Ажарсыз бір наданға несіп қылдың.
Көнілдің бір қалауын хош келтірмей,
Ағуға көзім жасын машық қылдың!

Оқыдым оңашада бұл хатты алып,
Өртеніп от болыппын қүйіп-жанып.
Суына шомылғанмен сөне алмадым,
Со бетіммен Обаган, Тобыл барып.

Құдайым жазған екен шоқ қылуға,
Қайғымен жүрегімді тоқ қылуға!
«Енді мен тірі болып, не болам?!»- деп,
Ойландым өзімді-өзім жоқ қылуға.

Шарабын махаббаттың Хақтан іштім,
Сол үшін, міне, осындей қүйге түстім.
Көргенім, көрсеткенің мынау болса,
Уай, жалған, жарық дүние, сенен кештім!

Жібердім өзім тұлдаپ Кержорға атты,
«Мен көріп жүрмейін- деп- жуық, жатты!»
«Қайда-деп-Баймұхаммед?»- іздегенің
Оки бер жанқалтадан, ал да хатты [45].

Қалтасындағы хат сөзі

Ей, менің сүйегімді көрген адам,
Куәм бар бұл сөзіме: дәуіт, қалам.
Жауабын ақ қағазға жазғаннан соң,
Ақырда өз өмірін етер тамам [46]!

Қос сорлы, картайғанда, қан жылаттым,
Сәлем айт: бақыл болсын ата-анам!
Тобылдың жары астында Баймұхаммед,
Жанында өткір пышак, қолда қалам.

Фашығына Гүлқашима от боп жанып,
Келмеді сөндіруге оны шамам.
Тобылда: жалғыз үйлі Үнгіт едім,
Жок еді артымда іні, алдымда- ағам!

Ақылым зая болып, сабырым кетті,
Бір қызын Медетбайдың көрген заман.
Ақырда өз басымды өзім жойдым,
Айрылып сүйген жардан жүрген жаман.

Қош -сау бол артта қалған кемпір мен шал,
Балаңа дұға айланыз қадари хал.
Жоқ еткен өзін-өзі бейшараңы
Қарғамай, мархабатлы, есіне ал!

Жалаңаш бұл дүниеден кеткендерге
Фатика ақыретте құйрық пен жал.
Түспесе қолға, сірә, ойға алғаның,
Жасаған жасың құрысын құр ауру сал!

Ағайын, сырға көшкен, бата қылса,
Елінен Мәңке, Табын хабар білсе!
Естісін бұл хабарды Гүлқашима,
Сәлемет барған жерде тірі жүрсө!

Дем алсын отын оттап, сұын ішіп,
Көп жорткан Гүлқаш үшін жорға Керше.
Көзінен ата-анам жасын төгер,
Жүгенсіз, ерсіз жүрген Керді көрсө.

Ақырда сізге сәлем, Гүлқашима,
Зат едін асып туған үргашыда.
Дұға кыл, естігенде, мен акымакка,
Жоқ қылған өзін-өзі болмашыға.

Бұл дүние құтты болсын енді сізге,
Қылмады жалған опа титтей бізге.
Өзгеге туған ана болса-дағы,
Өгей боп душарласты біздің кезге.

Хош-сая бол, Тобыл өзен, қалың талым,
Ішінде тогайыңның шығар жаным.
Топыракқа аунап, боялған қызыл қанға
Жуылар сүйменен ғазиз қаным.

Тұсіріп өткен күнді жұрт есіне,
Үйілер бір кішкене мола тамым.
Болып па өлім деген маған бұйым,
Кып-қызыл жұрт көрмеген кидім киім.
Несіне мен дағдарып бөгелейін,
Кара жер: атам-анам, салулы үйім.

Таң қалар Гүлкашима көрген жерде,
Ол түгіл тап ете алмас білгендер де.
Жаманмен бір күн өмір жасағаннан
Жатқаным жақсы емес пе жайлы көрде?!

Ақырда, Гүлкашима, тағы сәлем,
Бұл айтқан ықылас сәлем- соңғы калам.
Барады күн еңкейіп енді кешке
Ақыры осыменен болсын тамам.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1937)

Қазақ салты

Қаз едік қатар ұшып қанқылдаған,
Сахара көлге қонып, салқындаған.
Бір өрткес қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған?!

Алаштың адамының бәрі мәлім:
Кім қалды таразыға тартылмаған?
Дегендер: «Мен жақсымын!»- толып жатыр,
Жақсылық өз басынан артылмаган.

Шешенсіп [1], құр пысықсып сөйлейтін көп,
Екпіндеп ұшқар атша қарқындаған.

Бос белбеу, босаң туған бозбала көп,
Киіздей шала басып, тарпылмаған (қарпылмаған).

Еңкектеп ет аңдыған шалдар да көп,
Телмірш, бір тойғанын ар қылмаған.
Ақкөніл алан-бұлаң адамдар көп,
Есептеп азын көпке, аңқылдаған.

Қайырсыз неше сараң байлар да бар,
Қайыктай толқындағы қалтылдаған.
Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,
Ұмтылып, талап ойлап, талпынбаған.

Солардың қатарында біз де жүрміз,
Мәз болып құр түймеге жарқылдаған.
Не пайда өнерін мен біліміңен
Тиісті жерлеріне сарп ұрмадан?!?

Бұл бір сөз қасіретлесіп [2] хатка жазған,
Қалмаған түк қасиет, қазак азған.
Байға- мал, оқығанға шен (шын) мақсат боп,
Ойлайтын жүрттың қамын адам аздан.

Достыма хат

... Айтқанмен, таусыла ма оны-мұны,
Талайдың тандамалы түпкі сыры.
Жанаңсан шын көңілмен жақындық аз,
Көбінің іші салқын, сырты жылы.

Ақшаға абыройын, арын сатып,
Азған жұрт, адамшылық қалмай сыны.
Жаны ашып, жақын үшін қайғырапа [3]:
Жаны- мал, жақыны- мал, малдың кұлы.

Жиган-терген

Оюын ойып,
Орындаپ қойып,
Тұр салғандай өрнекке.
Қынинан қынш,
Қырдан жиып,
Құрап сөзді бермекке.
Еңбекте егіз тіл мен жак,
Ерінбесен, сөйлеп бақ!

Именіп көптен,
Сақтық қып еппен,
Тасалама ойынды!
Ашынса етің,
Ашылмақ бетің,
Тірі көмбей бойынды.
Жүргегінің жарасын
Көрсет жұртқа, карасын.
Окушым (окуши ем) ұкпай,
Оскырып, шықпай,
Сабырмен байқап сөзімді.
Шыққан соң сыртқа,
Жайған соң жұртқа,
Сез тергеуге өзімді.
Көп мағына, аз лафуз,
Сеніп [4] баспас тайғақ мұз.
Қарқылдар қарға,
Шиқылдар арба,
Бой сүйсінер сазы жоқ.
Шешенсіп жұртқа,
Мылжындар қыртпа
Ой исінер сөзі жоқ.
Маган үлгі ол емес,
Ол түсерлік жол емес.
Жолдар бар өзге,
Жоба бар сөзге,
Жүрекке- дәп, ойға- жөн.
Жаманды-жаман,
Демекпін һәман,
Мейлің тула, мейлің көн.
Инанбасам, айтпаймын,
Айтқанымнан [5] қайтпаймын.
Әр жолды ойлап,
Ойыма бойлап,
Ұқтым саяз, теренді.
Сайраған тілмен,
Зарлаған үнмен
Құлағы жоқ керендей
Ұқтыра алмай, сез әуре,
Тек тұра алмай, біз әуре.

Қарайын кейін,
Орысқа шейін
Хан бағыпты қазақты.
Бага алмай жөндеп,
«Басқаға көн!»- деп,
Артқан жұртқа азатқа,
Бас адамдар халықты,
Сатып, сыйлар алыпты.
Келген соң бері
Кейінгілері
Болды құмар шекпенге.
Өтізді- өрғе,
Өткелсіз жерге
Күнде айдап жеккенге.
Бір күн тойса есектер,
Ми жоқ алдын есептер.
Салынып дауга,
Сатынып жауга,
Болыстықты алысты.
Қазық боп жұртқа,
Қорған боп сыртқа,
Кім ойлады намысты?
Мактады ұлық, болды мәз,
Қауым үшін қайғысы аз.
Оқытты жасын,
Өстіріп шашын,
Мал табуға салынды.
Қаламнан, хаттан,
Жауптан айтқан-
Білді жалғыз алымды.
Кейбірі шен алмак та,
Дінін шаншып қармаққа.
Басында- сәлде,
Аузында- Алла,
Молдаларда не ғамал?
Көздерін сүзіп,
Жұздерін бұзып,
Алдап жұртты жимақ мал,
Жұмақ молда қолында,
Сауда-саттық жолында.

Бергенге- жұмак,
Бермесе- тозақ,-
Деп үйретер халықка.
Жұмақтың кілтін,
Алланың мұлқін
Арендаға алып па?
Молда сатса тынға,
Ол- Алла емес, сыйынба!
Шалқаннан жатып,
«Алланы сатып,
Аламын!»- деп, қорлама!
Еңбексіз ит жер,
Бейнетсіз бит жер.
Берсендер, бер молдаға.
Өзінді бірақ алдама,
Ақшага жұмак жалдама!
Ұлғайып қайғы,
Уытын жайды,
Айтпасыма болмады.
Қабағын түйіп,
Қаһарын жиып,
Жан-жакта [6] бұлт торлады.
Жанбыр жаумай, жауса қар,
Жұрт жұттайтын түрі бар.
Балалық қалып,
Есітіп анық,
Ер жеткелі жиырма жыл.
Баяғы қалпы,
Баяғы салты,-
Бұ не еткен жұрт үйқышыл?
Болсын-кедей, болсын- бай,
Жатыр жым-жырт, бейкам жай.
Емшегін еміп,
Анаға сеніп,
Бала үйқтайды жастықпен.
Қымызға қанып,
Қызырап жанып,
Бай үйқтайды мастықпен.
Шалап ішкен кедей мас,
Мына жұрттың түрі онбас!

Үйқышыл жұртты,
 Тұксиген мұртты
 Обыр өбіп (обып) сорып тұр.
 Тұн етіп- күнін,
 Көрсетпей мінін, •
 Оятқызбай, корып тұр.
 Обыр болса қамкорың,
 Қайнаганы сол сорың!
 Ояңған ерге
 Үмтылған жерде
 Еруші аз, серік кем.
 Қас білген досты,
 Дос білген қасты.
 Елді мұндай көріп пе ең?!
 Қыс ішінде бірер қаз,
 Келгеменен қайда жаз?!

Анама хат

Қарағым, дуагәйім, қамқар анам,
 Арнап хат жазайын деп алдым қалам.
 Міпхірді бізді [7] мұнда аман сақтап,
 Қөргө жазғай еді Хақ тағалам!

Бара алмай өтірікші болып әбден,
 Семейдің түрмесінде отыр балан.
 Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,
 Өкімет- өр зорлыққа не дүр [8] шарам?!

«Үмітсіз-шайтан болсын!»- деген сөз бар,
 Жолдар көп жаннатқа да тарам-тарам.
 Оқ тиіп, он үшімде ой түсіріп,
 Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.

Алданып тамағыма, шерді [9] ұмытсам,
 Болған да жегенімнін бәрі харам.
 Адамнан адам туып, ісін етпей,
 Ұялмай не бетіммен көрге барам?!

Көп айтпай, қысқасынан сездіретін,
 Балаңның мінезі бар сөзге сараң.
 «Кетед- деп,- суга құлап, отқа түсіп»,-
 Қайғы жеп, менін ушін болма алаң.

Отырмыз абақтынын бөлмесінде,
Бүйрыксыз көз жете ме өлмесіме?!
Есіктің құлпы мықты, күзетші кеп,
Ажалдан басқа ешкім келмесіне.

Коршаулы, айналасы биік қорған,
Берік қып салған темір терезесіне.
Қалайша мұны көріп, көңіл сенбес,
Аттанып жау келсе де бермесіне?!

Каламды Лаухұлмахбұз ұмытқан ба,
Жазбапты бұл орынды көрмесіме.
Қаңбакпен салмағы тен бұл бір заман,
Ғылаж жоқ жел айдаса ермесіме.

Тайпалған талай жорға, талай тұлпар,
 Тағдырдың кез келіп тұр кермесіне.
 Солардан жаным, тәнім ардақты емес,
 Орынсыз күйзелейін мен несіне?!

Жұртыйма

Бірлік қып іс істеуге шорқақ, жұртыйм,
Табылса оңай олжа, ортак, жұртыйм.
Сияқты қара қарға шуылдаған,
Үрейсіз, қоян жүрек, қорқақ жұртыйм.

Білмейсің- жөнің менен терісінді,
Ел болып, іс етпейсің келсімді.
Үміт қып, бәйге атындей талай косып,
Байқадық шабыс түгіл, желісінді.

Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,
Шығасың қолыңа ұстай [10] керісінді.
Бытырап бет-бетіне жөнелгенде,
Көрдік қой жайылатын өрісінді.

Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсындар,
Қайтейін басқа [11] десе, көнгішінді?!
Сықылды сынық buquerque төмендесен,
Кім жұлмас оңайдағы жемісің!?

Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920)

Түсімде

Басында жаназаның қызғыш көрдім,
Сырты-қой, іші- қасқыр бұзғыш көрдім.
Жұрт көзінше сұзіліп, түсін бұзып,
Тәсбік деп, кез жарым тас, тізгіш көрдім.
«Бір жол сия- дәру»- деп, езгіш көрдім,

.....
Алғысын-ұжмақ, карғысын тозақ қылып,
Көзінен, көз айырса, безгіш көрдім...
(аяғы жок).

Қымыз

Алдияр аруағына, ет пен қымыз,
Сені шікен мұратына [1] жеткен, қымыз.
Мейлі доныз болсын, қоңыз болсын,
Иеңнің түкірігін ем еткен қымыз.

Бас иіп айдыныңа ауыл-аймак,
Қоясың қоғамынды жіпсіз байладап.
Құдай иіп, құлқынға түсе қалсаң,
Еслідей еспі, шалқып, а-ха-қайладап.

Тізеден сегіз қарыс қара саба,
Жыбырлап айналанды бала-шаға.
Дүниеде неше түрлі нығмет бар ғой,
Сонда да сенің жөнің жеке дара.

Көпірсен, жұмак (ұжмак) исің анадайдан,
Кеуденді жарып кетер әлдекайдан.
Екпінің еш нәрсеге жол бермейді [2],
Өзендей гүр-гүр етіп, аққан сайдан.

Шалдардың, піскен даусың, есін алып,
Отыртпай үйлеріне түрткі салып,
Мейлін тәп, мейлін ақыр, мейлін жекір,
Кек қылмас, саған ешкім, көңілі қалып.

Маңайың [3] түстік жерден қонақ бұрып,
Әдейі сәлем үшін бұрыс жүріп.

Бай, кедей, жақсы, жаман, төре, қара
Жабырлап [4] ынгайыңа бәйек тұрып.

Әсіресе, қажы, сопы, қожа, молда,
Сарт та сұрт таспиктарын (таспиларын) ұстап [5] қолға.
Жаудыртып келген жерден баталарын:
«А, Құдай, онда, онда, аруақ қолда!»

Осылай зиарат қып жүрттың бәрі,
Аузыңнан шыққан сөзің болып дәрі.
«Мырзеке, иа, солай!»- деп, бас изесе,
Тәштитіп танауынды онан да әрі.

Сапырсаң шара-шара [6] құлаш керіп,
Жиылған мейманыңа құйып беріп.
Ата-ұлын, ене-қызын безіп тастап,
Кетпей ме екі ұдайда саған еріп?!

Қаңғырған [7], көзін сатқан сорлы кедей,
Қоя ма піспек аңдып тентіремей?
Атағынды көтерер алғыс айтып,
Байғұсқа бір жұтқызысан, «Кет, шық!»- демей...
(аяғы жоқ).

Бір балуанға қарап

Жықсан, бәйге аласын, алысқанда,
Қару ғып, қайратың сап, қарысқанда.
Жындылық- «Шаппай, бәйге бер!»- деп сұрау,
Озсан, бәйге кім бермес, жарысқанда?!

Тұрмысы бұл дүниенің күреспен тен,
Тәуекел, күреске тұс, бар-дағы жең.
Дүниеде барлығынды кім біледі,
Үйінде ынжықтанып отырсан сен.

Кім сені: «Бұл дүниеде бар!»- деп айтар,
Кім саған: «Жықпай, бәйге ал!»- деп айтар?
Жықпасаң да, күресіп, талаптансаң,
«Еті тірі, жауҗүрек жан»- деп айтар.

Жүрген көп: «Жығылам!»- деп, үйде бұғып,
Жел болмай, боран болмай, бет алды ығып.
Қысқасы, ондырмаган жасқаншақтық,
Жасқанба, қылыш шапса, найза сұғып!

Тұрмысқа

Тұрмыс, маган от шашып,
Бар дүниені лау қылшы!
Түйдектеп үйіп қайғынды,
Абылай аспас тау қылшы!

Таптырмастан емге дос,
Бар ғаламды жау қылшы!
Көзіңнің құны бардай-ақ,
Аяқ бассам, ау құршы!
Бермек тұрсын өзіме,
Жала жасап, дау қылшы!
Сөндір Ай мен Күніңді,
Тек денімді сау қылшы!

Ден сау болса, тағдырдың
Көкке ұшырам күлдерін!..
Жігермен талап еткен соң,
Қоям ба екен сұлдерін?!
Аждаһадай ақырып,
Алдынан қарсы шапса да,
Естімеймін үндерін,
Серпіп тастап түндеріш,
Тұғызамын күндерін!

Ләнет бұлты шатырлап

Ләнет бұлты шатырлап,
Жай түсіп, неге қайтпаймын?!
Жер жарылып, сатырлап,
Түбіне неге багпаймын?!
Ит, құсқа бас игізген...
Дүниеден ләzzат таппаймын!

Көрмегенді көріп бас,
Занаң болып ішкен ас,
Үйіленген [1] көнілден
Төгіле- төгіле қанды жас.

Дүние бәрі у екен,
Мені алдайтын ку екен.
Өткізген өмірім бұл күнгі
Пайдасыз қызу, ду екен.

Ғылымсыз [2] талант тас екен,
Өмірін үшін қас екен.
Далақтап шапқан бай ұлы
Тоқтаса, көзі жас екен!

«Адасқан өмір» дастанынан үзінді

... Дауа тапсам, дene аурұ көрмес болса,
Қартайып, тозбай адам, өлмес болса!
Қыынды оңай қылар жолын тапсам,
Жұмыстан адам бейнет көрмес болса!

Керегін жер-анадан оңай алып,
«Ертең қайтем?»-деп, көңілін бөлмес болса!
Құн бұрын келтірмейтін жолын тапсам,
Шаруаны түрлі апattар жеңбес болса!

Мысалы мал қыратын түрлі аурудан,
Себеп тапсам, еш зиян келмес болса!
Суық, ыстық, сусыздық құrbанына
Ешкандай жан иесін бермес болса!
Ашылмаған сыр тауып, менің де атым
Әдисон, Луи Пастерге тенденс болса!

... Бұжалғанның ісіне біз аң-таңбыз [1],
Өмір бойы жалықпас не еткен жанбыз?!
Өткен өмір, жасаған жасың жалко
Тума соқыр қолына түскен жанбыз.

... Бұл күнде үйкы, тамак, қайғы жолдас,
Мұндай өмір ешкімге қызық болmas.
Мен үмітсіз, менен де [2] жұрт үмітсіз,
Сөйлеспейді, дегендей: «Мынау оңбас!»

Сырласып, жасы кіші айтпас ойын,
Мен айтсам, тыңдаудан да тартар бойын.
Ең әрі [3] балама да ұнамайды,
«Тұзу!»- деп, айтқан сөзім, тапқан [4] ойым.

Біліп отырам, келмейді естігісі,
Құр айтты деп, «Е!»- дейді көрген [5] кісі.
«Солай дұрыс»- дей салар көніл жықпай,
«Мазаны алды, қойса екен!»- десе де іши.

Сондыктан, мен жалғызын, ермегім жок,
Алдым- қабір, үміт қып сенгешім жок.
«Соны істеп кеттім ғой!»- деп, медеу қылар,
Адамдыққа еш нәрсе бергенім жок!

«Кедей» дастанынан үзінді

... Анау Жақып сән түзеп, сауық құрган
Құрдастың емес пе еді бір күн туған?
Мен туғанда, табылмай қара сабын,
Ол туғанда, иіс сабын тәнін жуған.

«Қой сат»- деп, әкем шапты көрші байға,
Менің сорлы шешеме қалжа қайда?!
«Тағы бізге жүресін, не болмаса...»-
Дейді оған, кой бере ме бай да жайға?!

Ол туғанда, малына тойға сойған-
Ауыл түгіл [1], бір тайпы елі тойған.
Құттықтап, әркім келіп, қалау алып,
Ат мінді молдалар да атын қойған.

Сүйіншігे тай беріп жақындары,
«Құтты болсын!»- айтысып жас пен қәрі.
Мен туғанда, білген жоқ ауылым тегіс,
Ол туғанда, қуанды жүрттЫН [2] бәрі.

Тілеулес: біреуі- әже, біреуі- ата,
Солай деп, келгендер көп, тарту тарта.
Жылды қожа, молда, ишандар да
Әдей іздеп, беруге оған бата.

Кісі даяр көтеріп, тербетуге,
Тілеулес жүрттЫң бәрі ер жетуге.
Мен жылаймын, бесікте биттер талап,
Шешемді байға ұрыскызып, жерлетуге.

Нәм оның атқа мінер, сұндет тойы,
Тойға сойған үйінің жылқы, қойы.
Құдалық, отау түсер [3]- сойған малын
Енбек қып кедей таппас өмір бойы.

Мен ауырдым, баяғы күнім қаран,
Маңайыма жоламас еш бір адам.

Бай: «Ақымды берсін!!-деп, сөз салдырды,
Ауруыңдан байдың [4] сол сөзі жаман.

Үйімнен табылды ма сүйген асым,
Тоқым төсеп, сүйедім ерге басым.
Әке-шешем, қасымнан, бай жұмсаса,
Жөнеледі ағызып көздің [5] жасын.

... Жақыптың қай енбегі менен артық,
Етігін де шешкен соң біреу тартып?
Құдайға не жазып ек іште жатып,
Туганнан мені құртып [6], оны жарытып?!

... Деген сөз: «Бар болса да, үміт үзбе!»,
Бұл медеу болса-дағы көnlімізге.
Байлардай берген ат пен асымыз жоқ,
Бере ме сол жұмақты молда бізге?!

... Егер дерт бере қалса Құдай басқа,
Кожекене [7] емдеуге бір боз қасқа.
Өңгертпеп пе ем жан үшін борыштанып,
Жарымай отырғанда үй-іші асқа?

... Қайтермін құтылуға бұл жайымнан,
Аспайды, нені ойласам, уайымнан.
Ақ ниет, адалдықпен қызмет қылып,
Торықкам сұрай-сұрай Құдайымнан.

... Адалдық, маңдай термен бақыт тапқан,
Адам жоқ үлгі қылып, кедей сүйінер.

Алдауы, өткірлігі кімнің артық
Болса, сол бақ, дәүлетті алар тартып.
Бейнетқор адалдықпен кәсіп қылған
Өмір бойы өтеді азап тартып.

Бұл күнде шайтан- тірі, періште өліп,
Шайтан, саған еремін соны көріп.
Ұрлық қылғыз, кісі өлтірт, өтірік айтқыз,
Алдамыш қыл [8],- бәріне тұрам көніп.

Тек байлық берсөн болды, шайтан, маған,
Демеймін айтқаныңын бірін жаман.
Қай жолмен болса-дағы бір байытши,
Болмайды, бай болған соң, жаман адам.

... Әзәзіл, орның даяр, кел ішме,
Жүрмеймін мұнан былай ел ішінде.
Адамға өз елінен басқа ел жақсы:
Тұсуғе түр құбылтып, бір пішінге.

Мен емес туған жерді қимайтұғын,
Кетерде көз жасымды тыймайтұғын.
Бейнеттен, туған жерде, көз ашқам жок,
Жанымды, нем бар, кимай, қинайтұғын?!

...Қайтермін ішкі дерпті, сыймағанмен,
Бола ма көз жасымды тыймайтұғын?
Жыл өтті, болатұғын, болса болды,
Жүрекке құр елесін жинағанмен.

Дұғаға жалынғанға тағдыр саңырау,
Өнер жок, ашу қылып, қирағанмен.
Тұнгі үйкі, құндіз құлқі, бірін көрмей,
Не болды құр жанымды қинағанмен?!

«Ол менікі!»- деп, мені нандыра алмас,
Мын әулие, жуз [9] пір кеп милағанмен.
Жан қимақ пен жар қимақ,- бәрі бір бас,
Қидым, қидым, амал- жок қимағанмен!

...Әйтеүір адам көрге бармай қоймас,
Асықпай-ақ қойсам да, алмай қоймас.
Ерте қолдан өзімді үйықтатпайын,
Көр үйкісі ұзак қой, қанбай қоймас.

Мағжан Жұмабаев (1893-1938)

Дін үйреткенге

Карманбай, қарап жатып, бақ қутуге,
Ізденбей, алас ұрып, тақ қутуге.
«Тағдырда, бір тоқтайда жазулы!»- деп,
Әр іске, кім үйретті, шақ қутуге?

Шарқ ұрып, ерікке ұмтылған, ұшқыр жанды,
Қайнаған тамырдағы ыстық қанды-
Тұтқын қып, кім қамады, кім сұытты,
Кім алды қалың қайрат, күшті, әлді?!

Кешегі арыстандай айбыны зор,
Жүркөті жолбарысты қайраты мол,-
Айрып ар-намыстан, күштен, естен,
Кім қылды шала-жансар бір корқақ құл?!

Ақылға, жан-жүрекке кісен салды,
Кермейтін, қылды кор ғып [1], артты-алды.
Үйретін, «Дін!»- деп, - құлдық, корқақтықты,
Қандай құл бізге молда бола қалды?!

Ойламай, корқақ құлдың, тіліне еріп,
Жай жатып, тәуекелге тізгін берін,
Мінеки, айрылдық қой бақтан, ардан,
Қайтейін, әлсірепе [2] есіл ерік?!

Жоқ енді, жату болмас бос еңбексіз,
Жалбарып: «Жасаған!»- деп, жас төккен кез [3].
Өзің де, сөзін де- кет бізден аулақ,
Жаны өлген, жүргі өлген, мұндар кексіз!
... Міне, күн сәулесі алтын жерді құшты,
Жарыққа қуанысып, құстар ұшты.
Ізгі оймен ерік тілеп, жарық тілеп,
Ұшамыз біз де жиып есті, құшті!

Корқыт

Алтайға жер жүзінде тау жоқ жетken,
Алтайға бетегелі алтын бітken.
Пейіштей алтын Алтай етегінде
Ертеде Алаш елі мекен етken.

Ол күндер көз жетпейтін ерте күн ғой,
Ерте күн ертегідей ерке күн ғой.
Өтken күн- ұстаптаптын сұлу сағым,
Жалғыз-ак желден жүйрік жетеді ой.

Өтken күн ертегімен таласқандай,
Уа, дүние, ол күндерде Алаш қандай?!

Ой, қырдан орғып, қарғып еріккенде,
Алтайда ойнак салып жүрген андай.

Сол күнде бір ер бопты алты Алашта,
Каны бір қалың елмен, жаны баска.
Елікпей ес білгелі еш нәрсеге,
Өзіндей үйірілмеген албырт жаска.

«Коркыт»- деп, қойған екен ердің атын,
Онған ел: «Ер!»- деп атар азаматын.
Талайлар таңданыпты күнде көріп,
Коркыттың мінезінің тым-ақ жатын.

Коркытқа ес білгелі бір ой түскен,
Айнымай ойменен күнде у ішкен.
Ой билеп, үйден, елден безіп кетіп,
Жұрт оны кәуесет [1] қып: «Жынды!»- дескен.

Ежелден белгілі ғой көптің сыры,
Боласың, көптей болсан, көптің бірі [2].
Көпке егер ісің, ойың үйлеспесе,
Күмән жок, кім болсан да, соғар пірі.

Коркыт та ерте ат алды[3]: «Пері соққан»
Коркыттың жан болмады жайын ұққан.
Ой екен қандай ғана Коркытты улап,
Айырған: дос, туысқан, елден, жұрттан!

Коркыттың мына ой еді есін алған,
Жанына ерте күннен жара салған.
Топырақ боп, ертең шіріп, қалмақшымыз,
Өміріміз неге шолақ тәтті балдан?!

Әншейін өмір деген ермек үшін,
Құні ертең соғар жүрек сенбек үшін.
Ойланып, қалай гана уланбайсын,
Берілсе адамға өмір өлмек үшін?!

Бір кезде көл толады [4] құрымақ үшін,
Құні ертең гүл гүлденер солмақ үшін.
Біраз күн адам тұрар, өмір сүрер,
Құртқа жем, шіріп-сасып, болмақ үшін.

Сар[ы] суға, кан берілген, айналмакқа,
Тіл берілген өліммен [5] байланбаққа.
Әлпештеп, ардақтаған денең шіріп,
Жел менен топырак болып айдалмаққа [6]!

Көз ашып, жұмғандай-ақ: өмір-шолақ,
Алдынды, көз ашсан-ақ, ажал қамап.
Өмірде мынау шолақ неге керек,
От үміт, ойын-кулкі, таудай талап?!

Оқжетпестің қиясында

... Ел азды, Арқа тозды, қайғы басты,
Күніреніп, біздей бейбақ шер [1] толгайды.

Құдай-ая, мәнгілікке қарғамасаң,
Кенедей енді неге ер тумайды?!

Кене жок, ізін басар іні де жоқ,
Дариға, жүргегімде дерт үлайды.

Басқа да ақындар өлеңдері (алфавит тәртібімен)

Ажар

Жұртыбайдың қызы едім мәпелеген,
Қыр сонынан қалмайды төтелеген.
Жеті жаста Құдайым көзімді алыш,
«Соқыр Ажар- атандым- жетелеген.»

Байқошқар

Нагашысы Сұлтан жанның: Қалжан, Құлжан,
Тұп нагашың және Әйет- Құдай ұрган.
Баласы Түйешінің ол Биекай,
Шақырса: «Не дейсің?»- деп, мойнын бүрған.

Қыстау Адыр түбінде Тащен сал бар,
Пұшықтардың кигені- тебен шалбар.
Жаяу жүріп, аттыдай шіренеді,
Осы иттердің ойында қанша ой [бар]?

Байтас

Құнанбайға

Құнан сөзі Құранның тақтасындей,
Өтті Өскенбай Ташкеннің какпасындей.
Атала аруақ атаусыз неге қалсын,
Алтыны қалған екен ат басындей?!

Ақ пен қара көрдің бе жарысқанын,
Әрқашан аққа тәнірім болысқанын?!
Дәм айдал Итжеккенге кетіп едің,
Ақылменен келдің бе, данышпаным?!

Бердіқожа

Тауының Арқар деген аты Құлжа,
Жігіттер, «Атқа- түйе –деген- олжа.»
«Хан Абылай аттанады!»- деп есітіп,
Келіпті Шанышқылыдан Бердіқожа.

Бибі

Болғанда Байжан, Найжан, Жабай, Шекей,
Ақырында тоқтатқан жорға Бекей.
Зинадан пайда болған Жаяу Мұса,
Басады-ау: «Сал болдым!»- деп, некей-некей!

Деген соң: «Сылқым Жаяу, сылқым Жаяу»,
Жетпейді он екіге жылқың, Жаяу.
Темірболат жасығы- күнелткенін,
Қай жеріннен келеді күлкің, Жаяу?

Тон киген былгарыдан Жаяу тоңбас,
Женгесін зина қылған Қали онбас.
Далбаға төрт бөлек қып тұздырса (жұздірсе) да,
Ұрлығы мен ойнасын, сірә, қоймас.

Бөрібай

Әудем жер

Әудем жер- жүре алмаймын белім үйып,
Өздігінен кісі өлмес жанын қылп.
Ебі келген бірер тыын пайда қылыш,
Жас кісідей жүреміз дүние жиып.

Енді біз не боламыз тірі болып,
Тірі жүрген кәріптің бірі болып?
Екі бетім табақтай- қайран күнім,
Қу сүйекке жабыстың сірі болып.

Енді біз не боламыз жүргенменен,
Қызығы жок өмірді сүргенменен.
«Аузынды ашып, аяғың баспа!-дейді,-
Қотаншы иттей кораға үргенменен!»

Кәрілік қатты сокқан жынменен тен,
Көзім көмес болғанда, құлағым кем.
Кәріні: «Аурусың!»- деп, бактырмайды,
Елден баксы ізлесе, табылmas ем.

Кара сакал жарасқан қайран иек,
Тісім түсіп болыппын қызыл иек.
Алпыс асып, жетпіске барғаннан сон,
Бауырыма байлады құрым күйек.

Қазанның төрт құлағы- жан жолдасым,
Қасымдағы кемпірім- бір мұндасты.
«Кәрінің барап жері жок, кірер үйі жок»,-
Осы сөзге нанбаған тіріде оңбасын!

Жүре-журе тузелер ердің косы,
Байдың қызы демесен, жанның босы.
Бұрынғының айтқаны жалған болмас:
«Алғанынмен қоса ағар!»- деген- осы!

Жатсаң үйқы келмейді жарлы күнде,
Сары уайым ойлайсың күндіз- түнде.
Жарлыны аксақ иттен артық көрме,
Осы сөзге наныңыз: «Олда- білда!»

Кедейшілік болар ма мұнша қыын,
Ойын-кулкі, ас пен той, калды жиын,
Естігениң- жаман сөз, қыын жұмыс,
Жұмыртқадай шайқалар күнде миын.

Заманымнан деген соң, заманымнан,
Заман жайын білмеппін жаманымнан.
Заманымның үстінде тұрған күнде
Тірі жан құтылмады-ау амалымнан!

Заманымнан деген соң, заманымнан,
Заман жайын білмеппін жаманымнан.
Заманымнан айрылып қалғаннан сон,
Тік тұрсам да, жакпадым, табанымнан.

Қонаққа айтқаны

Қонағым, өкпелейсің, тоймаған соң,
Неге тойсын, көп соғым соймаған соң.
Ұлы-қызыым ер жетті, дәuletім аз,
Аш жүремін, көп уайым ойлаған соң.

Қонағада өзін жақсы, бабың катты,
Күліп берген қара су балдан тәтті.
Шақырмаймын, кумаймын, қонақ сені,
Қай озғаның келе бер, жүйрік атты!

Жалғанда көрмегенім- күнәм менін,
Көрмегенім күнәмды- өлмегенім.
Көзім ашық дүниеден өттім-дағы,
Малдан- зекет, қолқайыр бермегенім!

Қауғанға

Ассалаумағалейкум, Қауған аға,
Несібеміз бұл жаққа ауған, аға!
Құнан өгіз ұстапсыз құйрығынан,
Біз келеміз алысып жаумен, аға!

Құн дауына

Ошақты, Құлназарға құн бермексін,
Алты «жақсы»: жүз жылқы пұл бермексін!
Алты «жақсы»: жүз жылқы пұл бермесен,
Тұлымды қыз, айдарлы ұл бермексін!

Құлназар келіп өлді ауыльна,
Ішім оттай күйеді бауырыма.
Алты «жақсы», жүз жылқы құн бермесен,
Есенбай таңба басар сауырына!

Иса

Қылды ғой мынау орыс бізді қатын,
Шығарды қуландырып новый закон.
Атадан -ұл, енеден қызды айрырып,
Қоспады бір-біріне махаббатын.

Құдай-ау, бұл кәуірді жендет қылдың,
Тиеді қашан бізге рахметің?

Жендет қылған кәуірді жоқ қылуға,
Жетпей ме оған енді құдіретің?!

Мұхаммед тақсыр, қайда, шапағатың?!

Ауыздан азайды ма салауатың?!

Шеті Бұхара- мұсылман бәрін алды.

Зар тұтып, жылап отыр барша үмбетің!

[Шығарып] бұрын қойды аға сұлтан,

Волостной (болыснай) солардың жүруші едік қол астында-ай!

[Ор]наган аға сұлтан алып тастап,

Бір орыс алып келді оязнай!

Әуелде ногайды өстіп алған екен,

Кәпірдің аларында мінезін-ай!

Қорқамыз: «Дінімізді бұза ма?!»- деп,

Жылаймыз, жалғыз Алла, бір өзіңе-ай!

Бар Құдай салдың бізді қандай күйге,

Сайлатаң бір сборщик елу үйге.

Бұрынғы аға сұлтан жек көргенің

Білейін мықты екениң- мұны сүйме!

Сүйерсің, сүймегенмен, ғылажың жоқ,

Апарып салып қояр қараңғы үйге.

Бұ- женіл, мұнан-дагы ауыры бар,

Киерсің коңыр шекпен, жезден түйме.

Екі орысты қойыпты: «Хан мен бек»- деп,

Бірін-ояз, біреуін помошник деп.

Помощник, оязнайсыз жұмыс қылсан,

«Абақты, каталашка, штраф!»- деп.

Бірін қойды: «Мировой судья»- деп,

Бір орыс быт-шыт қылды Омбыдан кеп.

Малды қойып, кісіні санаған соң,

Жұрт шулар күні-түні уайым жеп.

Өз ұлығың өзінде тұрған күнде

Кайсын тәубе қылушы ен: «Құдайым!»- деп?!

Аға сұлтан үстінен өкпе қылып,

Жандаралға прошение беруші ең кеп.

Бұ қылық әлде болса, өзіңе айып,
Сыйманың асқанын орыс біліп.

.....
Бір жұмыс тауып берді бойыңа иіп.

Біз қашан қадірлеуші ек өзімізді,
Айтқанда, қабыл көрмей сөзімізді.
[Ез]белеп, жасы үлкенниң тілін алмай,
Шоқытар сборнайға көзімізді.

Құдая, кәпірінді қылдың жендет,
Қызықты жана көрген кезімізді.
Тендік жоқ бұ жалғанда мұсылманға,
Махшарда қара қылма жүзімізді!

Батырлар, бұзылып тұр мына заман,
Құтылды бұрынғылар мұнан аман.
Кісісін ай бас сайын санатып па,
Өтіп кеткен бұрынғы ата- бабан?!

Құдай-ау, біз кез келдік ақыр заман,
Батырлар, ұлдарыңнан кетті шаман!
Бәрін айт та, бірін айт, сол-ақ жаман,
Арасы екі округтің ашылған соң,
Билетсіз жүре алмайды жалғыз адам!

Білмейміз: егін еге, балта шауып,
Білмейміз: бала оқыта, пайда тауып.
Қазактай қор жан бар ма тіпті надан,
Заманың орыстікі болғаннан соң,
Қайратың іште кетті, асылзадам!
Тар шекпен, қара қылыш байландың ғой,
Болмаса бұған қайран Халифадан!

Бұ женил, мұнын ауыр бар ғой пұлды,
Қылмаса өзі ракым патша Құдай.
«Законды осылайша сұралық!»- деп,
Айтыпты: Шынғыс, Мұса, Қыпшак-Ыбырай.

Егер де солардың сұрағаны рас болса,
«Ұл-Рұмға, қыз-Қырымға»- кетсін жылай!
Дуанға түспегендей боп жүруші ек,
Аман бол, а, дариға, қайран күн-ай!

Бір сұмдық енді бізге бола қалды,
Салмаған енді бізде қала қалды.
Патшаға үштен бірді бұйрық қыл деп,
Алмаған солдаттыққа бала қалды.

Әуелден мұсылманды алған алдап,
Бозбала ат мінбеді жалын талдап.
Бәрі де бұрынғының жеңіл екен,
Қадалды оң бүйірден темір қармақ.

Қадалды оң бүйірден темір қармақ,
Қармактан киын екен сыйылып қалмақ.
Қызметке жаман кісі жарамайды,
Баланы солдаттыққа таңдап алмақ.

Кеткениң, жарлы болсан, жылай-жылай,
Бай болсан, қалар едің, ақша жалдай.
Қызметке не жарасын біздің бала,
Қылмаса өзі ракым патша Құдай.

О баста, казак байғұс, аузың ала,
Қылмандар бір-біріңе нақақ жала.
Демеймін: «Жалғыз маған қыншылық»,
Қайғырып сөйлей қалдым біраз ғана.

Қайғырып, сөйлей қалдым бастан-аяқ,
Бір ракым қылар ма екен Тәнірім аяп?!

Кісіні хатка салып, алды санап,
Жалғыз-ақ солдаттыққа қойды таяп.
«Вставай, марш!»- дегенде, зәрен ұшып,
Жалаң бас, жүгірерсің, жалаң аяқ.

Шығынды үсті-үстіне үйіп жатыр,
Ішінен жұрт бүлініп, күйіп жатыр.
Артынан не боларын байқамайды,
Құран деп ақымак казак сүйіп жатыр.

Ауылнай, сборный десен, би керек деп,
Бәрін де күндіз-түні жиып жатыр.
Жүретін алды-алдына казак байғұс,
Бәрі де бір тесікке сыйып жатыр.

Кәуірге Құдай салды күнімізді,
Айталақ жасырмай-ақ шынымызды.

Құдай үшін дін қамын біз сұралық,
«Айттың!»- деп, кесе қалмас тілімізді.

Патшаның біз риза қылғанына,
Тебеден көз жетті гой ұрганына.
Дін хақын Құдай үшін біз сұралық,
Жүрмесін кесір болып иманына.

Кішіні, үлкен аға, замандасты-ай,
Күн болды-ау іздесек те таба алмастай!
Кешегі жаксылардың арқасында
Дүшпанға тілім тиді-ау ақ алмастай!
«Билет жоқ!»- деп, қорғалап, бүгежектеп,
Не ғып шыдан жүремін амандаспай?!

Жалғыз мен неге айтамын жүрттың зарын,
Көрерсің тере-теріс баршаларың!
Қарауыл, Атығайым- екі жүртym,
Нагашылы, жиенді, күйеу, кайын,
Арасы екі округтің ашылған соң,
Билетсіз қалай жүріп аралайын?!

Болады, соны ойласам, көnlім жарым,
Сөйлейін, өз әлімше, бойда барым.
Дәрмен жоқ күресуге, қайнайды ішім,
Құлаштап созғанменен, жетпес қарым.

«Халық-жүртқа, жарылғасын, күн бар ма?- деп,
Жылаған Құдайға айтып мұң мен зарын!
Құдайдан сұрап жәрдем жылаушы жоқ,
Не болар жылағанмен жалғыз-жарым?!

1921 жылында 23- декабрьде жазылды.

Жамшыбай

Япырым-ау, мынау өзі қондыра ма,
Қондырмай, Жамшыбайды тоңдыра ма?
Шорманның Мұсасына қағаз жазсам,
Кемпірауыз: Тілеуді ондыра ма?!

Жапар

Мырзагұл, Шәті, Күшік, Шорманым-ай,
Құлболды, Құлыкеге қорғаным-ай!
Баласы Әмірінің ақшамды алды,
Алып бер, ерікке қоймай, шонжарым-ай!

Зілғара

Тоқсан бес

Атыгайдан мей шыққан Зілғара едім,
Өзім шешен, өзім сал, ділмар едім,
Кешегі өткен жиырма бес келсе қайтып,
Шетке шыққан тоқалды жинар едім.

Қазық өкше киоші ем қалтылдатып,
Қайтіп салдық құрайын алжып жатып?!
Өтіп кеткен «жиырма бес» келсе қайтып,
Жинар едім тоқалды шартылдатып.

Сары алтынға боялған сақалдарым,
Кейінгіге үлгі бол мақалдарым.
«Жұрттың қызы- менікі!»- деген басым,
Кеш болғанда жортады-ау тоқалдарым!

Жүре алмаймын, кәрілік, аяғымнан,
Екі қолдап ұстаймын таяғымнан.
Көз бен көніл, жүйрік ой алып ұшып,
Әлі күдер ұзбеймін баяғымнан.

Кәрілік түсірді ақау аз ойыма,
Жеті дуан тан қалған жаз ойыма.
Болмашыдан қаймығып, қалжырадым,
Болмай жүрген Зілғара, азулыға!

Тоқсан бес, келдің ғой сен алайын деп,
Жібек баулы құрықты салайын деп,
Аз ғана күн, тоқсан бес, шыдай тұрсаң,
Өзім де ойлап жатырмын барайын деп.

Қазы, қарта қазанда қайнап жатыр,
Екі көзі шалынның жайнап жатыр.

Арқаны жоқ, жібі жоқ- тұсау салып,
Аяқ-қолды тоқсан бес байлап жатыр.

Тұтіні ашы, қарагай, жақтым арша,
Асыл тектен қайырма, кидім барша (парша).
Жеті дуан билеген Зілғара едім,
Қайрат кетіп, отырмын, балаларша!

Омбы, Семей жол салдым өгіз айдал,
Өнер, шіркін, кеттің ғой, іште қайнап!
Өткен өмір, айтқанмен, түк пайдан жоқ,
Әлі-ақ бір күн өтерсің сорың қайнап.

Бір жас тоқал алып ем қартайғанда,
Көз ұйқыға барады жантайғанда.
Тоқсан бесте жас тоқал алып едім,
Зәрем кетті өзіме талтайғанда!

Қалдыбай

Қазымбеттің баласы: Қанай, Шанай,
Органшысы- Атымбай, кенжесі- Аней.
Қараұзақ пен Сарыұзақ, Каракалпак,
Құлтекесін сұраймын әлдеқалай.



Бұ қөзді не деп айттың, жаным, ботам,
Аяғым ұзын емес, бір-ак тұтам.
Аяғым күннен-күнге қыскарады,
Тұрған соң жұртты билеп құл мен құтан.

Қараменде

Сәлем де Кенгіrbайға: «Кел, кетелік!»
Мықты сабаз атанды терлетеңілік.
Мұсылманың жеріне бетті түзеп,
Аты жақсы дария[да]н әрі өтелік.

Қожамберді

Мен үйінен шығып ем бойлай, бойлай,
Ақбоз ат, кызыл найза,- күліп ойнай.

Ақтылы кой, алалы жылқым бар-ды,
Сонан шықтым мен сорлы [1] көзім тоймай.

Астымда мінген атым- Құла жорға,
Өзім болмай шығып ем осы жолға.
Қырық бес жігіт ішінде колға түстім,
Амал айла [2] болар ма қалың сорға?!

Тарлан боз тайып кетті табанынан,
Серікбай тастап кетті жаманынан.
Қаныма бір қасықтай ара тұрсан,
Құнанбай, айналайын заманыңнан [3].

Құнанбай, сен де сылқым, мен де сылқым,
Тұсірген мені колға сенің жылқың.
Байлауда жеті жылдай жатып едім,
Болмады бұрынғымдай ойын-күлкім.

Жылқысын бай Өскенбай баға берді,
Мойныма қыл шылбырды таға берді.
Тойқын қызың қылышпенен салып еді,
Жар болып Алла тағалам қаға [4] берді.

Жылқысын бай Өскенбай айдай берді,
Мойныма қыл шылбырды байлай берді.
Тойқын қызың қылышпенен салып еді,
Жар болып Құдай тағала ойлай берді.

Құнанбай, заманында өзің батыр,
Жолаушы жол үстінде тіктің шатыр.
Жылайды бай Өскенбай: «Досымбек!»- деп,
Жапалақ- менің әкем- не ғып жатыр?!

Санындей шағаланың екі [5] саным,
Қиналды қолда жатып кәріп жаным.
Қолында осы кәпір [6] өліп кетсем,
Кімге талау болады жиған малым?!

Санындей шағаланың екі саным,
Қиналды қолда жатып кәріп жаным.
Қолында осы кәуір шықса жаным [7],
Кімге көзің сузеді кемпір-шалым?!

Санындей шағаланың екі саным,
Қиналды қолда жатып менің жаным.

Қолында осы кәуір өлія кетсем,
Кімге көзін сүзеді екі жарым?!

«Орыстың бір байлауы- кісен»- деген,
Кісендеулі жатса да, кісі өлмеген.
Кара тілмаш айтады: «Шығасың!»- деп,
Оған-дағы көнілім бір сенбеген [8].

Барсан: «Сәлем!»- дегейсің атамызға,
Қолы тиді кәуірдің жотамызға.
Ақ кіреуке сыймаған қайран жотам,
Астында қара жердің жатамыз ба [9]?!

Барсан: «Сәлем!»- дегейсің енемізге,
Қолы тиді кәуірдің денемізге.
Ақ кіреуке сыймаған қайран дene [10] ,
Астына қара жердің енеміз бе?!

Барсан: «Сәлем!»- дегейсің ене-атама,
Тұзеліп [11] міне алмадым мен атыма.
Еліктей жау[12] дегенде, ұшқан басым,
Қалыпты құм құйылып қанатыма.

Тұлқіні жия бер сен мың да мыңнан,
Өттерміз әлде болса талай сымнан.
Бар еді бір өзімде елу жорға ат,
Қаракөз карындасым жетсін жылдам.

Шығып ем мен үйімнен тұніменен,
Бесінде зорға жеттім күніменен.
Ішпейтін койдың сүтін байғұс басым,
Өскенбай, күндей болдым күніменен [13].

Қонғаны еліміздің жыңғылды сай,
Ажалды алатұғын сағындым-ай [14]!
Байлауда жеті жылдай жатқанымда,
Күнжанға бір келместей не қылдым-ай?!

Қояды орыс кәуір көтін такқа,
Сабайды және бізді екі жакқа.
Аяғы туар айдың бізді айдайды,
Сәлем айт карындасым Бауырсаққа!

Бөлкебай (полковой) , бұқтырығың жарамайды,
Арбаны жүйрік қылған қара май-ды.

Қазактың қаз мойынын мінуші едім,
Көр енді тоқ-тоқ еткен [15] қарағайды!

Үйірі [16] қысырақтың актангерше,
Құдайым, енді маған иман берші!
Тобықты- мені де алған, сені де алар,
Серікбай, маған келмей жүре берші!

Келді де, ку Серікбай, жылқыны алды,
Тұтқын боп Қожамберді қолда қалды [17].
Үстінде құс тәсектің жатқан басым,
Шегелеп аяқ-қолды бекітіп салды.

Айтамын ай дегеннен, Бөлкебай хан,
Хан болғанда жегенің кап-қара нан.
Мал менен азар болса, басты аларсың,
Тап енеңді сі...ін, шықты ғой жан!

Бөлкебай, жалған емес, шын берейін,
Жок еді әзір сомым, соң берейін.
Аузынан бір бітсиең сөз шығып кетті-ау,
Ат пенен айыбына тон берейін!

Қойкелді

Мен аттанып шықтым қалмаққа,
Қалмақтан шығырлатып [1] жылқы алмаққа.
Батыр да туған Лекер,
Сирағын үзіп оқ тиді,
Тоғыз да тарау бармаққа.

Алып міндің аласын,
Қамшыдай қылдың қарасын,
Жіптей қылдың жиренін,
Жылдаттың байдың баласын!

Сыйласы құлдың болды ма,
Қай атадан бері тұрыстық?
Қарағай сенгірмен атып ұрыстық!

Санадым таудың бұлағын,
Тұстікке жедік лағын,
Жапанға атты ойнатып,
Шұңқырға бақыр қазан қайнатып.

Сондайда кегімді алмасам,
Құдайға тәүбе демесем,
Сөйтіп кегімді алмасам!
Қара үнгірдің қара жон
Саулата жылқы кумасам,
Сары үнгірдің сары жон,
Саулата жылқы кумасам!..

Қара үнгірдің- қара жон,
Сары үнгірдің- сары жон,
Сары да бір ногай бір жүрдік.

Қыздардың қанын [2] саулаттық,
Ұлы да, қызын жылаттық.
Құдайға тәүбе дедің бе?!

Бұз барғаннан бармасам,
Бай қатынның қара атын
Сұратып алып мінбесем!
Бай қатынның қара атын:
«Арқасы жауыр»- дейді ғой!

Байы өлғен мұндар тұл қатын,
Ол бермесе, бермесін!
Тоқта, қалай бермейді-
Бекен қабақ торы атын?!
О да бермес торы атын,
Баласындай бір атын!

Ол бермесе, бермесін,
Бұз барғаным- баарым.
Батыр да туған бай жанның-
Мен тартынбай алып, мінермін
Бұқада[й] санды сары атын!

Мен сары атқа мінген соң,
Тұнде жүрер жігітті
Тұнде ертіп алармын!
Күндіз жүрер жігітті
Күндіз ертіп алармын!

Ал, сары атқа міндім сайланып,
Жаныма торсық байланып,
Ұлы үнгірдің ұлы жон
Сенгіринен айналып.

Суатынан су ішіп,
Татырға құлын саулатып.
Мылтықпенен бір атып,
Кермеге құлын байлатып [3],
Балаларын апарып,
Ғашықтарын жылатып!

Мен бұ барғаннан бармасам,
Басы да жұмыр қалмақты
Ақылмен ойлап, таппасам!
Мен Ертістен екі өттім,
Жолдасым жок, жеке өттім.
Жылқысын оның алмасам,
Шөлден де шөлге сала қумасам,
Сейтіп кегімді алмасам!
Жылқысын шөлге сала қумасам,
«Құдай-ай, өзің кешір!»- деп,
Қолымды қанмен жумасам!

Әуелі Құдай ондар ма,
Тартынбай ондал төбелес
Айдалада салмасам!
Мен аттанып, жол шектім
Айналамның азы үшін [4],
Алғанымның назы үшін!
Қара сабам жоғы үшін,
Қатын-бала қамы [5] үшін!

Тен-құрбымнан кемі үшін,
Айыр өркеш түйе үшін,
Бауыр сүтті бие үшін!
Мен жортып едім мал үшін,
Тендесімнен кем үшін,
Қара бір жермен тең үшін [6].

Тұлқі жортпас тумадан [7],
Тұнде жорттым мал үшін.
Қасқыр жортпас қалыңнан
Қасқая жорттым [8] мал үшін!

Кек көгершін, көгершін [9],
Ерлер (ирдар) жортар мал үшін,
Бәктершегін бәктеріп,
Ерлер жортар мал үшін!

Көк жамылшын жамылыш,
Ерлер жортар мал үшін!
Төменгі ерні салпифан,
Жоғарғы ерні қалқиған,
Еті де шекер, сүті бал,
Осы жүргенім жылқы үшін!

Мен жатып едім мияда,
Жасырынып қияда,
Жарты айда құлын саулатып,
Қак жүректен бір атып,
Жарты айда құлын саулатып.

Мылтықпенен бір атып,
Атын да міне шапқаным,
Сөйтіп бір ақыл тапқаным!
Мениң қос атым жоқ, сары атым,
Ақсак торы бестіні
Он бесте күні кедейліктің зарпынан
Он бес күні қакқанмын,
Кісісін қойдай бакқанмын.

Масасы келді ызылдап,
Сонасы келді күжылдап,
Сонан жаман қатты іс жоқ екен!

Тақырға қонған байларын
Тан аттырмай көшеді:
«Малым да ақсақ болад!»- деп.
Тақырға қонған тазтырна
Тан аттырмай ұшады.
Тақырға қонған байларын
Күн шығармай, көшеді.

Қойкелді қалмаққа барды, барды-дағы жылқыны алды. Бағанағы қалмақтың елінің кісісі жиылыш қуды. Қуып [10] көтінен жеткен соң, Қойкелді атын жолдасына беріп қоя берді. Өзі жаяу түсіп, інге кіріп жатып калды. Қалмақтың кісісі келді, көтінен куып жетті. Кепін тұрды көп кісі, жалғыз қалмақтың батыры келді. Қойкелді мылтықпенен атып салды. Қалмақтың батырының жүргегіне тиді, шалқасынан түсті, өліп калды. Қойкелді атын мініп алып, жөнелді. Сонан соң қалмақтың кісісі қорыққаннан қашып кейін кетті. Қойкелді сонан соң жылқысын үйіне айдал, есен-саяу жетіп келді.

Мариям Жагорқызы

Мариям- Жагор деғен орыс қызы,
Он бес пен он алтыға жеткен кезі.
Діпіне Мұхаммедтің гашық болып,
Сондағы Мариямның айтқан сөзі.

Оңбайдың кайда барса, дудар шашты,
Қолымнан жібек баулы түйғын қашты.
Қолыма қашқан түйғын қайта қонса,
Құдайдан тілемес ем ұзын шашты.

Ауылым Өтебайдың бауырында,
Құйыскан Бозшұбардың сауырында.
Құдай-ая, бұл аурудан өліп кетсем,
Қыла ғөр Мұхаммедтің қауымында!

Торы шана жектім қоралтаған,
Бір жолға түсіп кеттім сораптаған.
Тұсынан ақбоз үйдің тесіп түсіп,
Ішінде мен ақ түйғын қонақтаған.

Дударай, көккаска атты жемдедің бе,
Уағда айтқан құнде келмедин бе?!
Жеріңе уағда айтқан келмегенін,
«Кәпір,- деп,- діні басқа»- сенбедин бе?!

Ауылым Өтебайдың қырқасында,
Бірде-қар, бірде жаңбыр, бұрқасын ба?
Мойныңа ақ білекті арта салсам,
Сол білек алынбаса, қырқасың ба?!

Ауылым Өтебайды қыстайтүғын,
Тымакты пайыменен тыстайтұын.
Дуға жалынғанға тағдыр санырау,
Сарғайтып екі асықты қоспайтүғын.

Қолында Мариямның өткір қайшы,
Қағазға Мариям аты жазылсайшы!
Құдай-ая, көр ғып бүйтіп сарғайтқанша,
Алдымнан бір терен көр қазылсайшы!

Мариям кішкентайдан туған ашық,
Дініне Мұхаммедтің болып гашық.

Баруға шіркеуіне соқпас көңілім,
Кәпірдің крестный пәле діні несіп.

Ауылым Өтебайдың шұқырында,
Көркі бар сұлу қыздың мықынында,
Күнінде уағда айтқан келмегенің
Бар ма еді аштан өлген тұқымында?!

Болғанда Мариям атым, әкем- Егор,
Құдайдың салғанына пенде көнер.
Арманға ойыма алған жете алмасам,
Шырағы тіріліктің болды сөнер!

Аңы көл, тұщы көлмен арасы бір,
Қосылған тауып теңін жарасы бір.
Мариямның көңілі жоғын қайдан білсін,
Дудар бас хохол [жагы] (иттер) таласып жүр.

Жасымнан бал жаладым шыныменен,
Орыстың үйір болмай дініменен.
«Берем,- деп,- Алексейге»- әкем айтып,
Ұйыктамай жылап шықтым түніменен.

Дударай, сен кеткелі көп күн болды,
Соққан жел құбыладан өткін болды.
Қараумен күнде-күнде жолың тосып,
Бетіме тозақ оты сепкіл болды.

Әкесі Алексейдің Метрей-ді,
Шошқаның, жаман жері, етін жейді.
Бар малы екі-ақ ат пен жалғыз сиыр,
Құдайдан одан артық не тілейді?!

Мәшһүр-Жұсіп

Мұхаммедқанафия

Пида болсын жолыма (иолыма)
Ғазиз жаным Хұсайын.
Екі дүние имамы
Мейірбаным (міһірбаным) Хұсайын!

Хабарсыздан келмедім,
Жолында неге өлмедім?!
Қынылтық бірге көрмедин.
Патша ханым Хұсайын,
Алдында қыран салмадым,
Дүшпаннан кегінді алмадым.
Тірі артында қалғаным,
Бітпей қалды арманым.

Дүшпанға (дүшманға) бұлік салғаным,
Қанафияның көріп тұр
Не қылғанын жамағат,
Не қылғанын Хұсайын.

Тайын қалды шөл (сол) далада,
Сондай болған күнінде
Кез болмадым, Хұсайын,
Жағалатқан бізді (біznі) Құдайым,
Дүшпанынды кор қылайын!
Мен құрбандық болайын,
Жетер ме екен ұрқын (рухын) әм,
Қылған зарым, Хұсайын!

Шаһзада бауырын айтып көп жылады,
Қасында жолдастары бек жылады.
-Жан ағам Мұстафаның көз қарасы,
Кешегі қайран бауырым!- деп, жылады.

Сөйлемді жолдастары (иолдашлары) көніл айтып:
- Бұл гауһар жылағанмен (иғлаганмен), келмес қайтып.
Жұмысын оның бізлер бітірейік,
Жұдетпе (иұдетме) ғаскерінді құр дүнк айтып.

Пайда жок бізге түсер көп жылаған,
Дүниеде емін-еркін кім сұлаған?!
Қиямет қайымғаша жыласак та,
Келмейді енді қайтып көріп аған!

Тағдырда болған жұмыс- Құдай ісі,
Пенденін бұлай деуғе келмес күші.
Көргенде кәріплігін Хұсайынның
Біз түтіл қара тастың күйер іші.

Жиылды бір араға сонда бәрі,
Тура сезін айтады жас пе кәрі.

Жылады естігенде тамам ләшкөр:
Қанафия: «Бауырым!» - деп, қылған зары.

Бұлардың көрді Иазайт келгендеріп,
Мойнына алмас қылыщ ілгендерін.
- Бұл соғыс реті қалай болады? - деп,
Ойлайды: «Қайтеміз - деп, - өлгендерін?!»

Ғұмар, Сағит көріп имам Махмұд
Қанафияның алдынан шық қылыш.
- Ғұмар,- деп, Шаһизада мұны естиді,
Бойына сол уақытта қайрат (ғайрат) жетті.

- Беріңіз, ақсақалдар, маған рұқсат,
Алмасам мұнан кекті болмас тіпті!

Оқ атқан Хұсайынға осы залым,
Тарқамас мұны өлтірмей енді арманым.
Патшағар пәле не қылмады,
Кеудеден шығарайын мұның жанын!

- Бұл жерде сіз тұрыңыз, барсын жастан,
Түседі, кім барса да, бөркі бастан.
Шылбырынан ұстай алды Мәлікаждар:
- Болса да өлтіреміз Рұстем-Дастан!

- Майданға жолың үлкен, барма! - дейді,
- Аякты, біз тұрганда, салма! - дейді.
- Құмарым, өлтірмесем, тарқамайды,
Шылбырдан , Мәлікаждар, алма! - дейді.

Бұл сөзді ер Хиянға айта салды,
Шылбырын ол қолынан жұлып алды.
Айбатынан қара жер тітірейді,
Таған ер ол Ғұмарға жақын барды.

Астында үшқан құстай дүлдүл аты,
Форымынан білінеді ер келбеті.
Бойында асынғаны екі қылыш,
Айдай боп, келіп тұрды, қияпты.

Қанафияға ол:

-Туганым, кімсін? - дейді.
- Немене ізден бұл жерде жүрсін? - дейді.
- Бастырып келе жатқан шыдай алмай,
Мені көрмей келген ер кімсін? - дейді.

- Жок еді Қанафияға айтар сөзім,
Өзгені түзетеді менің тезім.
Егер де Қанафиядан басқа болсан,
Жығармын, Рұстем болсан, өзің.

Шаһизада ер Тағанға жауап берді:

- Ойна оғым, көңіл бар ма маган енді,
Құр тұрғанмен, жолымды бермейсің бе,
Байқасып, біз көрейік сіздей ерді.
- Қорқамын ер Қанафия болып қалсан,
Ол болсан, мен боламын әуре-сарсан.
Маган десен қаһарман болсан-дағы,
Көрем ғой күшің асып, жыға қалсан!

Шаһизада ер Тағанға кайран қалды:

- Жүйрікті көрмедин, - деп, - сіздей жанды.
Үйін-үйің дауаласын бақыртқан
Қанафия мен болам! - деп, айтып салды.

Ер Таған сонда жылап түсті атынан,
Бас қойды:

- Имам ғой!- деп, - ұлығ заттан!
- Кекті алып, тақсыр ханым, мен берейін,
Бұл берген Ғұмар, Сагит- гаяхар науан.

Қанафия өзі бұған өзі бұған келе жатыр:
- Былай тұр, жолды беріп, Таған батыр!
Алдына жетіп барып айғай салды,
Тайсынбас бізді көріп малғұн кепір.

- Ай, Ғұмар, қастық қылып, сен қалмадын,
[Х]актан коркып, Расулдан, ойбайладын,
Оқ атып, Ҳұсайынға, қылыш шауып,
Ойыңа сонда бізді неге алмадын?!

Сен итке не қылышты менің ағам,
Мерғендік байланышты қонып саған.
Әкенінің, бізді өлтірер, құны бар ма,
Көрсетші өнерінді енді маган!

- Өлтірдім мен соларды онда жатып,
Көзінді жоғалтамын, сені де атып.
Әмбесін ләшкерінің қырып тастан,
Жүремін мерекеге өзім батып.

Бір оқпен Қанафияны періп қалды,
Қолменен ат[кан] оғын қағып алды.
- Осымен мықтылығың болғаның!- деп,
Садағына көзденіп қолына алды.

Батырды дәл басына көзделеп еді,
Сол уақыт көзі алақтап, жан ұшырды.
Сауыты тас-талқан боп, аспанға атып,
Жығылды аттан құлап, қатып жерді.

Сол жерде жетіп қаза, Ғұмар өлді,
Жылады мұны көріп, Иазайт енді.
Барды да, шылбыр тағып дәл мойнынан,
Сүйретіп ләшкериңе алып келді.

Батырды алып келді шылбыр тағып,
Рақым қылсын оған енді не ғып?!
Ғұмар, Сағит зиат пен лағнат еki,
Екеуін быт-шыт қылды отқа жағып.

Таған батыр хауарұжға айғай салған:
- Пайғамбар тұқымына қастық қылған.
Оқ атып, қылыш шауып, лағнет боп,
Ішінде жаһаннамның ол зарланған.

Дар сұртіп, ойбайлатып, дарға асты,
Астына отты (уганы) жағып, зар жылатты.
Ақылъянан адасты қанаданлар:
- Сөйлес қыл!- деп, жаныған жарлық шашты.

Қыл құйрықтап мінді де,
Батырлар арғымағын ойнатып,
Алтыннан хұлық шайнатып.
Тұра-тұра шапқылап,
Нажағайдай қылышларын ойнатып,
Перен мылтық мойнында,
Найза, шоқпар белінде,
Қаруларын жайнатып.

Соғысқа бәрі бірдей кіріп кетті,
Кірген жерден дал-дал ғып қырып кетті.
Жан-жағынан ат қойып батырлары
Бір түрлі ҳауарұжға қырғын етті.

Жабыла: «Қыл құйрықтап»- атты койып,
Жатады жығылғандар қанға тойып,
Қолында ер Қанафия семсерімен
Талайын өлтіріпті қырып-жойып.

Самсаның ауырлығы- отыз батпан,
Келеді бұған карсы құндап атқан.
Ұрады Мәлікаждар шокпарменен,
Қалай да бір үрғанды, табандаткан.

Батырлар алас ұрып, қырғын салды.
Ағызып сауырынан қызыл қанды.
Қол тартып бұл соғыстан ер Қанафия,
Сол жерде канаданды жиып алды:

- Батырлар, саған айтам мен бір сөзді,
Бұл лашкер кашып кетер, тастап бізді.
Бас коспаса, бұған, сірә, шара болмас,
Реттеп ал жолдас болған өзінізді.

Иазайтты, болса бүгін, ұстап алыш,
Тұн асса, айырылып онан қалдың!
Жолдаска, өзіне ерген, басшы болып,
Алдынан тосайын мен бұл шаһардың.

Сол жактан маган ерсін Мәлікаждар,
Он жактан жүргені күп Фазыл, Ғұмар.
Жан-жактан қашқанына көзін салып,
Ибраһим, Мұсайып пен жүрсін солар!

Ләшкердің артында жүрсін- Зарайыр таған,
Бересін не жауапты ерлер маган?
Жігіттер (игитлар), алас ұрып қалманызлар,
Бір зауал бүгіннен соң болмас оған!

Бұлай десп ер Қанафия айтып салды,
Әркім-ак өз жолдасын жиып алды.
Жаратып бәйге атындаш шаппак болып,
Соғысуға бәрі бірдей даярланды.

Осындаш батырларға болып жұмыс,
Әскерге араласып болды жүріс.
Шаң болып дүние жүзі, тұмандатып,
Боп кетті сол уақытта үлкен соғыс.

Кетіпті тұмандатып дүние жүзі,
Қаранғы болып кетті күннің көзі.
Еш адам бірін-бірі көре алмады,
Бір катты соғыс болып мұның өзі.

Кетіпті екі ғаскер араласып,
Келеді ер Қанафия қолды басып,
Келеді егін орып, шеп шапкандай,
Қызыл қан, қылышпенен, қанды шашып.

Хауарұждың Қанафия сыйын берін,
Көріпті көзін салып Таған еріп.
Келеді қырып-жойып, қолды жарып,
Секілді аш арыстан оны көріп.

Бір талып, шаршамайды Таған және,
Жаратқан күшті қылып Хак тағала.
Шаттанып қырғанына ер Қанафия,
Анадан тумас енді мұндай бала.

Қазактың ис бітірді сендей ұлы,
Болмайды, шөлдегениң кадір-кұны.
Тамаша ер Қанафия қылып сонда,
Көзі- сонда, ұрыстан боп екі қолы.

Айтыпты құп тамаша Таған ерді,
Бір жактан қырғын салып Зарайыр ер келді.
Пәтшагар лағынетке қырғын салып,
Бұ-дағы хауарұждың сыйын берді.

О-дағы қырғын салды Фазыл, Ғұмар,
Соғысқа жаратылған анық бұлар.
Мұсайып, Ибраһим мен бұл екесі
Жан-жактан карауылдан жүрді бұлар.

Бұ жа жүр аш қасқырдай қойға кірген,
Талайдың миын тескен сыйын берген.
Беклігі таудай болғандарды
Күл қылар шокпарменен бір ұрумен.

Жетпіс пүт шокпарменен Мәлік ойнап,
Шыдатпай әр жағынан күші қайнап.
Қалқанды басқа салып балуандар
Алады ашуменен тілін шайнап.

Ер Мәлік бұл қарумен ұрыс қылды,
Жанасып Қанафиямен жақын келді.
Алмадай, жолыққанның басын кесіп,
Ол Мәлік келе жатыр қырып елді.

Оттай боп қауға түскен жандырады,
Талайды[н] ақыл-есін тандырады.
Акқан су өзен болып, қаннан- бұлак,
Мейірін хауарұждың қандырады.

Жаңылды мұны көріп әркім есін,
Көрген соң Қанафияның ол тірісін.
Ұрыска әуел сәске кіріп еді,
Түс ауып, сол уақытта болды бесін.

Батырлар жаннан кешкен ұран салды,
Әл, куат хауарұждан кетіп қалды.
Қанафия, Мәлікаждар мен қырып-жойып,
Екеуі қол тұрған тауға жақын барды.

Екеуі тізе косып, тауға келді,
Қасындағы жолдасы елу мың-ды.
Бұлардың қымыл күшін Иазайт көріп,
Күйдірін отқа түскен қаудай жерді.

Қауымына:

- Бұл қалай? - деп, айғай салды,
- Шынымен қырды ма? - деп, - бұл ғаскерді?
- Ай, Иазайт, құлағың сал мына сөзге,
Мұнымен қояр ма еken шыбын жанды?!

Мәлік пен ер Қанафия қырғын салып,
Екеуі келе жатыр қолды жарып.
Қарайды жылап Иазайт жан-жагына:
- Сактаймыз шыбын жанды қайда барып?

Бүгін ең алдымен Ғылым Хайдар,
Аянбай соғысының, хауарұждар!
Бізлерге бұ дүние болды қаран,
Тірі боп жүре алмаймыз енді бізлер!

Біздің кол толып жатқан бәрі қайда,
Қырылды біздің ғаскер әрбір сайда.
Ұрыска емін-еркін болдындар кез,
Біздерге енді болар дәурен қайда?

Тұрады мұны көріп Иазайт енді,
Екеуі тізе қосып бұған келді.
Жан-жақтан келе жатқан калың әскер,
Өлерін екеу онда әбден білді.

Келеді ер Қанафия құстай ұшып,
Әрттей дүрілдейді қауға түсіп,
- Ай, Иазайт, неше айла қылып бақшы,
Сені де біз мақтайық: «Батыр!» - десіп.

Қалтырап өне бойы дірілдейді,
Шаңменен күннің көзі көрінбейді.
Кетіпті екі ләшкер араласып,
Құн мен тұн- қайсы екені білінбейді.

Батырлар хауарұжбен араласты,
Көрінбей қүннің көзін тұман басты.
- Намыстан жаным тәтті емес пе?! – деп,
Бір жолмен жапа-жалғыз Иазайт қашты.

Мұхаммедқанафия келді жетіп,
Батырлар хауарұжға қыргын етіп.
Басы бөлек шоқпармен ханды ұрғанында,
Құлақтан дүрсілдеген даусызы өтіп.

Жаныға айтып еді әрбір сөзді:
- Ондырмас бұл соғыспен енді бізді!
Ала көргін бұрын барып Шамның жолын,
Тұқ тастамай қырар енді баршамызды.

Бұларды жолда жатқан жайға көрді,
Енді Шамға қашуға көңіл қойды.
Бір соқыр соқпак жолға түсіп кетіп,
Бір тауға бекінуге барып кірді.

Бұл Иазайт бекінуге тауға барған,
Саны жоқ ләшкери көп қырылған.
Құтқармай хауарұждан жалғыз пенде
Ләшкериң ер Қанафия жиып алған.

- Ләшкери, біз Асқалан барайық, - деп,
- Басына қара тұман салайық! - деп,
-Иазайттің тынысы алып тұрған жері¹
Оны да қырып-жойып алайық! - деп.

Көп колмен ер Қанафия ашықлан жетіп келді,
Шам жолын анық байқап, әбден көрді.
Бекітіп какпаларын, мылтық атып,
Олар да үш күн, үш түн соғыс қылды.

Батырлар Асқаланға қырғын салды,
Шыдатпай бұзып кетті ол камалды.
Есеп жоқ толып жаткан бір үлкен жұрт,
Ерлердің қол күшімен әзәр алды.

Қиратып Хаярұжды бұзып кірді,
Жаратқан Құдай артық ойын шын-ды.
Өлтіріп, дұшпандардың басын кесіп,
Аралап ер Қанафия (батырлармен) сонда жүрді.

Т[ұ]ра алмас ешкім корықпай батырлардан,
Қанафия жолдастымен кірді бірден.
Шаһзада- тінту салып, іздетеді,
Хұсайын аухил бейтін неішे жерден.

Оларды (уаларны) іздеп алар кайдан тауып,
Тықтырған ол Иазайт қылып кауіп.
Сактанып (сакланып), казынасын тықтырыпты,
Бір киын жерге ие қыпты, бестін жауып.

Иазайттың сарайына кірді барып.
Үстіне алтын тактың шығып тұрды,
Қарайды жан-жағына көзін салып,
Не күшті, ойлап тұрсам, Құдай күшті,
Тағдырда кім токтатар болған істі?!

Суретін Хұсайынның салған екен,

Қанафия қарап соған көзі түсті.

- Шымырлғын басын тәнінен алайын! - деп,
Қылышы қолында тұр- желкесінен шабайын деп.
Бұл істі корген жерде қалды талып,
Қалғанын Хаярұждың қырайын деп.

Қайғы оты жүргегіне (иүргегіне) келіп тиді,
Түтінсіз от-жалын боп іші күйді.
Жолдастары бестіне су сенкен сон,
Шаһизада сол уақытта есін жиды.

Қанафия тысқа шықты ашууланып,
Қызырып екі көзі от боп жанып.

Бұйырды Имамзада жолдасына:
- Жібер, - деп - бұл сарайға өртті салып!

Сол жерде сарай менен алтын тақты,
Баршасын отын қылып, отқа жақты.
Кәмалға зауал келсе, шара болмас,

Есімнен тарқамайды қасірет- қайғым,
Қайтейін уажи дария жолдастарым?!

Шаһар кеп, Хабылар айтты барып,
Соларды жасырғаннан келді салып.
Бұлардың зарлағанын көрген пенде
Есітіл күніренді барша халық.

Өртеппіл Имамзада дау-дау жанып,
Бірде келіп есіне, бірде танып.
Бәрі де іші күйіп жыласады
Өткен-кеткен жалғанға аң-таң қалып.

Елдеспес еш адаммен мына жалған,
Қайғыны бастиарына үйіп салған.
Каша іздеп (ізлеп) караса да, табылмайды,
Катын-жесір, баласы жетім қалған.

«Қайда- деп, Шаһизада?» - іздестеді,
Ол Ҳұсайын кеткен жерге кім жетеді?
Иазиттан басқа ешкім білмейді скен,
Таба алмай қарагандар тек кетеді.

Қанафия, имам Охун көп жылайды,
Жылаткан Қанафияны бір Құдай-ды!
Әр күнді қалған Ҳұсайын айлы басы:
- Енді біз не боламыз? - деп, зарлайды.
Біз болсак рузасында пайғамбардың,
Сажбен Ғұмар, Ғұшман шаһар барды.

Тауып ап: «Әр-арай!» - деп, зарланады,
Көрген сон бәрі бірдей кайғырады.
Жетім-жесір, - бәріні көргеннен сон,
Қанафия өзі зар жылады:

- Қайтіп жесір-жетім болдың, Менірбаным,
Жолында, пида болмас, қалды шыбын.
Айтпайын күн өткен соң әлдене деп,
Ах ұрып қайда ...
Көздін едік қарасы,
Шайхы Марданның баласы.
[Е]кі дүние шырағы,
Тұысқаным Шаһзадам,

Арманда қалдым, Хұсайын!

Артында қалдым арманда,
Кім армансыз өтеді бұл жалғанда?
Қайғы кетпес жүректен,
Мен де болдым шерменде,

Арманда қалдым, Хұсайын!

Сізден бұрын өлмедім,
Ешбір хабар білмедім.
Қапыда қалдым, дүние-ай,
Армансыз жалғыз мен бе едім,

Арманда қалдым, Хұсайын!

Арманда қалдым, бауырым-ай,
Артында қалдым зар жылай!
Басқа салды Құдайым
Мұндай қасірет қайғыны-ай!

Арманда қалдым, Хұсайын!

Кәрбалада келмедім,
Соғысында болмадым.
Қапы болған, дүние-ай,
Сізден бұрын өлмедім!

Арманда қалдым, Хұсайын!

Айтқанмен қайғы-зары таусылмайды,
Көрген соң жетім-жесірлерді зар жылайды.
Жазылған тағдырында екі-ак болмас,
Жігітлер, ойынызға ал бір Құдайды!

Мұнан кейін Ғұмар деген қаниденді шақырып алып:

- Мединеге алыш барып тапсыр!- дегені.- Өмірі біткенше сонда
тұрып, Мединсі билеп тұрсын!- деп, хат беріп жібергенің баяны.

Мен едім Хұсайынмен бірге туган,
Зарланып дүниеде қылдым арман.

Дауасыз Кәрбалада қалды бауырым
Тағдырда жазылған соң Хақтан пәрмен.

Басына іс келгенше пенде білмес,
Айналып осы жалған екі келмес.
Көзімнен, жас орнына, қан ағады,
Адамның, ажал жетпей, шыбын[ы] өлмес.
Зарлап- зарлап Мединеге жібергені
- Жарайды Мединеге барсын бұлар,
Алып бар осыларды, батыр Ғұмар!
Қолымнан Мединеге хат берейін,
Өлгенше еркіменен билеп тұrap!

Көше, жүрт, уалаяттың- бәрін ашты,
Талайдың менменсіген көңілін басты.
Өзі батыр, қанша ғаскербасы заманында
Батырлық, балуандығы жүрттап асты.

Имам Мұхаммедқанафия Хұсайынның ініл бейітін Мединеге жібергені, Зейінғабиденнін баяны.

Ол Ғұмар Мединеге алып барды,
Жетім мен кәріп болған жесірлерді.
Жылады (иғлады) көргеннен соң, аяп іші,
Жиылған барша халық әм бұларды.

Бұларды мұнда күндей көреді екен,
Медине енді үйсізге болсын мекен.
Тағына бабасының мінсек деғен
Уа, дариға, опасы жоқ жалған [екен].

Көргеннен барша халқы көп жылады,
Кәріптің әлін көріп зарланады.
Тағдырымен бір Алланың болған мұндай,
Барша жиылған халқы қайғырады.

Уахи, дариға, опасы жоқ жалған-ай!
Арманда өткен Хұсайын!
Зарланып сол арада тұрды бәрі,
Күніренді Мединенің көк пен жері.
Сиратіл Мұнтахаға жетіп даусы,
Сегіз жұмақ ішіндегі
Жылдатты ғарыштағы періштені.
Уахи, дариға, опасы жоқ жалған-ай!
Арманда өткен Хұсайын!

Жиылып барша халық көп жылады,
Шаңиды: «Ағла!»- деп, жығылады.
- Махшарда Хақ расулдің күнәкәр үмбетіне
Шапағаты хақ бұлардың!- деп жылады.
Уахи, дариға, опасы жок жалған-ай!

Арманда өткен Хұсайын!

Ғұмар алып келіп, мұның бәріп көріп, қасірет -қайғыға берген
таслан сезінің баяны.

Қанафия бұйырған соң келіпті алып:
- Жиылып зарланызыз барша халық,
Тапсырдық жетім-жесір кәріптерді,
Рұқсат берініздер, біз қайталық!

Біздер де қайғы - қасірет қылдық фиган,
Еш нәрсе өнбейді екен [бір] жоғалған.
Халінен кәріптердің қайғырдыңыз,
Болыңыз баршаңыз[да] көргенше аман!

Қанафия|ға| Зейінғабидениң келіп айтқан сөзі:
Шырағым, жан мен тәнім, артын бақытың,
Мұбәрак болсын мілген- тақытың!
Сәруары он сеғіз мың, Әлімнің пайғамбары
Әбубәкір, Ғұмар, Ғұшман, Ғалының берсін бақытын!

Бабаңыз Хақ Расул- Хақтың досы,
Тағдырыдың жазуынша болды уасы.
Дүниеге келгеннен соң, өлмегі ҳақ,
Пайғамбар, үмбетінің, Ҳақ пендесі!

Енді Зейінғабиденге Медине Әм Хасен Хұсайын аһлы бейіті мұнда
тұрсын, аспаннан жазу Қанафиядан (Анипадан) сөйлейік.

Мекке мен Мединеден Дымшық барған,
Ешбір хабар ол ерден таба алмаған.
Қызыл қан, келіп көрсө, шаһар іші,
Бір хабар ол арадан таба алмаған.

Арапап жан-жағына жүрді бәрі,
Сол жерде Қанафияның көп ғаскери.
Бір қазба таппаған соң: «Бұ қалай?»- деп,
Ғаскермен бәрі шулап, қылып зары.

Жан-жағын ол шаһардың қарап жүрді,
Қызыл қан, көрсө бәрі, жолдың үсті.

Жиылған үлкен Шамға көп ғаскері

Бетін түзеп ғаскері қашқан Шамға,
Кез келді себепсізден қырылғанға.
Хұсайын Кәрбалада болды шәһит,
Біз мұнда, қырған мұнша қандай пенде?!

Бұлар келіп және Шамнан шығып, көп ғаскер Қанафияның кез болып, бұлар да бір жағынан қылыштарын ойнатып, жайнатып, текежәуміт аттарын астындағы. Қызылдан ту қолында Асқалан шаһарын алды. Келіп кіріп, қырып, су орнына қан ағызып, Иазайттың тақыты, бакытын күл қылып өртеп, Хұсайынұғлы Байтұн жетім қалған баласын Мединеге жіберні, бабасы хақ Расул төрт жарменен тақытына мініп, бұлар ғұмырын сонда кешірді.

Иазайттың әнгімесінің баяны

Ол Иазайт тұра алмады онан қашқан,
Пайғамбар тұқымына болған дұшпан.
«Кешегі Кәрбалада қырдым ғой!»- деп,
Иараны, түк қалмады, көп ғаскерден.

Хисапсыз қырылғанның жоқ-ты саны,
Біздерді: «Кімің ер?!»- деп ойламады.
Жолыкты хауарұжыда бір пәлеге,
Өлтірді Кәрбалада Шаһзаданы.

Бұлайша тағдыр- әзіреіл болған Хақтан,
Құдайым сактар өзі жанған оттан.
Дүниеде: «Жеттім ғой!»- деп, мактанбаңыз,
Сираттан өткенінде, сонда мақтан!

Шерменде әуре боп Иазайт өлген,
Естінің әнгімесін енді бізден!
Баған, Харайыр, Қанафия, Мәлікаждар-
Қайғының қасіретінен қорқып өлген.

Хұсайын, Шаһзадаға болған дұшпан,
Бабасы- Хақ пайғамбар, атасы- Ғалы арыстан.
Анасы- Бибі Фатима қайран ана,
Ойланыз: кім бар еді онан аскан?!

Есітіп ол Қанафия келген екен,
Басына қара тұман салған екен.
Күшп шығып Асқаланнан
Кашып жүріп бір жерде өлген екен.

Ол жар ер Тағанменен таққа мінді,
Өлгені ол Иазайттың естілді.
Билетті Асқаланды ол Харирға,
- Дымшықты билейін!- деп, Таған келді.

Кім таласар Құдайдың берген баққа,
Мінеді патша болған алтын таққа.
Әулие, әнбиені тамам айттық,
Бір дүға қылып қойың араққа!

Иазайт әуре-сарсаң болып қашып жүріп өлгені енді кейін,
Асқаланды Шари билеп, уағым Дымшықты таған билеп, онан кейін
Қанафия Меккеге қайтып, Иазайттің тақметі бақытын, ғаскерін күл
қылып, қатынын жесір тұл қылып, баласын жетім-жесір қылып, елін,
шаһарын жер қылып, кегін алып, тағын, бақытын өртеп, Қанафия жеріне
қайтып кетті.

Иеменге, шаһарына қайтып келді,
Бұрынғыдай Қанафия таққа мінді.
Шаһарын-күл, дұшпанын жер қылған соң,
Жиылып елі-жұрты бәрі келді.

Жиылып қатын-бала зарланады:
- Уахи, дариға, Ҳұсайын!- деп, ах ұрады.
Ақырын әр нәрсениң берсін Алла:
«Тақсыр!»- деп, күллі жұрты тік тұрады.

Бұрыннан ол Иеменге патша болған,
Алдында жасауылы (иасауыл), тақыты тұрған.
«Өткен іске, тақсыр, өкінбе!»- деп,
Күллі жұрт аяғына басын (башын) ұрған.

Харирні Асқаланға патша қойған,
Дымшыққа хан болып Таған тұрған.
Ҳұсайынның жіберді аһлы бастайтын Мединеге
Өл барып Медине[ні] билеп тұрған.

Шырағы екі дүние ол имамы,
Баянғып біз сөйлемдік Қанафияны.
Тақытында бір күн жатып, ой ойланды,
Түсінде көрді дейді кәрінлар[ы].

Ойлайды: «Кәрбалаға барайын!»- деп,
«Бір барып Кәрбаланы көреін!»- деп,
«Басына зиарат (ізірет) қып шәһитлердің
Денесін ағасының көреін!»- деп.

Қанафия Кәрбалаға жүрмек болды,
Қанша жиып алды ауыр қолды,
Қасына батыр әскер жиып алып,
Ертіп ап келеді қырық мың қолды.

Ләшкериң ертіп алып жолға келді,
Мехнатын мойнына алды қырық күн шөлді.
Күн ыстық, жері қызып, мехнат шегіп,
Фіраттың дариясына жетіп келді.

Фіраттың ол басына жетіп келген,
Әр түрлі ғаламатты сонда көрген.
Айналасы дарияның қызыл қан боп,
Баршасын бұғ ғаламның көзі көрген.

Япым-ай, мұндай жерге келеді екен,
Жын, шайтан, дию, пері қылған мекен.
Аз асылы тағдыры осылайша
Тағдырдан қайыры өзге бола ма екен?!

Бабама Жебірейіл бір күн келіп еді,
Хабарын бес жасында беріп еді.
Жан ағам Хұсайын қызыл қан боп,
Шәһит боп Кәрбалада өлді дейді.

Шәһіті ағла боп бұлар кеткен,
Ойына алғанына кімдер жеткен?!
Шырағы екі дүние, ол имамы,
Хасен мен Хұсайын- о да өткен.

Кұдай досы Мұхаммед, Ҳақ пайғамбар,
Жебірейіл хабар беріп келіп тұрап.
Шырағы екі дүние- ол- Мұстафа,
Төрт жар мен өтіп кеткен сахабалар.

Енді ойласақ, дүниеде кімдер қалды,
Әулие, саха[ба]- бәрін алды.
Дүниеде тағат қылмай, күнә қылып,
Қинаймыз Сира[т] астында шыбын жанды.

Сонан Фірат дарияның жағасына келіп, ағасы Хұсайынды іздеп (ізлеп), қанша ғаскермен не көрсе, хауарұждың өлгенинен басқа көрмей, неше күн жол жүріп, ағасы Хұсайынның денесін тауып, басы жоқ, қол

жок көріп, зарлығымен жылап, атынан есі-түсін білмей, жығылып жат[т]ы. Сонда пайғамбар, Ғалыны, төрт жарын қолынан өткізген қария қолының ішінде екен, Қанафияға айтқан тоқтау баяны:

Бабаңыз хак пайғамбар, Құдай дос-ты,
Ағзумнан шығарайын әрбір кепті.
Күшімен қалса, Ғалы қалар еді,
Арыстан шері Құдай, о да өтті.

Баласы Ахмет ханның Қаһарман-ды,
Қап тауын күшіменен көтерген-ди.
Дүниеден ажал жетіп, о да кеткен,
Іс көрменіз, жамағат, күш пен малды.

Пайғамбар Ибраһим бай боп өткен,
Дүниеде бай болса да, дінін күткен.
Ажалға мал еш ғылаж қыла алмайды,
Қарынбай малға сеніп қайда кеткен!

Кәпірде екі патша: Нәмәрд, Шадат,
Билеткен жер мен көкті Қадір Ахдат.
Дәүлеттін патшалық көтере алмай,
Құдаймен сурет (сірот) таласқан кәпір Нәмәрд.

Ақырында шыбыннан ажал жетті,
Ыңдырыс, Ғайса, ол Қызыр тірі кетті.
Он сегіз мын табиб лұқман,
Ажалға хайла таппай, о да кетті.

Ойласақ, бұ жалғанда кімдер қалды,
Әулие, сахабаның бәрін де алды.
Ағаныз шәһид ағла боп,
Бақи жайға ұжмақ барды.

Қанафия қарияның айтқан насиҳатын естіп, басын көтеріп, ес-түсін жиып, әскеріне бес-алты сөз айтып, сонаң кейінгі хикаясы мынау еді:

Жаным ағам, мен келдім,
Қасіретінде көл болдым!
Күйіп-жанып, өртеніп,
Зор қайығ[ға] кез болдым.

Тәнің жатыр қан болып,
Уахи, дариға, жалған-ай,
Іште кетті арман-ай,

Жаным, ағам, Ҳұсайын!

Іздеп келдім қасына!
Басы-қолың кесіліп,
Мұндаі күйге түсіпсін!
Қызыл қанға боялып,
Уахи, дариға, жалған-ай.
Іште кетті арман-ай,
Жаным, ағам, Хұсайын!

Айтқанмен болмас-ты,
Жылағанмен келмес-ті.
Әзел тағдыр осылай,
Екі жазу болмас-ты!
Уахи, дариға, жалған-ай,
Іште кетті арман-ай,
Жаным, ағам, Хұсайын!

Кәрбалаға келгеніңнен
Ешбір хабар білмедім.
Жаным құрбан қылар ем,
Сізден бұрын өлер ем,
Уахи, дариға, жалған-ай,
Іште кетті арман-ай,
Жаным, ағам, Хұсайын!

Енді болдым шерменде,
Қайғы тарттым жалғанда!
Зарлансам да, болмас-ты,
Қалдым мұнда арманда.
Уахи, дариға, жалған-ай,
Мен де қалдым арманда,
Жаным, ағам, Хұсайын!

Қайғыны, айта берсем, таусылмайды,
Тағдырды мұндаі қылған бір Құдай-ды!
Қылғаның хауарұждың ойлағанда,
Көзінен қанлы жасы сорғалайды.

Уахи, дариға, миян ғана-ай,
Іште кетті арман-ай,
Жаным, ағам, Хұсайын!

Кәрбаланың соғысында болмадым,
Іште кетті арманым!

Жан-жананым, жан ағам,
Жаным құрбан қылмадым!
Уахи, дариға, заман-ай!
Іште кетті арманым,
Достының нұрынан ап жаратыпты,
Қойыпты жарық қылып Күн мен Айды.

Хикаямен сөйледім біраз мұнша,
Бұ дүние өтер-кетер көз жұмғанша!
Әңгіме ғып Хұсайынды көп сөйледік,
Ғұмырымыз аз ба, көп пе, алда қанша?!

Хұсайын бүгін шәһит Кәрбалада,
Тағдыры Алла тағала осылайша.
Әзейіл (әзірейіл) тағдыр осылай болғаннан соң,
Ісіне құдіреттің не дүр шара?!

Қанафия қайғы-шер шегіп ғаскерін жиып алып:

- Енді біздің қолымыз келер жұмысымыз: басына мешіт, медіресе,
ұй қылып, кияметке шейін шат тұратын ат болсын дей[мін].

Ғаскер:

- Құп!- дейді.

- Кімде-кім атасының үмбетіне ағузу... алып Хұсайынның атын
айтып, Кәрбалага келсе, нақақ қан тәкпес болсын да, һәм зина, зорлық,
ұрлықпен өтсе, тәубемен келсе, күнә[да] қалмады де, Алла акпар!- деп,
өзі біраз мұнша кісі бірге қалып, мұндағы фіраттан берік шаһитларын
жиып, намазын оқып:

- Қоме бер!-дейді...

Қырық мыңдай ғаскерін Иеменге қайырып: «Алтын, гауһар, мәрмәр,
жакұт алып келіңізлер!»- деп, әр жорықта патша хандардан жәрдем
тілеп, нама жіберіп, өзлери Кәрбалада қалды. «Қырықтын ғаскерден
естідіңіз әңгіме»- деді де, бұлар неше түрлі жолдардан мекнат шегіп,
Иеменге келді де, онан соң, әр жұртқа, әр патшага елші жіберіп, біраз
жатады да. Иеменге онан кейін әр елден ғаскер келіп, қанша жабдық
жиып, дүние жүзін алып, Кәрбалага қайта жүрмелек болып, хисап қылып,
ғаскері жүз мыңна елу мың болып жүр деп, дүние хисабы жоқ әр пат-
шадан, әр шаһардан жиылған нәрсе: алтын, жакұт, гауһар, мәрмәр- бір-
бір таудай болып, Кәрбалага алып жөнелді. Неше жолдардан қанша
мекнат шегіп, неше күн, неше ай жүріп, Кәрбалага келеді. Онан кейін
күмбез орнатып, басына айшық- алтыннан, босағасы- алтыннан: әр
үйлердің қылып, басына шыракшы қойды дейді. Қанша ғаскер келсе
сиятын. Және күмбез ішіне гауһар қойды. Және Меккеге де гауһар
қойды. Шыракшылардың үйіне алтыннан қанадил орнатып, өзі жанатын

жарықтар қойды. Биіклігі қырық кез дейді, күнмен бірдей болса керек. Бір-екі жылда бітіріп, ғаскеріне рұқсат беріп, жеріне таратты дейді. Онан кейін Қанафия Иеменге қайтпақ болып, ағасының рухына қанша құран қатым қылып, рухын пак, шадман айлас, жеріне қайтпақ болды. Онан кейін хикаясы. Онан соң өзі ғаскермен Иеменге қайтпақ болып, Кәрбаладағы шәһитлерді жаслап, әскерінің жанына келіп, тақытына мініп, қанша шаһарлыны билеп тұрып, қанша шаһарды өзіне қаратып, дәурен сүріп өтті дейді. Оның баяны.

Уай, жамағат ұлы, тағдыр жазған,
Хақтан болған пәрмен,
Бабамызға хабар берген.
Бұқызыметлер азайылдық дүр.

Ол бабамыз Хақтың досы,
Азайыл тағдырласы,
Ұшып кетті жұмак құсы
Бұқызыметлер азайылдан дүр.

Иеменнен шығып Мекке бардым,
Мединеден хабар алдым.
Онан кейін Дымышқ барып,
Бұқызыметлер азайылдан дүр.

Ешбір хабар табылмаған,
Жан-жағына ат салыс жан,
Әрбір жолда кез болды ол қызыл қан.
Бұл қызыметлер азайыл дүр.

Мұнан кейін түстік жолға
Жол жөнелді Шамға дейін
Кез болдық көп қырылған қауыршыға,
Бұқызыметлер азайылдан дүр.

Кез болдық біз майданға
Жарып Таған арыстанға.
Қойға тиген бір аш бөрі
Бо[лар] қымбат әз асылдан дүр.
Күннің көзін басқан тұман
Батқан сайын қызыл қанға
Жара ер Таған, екі батыр
Хаярұжға қырғын салған
Бұқызыметлер азайылдан дүр.

Онан (анден) кейін ләшкөрдің артынан қылп келсе, екі арыстан хауарұжға қырғын салып келе жатқанын көрін, Қанафия, Мәлікаждар тан-тамаша болып, касына келділер. Сонда (анда) Қанафияны танымай, жауап сұрады. Берген жауабы:

- Біз танымаймыз, сізлер кімдер[ге] бата оқырыңызды айтыңызлар!

- [О]йлаймын Қанафия деп ғайыбына. Біріміз-Таған, бірімізді уәзір (хазір) дерлер.

Сұрасан, менің атым- Қанафия,
Сіздерге медет берсін жалғыз Алла.
Бабам аты- Мұхаммед, хақ пайғамбар,
Атам- Ғалы, ол мұртаза.

Мұны естін екеуі: Таған, Жарайыр атынан түсін:

- Аскалан шаһарын жыр қылып жаздың. Тақтін шаһарын ойран қылып, Иеменге барып, Кәрбалага әскер жиып, шәһтилерге орын беруіне таратып, ағасы Ҳұсайынның атын бірден-бірге қалғызып, қияметке шейін тұратын бай қылып, өзі Иеменге келіп, ғұмырын өткізді дейді, патшалықпен мақсатына жетті дейді. Болған бұл хикаятке ләсімім бекітілерге көп сияпат рухы еренлерің!

Шадман болсын, оқыңыз бір дұғаны,
Көп самғит... ер жігіттің әр күн бағы...
Рақмет етсөң, жігітлер, бір Құдайдан
Дұғадан тастамаңыз бізді тағы.

Біліп ем бір күн ақыр өлерімді,
Әр жерге жайып жүрдім өнерімді.
Жата алмас жер астында сары алтын,
Шығардым аңыз[бенен] өнерімді.

Нығымет

Билерге айна жасадым:
«Суреттерін көрсін!»-деп.
«Былғанышты кірлерін,
Ерінбесе, жусын!»- деп.

Судья болды семіздер
Елге шығып, жем іздер.
Тояты канып алған сон,
Бұдан артық нені іздер?

Осы күнгі билердің
Атағы зор, ісі жоқ.
Сорлы кедей жылаулы,
Оныменен ісі жоқ.

Байдың ісі жөн келіп,
Қисығы да жөндөліп,
Сот кімдікі? Байдікі!
Кедейлер жүр сенделіп.

Сот есігі байларға
Бөгеті жоқ күнде ашық.
Қалған жұмыс жайларға
Кедейдікі, бұл анық.

Сот үйіне бай кірсе:
«Қош келдіңіз, былай шық!»
Киімі жыртық кедейге:
«Қол бос емес, үйден шық!»

Жұмысы біткен кедейді
Естімедім, көрмедім.
Ылғи жылау, ылғи мұн,
Бұл не екенін білмедім.

Бұл, әрине, теңдік пе,
Тендендік емес, кемдік пе?
Тенгерер еді кедейді,
Тояты қанса жемтікке.

Билікте ылғи пасық тұр,
Өңеші ылғи сасық тұр.
«Бермейді»- деп, нашардан
Би, мырзалар қашып тұр.

Қанша пәлен дегенмен,
Әлі байлар асып тұр.
Не қыларын біле алмай,
Сорлы кедей сасып тұр.

Арыз берсе нашарлар,
Жауыз билер басып тұр.
Шығарта алмай арызын
Желкелерін қасып тұр.

Байдың берген арызы
Орындалар кешікпей,
Кедейдікі бүктеліп,
Қалтада қалар ер жетпей.

Қызыметкери судьяның
Әрі жуан, әрі бай.
Осалы жок ішінде,
Қарап тұрсаң, шылқымай (шылқи май).

Түсі суық билерден
Қорқады кедей дірілдеп.
Айтуға сөзін бата алмай,
Жасауарап көзі іріндең.

Алдына барған кедейге:
«Жұмысың не, айт шапшаң,
Әйтпесе үйді босат!»- деп,
Қаһарын төгер, қылып шам.

Соры қайнап, зарланып,
Сөйтіп кедей кемдікте.
Екі көзі төрт болып,
Кедейдің көзі кіндікте.

Кіндікке көзін сұзіп тұр:
«Билерді жөнгө салар!»- деп,
«Мұнымызды газеттен
Көріп, рақым қылар!»- деп [1]...

Сәрсекей

Иса мырзаға

Арын- акку, Сәтбай дария еді,
Апайға бас (бес) Райыс жария еді.
Жандеркениң Жұсібі тілге шешен,
Баба Ғұмар сықылды қария еді.

Молдабай тілге жетік, шешенің-ді,
Тайқожа ақша табар көсемің-ді.
Ақберді: «Мен сендік!»- деп, куле сөйлеп,
Бәріннің осы табар есебінді!

Ғали Елубайұлы (Смағұл)

Имам Зүфір

Қолыма бейсенбі күн алдым қалам,
Дүниеге опасы жоқ болдым алан.
Бастайын (баштайын) бір хикаят назым қылып,
Тіліме медет бергіл, Алла тағалам!

Жар болған кәріplerге Құдіретім,
Екінші-афзal сәруар Мұхамметім!
Әр уақыт тар жерлерде көрсө тарлық,
Тілейді сізден медет көп үмбетін.

Аспа топырактан болғаннан соң,
Тілеймін сонын үшін шапағатың!
Жалғанға екі бірдей гүлстан ғып,
Көрсеткен Миғраж асып, шахауатын!

«Асылды асыл біліп, илансын!»- деп,
Хақ берді Айыршалдың Нәбу атын.
«Менің бұх хаклығыма нанбады!»- деп,
Көрсеткен халыққа ашып кереметін.

Құрдасы Әбужаһил нанбаған соң,
Көргізді айпара ғып мығжызетін.
Нанбаған сөйтсе-дағы мұнысына
Қараңыз антұрғанның жатғылына.

Жазушы (иазғұшы) үшбу сөзді Ғали атым,
Қош көрем ғалымлардың ағлы атын.
Берген соң өнер көр]сетпесек,
Біреудін, біреу қайдан, білсін затын?!

Аз ғана пайым етіп, анғарсаңыз,
Жазайын Бұхараның уалаятын.
Бір имам Зүфір атлы өткен екен,
Сөйлейін соның біраз хикаятын.

Бұл Зүфір бір кәріптің баласы екен,
Құдайдың бір жаратқан данасы екен.
[Мә]лім боп, он төрт жаста ғылым ізлеп,
Барғаны Бағдаттың қаласы екен.

Ішінде тағы біткен алма ағашы,
Жай ...інде гауһар тасы.
Орындық әр сыбаға табақ жасап,
Салынған неше түрлі нығымет асы.

Сайраған сандал ағаш, аққан сұзы,
Алтынмен решеткелі тіккен туы.
Іісі бек ғажайып мұрын жарған,
Бұрқырап аспан көкке шықкан буы.

Еш адам жоқ ішінде қылған мекен,
Салынған мәрмәр (мрамор) тастан тағы дүкен.
Әңгіме бар неше түрлі бақ ішінде,
Жолбарыс, арыстан мен жортқан бөкен.

Канжулы машина мен қонырау түрган,
Дынылдап алтын сағат жайнап түрган.
Сәулесі біріне түссе, біріне тайып,
Ішінде аужағайша ойнап түрган.

Бұл бақтан тағы жүрді дамыл алып,
Алмады, еш (hesh) нәрсеге көзін салып.
«Жел менен кісі ақысы- алмаймын!»- деп,
Кітаптың айтқан сөзін есіне алып.

Өтіпті солардан да дүние жалған,
Баруға тамаша ғып, көзін салған.
Уақыты қош бол сол бақта, ракатланып,
Жалғыз-ақ ісінен басы айналған.

Кетіпті басы айналып, көңілі еріп,
Келеді неше түрлі тамашаны жолдан көріп.
Жапа-жалғыз келеді айдалада,
Түгел өз ішін Хакқа беріп.

Жағалап келе жатыр дария шөлді,
Өзіне ғылымлардан Алла берді.
Аяңдап су жағалап келе жатса,
Алдында кеме мінген кісі көрді.

Жақындал келді аңдап суға таман,
Көп ләшкер, келіп көрсе, мың сан адам.
«Бұлармен бірге судан өтемін!»- деп,
Кемеге жүк салуға ойына алған.

Бұларға сәлем берді имам келіп,
Сәлемін әлгі алды көңілі еріп.
Бұхардың кісісі екен соның бәрі,
Таныды имам Зүфір бәрін көріп.

Көрісп, амандасты, барысымен,
Алланың, пенде жүрер, әр ісімен.
Кемеге бірге мініп журмек болды,
Үлкен-кіші, бай-пақыр, кәрісімен.

Кемеге салды түйе көп кітапты,
Байлады алтын тұрман-арғымақты.
Теніздің ортасына келген қезде
Күн жел болып, көп кемені толқын қақты.

Аспаннан бұлт шығып, күн жылытты,
Тыңлаңыз құлак салып мына кепті,
Сындырып, толқын соғып, кемелерін,
Барнасы мұсылманның суға кетті.

Жолыкты мұсылмандар мұндай кепке,
Болмайды шек келтіріп Құдіретке!
Ажалсыз, болып жалғыз, бір тактаймен
Тенізден имам Зүфір шықты шетке.

Дарияның ортасында сынған кеме,
Қалмады мың адамнан жалғыз неме.
Лақазда сонша адам опат тапты,
Құданың құдіретіне пәлен деме.

Манағы көп кітаптың кетті бәрі,
Аллаға имам жылап қылды зарды.
Не хайла, жылағанмен, сабыр қылды.
Лайық іс қылған соң біреу бары.

Аллаға көп мінажат қылды Зүфір,
Айтады:

- Жеткізғіл! - деп, - бізді акыр!

Астында мінетұғын қөлігі жоқ,
Жағалап ол теңізді келе жатыр.

[Ол] Зүфір талай күн жүрді жаяу,
Көңіліне арып-ашып түскен қаяу.
Алыстан көрініпті бір мұнара,
Үш-төрт күн жүріп соған келді таяу.

Күнменен шағылысқан мұнара өзі,
Адамның, баға (бала) қылып, жетпес көзі.
Бір нәрсе жоғарыдан сарқырайды,
Осындай тамашаны көрді көзі.

Сарқырап аққан сұзы- алтын бұлак,
Жааралар, тамашаға салсан құлак.
«Бұхарда мұндай нәрсе бұрын жоқ-ты,
Білейін тамашасын мұның сұрап.»

Қағазға, бәрін жазсам, кетпес сыйып,
Бір шеті тұр бір үлкен тауға тиіп.
Астынан орнатыпты алтын діңгек,
Қырық кездей өзге үйден тұр болып биік.

Бір үй тұр иабында алтын сарай,
Тамашасын талды имамың көз қарай.
Оны да айтып болмас зейнет жапқан
Қакпасы тоғыз есік золотнай.

Алтынмен сол қақпаға жазған хаты,
Шығатын тіреулі тұр күміс саты.
Бұхардың Ғұшмания патшасының
Жазылған Шершашар әм қыздың аты.

Осындай сәulet қыпты баласына,
Жұргізіп хиқуметін қаласына.
Жұргенше олай-бұлай күн кеш болып,
Қоныпты дарбазаның даласына.

Ойлады бір ақылды сонда тұрып,
Алланың әр ісіне көніл бұрып.
Барды да:

- Құrbашы!- деп, айғай салды,
Есігін дарбазаның қағып тұрып.

Құrbашы жауап берді сонда не деп,
- Сен кімсің, танымаймыз, неме[не]? - деп.
- Ашпаймын дарбазаны, кім болса да,
«Есік аш!»- дегеніңіз не... -деп.

- Сұрасан, атым «Имам Зүфір» деймін,
Жасынан мұнды болған пакыр деймін.
Бұл Бұхара туган жерім болғаннан соң,
Айналып келдім тағы ақыр деймін.

- Сен болсан Әмам Зүфір, ашпан есік,
Жеті тұнде не ғып жүрсін дүние кезіп?
Есігіп біз ашайық дарбазаның
Бір ауыз мәселе айтсам, берсен шешіп.

- Айтсан айт, мәселенді, айтам десен,
Бейнуда болар бекер қайғы жесем!
- Еш нәрсе ажалға хайла бола ма екен,
Тауып бер мағынасын мұнын білсең!

Ойланды сол уақытта имам тұрып,
Оқыған, сөзді бұрын, көзі көріп.
Мағынасын, қанша ойлад, таба алмады,
Не хайла, тұрды білмей, халі құрып.

Таба алмай мәселесін, көңілі қүйді:
- Есігін, сөз таппаса, ашпас! - дейді.
- Ашар ма жалынғанмен, құрбаңылар,
Не хайла, жолап барып, шатыр тікті.

Бар еді бір кіслік алтын шатыр,
Шатырын тікті барып имам Зүфір.
Бар екен бір тас фонар жакты-дағы,
Аллаға мінәжат қып, жылап отыр.

Қойнында бар екен бір «Калам Шәріп»,
Сонысын қолына алды имам кәріп.
Көзінен жас ағызып, оқи беріп,
Қайғырып, басын төмен жерге салып.

Каламын қолына алып оқи берді,
Өзіне ғылымларын Алла берді.
Жапанда жаққан оттың жарығыны
Патшаның жоғарыдан қызы көрді.

[Жоғарыда] патша қызы тұрушы еді,
Көп қызбен бірге мәжіліс құрушы еді.
Тонірегі алтын үйдің- болат сарай,
Сайран қып, бәрін кезіп журуші еді.

Айтушы еді:

- Біз ойнап күлейік! - деп,
- Жалғаның бар қызығын көрейік! - деп.
- Бүгін тұн сахараға көз салайык,
Не тамаша бар екен білейік! - деп.

Мұны айтып, орынан қыздар тұрды,
Жоғарғы зал үйине бұлар жүрді.
Зал үйдің пүшпағына шығып тұrsa,
Жапанда жалтылдаған отты көрді.

Тұрғаны сонда шығып болат сарай,
Сол отқа талды қыздың көзі қарай,
Сахара да бұрын жанған от жоқ еді,
Не ғажайып жаратқан патша Құдай?

Салады отқа көзін анда-санда:
- Тунеген керуен бар ма бұл жапанда?
Жапанда бұрын мұндай сықсиган от
Жоқ еді, бұл өзі не, Құдауанда?!

Деп сонда патша қызы қалды қайран,
Ғажапсыз не болмайды бір Құдайдан?!
- Сатымен сізлер мені түсірініз,
Білейін тамашасын, қылып сайран.

Иінне түсу үшін салды қалқан,
Қалқансыз жерге түссе, болар талқан.
Бар екен түсіп-шығып жүретүғын
Екі жұз сексен құлаш жібек арқан.

Сипаты жарық қылған айсыз кешті,
Тамаша, көнілге алып, мұндай істі.
Беліне арқан байладап, сатыменен
Ақырында патша қызы жерге түсті.

Калқанды, келе жатып, қарына асты,
Сатыны сартылдатып қатты басты.
«Бір нәрсе көктен түсіп келе ме?» - деп,
Сол халде имам Зұфір жаман [састы].

[Ол] Зұфір корықканнан қылды зары,
Тарс еткен аян [боп] тұр біреу бары.
Кудайға ахи фиған датын айтып:
- Жалғызға болады - деп - Алла жары!

Отырган сабыр қылып, оқып калам,
Көңілі сейтсе де болып алан.
Ай жүзлі, шырын сөзлі бір назынан
Есікten тотым бірлан берді сәлем.

Сонда имам:

- Элік! - деп, алды сәлем,
Кызды көріп, қол созды шамға таман.
Апарып шамға қолын созып еді,
Күйдірді шам қызыу қолын жаман.

Аузына, күйгеннен соң, қолын ұрды,
Кыз есікте тамаша қып қарап тұрды.
Қолын шам күйдірген соң, женге тығып,
Құранын төмен қарап оқи берді.

Әлі бір сөз айтқан жоқ қызға қарап,
Құдайдан іші қорқып алап-жалап.
Біркатарап уақыт болды, қыз әлі тұр,
Құранын оқи берді төмен қарап.

Құранды бек ышқынып оқыр тым-ак,
Күйдірді шамға қолын, жанын қинап.
Бейшара шамға қолын күйдіргенін
Мұнысын білді зерек қыз да сынап.

Бір уақыт қызға тағы салды көзін,
Әбизат бек раушанлы көріп жүзін.
Қараса, манағыдан тұр әлгі қыз,
«Кімсің?» - деп, сөйлеғен жоқ әлі сөзін.

Шығарып, тағы женнен, қолын алды,
Апарып жанып [тұрған] шамға салды.
Жанған шам, қанша айтқанмен, от емес пе,
Екі есе манағыдан күйіп қалды.

Бір қолын, күйдірген соң, тартып алды,
Каламын тағы окуға қолына алды.
... ат мұнысын қыз біліп тұрған.
«Қас әулие екен!»- деп, ойға салды.

Көргі[сі] жоқ қыз ұйқыны осы түні:
«Тамаша әулие!»- деп, білді мұны.
Баян қызып айтайын, тындасаңыз,
Шамға қолын күйдірген себебіні.

Ойлаған имам Зұфір акыретті,
Көрген соң қызды, шамға қолын тұтты.
«Қызбенен ойнайын», - деп, күйдірмесе,
Койсын ба, шам ыстығы, қолына өтті.

Колына ыстық өткесін (өткеш), ойлады ақыл,
Болмайық жалған үшін оттан ғапіл.
Мұнан да тозақ оты ыстығырап,
Қызбенен ғайша-ғашырат күрсақ ақыл.

Ішінен қыз болыпты бұған ғашық,
Сөйтсе де сөйлеген жоқ лебіз (лафызы) ашып.
«Дүниенің оты осындаидай, еттөн өтті,
Қылар,- деп,- тозақ оты әлденешік?!»

Бір сөзді айтайын деп ыңғайланаңып,
Артынан тағы ойланды: «Не айтайын?»- деп.
Сол кезде маширықтан таң көрінді,
Жөнелді қыз үйіне қайтайын деп.

Жөнелді (иөнелді) қыз үйіне қадам басып,
«Мені біреу көрер!»- деп, асып-сасып.
«Некахлы алал жұпта болар ма екен,
Әзелде Алла тағала қылса несіп?!»

Ішінен қыздың дерті болды қатты,
Сарғайып маширықтан әм таң атты.
Пәлен деп қызларға бір ауыз сөз айтқан жоқ (иоқ),
Капа боп, төсегіне келіп жатты.

Сол уақытта құн қызарып шығып қалды,
Құрбашы даруазаның құлпын алды.
Жұрт жиылып, даруаза ашылған соң,
Артынан имам Зұфір бұ да барды.

Шаһарға кірді барып жанның бәрі,
Неше түрлі халайық: бай мен жарлы.
Ақырын маң-маң басып имам Зұфір
Шаһардың журді (иүрді) ішіне әрлі-берлі.

Базарда кешке дейін жүріп имам,
«Кімсің?»- деп, сұрамады ешбір адам.
Ілтипат өзіне ешкім қылмаған соң,
Басына сонда түсті ақыр заман.

Ешбір адам сөйлеспеген қасына кеп,
Жасынан таныс болған ашына көп.
«Бір адам хал-жайымды сұрамады,
Жаратқан пенде қылышпесінене?»- деп.

Қасыма келмеді ешкім сұрайын деп,
«Мұнымен бірғе мәжіліс құрайын!»- деп.
Ойлады: «Бір пәтер үй сатып алып,
Ішінде мекен қылып тұрайын!»- деп.

Ашпаған мұның бақытын жалғыз Алла,
Төгілген имам нұры көңілі тола.
«Мекен-жай, ақа-матам бол тұрсын!»- деп,
Біреуден сатып алды бір махалла.

Шара жоқ, салғанына көнді Алланың!
Қадірі торғай құрлы болмады елге
Осындағы ғалымларын дамолланың.

Загыптыран жүзі сары, Ҳаққа жылай,
Көзінің кеше-күндіз жасын тыймай.
- Осындағы залил пақыр жанабыңа
Жарамас іс қылдым ба, патша Құдай?!

Әлхи және бикеде болдым ба құр,
Ой жетпес, ғамалымға қылсам афкар.
Біздерді пайғамбардың ұршы дедің,
Кіріптар не нәрсемен қылдың құр зар?!

Бұхарға мені де құл еткізсеңіз,
Қорлық, зарлық қасіретімді кеткізсеңіз!
Жетім ғып досынызды жарылқап ен,
Ризамын- сондай ғып жеткізсеңіз!

[Та]ғы да мұныменен үш жыл өтті,
Осылай жылап имам сабыр күтті.
«...ің уалаяты жиылсын!»- деп,
Жұртына Ғұшмания пәрмен етті.

Еліне жар шақыртып, айтты сауын,
Жұмақта шаһар Шаһарам ішкен қауын.
- Еш адам топка келмей қалмасын!- деп,
- Тұйғынның шешем[ін] -деп,-аяқ бауын!

Көп елді қызы шақырды көрмек болып,
Күйеуге, көңілі сүйсе, тимек болып.
Патша уағда қылып, жиды жұртын,
Қызы кімді сүйсе, соған бермек болып.

Шақырды тамам елді шарбағына,
Жұрт жиып, қызға таңдау салмағына.
Шаһарам қара суға ау тұтатты,
Тәуекел, кім ілінер кармағына.

Есітті тамам елі бұхабарды,
Арғымак, коныраулатты, арбаларды.
Бұлінді канша бектер салатланып,
Сейтсе де Құдай білер кім алар-ны.

Шаһзада бекзатлар Сатан ханы,
Бұлардың бұғаламнан артық саны.
Гаунардан шын әйнегі патшаданың
Жер жүзі жай түскендей раушаны.

Күмістен конырауы күлдірлекен,
Шаһарам ел қоймады бүлдірмеген.
Көшеде сап жақұт орнатылған,
Сары алтын, алаша ту үлбірлекен.

Күмбезді, алтын айшық қылған басын,
Орнатқан жалғыз дана гаунар тасын.
Салт мінген алтын жабдық бозбаласы,
Олардың айтып болмас тамашасын!

Жаралған көп шаһарда асыл тегі,
Алтынды ер тоқым мінген өңкей бегі.
Баршасы үміткер боп келді қыздан,
Бозбала сайып қыран қара көгі.

Қолында кейбіреудің райхан гүлі,
Сайраған тотысы мен бар бұлбұлы.
Асырды салтанатын бұғаламнан:
«Болар- деп,- кімге несіп бұраң белі?!»

Бұхара халқы патшасынан хабар тапты,
Он екі лек шола келіп құрды сапты.
Жиылған топ ортасына қызды алып кеп,
Мұнара, орнатыпты, алтын тақты.

Қыз көпке жоғарыдан салды көзін,
Лайық сонша көпке қылмады өзін.
Құллі жұрт қызға анталап қарағанда,
Ұялып қыз женімен басты жүзін.

Бір қызыл, бір сары алма алды қолға,
Қарайды қыз айналып оң мен солға.

- Жібер,- деп,- қызыл алма, жасты сүйсен.
Сүйсен, ат, сары алманы кәрі шалға!

Шаһарам сонша көпке көз салмады,
Менсініп, назарына бір алмады.
Сол көпке көзін сонша салып еді,
Өзінің муафиги, сірә, болмады.

Сол көптен имамды іздеп ойлайды екен,
«Имам!»- деп, күндіз- тұні қоймайды екен.
Көп ішінен көріпбей кеткеннен соң:
«Япырм- ау, бұл қалай!»- деп ойлайды екен.

Орнатты патша алып кеп райхан гүлді,
Мұнара басын шалған сағым жел-ді.
- Арманда, шүкір пенден, қалмай енді!- деп,
Өткізді жеке-жеке тамам елді.

Баршасы қыз алдынан кетті өтіп,
Ешкімге [көз салмады] назар етіп.
«Япырм-ай, кім екен,- деп,- ойлағаны?!»
Күллі жұрт қарап тұрды тамаша етіп.

Айдады қыз алдынан тамам жүртты,
Фашық қып сонша жүрттың дымын құртты.
Көрсетіп акша-малын, прден сауап,
Басына салды жүрттың жанған өртті.

Патша сонда тұрып ашуланды,
- Бері кел!- деп, шақыршыны қасына алды.
- [Бар] талап жүрттың бәрін шакырдың ба,
Бұл топқа қандай адам келмей қалды?

- Айттаймын өтірік сөз сізге жалған,
Мен едім шакырушы болып барған.
Пәлен бір махаллада құран оқып,
Жалғыз бір ғалым адам келмей қалған.

- Ендеши шақырып кел, жылдам барып,
Қалмасын ешбір адам: міскін, кәріп.
Тез барып екі салт ат сол арада,
Манағы дамолланы келді алып.

Молданы алып келді өз алдына,
Тамам жұрт қарап тұрған көз алдына.
Қыз сонда бір алманы лактырды,
Имамды шақырып алып өз алдына.

Тамам жұрт қайран қалды мінезіне,
Лайық көрді имамды қыз өзіне,
- Калмасын менде кінә таңдатпаған,
Қызымың, енді жұртым, кінә өзіне!

- Деп патша ашууланды баласына,
Көзінің ак пен аласына, карасына,
[М]азақтап ханның қызын, масқара ғып,
Күллі жұрт ренжіп кетті қаласына.

Қайғыдан, патша ойланып, тұра алмаған,
Сандалып, аяқ-басын, жүре алмаған.
Асылды өзінен де қыз таныды,
Патша қайдан білсін сыр алмаған?!

Қыз түсті алтын тақтан қолын жайып,
Көрсе де, адам патша, қылмас айып.
- Ықтияр, кімге тисем, өзімде!- деп,
Жөнелді кол ұстасып ерлі-зайып.

Патша ашууланды баласына,
Көнілінің қарамады жарасына:
- Неше хан, шаһзадаларды бір сүймедін,
Өзіне өз обалың, баراسын да!

Ел тарқап, жұрттың бәрі қайтты тойдан,
Патша сыр алмаған мұндей ойдан.
Деймісін көніліне патша алмады,
Екенін асыл, жүйрік- білсін қайдан?!

Патша қызын беріп қоя берді,
Шаһарамды Мәжіл деген алып жүрді.
Жетектеп бірін-бірі екі пакыр
Белгілі махаллаға келіп кірді.

Алды имам патша қызын неках қыып,
Құдайым көзін[ін] жасын кабыл иіп.
Осал деп үшбу қызды ойламаңыз,
Кәріпті сонша топтан алды сүйіп.

Екі-үш жыл дәурен сүрген жан пенде,
Қыз жасы жиырманың біреуінде.
«Кәрін!» - деп, мұны мазақ қылмасымды
Қараңыз сынап енді мұндайын да.

Күн-түні құрды имам ғыш-ғашырат,
Біраз күн болды имамның көnlі шат.
Ойынмен өткізіпті біраз заман,
Аяғын тыңласаңыз, қылайын дат.

Қағазға қалам тарттым, інжу теріп,
Бек тату екеуінің көnlі түзік.
Біріне-бірі жанын пида қылып,
Мейірбан, шапағатлы жанын үзіп.

Осындай болды тату шаһзадалар,
Бірінің бірі аузынан ләzzат алар.
Дүниеден арманда боп өтті ме еken
Осындай дәурен көрген ахи солар?!

Бір күні имам тұрып, таһарат алды,
- Ah! - деп, сәждे сары басын салды.
Бір күні бір өтсе, уш есе азып,
Сарғайып қайғыменен жүзі солды.

Күн-түні сұрамады: «Немене?»- деп,
Жұдеді имам Зұфір қайрат жиып.
Арманын шығара алмай ішіндегі
Жылайды жатса, тұрса: «Құдайым!»- деп.

Білмейді қатын мұның іш пікірін,
Ашпады, қатын сұрап, көnlі кірін.
[Жатса] жастық болад та, иіліп төсек,
Бұлайша әбден сұрап ерінің сырын.

- [Аз]ырак өтті менен көnlің қалып,
Жүруші едім шәкірт боп сабак алып.
Рұқсатсыз ренжітіп кетемін деп,
Көрмедин еш береке онда барып.

Көп жылап осылайша зарлық етті,
Сейлейді бастан-аяқ барша кепті:
- Астымда арғымағым көп кітаппен
Һәммасы түйесімен суға кетті.

Мұсәпір боп қасіреттіңде жүзіп келдім,
Алыстан жаяу шаршап азып келдім.
Мейірбан жан, жігерім ұстазым-ай,
Осындай кереметінді көріп келдім.

Тізе[с]іне жатыр енді басын таяп,
Жылады сонда ұстазы имамды аяп:
- Бір дұға қылышп едім, тілеп хактан,
Бір Алла басынца салған екен аямай-ақ.

Түрегел, мұсәпірім, көтер басың,
Өксігің басты көзің жасын.
Жәбір-жапа, мехнат көрмес едің,
Ұстаздың қабыл көрсөң ол дұғасын!

- Алыстан сен келдің бе азып?- деген,
- Рұқсат алмай, ұстазыңа жазып?- деген.
- [Еске] салып жүрісінді ұстазыңа
«Шәкіртке ұстаз әмірі ереже (ара жіп)»- деген.

- Ойласаң, ұстазыңа шапағат та,
Көрмейсің еш қоршылық пани [шакта].
Хақ ұстаз пәрмені, парызы хақ,
Деп айтқан кітап «Жақайытта».

Көрсетті бір кітаптан ашып фатта,
Өзіне өз кітабын қылды күә.
Ашсын хақ қөnlінен бұз пәтуаны
Қылайын жақсы саған мен бір дұға.

- Тәнін- қалдық, ақылың сенің кәміл,- дейді.
Жаслыққа мағрүр болған дәнің,- дейді.
- Ұстазы:

- Алла һәм!- деген шакта
Сонда имам қол көтеріп:
- Әмин!- дейді.

- Иа, Аллам, ағұлы- даражаты,
Ғам бізге уайымсыз ылғи береке [заты].
Мұнымды, Зұлжалалім, қабыл айла,
Ашылсын бұл дұғаның айжабаты!

Әл мумин мәр мұсімнен қошы сенде,
Тілеген кәрібіңің мінажаты.

Бұхара, Самарқанды құрметі үшін,
Дұғамды менің қылғыл ажабаты!

Бұл кәріп дария шөлдер сапар қылса,
Кәріптің, қырық шілтен, бұл ғинаяты.
Ризалық алмақ үшін іздел кепті,
Табылды ниетіңе салахаты.

- Алла ақбар!- деп жұз шығады,
Дұғамды қабыл ет,- деп,- Құдіреті!

Ұстазы осылайша дұға қылды,
Құдайым дұғасыны қабыл қылды.
Ұстазының үш мәртебе қолын ұстап,
Еліне имам Зұфір қайтпак болды.

Жөнелді ұстазымен амандасып,
Қайғысын ішіндегі қайтты басып.
Дарияның көкке шықкан буындей боп,
Жөнелді сонда имамның нұры тасып.

Шәкірті ұстазынан алды сауға,
Қателік, кінәсина қылып тәубе.
Жол жүріп неше күн-түн имам Зұфір,
Бір асқар мұнарланған шықты тауға.

Көңіліне бұ қайғыны жара көрген,
Ішінен асқар таудың дара көрген.
Аяңдап тауға қарай келе жатса,
Бірталай дара ішінен кара көрген.

Шаһары, алда болса алыс, куа,
Бірталай дара ішінде көрген миуа.
- Қарайған бұл не нәрсе?- деп, келе жатса,
Баяғы арғымақ ат, он бес тума.

Қасына, міне, осындај жетіп келді,
Үстінде баяғыдай кітап бар-ды.
[К]ару- жарақ, аспаптар,- бәрі де аман,
Құдайдың құдіретіне таң қалған-ды.

Құдайдың көрді мұндай құдіретін,
Тұп-түгел көрді түйе үстінде көп кітабын.
Кісі екен шарапатты, өзі әулие,
Қараңыз ұстазының кереметін.

Кемеге соның бәрін салған екен,
Дарияның ортасына барған екен.
Ризалық ұстазынан алмаған соң,
Керемет ұстазынан болған екен.

Тұрманы арғымақтың баяғыдай,
Сақтаған (сақлаган) бәрін тегіс патша Құдай.
Атқа мініп, жетектеп түйесіні,
Дем алмай, жүрді он бес күн, дамыл алмай.

Мұнан кейін он бес күн тағы жүрді,
Аузынан Алла нұрды төгілдірді.
Бұрқырап исі шығып аспан көкке,
Бұхардың бір шетіне келіп кірді.

Түйе мен ат табылды несібіне,
Имамның қылған залал (халал) кәсібіне.
Күн кеш боп, айғай салды:

- Құrbашы!- деп,
Дарбазаның қылыш ұрып есігіне.

- [Келу]ін есікке кеп, қылған тауап,
Тыңлаған бұл сөзімнен табар сауап (суап).
Не нәрсе ажалға айла бола ма екен,
Ашайын, осы (усы) сөзге берсөң жауап.

- Құrbашы: «Ашамын!»- деп, уағда байла,
Біздерге, сөз таппасақ, неуа ойла!
Ендеше есікті аш, мен кірейін,
Сабырлық болады екен ажалға айла.

- Сабырлық бола ма екен ажалға айла,
Пайым (паһым) қып бұл сөзімнің түбіп ойла.
Рұқсатсыз есік ашсақ, біз өлеміз,
Мұсәпір таң атқанша сабыр айла.

Ойлады құrbашыны тіпті өнерпан,
Есікті ашып рұқсат ... қан.
Біреу тілеп, былай барып, көзін ашса,
Сарғайып машырайықтан келіпті таң.

Сөзге таба алмаған сөз тапқанға,
Бағана жатып еді күн батқанда.
Түйесін тіркеп алып және келді,
Кілтті ашып, жұрт жиылған таң атқанда.

Осы еді көніліне жаттағаны (иатлағаны),
Өлең ғып қара сөзді мақтағаны (мақлағаны).
Бір-бірін осылай деп сұрағанда,
Сондағы себебінен нанбағаны.

Ғаламға мәшһүр Зұфір аты,
Шықпаған бұз дүниеде жаман аты.
Имамның, сұрағанда, таппағаны-
Ол еді ұстазының кереметі.

Таянып дарбазаға келді осындай,
Жалғаннан кім кетеді бір тосылмай?!
Бұрқырап нұры шыққан аспан көкке,
Еліне келді Зұфір жыл құсындай.

- Имамын жақсы Алла парық ет, –деп,
- Имамды раҳмат нұрға қарық ет!- деп,
- Аузынан дарбазаның кірген шақта,
Нұр толып, шаһар іші жарық ет!- деп.

Жарқ етіп шаһар іші нұрға толды,
Жайнатып, жарқыратып он мен солды.
Сол халде қеудесіне әлham (илмам) толып,
Гылымы дариядай тасып, теңіз болды.

Алдынан шаһар халқы қарсы келді,
Баршасы имамға кеп, сәлем берді.
Бастырмай, қара жерге, кілем төсеп,
Үйіне ту көтеріп алыш жүрді.

Кеткен сон, катын үйін түзетіпті,
Ішін жасыл жәуірмен безетіпті.
Үйіне келіп кірсе, басқа бір үй,
Қырық кісі қарауылшы қойып, күзетіпті.

Тұсіріп анша (сонша) түйе қазынаны,
Сайран қып жүріп келген жазираны.
Ха[лайық]- жұрт жиылып сол үйінде
Жұма (жымға) намаз оқиды- Әзизаны.

Бозбала, қалма қапыл, өмірін аз,
Оқыды үйіне кеп, жұма намаз.
Жасынан не көргенін қағазға сап,
Жиылған халайыққа етті уағаз (уағыз).

Жігіт[тер], ұлық болсан, болма иабір,
Махшарда иманыңа болар жәбір.
Әзелде басқа жазған пақырлыққа,
Биікрік (бінктік), керек екен, артық сабыр.

[Сы]йынған пайғамбарым бізден бұрын,
Сабырмен Алла көрген дидар нұрын.
«Алжырра айразатымен әл жәнната»-
Осылай пахим қылмақ дегендерін.

Халыққа уағыз айтты, көңіл аша,
Бір сөзі бір сөзинен шығар неше (наша).
Есітіп бастан кешкен пақырлығын,
Болыпты төре, кара таң- тамаша.

[Келген]дері кетті үйге сыймай,
Жылады, көзінің жұрт, жасын тыймай.
Ол пақыр болса да, ақыр жетті,
Жеткізген сабыр нұрын патша Құдай.

Жазуға уақыттым аз бәрін теріп,
Жұрттың бәрі жылап отыр, көңілі еріп.
Осылай уағыз айтып отырғанда,
Есіктен біреу келіп сәлем беріп.

Сәлемін: «Ғалайкім!»- деп, Әлік алды,
Имамға келе сала ғарыз алды.
- Себебі келгенімнің, таксыр, сізге
Патшамыз шақырады сізді,- дейді.

Біреу келді шақырды:
- Ханымыз!- деп,
- Хұқім-хакім иесі жанымыз,- деп.
Жөнелді үйден шығып уәзірменен
Деп:

- Жастан көрген мәніміз,- деп.
Жазушы айран ба екен мұндай сөзге,
Не қыларын білмейміз өзімізге.
Имамды хан шақырган себебіні
Айтайын баян қылып енді сізге.

Багына нұр жарығы барған екен,
Патша, жарқ еткенде, талған екен.

Бір уақыт есін жиып алғаннан соң,
Шақырып бір уәзірін алған екен.

Уәзірін шақырып ап, айтқан сөзі,
Жарқ еткен нұр жарығын көрген көзі.
- Аспаннан Ай атылып түсті ме?- деп,
- Япырым-ау, немене, - деп,- мұның өзі?!

Айтыпты сонда уәзір патшаға:
- Білмейсің болғаныны не уақытта?
Біреуді тез жіберші сол топырға,
Жиылған тамаша екен не окиға?

Білуге сол топырға біреу келген,
Тірелген нұры көкке уәзір [көрген].
«Тіреген нұры көкті бұл не еткен жан?»
Біреуден уәзір сұрап:

- Бұл не?- деген.

Уәзірге айтқан сонда мәні-жайын,
Сәүлетті болып келген осындайын.
Жарқ еткен имам нұры екендігі-
Баршасын бастан-аяқ қылды дайын.

Патшаға уәзір сонда қайтып келген,
Имамның жайын сонда айтып келген.
Әуелде пакыр болып келіп еді,
Еліне қайта барып осындай болып келген.

Деп айтқан патша сонда:
- Эулие бұл!

Бек ғаділ патша еді ақылы мол.
- Мұны мен көрейін, қандай адам,
Тез барып, оны мұнда шақырып кел!

Патшаға имам келген қадам басып,
Бұркырап нұры кеткен көкке тасып.
Есіктен имам кіріп келген шақта,
Патша тұра келді асып-сасып.

Имамға түрегеліп берді орын,
Еш адам көрмегендей мұнан бұрын.
Балқиды өне бойы қорғасындей,
Патша таң-тамаша қылды- нұрын!

Сейледі патша тақсыр:

- Имам- айым,

Құбылып тұрған имам тотыдайын.

Боласың қай шаһар, қай жерлік,

Баян қыл, біз білейік мәні-жайын.

Сөзлеңіз сөзді, тақсыр, біз тамам,

Қылайын мен жақсылық енді саған.

Мешіт-медресе сізге салып беріп,

Қояйын жұрт үстінен қылып имам.

- Ай, патша, ғуам емес, едім ғалым,

Жоқ алдында айдал жүрген малым.

Бұхара, Самарқанд- шаһарымыз!-

Тағы айтты бастан кешкен ахуалын.

Құллі жұрт аузының қарап отыр,

Сөзіне мұның құлак салып отыр.

Патша танымады кім екенін,

Имам Зұфір патшаны танып отыр:

- Мен едім ғылым ізделеп Бағдад барған,

Ғылымды хатымгерде тамам қылған.

- Пакыр!- деп, мені қорлап, қызыңа ұрсып,

Мен едім сол пакырың- қызыңды алған.

Куанба: «Айдадым-деп,- карауынызға»,

Карамай ешбір көніл жарай[мын ба?!]

Біз едік сүйеу болған балаңызға.

Сатып ап бір хылует тұрдым жайда,

Ғаділ ме екен сіздің тиген көпке пайдада?!

Көргенде ол уақытта бір шал еді,

Жас жігіт сонда көрсө, білу қайда?!

Қолыма қалам илан алдым қағаз,

Мен сонда кімге еплеп қыламын наз?!

Білмедін сонда менің қадірімді,

Патша, қызыңнан да ғақылың аз.

Патша, қызың құрлы болмағаның,

Құдайдың, мені көрдің. ондағаның!

«Осындаи болад!»- деген ойда бар ма,

Бір Алла, қырық шілтен, гайып айран қолдағаның!

Бағдал, Шам, Құдысыны қылдым сайран,
Сол халде рас менің халім ойран.

-Күйеуіміз осы екен сондағы!- деп,
Жиылған патша мен жұрт қалды қайран.

- Хақ қабыл қылған екені катенізді,
Көп айтты:

- Мұнша сөктің атанызды!

Патша келіп, қолын тұтып ұстап алды:
- Кеше ғөр біздің қылған қатемізді!

Имамды алтын таққа отырғызды,
Ерітіп іш-жүрекке қатқан мұзды.
Сабырлық пакырлыққа қылыш еді,
Сабырлықпен ақырында Хақ жеткізді.

Патша имамменен ризаласты,
Көніліне иман кіріп, шайтан қашты.

- Орынныма патша ғып қоямын!- деп,
- Той қылам!- деп, еліне жарлық шашты.

Той қылды, елін жиып, қырық күн ұдай,
Жеткізді имамды патша Құдай.
Көшіріп қызын [сонда] қасына алды,
Жоғарғы үйін берді бұрынғыдай.

Бұл дүние, ойлап тұрса, бір-ақ тұтам,
Қыз келіп, жоғарғы үйде қылды отан.
[С]алдырып мешіт, медресе имам қылды,
Халайық шаригатын тұтты ма[ктаң].

[Ж]ұртына өзі имам, өзі патша,
Бұрынғы түсіреді...
Бұхарға имам, қазы, патша болып,
Әмірі жүріп тұрды шапқан атша.

Салдырды кенес үйін неше кемер,
Қараса, лағын тастан гүл-гүл жайнар.
Тұрыпты имам қажы неше жылдай,
Уалаят Бұхарға айтып әмір.

Салдырған неше қамар қызыл- жасыл,
Жайдырған жібек кілем ішпіне асыл.
Ауылы пакыр болса да, енді мұндаидай,
Мақсаты енді мұның болып хасыл.

Мәшһүрдей мен емеспін жиһан кезген,
Көп гибрат, жас болсам да, көрді көз[бен].
Өлең ғып, қағазға сап, жаза салдым,
Естіген құр мәселе ауыз сөзбен.

Аяғын осылайша жаздым қысқа,
Кітапта осылайша айтқан нұсқа.
Аз болса да, Алла берген өнерімді
Не пайда жоғалтуға бостан-босқа?!

Қолыма мен бір көріп қалам алдым,
Дүниенің опасызына қайран қалдым.
«Халайық көрін ғибрат ала ма?»- деп,
Сол үшін пақыр имам сөзін жаздым.

Руымды сұрасаң, Байболды, бабам- Алтай,
Ата-тегін айтатын сөздің салты—ай!
Аяғын осылайша қылдық тамам,
Көп кенес неге керек балтай-[шалтай]?!

Баласы Байболдының – Гали атым,
Сізлерге анғартайын сөздің [салтын].
Қайтадан Караөткелге күндер өлсін,
Бұл жазған басылған соң хикаятим...

... Атым- Гали, баласы едім Елубайдың
Әр жерге хат жіберіп қалып [едім]...
...ған Смағұл - мениң атым,
Болады Айдаболдан арғы затым.
«Имам Зүфір» киссасы тамам болды
Бір дұға қылып қойың, жамағатым!

Тәтидің өлеңі

Бұл туынды маңдайшасында Мәшһүр-Жүсіптің қолымен мына түсінік жазылған: «Тәти-Алтай деген елден, Сармантай деген таптан: «Алдажұман» атанған, он жеті мың жылқы біткен Жұман байдың баласы. Байлығы «керден кеткен»- дегеннің өзі екен. Шешендігі: «кайыр көмей, темір жак», - атанған кісі екен. Қазақ жұрты орысқа бағына бастаған соң: «Кәпір ішінде өлмеймін, мұсылман қауымында өлемін»- деп, Қаратаяға ауып кеткен. Сол Қаратаяға барған шағында өлерінде еліне айтқан арызы.

Тәти Қаратаяға ауып барған екен. Барған соң Құсбекке қараған екен. Құсбек бұрын конакқа шақырыпты. Құсбек айтты:

- А, жұрт, не білдіндер?- дейді.

Бір қазақ айтты:

- Қоқаннан шыққан бір керуенді Кенесары алыпты,- дейді.

Құсбек айтты:

- Кенесары мұсылман емес, мұсылманды мұсылман өлтіре ме екен?

Тәти айтты:

- Мұсылманды мұсылман өлтірумен кәпір болса, Саржан менен Әлжанды өлтіргенді біз кім дейміз?- дейді.

Құсбек бұған жауап айтпады:

- Құдай қуәласа (хуаласа)!- деп, сақалын сипады.

Сонан соң Тәти аттанып кетті. Сарттың ішінде бір қазак жігіт бар екен, Тәтиге келді де:

- Дәнеме білдіңіз бе, мырза?- дейді.- «Құдай қуәласа»- деп, сақалын сипағаны: «Басынды алармын!»- деген сөз.

- Сөзге сөз келгенде, онан қорқайын ба?- деп, онан Тәти үйіне кетіп қалды.

Құсбектің қасындағы кісілері айтты:

- Сізге қарсы айтты,- дейді.- Өлтіріңіз оны!- дейді.

- Қайтіп өлтіреміз оны?

- Қонаққа шақырыңыз!

Құсбек Тәтиді бес-алты күннен соң қонаққа шақырды. Тәти он жігітпен келді, амандасып отырды түсіп.

- Бұ кісілерге палау басыңыз!- дейді Құсбек.

Тәти айтты:

Палауға қарамаспын, бір жерге барайын деп шығып едім.

Құсбек айтты:

- Бұ кісілерге сары май алып келіп жайыңыз.

Шапан ап кеп жапты үстіне. Амандасып шығып кетті Тәти. Тәти былай шықканынан жүре алмады. Атқа, шапанга у жакқан екен. Ауырып үйіне келді. Үш күн жатты ауырып, Арқадағы қалған еліне сәлем айтты:

Атпенен желі тарттырдым,

Кереге бойы [1] шалғынға.

Сәлем бір айтып жібердім

Алаштың ұлы Арғынға.

Есіл менен Нұраны

Еңкейе барып жайласын [2]!

Орта жүздің ішіне

Атымды тұлдап байласын!

Бес балаға сәлем де,
Ішіп, бір киіп, буласын (бөлесін),
Өте шықты сүм дүние
Мендей Хақты ойласын.

Косубайға сәлем де,
Нашардың ісін созбасын.
Мен бұрыннан білуші ем
Бұжалғаның тұрмасын!
Аманатын ол Алла [3]
Алмай, сірә, қоймасын!

Тағы дүғай сәлем дегейсің,
Қарике мен Мойынга!
Әлібек пен Қалыбек
Конушы еді қыырға.

Аралбай мен Сармантай
Өз тентегін тыяр ма?
Кеудедегі шыбын жан
Еліме арыз айтқанша,
Фазірейіл алмай қояр ма?!

Тағы дүғай сәлем дегейсің,
Алшағырұғлы Бижанға!
Бижан мен Тәти атаным
Қимылдаған тірі жанға.

Елімдегі біреуім
Сөзді арбалап тиеген.
Жығылып бара жатқанды
Қанатымен [4] сүйеген.

Аса бір (біз) сөйлеп қызбасын,
Кәрі де жетпейді екен иманға!
Енді: «Құлдық- деп айт- Құранға!»
Құдайына жазбасын!

«Мал азайып кетті!»- деп,
Коңыны қеулеп қазбасын!
Мың- миллионы кетсе де,
Төре алдына бармасын!

Өлінің тілін тірі алмас,
Мұның артын ойласын!

Тетелес туган Сәттібай,
Ойнаушы едін: «Аға!- деп,
- Менен жақын бар ма?- деп.
Мен тірлікте айтушы ем:
«Мың, миллион мың кетсе де,
Төре алдына барма!»- деп.

Тағы дұғай сәлем деғейсін,
Жасы бір үлкен ағаға [5]!
Мені: «Өлді!»- деп естісе,
Сарғаяр жұртым санаға.

«Көз болсын!»- деп, не етейін,
Иесі көп қараға [6].

Ер жеткенше қорған да болсын
Қатын менен балаға [7]!
Кәпірдің жүзін [8] көрсетпей,
Мұсылман қауымында алған
Мың қатла шүкір Аллаға!

Арғымақтан басқаны
Ат екен деп мінбеген,
Жоргадан басқа жүйрікті
Зор [9] екен!»- деп, мінбеген.
Мандықтан басқа сарпайды
Тон екен деп кимеген.

Алдында ат басындей алтын жатса,
«Адамзаттың хакы!»- деп,
Құдайын бір ойлап, тимеген.
Ол жігіттің асканы:
Алты атаның ұлы Алтайды
Бір ауылдай билеген.

Төлеген

Төртуыл ішінде жүрген Төлеген қожаның өлеңі.
Кешегі өтіп кеткен хан Абылай
Соғыпты Құбыладан ескен желдей.
«Сонау бір сары белден аспадым!»- деп,
Кетіпті арман қылып біздің елді-ей!

Көліне Итемгеннің конған болып,
Шоң биім үйде жатыр корған болып.
Атадан он үш жаста жетім қалған,
О да жұр жұрт иесі Шорман болып.

Бояудың бастығысы- кызыл гүлден,
Жақсы ма жұма күні қадір түннен?!
Тере- караң отырсың, айтшы өздерің
Бұзықтың басы бурыл бұлік кімнен?!

Ақжардан қонушы едік жақындасып,
Ойнаушы ек буыршындақ тақымдасып.
Араз-кораз жоқ болып, ашу-әкпе,
Қыз- бозбала карқ құліп, сақылдасып.

Қонушы ек ауыл үй боп араласып,
Ойнаушы ек айт пен тойда сабаласып.
Қыз- бозбала бас қосып жүруші едік,
Тұн жамылып, тоғайды паналасып.

Төрең Нұрқан болғанда, биің- Бапан,
Алымың- жалды ат пенен шолақ шапан.
Жабағылы биеге арба салып,
Қоскелді, көшүші едің қопаң-қопан.

Сол Төлеген қожаға Қаржастың бір ақыны айтыпты:
Ассалаумагалейкум, құтпан қожам,
Шалдарды шатырынжы ойнап ұтқан, қожам!
Төрт биенің сотына наз қыласың,
Төрт ауылды құрыта жұтқан, қожам!
Сонда қожа айтты дейді:

Тамам Талас ішінде сен жарлы едің,
Сонда-дағы пейілің кең жарлы едің.
Кеше Шектібайдың аласы құрығанды,
Сол жұтта да ішінде мен бар ма едім?!

1. Мұның мәнісі: Шектібай деген байдың алалы жылқысы бір жұтта түк қалмай, жұтап қалған екен. Бұл Нілтай ақын сонын немересі екен. Қожа келіп қыстаған жылы бір төрт ауылдың шалдары өз ажалынан өліп, басы жұтаған екен. Нілтай өлеңмен соны айтқанда, қожа соңғы сөзді айтып тоқтатып кетті дейді. (Мәшһүр-Жұсіп, 2- папка, 284- бет).

2. Бұл сөздің мәнісі: қожа келіп қыстаған жылы бір ауылдан бір шал өз ажалынан қаурап қалған екен. Солардың ыскатын (расхотын) қожа алады фой. Бұл Елтайдың аталары- Шектібай. Байдың бұрын бір жүттә жылқысы жұтап таусылып қалған екен.» (Мәшһүр-Жұсіп, 1176- папка, 139-140- беттер).

3. «Төлеген қожа келіп қыстаған жылы төрт ауылдың өлмелі шалдары өз ажалынан қирап қалған екен. Сонда Төлеген қожа айтыпты.» (Мәшһүр-Жұсіп, 1177- папка, 170(123) б.).

Үшкілбай Сасықұлы

Қытшак: Молда баласынан шыққан Үшкілбайдың өлеңі

Бойында Шөптікөлдің Үлкенапцы,
Сөйлей берсе, шығады, сөздің нашы.
Кісіні, танытпаса, танымайсын,
Уа, шіркіш, осынау сөзге бір қарашы!

Мал жерге тұрактайды, иман- ерге,
Кірмейді өзіңменен бұ мал көрге.
Үшкілбай кеше- бүтін, бүгін- түтін,
Сәлем айт: Байжан, Тайжан, Жәдігерге!

Көк атым озған күнде жүйрік шыққан,
Қасқырды тұлқі менен қоймай соққан.
Бермеген жүзге, мыңға жануарым
Асында Есқұдастың жалғыз шыққан.

Үшкілбай- өзім атым, әкем- Сасық,
Мал барында журуші ем судай шашып,
Кешегі ескі дәulet бір қайтқан соң,
Токталды ажар мұқап, көніл жасыл.

Жасымнан киіп естім алтын жаға,
Мал барында келмейді неге шама?
Қолынан ер жігіттің дәulet кетсе,
Көзден-жас, кекіректен кетпес сана.

Кисайса, киын емес алтын жаға,
Дүшпаның, бағың тайса, қылар таба.
Желіге жетпіс бие байлаушы едім,
Қайтейін жоқшығынды, кара саба?!

Керейде: Баян Қанай, бай Жолдыбай,
Ескұдас, Иман, Симан қалыпсыз бай.
Қат-қабат құда болып, бас сыйласып,
Бәрінен бой асырган мен Ушкілбай.

Бесқараада: құда болдым Мәтіменен,
Құдайым қосып еді сәтіменен.
Кешегі қалың дәulet бар шағында
Алдырдым керегімді хатымменен.

Күл көмір қалды сөніп бір жанған шок,
Өтесің қоршылықпен, дүние-бок.
Кешегі ескі дәulet кеткеннен соң,
Хат түгіл, барсам мініп, атыма жоқ.

Біздерден осы күнде ырыс қашты,
Дәулеттің кеткендігі көңіл басты.
Аяқ-бас, бастың аяқ болған шағы,
Біздерден осы күнде Таубай асты.

Болғанда Таубай, Таутан, Қожағұлым,
Немене мал кеткен соң көрген күнім?!

Өз басына келмейтін аз билігі
Со да билік айтады, шіркін, құлым!

Бағамыз, бақ қайтқан соң, болмай тайлық,
Бір күндік, жылдық үнем, азық, айлық.
Құриды жарым жасың сол уақытта
Құл-құтан кісімсінің айтса байлық.

Жыланды, жатқан жылқым, қарсы бетте,
Дәуренім көрмегендей желіп өтті.
Бір күнде әсем шалқақ басқан басым,
Қылайын нешік айла Құдіретке?!

Ер жігіт түзге шықпай, жер танымас,
Байлауда ер қолынан құс жарымас.
«Алтынның қолда барда қадірі жоқ»,
Жоқ болсан, дүшпан түгіл, дос танымас.

Жалғанды, жан тауыспас, кезгенменен,
Азаймас суда балық, сұзгенменен.
Құдайдың жазғанынан артылмайды,
Өнерпаз өрге қарай жұзгенменен.

Шірімес алтын жерде жатқанменен,
Оқ тимес ажалсызға атқанменен.

Жалқауға- сөз, шабанға таяқ өтпес,
Дарияда, тас жібімес, жатқанменен.

Балаға жан біткен соң, құрсақтағы,
Жан болып, жаратылып, тусақ-тағы,
Қаза келсе, тоқтау жоқ жарты сағат,
Жалғанмен қанша жақын болсақ-тағы.

Жұттатты малымызды қырғын «Тауық»,
Шөп, шіркін, ас болмады жаңбыр жауып.
Ұн пұтын үш теңгеден алып ішіп,
Кедейлер кие алмады киім тауып.

Жұттымыз былтырғы жыл болды шөптей,
Балалар, шалқақтаушы ең малды күтпей.
Мінбейтін тай, байталға байғұс басым,
Болды фой құнан егіз қырғын көктей.

Қайтейін, кетті қолдан айғырларым,
Салауат, өткен іске, кайғырғаным.
Елден-ала, бұлттан шоладай боп,
Басымды тауға, тасқа, сайға ұрғаным!

Қайтейін, кетті қолдан биелерім,
Соңыңан іздел кетті иелерің.
Сапырып сары қымыз ішер шақта,
Босайды сол уақытта жүйелерім.

Қайтейін, кетті қолдан аттарым-ай,
Базарға топтап айдал сатпадым-ай!
Базарға бар күнінде сатып-сатып,
Үйімде қайғысыз боп жатпадым-ай!

Қайтейін, колдан кетті Қызқара атым,
«Жылқы өлді!»- деп, жылайды қыз бен қатын.
Несіне мақтаныштық қылайын мен,
Жүреді-ау жалшылыққа азаматым?!

Қайтейін, кетті қолдан дөнендерім,
Жаз жайлап, күз жіберген көбендерім?!
Басыма, күн туған соң, жасық тасып,
Сай-сайдан тері сүйреп, сүмендедім.

Қай сайды қалды хайуан сары құнан,
Қырылды жұтта жылқы арығынан.
Артылып аспайды екен жалған шіркін,
Құдайдың өлшеп берген қалыбынан.

Ат мініп, бар күнінде жайтандадым,
Жылқыға ем болмады, қайтарғаным.
Ат, айғыр құрыған соң, бие мініп,
Құрыды соныменен байталдарым.

Байланбаған құлын мен тайларым-ай,
Жұттан жұтқа қуалап айдадым-ай!
Жемтігің қу сүйек боп құшақталды,
Есілдің қарға толған сайларына-ай!

Қайтейін, қолдан кетті құлымынам-ай,
Маңдайда жалбыраған тұлымың-ай!
Жоқ болды бір-ак күнде тып-типыл бол,
Есілдің қатпай жатқан жылымына-ай!

Үшкілбай ат мінбеді тұмар тақпай,
Өсірді әкем мені бетке қақпай.
Жемейтін сиыр етін Үшкілбайың
Отыр ғой осы күні соғым таппай!

Үшкілдің соғымсызы биыл болды,
Ендігі қалған дәулет сиыр болды.
Қой-қозы, бұзау-торпақ амалдар ек,
Келгенде тәуір қонақ қызын болды.

Шаһида

Көреді әркім жақсы мінездесін,
Кісіні көніл сүймес неге іздесін?
Сықпытаң келіспейтін надандарды
Түсіме, өңім түгіл, енгізбесін!

Шаһиданың қызы Амойынға жазған өлеңі.

Жүзінен сағынбақлық көп-көп сәлем,
Сүйіклі, махаббаты жаным балам!
«Жылдам кел, ұзап кетпей!»- дейтін басым,
Далаға шыққанында басып қадам.

Ісіне мен көнегейін Тәңірім салған,
Куанышым, көзім нұры, жалғыз карғам!
Серігім сен екенін сары белдей
Қалмады, сен кеткен соң, менде дәрмен.

Кураған жапырақтай кетті көрік,
Жан балам, сен екенсің үлкен серік.
Жаудан түскен малдай ғып алып жатыр ,
Ішкіяр жан мен малдан кетті ерік.

Арығын біз кәріпке қойып жатыр,
Семізін өзі таңдал сойып жатыр.
Кісі ақысы қандайлығын ойламастан,
Қасқырдай жемтік жеген тойып жатыр.

Кигені еруіне барқыт болды,
Ішіп-жем бұрынғыдан артық болды.
Бір шеміш екі шара сапырган соң,
Сары қымыз сабадағы артық болды.

Көз салып қарамады қандайыма,
Жетпеді тәтті тамақ таңдайыма.
Өмірді қасіретпен өткізбекке,
Лаухылда жазған екен маңдайыма!

Мұса Құлниязұлы

Бұл сөз Нұралыға айтқан Құлнияздың Мұсасының сөзі. Бір нашар, сөзге ұста кісі: «Сізді қонақ қылуға жайым жоқ», - деп сөйлегені.

Анау тұрган біздің үй,
Дәүлеті тайкы, үйтқысыз.
Токсан үйрек қамаса,
Бірін-бірі қамап тұтқысыз.

Астына салар көрпе жоқ,
Үстіне салар кілем жоқ.
Көрпе менен жастыктан
Алақандай сілем жоқ.
Сондай үйге барғанмен,
Токты сойсам, жетпейді,
Енесін сойсам, оның орны бітпейді.
Кедейліктен жаман жоқ,
Қолдан келер амал жоқ.

Сонда Нұралы бір үйдің кигізін түгел жиып беріпті.

Елеңке мен Кемпір деген қыз қағысқаны

Шектібай деген Емелтайдың бабалары екен. Жұт болып, Шектібайдың алалы жылқы, ақтылы қойы «су сирак» болып қалған екен.

Атығай: Мәндай, Жандайдың Мәндайы- дуанбасы. Мәндайдың Қапар деген баласы- қазы. Сәбди деген баласы болыс күнінде Айдабол: Тайкелтір ұрпағынан Елеңке деген қу мен, сол елде он үш жағында ақындықпен атагы шыққан Кемпір деген қызбен Елеңке өлең айтысқанда, **қыз айтыпты:**

Қаракесек, Сүйіндік жазып жүрген,
Белбуардан қара жер казып жүрген.
Үш қайнаса сорпасы қосылмайды,
Қанғырып біздің елде не ғып жүрген?

Онда Елеңке қу айтыпты:

Асқар бел, айдыны зор шалқар көлмін,
Үстінде елтірі ешкі жаға-женмін.
Кешегі хан Абылай аса алмаған,
Соны да асырмаған сары белмін!- дегенде, қыз токтап тұра қалыпты.» (Мәшіүр-Жүсіп, 1177- папка, 171 б.)

Түсініктер

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында Мәшһүр-Жұсіптің авторы беймәлім фольклор үлгілерімен бірге авторы белгілі халық ауыз әдебиеті туындыларын да тікелей өзі ел аралап көп жинағаны белгілі. Мәселен, Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668-1781) туындылары кезінде ауызша туып, ел арасына таралса, соны жинақтап ен бірінші қағазға түсіруші Мәшіндер-Жұсіп екендігі мәлім. Бұқар шығармаларын қазіргі ұрпаққа бірден-бір жеткізуші Мәшһүр-Жұсіп екені зерттеуші М.Мағауин кітабында көнірек көрсетілді: «Біздің заманымызға жеткен Бұқар өлеңдерінің денін (800 жол шамасында) қағаз бетіне түсірген Мәшіндер Жұсіп екені белгілі. Мәшіндерде Бұқар жырлары екі дана етіліп көшірілген. (Алдаспан, Алматы, Жазушы, 1971, 254 б.)

Сол кітапта Көтеш ақын өлеңдерін де казіргі ұрпаққа бірден-бір жеткізуші Мәшһүр-Жұсіп екендігі кең дәлелденген (260-262 б.).

Мәшһүр-Жұсіптің Шернияз ақынның өлеңдерін жинауға да үлес қосқаны ең алғаш Қ. Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (Алматы, ҚМКӘБ, 1958 ж.) кітабында сөз болса, кейін «Шернияз ақын» жинағы ішінде (Алматы, Арыс, 2001, 73-89 б.) жеке үлгі ретінде жарияланды. Осы орайда бұрын баспа бетін көрген туындылар мен Мәшһүр-Жұсіп жинағаны арасында айырмашылықтар болуы кітаптардың белгілі бір қысқарту, түзетуге ұшырау мүмкіндігін, ал Мәшекеннің еш өзгеріссіз ұсынуы ықтималдығын, демек біраз артықшылығын дәлелдейді деп санаймыз. Мәселен, жарық көрген ақынның бірінің жүртқа мәлім кітабы хақында айтылған мына бір пікір назар аудартады: «Дулаттың өткен ғасырда жарық көрген «Өсіет-нама» кітапшасының осындай ерекшелігі кезінде цензура комитетін едәуір сескендірді. Сондықтан да ол оның біраз жерін қысқартып, кей беттерін қайтадан тергізіп, бүгінге бізге белгілі вариантын шығарды.» (XIX ғасырдағы казақ поэзиясы, Алматы, Ғылым, 1985, 14 б.).

Біздің айтпағымыз: тек әңгіме болып отырған Дулат Бабатайұлының (1802-1871 ж.) кітабы ғана емес, баска да жарық көрген туындылардың кезінде түрлі өзгертуге ұшырауы мүмкіндігін ескерсек те, еш қысқартуға ұшырамаған, яғни тікелей ел аузынан жиналған Мәшіндер-Жұсіп жазбаларының, немесе одан тікелей көшіруші ізбасарларының енбегінің мәнін ескеріп, осы кітапқа сол қалпында енгіздік.

Бұқар жырау Қалқаманұлы

Бұқар жырау өлеңдерінің бүған дейін көп жарық көргені белгілі. Соның ішінде ғылыми түрғыдан қарағанда, ен дұрысырақ шықканы деп мына үлгілерді атап көрсеткіміз келеді: 1.«Алдаспан» жинағы (құраст. М.Мағауин), Алматы, Жазушы, 1971 ж., 139-178 б. 2. «XV-XVIII

ғасырлардағы қазақ поэзиясы» кітабы (КР ҰFA М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызыметкерлері әзірлеген), Алматы, Ғылым, 1982 ж., 111-142 б. 3. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары (әзірлеген- М.Жармұхамедұлы), Алматы, Мұраттас, 1992 ж., 7-42 б. Осы орайда бұған дейінгі Бұқар жырау өлеңдерінің берілу ретіне де алдымен өзгеріс енгізенді жөн көрдік. Оған себеп: бұған дейінгі жарияланымдарда Мәшһүр-Жұсіптің Алматы ҰFA қолжазба қорындағы 1170-папкасы, 759-786 б., және 1177-папкасы, 51-63 б. жазбалары негізінде шыққаны, әр кезде кенестік жүйе қыспағын ескеру, көне әрітер құпиясын жете айыра алмау т.с.с. себептермен түрлі өзгерістерге түсkenі белгілі. Біз бұжолы әрі Мәшһүр-Жұсіптің әuletтік мұрағатта сакталған 2 жазбасына және оның жиені Жолмұрат Жұсіпұлы көшірмесіне иек сүйеп, әрі тәуелсіздік нәтижесінде келген түрлі қысымнан босану, көне араб әрі құпиясына үңілген көп жылғы тәжірибеге сүйену көмегімен бұрынғы кеткен бар селкеуліктірді түзете отырып, ақын мұрасын өзі жазған ретпен беруді жөн көрдік. Назар аудараптық жәйт: Мәшһүр-Жұсіп ертерек жазған үлгіден (әuletтік мұрағат, 11-папка, 161-178 б.) бастап, кейіндеу қағазға түсken әuletтік мұрағат, 2-папка, 64-74 б. және КР ҰFA қолжазба қорындағы екі үлгіде де бар өлеңді де бір ретпен жазып шыққан.

(Осы орайда бұдан бұрын да ескертілгендей, квадрат жақшаға алынған сөздер түрлі себептермен өшіп, не түспей қалған, тек біздің есебіміз бойынша енгізілген түзетуді, ал жай жақшаға алынғандары белгілі бір сөздің екінші үлгіде жазылуы ықтималдығын белгілеуге арналғанын ескертеміз- Н.Ж.)

1. Абылай ханның қасында. «Абылай ханның қасында» [1] өлеңінің қандай жағдайда туганы хакында Мәшһүр-Жұсіптің 3 жазбасында: 11-папка, 161-164 б., 1170-папка, 759-761 б. және 1177-папка, 51-52 б.- үш түрлі жазылған екен. Біз соның үшеуін де үш нұсқа ретінде келтіреміз.

«Абылай ханның қасында» өлеңнің туу тарихы (бірінші нұсқа).

Төртуыл: Қаржас-Алтынторы- Қалқаман батырдың баласы «Бұқар жырау»- деген қария өткен екен. Заманындағы сыншылар ол кісіні: «Көмекей әулие»- дейді екен. «Көмекей бүлкілдеп отырады екен»-дейді. Қара сөз жоқ, аузынан шыққан сөзінің бері жырауменен шығады екен. Сол Бұқарекен Абылай ханға айтқан екен:

- Сенен бұрын жеті ханды жебеледім. Кешегі «Еңсегей бойлы ер Есім ханға жолдас (иолдас) болдым. Сен оның бір түстігіне де жарамайсың!»- деді.

Абылай хан бір жаққа (иаққа) аттанарда Бұқарекенде алдырып, айдың, күннің сәтін сұрайды екен дейді.

- Сөве көріп берейін!- дейді екен Бұқаракен де.

- Сары бура келіп, Абылайдың тұнгі косына келіп шөгіп жатады екен дейді. Сейтсе дейді пәлен жаққа қарай шабынады екен. «Егер сары бура келіп тудың түбінде шөгіп жатып алыпты»- десе, аттанбайды екен. Шабынған жағына барса, шауып, шашып, ғырқа олжаға батып келеді екен. «Шөгіп жатып алды!»- десе, аттанбайды екен дейді.

Ол заманда қазак ішінде Сарыарқада орыс жок екен нам нышан: Абылай ханға сәлемдеме беріп: «Өзіңе қараған жұртыңды бізге жау қылма!»- деп, со деп тұрады екен. Абылайға қанша тарту-таралғы беріп тұрады екен дейді. «Тимесін!»- деп, хат алып тұрады екен дейді.

Абылай заманында болған шайырлардың (дейді) айтканы:

Абылайдың баласы- Әбділфейіз,

Хан баласы төсөнбес етке киіз.

Аузы түкті орыстан алым алып,

Абылайға шықты ма екі мүйіз?- деген екен.

«Темірсу, Жеменге, Алматы, Аягөзге саудағер жіберемін. Соған жол берсін!»- деп сұратқанда, Имамбостан шығып, Ертіс жағалап Семейге шейн баратұғын қара жол болған екен. Сол ушін осы күнге «Абылай жолы»- дейді екен. «Жәрменқелік жер берсін!»- дегенде, Есілдін... «[Қызыл]жар»- деген жерді берген екен дейді. Атығай, Дәулеткелді байдың қыстауы екен. Соған Дәулеткелді бай: «Жерімді орысқа берді!»- деп, өкпелеп, (жер) Жиделібайсынға ауып кетіпті. Соның тұқымына Ташкенде жолығып сөйлестік дейді. Көтенші деген құныкер аттың ит сонда өсіп-өнген екен.

Қызылжарда «Абылайдың ак үйі»- деген сонан қалған. Аузы түкті кәпірді айтқанына қоңғізіп; айдауына жүргізіп тұрған күнінде үш жүздің кеменгегер билерді шығарып, ақыл сұрады:

- «Жаудың бері - сары жау»- деп еді. Күштей басы бүріспін, ешкідей көті шүршиген; көрер көзге оп-осал болса да, қолға[құлға] көз тигіз терең көрінеді. Сарыарқага қызығып күнінде қызыл карын жас балаға шейін: «Қол қойғызамын»- деп жиып ап, қырып тастасам кайтеді?-дейді.

Сонда билердің бірде- бірі бір ауыз жауап кайыра алмады. Токсан үш жастағы Бұқарекен ханға толғап сөз айтты дейді. «Орыс пен ұрыссамыз ба, кайтеміз?!»- дегенде, Бұқарекенің Абылайға айтқан толғауының- баянының хикаясы:»

(Мәшіүр-Жүсіп, әuletтік мұрағат, 11- папка, 161-164 беттер).

«Абылай ханың қасында» олецинің туу тарихы (екінші нұсқа).

Абылай ханның заманында Төртуыл: Каржас- Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария болған екен. Заманындағы сыншылар ол кісіні: «Көмекей әулие» - дейді екен. Көмекей бүлкілдеп сөйлейді екен де отырады екен. Қара сөз жоқ, аузынан шыққан сөзіпін бәрі жырлауменен шығады екен. Сол Бұкарекен Абылай ханға айткан екен:

- Сенен бұрын жеті ханды жебеледім. Кешегі Еңсегей бойлы ер Есім ханға да жолдас болдым. Сен оның бір тұстігіне де жарамайсың!- деген екен.

Абылай хан бір жакқа ататанарда Бұкарекенде алдырып, Айдың, Құннің сәтін сұрайды екен:

- Сәуе көріп бер!- дейді екен.

Сонда Бұкарекен:

- Сары бура келіп, сениң туынның түбінде тұрып, пәлен жаққа қарай шабынды,- дейді екен. Сол айтқан жағына бет алып, аттанса, шауып, шаншып алып келеді екен. Егер де: «Сары бура келіп, туынның түбінде шөгіп, мойнын салып жатып алды!»- десе, аттанбайды екен.

Ол заманда Сарыарқада орыс деген жүрттап нам-нышан жоқ екен. Абылай ханға сәлемдеме беріп: «Өзіңде қараған жүртінды (иұртінды) бізге жау қылма!»- деп, сыйлап тұрады екен. Олай- былай жүрген саудагерлері Абылайға тарту, таралғы беріп: «Ешкім тимеске!»-деп, хат алып кетеді екен. Абылай заманында болған шайырлар айтқан екен:

Абылайдың атасы- Әбулфейіз (Әбу-әлфейіз),

Хан баласы төсөнбес етке киіз.

Аузы түкті орыстан алым алып,

Абылайға шықты ма екі мүйіз!?- деген екен.

- Темірсу, Жеменей, Алматы, Аяқөзге саудагер жібереміш, соған жол берсін!- деп сұратқанда, Имамбостан (Имамфостан) шығып, Ертіс жағалап, Семейге шейин баратұғын қара жол- Абылайдың: «Сонымен жүрсін!»- деген бұйрығымен қара жол болған екен. Сол үшін Ертістің бергі жағындағы көлденен жолды «Абылай жолы»- дейді. Жәрменекелік жер сұрағанда, Есілдің бойынан Қызылжарды берген екен. Қарауыл: Дәүлеткелді байдың қыстауы екен. Соңан соң Дәүлеткелді бай:

- Жерімді орыска берді!- деп, өкпелеп,- Жиделібайсынға кетемін!- деп, ауып кетіпті. Соның тұқымына Таңкентте жолығып, сөйлестік, Көтөнші деген Қоныраттың ішінде өсіп-өніп кеткен екен.

Қызылжарда «Абылайдың ақ үйі»- деген сонда салынған үй екен. Аузы түкті кеүірді айтқанына көнгізіп, айдауына жүргізіп тұрған күнінде үш жүздің баласынан кеменгер билерді жиып, ғақыл сұрады:

- «Сары жаудың- бәрі жау»- деп еді, қуыктай басы бүріскең, ешкідей көті шүршиген, көрер көзге оп-осал болса да, кулығы көз жеткісіз терең көрінеді. Сарыарқаға қызығып, күндердің күні болғанда, қызыл қарын

жас балаға күн көрсетпес. Алаш ұранды қазакты жиып алып, «Қыл құйрық!»- деп, аттанып, қырып тастасақ, қайтеді?-деп.

Сонда билердің бірде-бірі ханға бір ауыз жауап қайтара алмады. Тоқсан үш жасаған Бұқарекең ханға толған сөз айтты.» (Алматы, ҚР ҰҒА, қолжазба қоры, Мәшһүр-Жүсіп, 1170-папка, 759-761 беттер).

«Абылай ханның қасында» олеңінің туу тарихы (үшінші нұсқа).

Орта жүз: Арғын-Төртуыл-Каржас-Алтынторы-Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау атанған қария тоқсан үш жасында Абылай ханның алдында бір толғаған толғауы.

Өз заманындағы жандар бұл кісіні: «Көмекей әулие» -деседі екен. Қара сөз білмейді екен, тек сөйлесе, көмекейі бүлкілден жырлай бастайды екен. Сол Бұқарекең Абылай ханға айтқан екен:

- Сенен бұрын жеті ханды жебеледім. Енсегей бойлы ер Есім ханға да жолдас болдым. Сен оның түстігіне де жарамайсың!- дейді екен.

Абылай хан жорыққа аттанбақшы болса, Бұқарекеңді алдырып:

- Жұлдыз оң ба?-деп, Айдың, Күннің сәтін сұрайды екен.- Сәуе көріп беріңіз!- дейді екен.

Сонда Бұқарекен: «Сары бура келіп, сенің туынның түбінде тұрып, пәлен жаққа қарай шабынды!»- десе, сол айтқан жағына бет алып, аттанса, шауып-шанышп алып келеді екен.

«Жоқ, сары бура келгенмен, туынның түбінде шөгіп, мойнын жерге жабыстырып, жатып алды!»- десе, аттанбайды екен.

Ол заманда Сарыарқада орыс [ата]улыдан нам-нышан жок екен. Абылай ханға сәлемдеме, тарту-таралғы беріп: «Әзіңе қараган жұртынды бізге жау қылма!»- деп, жалынып тұрады екен. Олай-бұлай журген саудагерлері Абылай ханға құл, күн сыйлап: «Ешкім тимеске!»- деп, хат алып кетеді екен. Сол заманың шайырларының өлеңі:

Абылайдың атасы- Әбілфейіз,
Хан баласы тесенбес етке киіз.
Аузы түкті орыстан алым алып,
Абылайға шықты ма екі мүйіз?!- деген екен.

- Темірсу, Жеменей, Алматы, Аяқөзге саудагер жібереміз! Соған жол берсін!-деп сұратқанда, Ешім деген өзеннен шығып, Ертіс жағалап жүрсін!- деп, Абылай ханның бұйрығымен қара жол болып, күні бұл күнге шейін «Абылай жолы»- атанипты дейді.

- Қазақпен сауда-саттығымыз аралассын, жәрменкелік жер берсін!- деп сұратқанда, Есл өзенінің колқа жүрегіндегі жер - Қызылжарды берген екен. Қарауыл: Дәүлестекелді байдың қыстауы екен. Соңан сон Дәүлестекелді бай:

- Жерімді орысқа берді!- деп, өкпелеп,- Жиделібайсын кетемін!- деп, ауып кетіпті.

Сонын ұрпағына Ташкентте жолығып, сөйлестік. Көтенші деген Коныраттың ішінде өсіп-өнің кеткен екен.

Қызылжарда жар басына салынған «Абылайдың ақ үйі»- атапан үй сонда салынған екен. Аузы түкті кеуірді айтқанына көнгізіп, айтқанына жүргізіп тұрған күнінде үш жүздің баласынан кеменгер, кебеже қарын, кен күрсақ билерді жиып, ақыл сұрады дейді:

- «Сары жаудың бәрі жау!»- деп еді. Осы шіркіннің қуыктай басы бүрісken, ешкідей көті шүршиген – көрер көзге оп-осал болса да, кулығы көз жеткісіз терең көрінеді. Сарыарқаға қызығып, күндердін күні болғанда, қызыл қарын жас балаға күн көрсетпес! Алаш ұранды қазакты жиып алып: «Қыл құйрық!»- деп, аттанып, қырып тастасақ, кайтеді?!!- депті. Сонда билердің бірде- бірі ханға бір ауыз жауп кайтара алмапты. Хан:

- Бұқарекен не дейді екен, бұған осы кісінің аузынан шыққан лепесін андиық. Қалай толғар екен?- дегенде, Бұқарекеннің толғауы.»

(КР ҰҒА, қолжазба қоры, Мәшіүр-Жусіп, 1177-папка, 51-52- беттер).

Енді осы өлең сөздеріне байланысты 1177-папка, 52-бетінің сол жағына жазылған ақын ескертпелерін келтіреміз:

1. «Әзіреті әлініз» (хазіреті Фалыныз)- дегені: «О да кәпірді күші асып құрытып тастай алмаған, сен қалай қырып жойып тауысасың?»- дегені.

2. «Жетініз» дегені: «Бұл жерде тұрмандар, көздерінді бұл жерден жоғалтындар» [дегені].

3. «Қатын-бала қамы үшін»- тармағын мәндай еткен 12 жолдық мәтін әулеттік мұрағатта сакталған, алдымен қағазға түскен 11 папка (164 б.) және екінші жазылған 2- папкада (64 б.) да жоқ, кейінрек қолға алынған 1170 (762 б.) және 1177-папкада(52) орын алған.

4.«XV-XVIII ғасырлардағы казак поэзиясы» (Алматы, Ғылым, 1982 ж., 122 б.) кітабында: өлеңнің соңғы жағындағы: «Бұ қылыкты қоймасаң» -жолынан кейінгі «Ағаш үйде кеуір бар»- тармағы енбей қалуын кешегі кеңестік жүйе қыспағымен байланыстырсақ, кейінгі кітапта (Бұқар жырау Қалқаманұлы, Алматы, 1992, 19 б. Жинақты әзірлеуші- М.Жармұхамедұлы) бұл тармақ енгізілумен катар соңғы қыскарган: «Мұсылманның баласы»- тармағымен басталған 10 жол, яғни айналасы 11 тармак қосылған.

5. Бұл тұста кітап әзірлеушілер сүйенген: 1170- және 1177-папкада жоқ болғандықтан, орын алмай келген: «Кәпір алмас деменіз»- жолы

алдындағы: «Қысық іске баспаңыз!»- тармағы әuletтік мұрағаттаны (11-папка, 164 б.) мәтіні бойынша кіргізілді.

2. Қокшетаудан салдырыған.

Бұл да жоғарыда айтылған Мәшһүр-Жұсіптің төрт бірдей жазбасы: (әuletтіктегі: 11-папка, 164-165 б., 2-папка, 64 б. және ҚР ҰFA қолжазба қорындағы 1170-папка, 764-765 б. және 1177-папка, 52-53 б. мәтіндері салыстырыла отырып әзірленді.

Бұл өлеңде патшалы Ресейдің жер тартып алуы, зорлығы тікелей аясыз түйрелгендіктен де, біздің кеңестік дәуір кезіндегі ең сәтті деген «XV-XVIII ғасырлардағы қазак поэзиясы» (Алматы, Ғылым, 1982 ж.,) кітапқа да енбегенін, тек кейінгі 1992 жылғы «Бұқар жырау Қалқаманұлы» (Алматы, 1992, 22-23 б.) енгенін атап өтеміз. Енді сол 1992 жылғы кітаптың өзіне енбеген жолдарды атап көрсетеміз:

1. Бұл өлеңдегі: «Қарқаралы деген тауларға»- деген тармак сонындағы «тауларға» сөзі орнына әuletтік мұрағаттағы екі бірдей жазбада (11-папка, 2-папкада) «жерлерге»- деп берілумен бірге тап сол жол алдында орналасқан: «Оны да қәпір алды, ойла!»- тармағы 1170-, 1171-папкаларда жоқ болғандықтан, аталаған кітапқа енбей қалған.

2. Сонымен бірге: «Берекесі қашты, ойла»- жолынан кейінгі: «Құсмұрын деген жерлерге»- тармағымен басталған 4 жолдық мәтіннің бұрынғы басылымдарға кірмеуін кеңес билігі қыспағы нәтижесі де-сек, 1992 жылғы кітаптың өзіне енбей қалуы сол кітапты әзірлеушінің жансақтығынан деп есептеуге болады. Себебі бұл тармактар ҚР ҰFA қолжазба қорындағы: 1170, 1171-папканың екеуінде де ап-айқын жазылған.

3. Сондай ак: «Екі өткелдің аузынан»- жолынан кейін 1170, 1177 папкалардың екеуінде бірдей: «Тас корғанды салды, ойла!»- деп берілсе, 1992 жылғы кітапта «Тас корғанды» сөзі орнына «Қараөткелді» сөзі енгізілуі Мәшһүр-Жұсіпті өзгерту жемісі болса, ол орынсыз деп санадық.

4. Бұған коса «Шұршітпенен құлактас» жолы алдынан орын тепкен: «Жерлікте жетер суды ойла»- тармағының Мәшһүр-Жұсіптің бар нұсқасында орын алғанын ескерсек, бұған дейінгі ең түзу шыкты делінген 1992 жылғы жинаққа енбей қалуы тек кітап әзірлеуші жансақтығы нәтижесі болар деп есептедік.

3. «Шұршіт келем»- деген сөз бар-ды.

Бұл да Мәшһүр-Жұсіптің 4 жазбасы бойынша әзірленді. Ол жазбалардың ең толығы және кейін қағазға түскені деп есептелетін 1177-папканың 53-бетінде «Ішетұғын сұы бар»- жолына байланысты Мәшһүр-Жұсіптің мына түсіндірмесі орын алған:

1. «Ішетұғын сұзы бар»- дегені- Сыр сұзы шүршіттің ішіне жақпай, «ак тышқақ» тиіп қырылады. Судан әрі өтсөң, орыстан да, шүршіттен де аман боласың!- дегені.»

2. 1992 жылғы кітаптағы: «Сірә ғана шер енді»- делінген бір түрлі ұғыныксız тармақ әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жұсіптің өз жазбасы бойынша: «Сірә, байқа шіркінді!»- деп түзетілді (11-папка, 165-бет).

3. Осы өлең аяқталымы тұсында Мәшһүр-Жұсіп төрт папкада әр кезде бір-бірінен сәл өзгеше төрт түсінік жазған екен. Бәрін де келтіреміз: «Сонда Абылай:

- «Орыспенен ұрыспа!»- дегені- не дегені?!- дейді.- Қартаяйын деген екен!- дейді, жақтырмады депті. Абылайдың тасынған көnlін басуға Бұқарекен былайша толғайды» (11-папка, 165-бет). «Сонда Абылай хан:

- Осы он сан Алаш баласы аузыма қарап тұрған күнде, «Орыспен соғыспа!»-деп айтқаны не дегені?-деп, тасып кетіп- Қартаяйын деген екен!- деп жақтырмады дейді. Абылайдың тасынған көnlін басуға Бұқарекен бұлай бір толғау айтты.» (Ұқсас болғандықтан, 2-папка мен 1170-папкадағы біріктіріп алынды: 2-папка, 65 б. және 1170-папка, 767(163)- бет).

«Он сан Алаш билігі // Хан Абылай төрөнде!»- дегенде, Абылайдың танауы [а]рбайып, мұрны делдиіп, көзі ежірендеп, көтеріліп тасып кетіп:

- [Ж]арыктық азуын шалған екен, ақылдан танған екен. Осы он сан Алаш баласы аузыма қарап тұрғанда, «Орыспенен соғыспа, пәлен жерге кала салады, түген жерге кала салады»-деп, оның аруагын сонша көтеріп, мені дәнемеге жарамайтын қылып тастағаны несі?!- дегендеге, Қанжығалы: қарт Бөгембай Абылай сөзін қостап, Бұқарекен сөзін ұнатпаған тәрізді болды. Сонда Абылайдың тасынған көnlіп басуға айткан толғауы...» (1177-папка, 53 б.)

4. Ал, тілімді алмасаң.

Жоғарыда ескертілгендей, бұған дейінгі толғауларындағы: «Орыспенен соғыспа»- дегенін Абылай жақтырмада, Бұқар жырау тоқтап қалмай, өз ойын әрі дамытып өрістеткені осы өлеңінен де анық көрінеді.

1. Мәшһүр-Жұсіптің 1177- папка, 54- бетінің сол жағына бөлек жазылған түсіндірмесі: «Мәскеу- деген орыстың қаласы Мәскеу смес, түрікмен жұртының атақты батыры Үргенішті шауып талағанда, олжага түскен қыз екен. Үргеніш ханы Қайып ханның қызы болса керек. Жау қолына түскенде, жаман киіммен түсіпті: «Хан қызы екен»- демесін,- деп. Сонда Абылайдың экесі де жау қолына түсіп, бұлар бірін-бірі та...

сән-салтанатпен жүрісі қосылған емес. Әйтеуір ерлі-байлы болған].» Осы өлеңнің Абылайға қалай әсер еткені Мәшһүр-Жұсіптің екі тұста екі рет жазылған екен. Енді соны келтіреік:

1. «Осыншама өзінді тәрбиелеп, басына көтерген жұртыңды текке біреумен қырылыштырып, обалына қалма!»- дегені ғой!- деп, Абылай хан бір қуарды, бір қызарды. Ақырында:

- Бұ қісінің пайдалы сөз!- деп, «Орыспен ұрыссайық»- дегениң қойды» (1170-папка, 769- бет).

2. «Абылай хан бір қуарды, бір қызарды:

«Осыншама өзінді басына көтерген жұртыңды текке біреумен қырылыштырып, обалына қалма!»- дегені ғой. Ақырында:

- Бұ қісішікі пайдалы сөз ғой!- деп, орыспен ұрыссайық, соғысайық дегенін қойды. Жүйрік бір шапқан соң, бойы қызып алған соң, тұра ала ма? Бұқарекен тағы толға[ды].(1177- папка, 54- бет).

5. **Ай, Абылай, Абылай.**

Жоғарыда ескерілген Мәшһүр-Жұсіптің төрт жазбасы бойынша әзірленді. Енді бұрынғы басылымдармен осы жолғы аралығындағы біраз өзгерістерді сөз етеміз:

1. Бұрынғы басылымдарда: 1982 жылғы «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (Алматы, Ғылым, 1982 ж., 125 б.). **Ескерту:** әрі қарай бұл кітап аталымын толық қайталаңмай-ақ: «1982 жылғы басылым»- атауын қолданумен шектеліп отырамыз- Н.Ж.). және 1992 жылғы кітапта да: (Бұқар жырау Қалқаманұлы, Алматы, 1992, 21 б. **Ескерту:** әрі қарай бұл кітап аталымын да қыскартып, «1992 жылғы басылым»- деумен шектелеміз-Н.Ж.) «Алды кетпес баладан, // Арты кетпес жаладан»- деп берілсе, біз бұ жолы екі рет қайталаңған «кетпес» сөзін 1177-папка бойынша «кеппес»- деп өзгеріттік.

2. 1982 жылғы және 1992 жылғы кітаптардағы: «жорадан» сөзі 1177-папка мәтіні бойынша «жобадан»- деп түзетілді.

6. **Он екі айда жаз келер.**

Бұл да бұдан бұрынғы айтылған Мәшһүр-Жұсіптің төрт жазбасын өзара салыстыру негізінде ұсынылды. Бірер өзгерістер:

1. 1982, 1992 жылғы кітаптардың екеуінде де: «заманамыз» түрінде келсе, Мәшһүр-Жұсіптің бар жазбасында: «заманаңыз» түрінде ап-айқын жазылғаны ескерілді.

2. 1982 және 1992 жылғы кітаптардағы: «байлары» сөзі Мәшһүр-Жұсіптің бар жазбасында: «бойлары»- деп жазылғаны басшылыққа алынды.

7. **Кеше кара қалмақ бұларде.**

Бұл да Мәшһүр-Жұсіптің төрт жазбасы бойынша дайындалды. Тағы да бұрынғы басылымдардағы аздаған ауытқуларға үнілу «тырнақ асты-

нан кір іздеу» емес, өткен мұраға ұқыпты қарау міндептілігін қайталап ескерту деп қабылдаған жөн:

1. 1982 жылғы кітапта: «кіші қара қалмак бүлерде»- делініп, бастаның: «кіші» сөзі ұғыныксыз тудырса, 1992 жылғыда ол «кеш» сөзімен түзетілген.

2. 1982 жылғыда екінші тармақ: «Бозылардың билігі»- деп, мұлде кате берілсе, бұжолы: «Бұзылардың белгісі»- делініп, катар келген екі сөзге де өзгеріс енді. Ал, 1992 жылғыда соңғы «белгісі» сөзі дұрыс жазылғанымен, бастаның: «бұлінгениң»- делініп, анық жазылған мәтінді дұрыс оқымауга жол берілген.

3. 1992 жылғы кітапта: «Уағыдадан азысты» делінсе, одан бұрынғы 1982 жылғы кітапта және біз қараган қолжазбалардың бәрінде: «азысты» орнына «жылысты» тұрганын ескерген жөн.

4. Сондай-ак тағы да 1992 жылғыда: «Сол қалмақтың жұртынан»- дегендегі соңғы сөздің 1982 жылғыда және ақын жазбаларында: «жері еді-ау»- деп берілгені ескерілді.

8. Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек.

Бұ да Мәшһүр-Жұсіптің төрт жазбасы бойынша әзірленді. 1982, 1992 жылғы басылымдарда кате жоқ екенін ескертеміз.

9. Ақтары атан еспелі.

Бұ да Мәшһүр-Жұсіптің төрт жазбасынан алынды. 1982, 1992 жылғы кітаптардың бәрінде: «Баяғыдай баршындал, // Бір ауызды болмады»- жолдарындағы «баршындал» сөзі ұғыныксыздық тудырса, біз оны «Бір-шын»- деп өзгерттік. Себебі мұндағы «Бір» сөзі Алланың біреу ғана екенін және «шын» ақиқат ұғымын шегелеуге арналған.

10. Айналасын жер тұтқан.

Бұған да Мәшһүр-Жұсіптің төрт жазбасы негіз болды. Тағы да 1982, 1992 жылғы кітаптар мен бұжолынын айырмасына көз саламыз:

1. 1982, 1992 жылғы кітаптардағы «Айнала ішсе, азайып»-тармағындағы соңғы сөз Мәшһүр-Жұсіп жазбалары бойынша: «таусылмас»- деп өзгерілді.

2. Сондай-ак 1982, 1992 жылғы кітаптардағы «тең келіп» сөздері де ақын жазбасына сүйеніп: «теңеліп»- деп, алмастырылды.

3. 1982, 1992 жылғы кітаптардағы: «құландар ойнар» сөздері де түпнұсқалар бойынша «құландар өтпес»- деп түзетілді.

11. Ай не болар күниен соң.

Бұл да аталағы келген ақынның төрт жазбасынан алынды. Айырмашылықтар:

1. 1982, 1992 жылғы кітаптарда және Мәшһүр-Жұсінтің алғашқы үш жазбасында: «Құбылып тұрган бәйшешек»- деп берілсе, кейінрек кағазға түсken 1177-папкада «құбылып» орнын «кулпырып» иеленген

екен. Біз ақынның сөз саптау үлгісіне және одан кейінгі: «Қурай болар солған соң»- тармағындағы көрініске қарама-қарсы койылу сипатына қарап, осы сөзге ат басын тіредік.

2. Әuletтік мұрағаттағы 11-папкадағы: «дөңгелеп» сөзі, 1170, 1177-папкада «доңғалак»- деп жазылған. Бұжыры «жүре алмас» сөздерінің «дөңгелеп»- дегенге ыңғайланып тұрғаны ескерілді.

3. «Қос, қос орда, қос орда»- тармағымен басталған төрт тармақтық мәтін 1982, 1992 жылғы кітаптарда жок болумен бірге Мәшһүр-Жұсіптің басқа екі жазбасында жок болса да, ең бастапқысы және соңғысы (әuletтік мұрағат, 11-папка, 169-беті, 1177-папка, 56 б.) бойынша енгізілді.

12. Ай, айташы, Алланы айт.

Бұжыра Мәшһүр-Жұсіптің төрт жазбасы бойынша ұсынылды. Өзгешеліктер:

'1. 1982, 1992 жылғы кітаптарда: «Жамандыққа жақсылық // Көктемеген Еділді айт»- делінсе, енді Мәшһүр-Жұсіпке мұқият қарau нәтижесінде «көктемеген» сөзі «кектемеген»- деп түзетілді.

13. Алла деген ар болмас.

Бұжыра алдында ескертілген төрт жазба бойынша кіргізілді. 1982, 1992 жылғы кітаптарда ең соңғы сөзі «бүгілмес»- делінсе, Мәшһүр-Жұсіптің 1170, 1177- папкаларында «бүкіреймес»- деп анық жазғаны ескерілді.

14. Хактың үйі- мешіт-ті.

Бұжыра бұрын аталған Мәшһүр-Жұсіптің төрт жазбасы негізінде ұсынылып отыр. Айырмашылықтар:

1. 1982, 1992 жылғы кітаптарда қате басылған «кебені» сөзі Мәшһүр-Жұсіптиң бар жазбасында анық орын алған «қағбаны»- дегенмен алмастырылды.

2. 1982, 1992 жылғы кітаптарда «жаратқан» сөзі 1170-папкаға сүйеніп енгізілсе, біз кейінрек қағазға түсірілген 1177-папка бойынша «жасатқан»- сөзін алдық.

3. 1982, 1992 жылғы кітаптардағы: «жаратқан» сөзі де 1177-папка бойынша «жасалған» сөзімен ауыстырылды.

15. Ұргашының жақсылысы.

Бұл туынды 1982, 1992 жылғы кітаптарда өзінің алдындағы «Хактың үйі мешіт-ті»- өлеңі жалғасы ретінде қате берілген. Біз шығарманың идеялық-такырыптық негізіне қарап, оны жеke өлең ретінде кіргізіп отырмыз.

1. Бұрынғы кітаптардың (1982, 1992) бәрінде: «Әбжыландай есіліп»- деп берілсе, кейінгі сөз 1177-папкадағы үлгі бойынша «бұрандан»- деп өзгертилді.

16. Ақсақапп биік тау болмас.

Бұл туынды да жоғарыда сан мәрте ескертілген Мәшһүр-Жұсіптің өз көлмен жазылып, бізге жақсы сакталып жеткен 4 жазбасы бойынша әзірленді.

1. Осы орайда 1982 жылғы кітапта кеңегі әміршілдік, кеңестік тәртіп қысымы салдарынан: «Сатып алмай, құл болмас»- жолын маңдай еткен үш тармақ кірмей қалса, ол 1992 жылғыға енгенін еске саламыз.

17. Бірінші тілек тілеңіз.

Бұл да алдында ескертілген төрт жазбадан алынды.

1. «Мал гаусылып, ел қалып»- Мәшһүр-Жұсіптің алғашқы жазбасында (11-папка, 171 б.) ғана орын алып, қалған жазбаларында ұшыраспайды. Біз кейінгі: «Жер тұлданып тұрмасқа!»- тармағындағы ойда негіздеуші тап сол жол екенин ескеріп, енгіздік.

2. «Он бармағы қыналы»- тармағы бұрын шыққан 1982 жылғыда және кейін кеңестік жүйе қыспағынан құтылғаннан кейін арнайы қарастырылды деген 1992 жылғы кітапта да болмауы, яғни ҚР ҰФА қолжазба қорындағы: 1170, 1177 –папканың екеуінде бірдей бар сөздін ескерілмеуі: «Бұл кейінгінің көп жері біріншіден көшірме емес пе?»- деген қауітенуге негіз бола алады. Мұндай ұқсас кателіктер тек бұжолы емес, бұдан кейін де орын алуды осы ойымызды дәлелдей түседі.

18. Сәлем бір- создің анасы.

Бұл да сол төрт жазбадан алынды.

1. 1982, 1992 жылғы кітаптардағы: «Көнілінде болған аласы»- жолындағы: «болған» сөзі 1177- бойынша «бар оның» сөздерімен алмастырылды. Осы орайда әuletтіктері бір нұскада: «Көкіректің аласы»- түрінде (2-папка, 70 б.) келтірілгенін де ескертеміз.

19. Жақын жерден шоп жесе.

Бұл да ақынның төл жазбалары (саны- төртеу) бойынша берілді.

20. Жарқ-жүрқ еткен жайда бар.

Бұл да сол төрт жазбадан алынды.

1. Тағы да 1982, 1992 жылғы кітаптарда «әу дескендей»: «Қос қанаты құймеген»- деп берілсе, яғни үнемі бір деңгейде тая басу білінсе, 1170, 1177- папканың екеуінде де ап-анық жазылғаны ескеріліп, «құймеген» сөзі «тимеген»- деп өзгертилді.

21. Жар басына қонбаныз.

Тағы да ақынның төрт жазбасына сүйеніп әзірленген бұл өлеңдегі: «Жаманмен жолдас болсаңыз»- дегендегі сонғы сөз бар нұскада ап-анық жазылса да, тағы да «әу» дескендей 1982, 1992 жылғы кітаптардың екеуінде де: «болманыз» түрінде келуі 1992 жылғының көп ретте 1982 жылғыдан тексерусіз көшіріле салғанын қайталап дәлелдей түседі.

22. Кокте бұлт сөгілсе.

Бұл да сол жоғарыда ескертілген төрт жазбадан алынды.

23. Алыстан қызыл көрінсе.

Бұл да алдында сан айтылған төрт жазбага сүйеніп берілді. «іннімматсыз» созіне 1992 жылғы кітапта «пейілсіз деген ұғымды береді»-түсіндіруі дұрыс берілген.

24. Қара арғымак арыса.

Бұл да сол төрт жазбадан алынды.

25. Айтар болсан Алланы айт.

Бұл да Мәшһүр-Жұсіптің сол төрт жазбасы бойынша ұсынылып отыр.

1. 1982, 1992 жылғы кітаптарда тағы да біркелкілік орын алған: «Ұяда алтау болмас па, // Ұяда алтау болғанмен.» Бұл ойда Мәшһүр-Жұсіптің әuletтік мұрағаттағы бастапқы жазбаларында және Алматыдағы колжазба қорындағы 1170 –папқада да тап осы қалып сакталған. Әйтсе де 1177-папқада кітаптардағы: «болмас па», «болғанмен» сөздері орнына: «тумас па», «туғанмен» сөздері тұрғанын ескермей кете алмадык. Біздіңше, 1982, 1992 жылғы кітапты әзірлеушілер бұрынырақ жазылған 1170-тегіні ғана алып, кейін (1930-1931 ж.) қағазға түсірілген 1177-мен салыстыру жүргізбеген тәрізді.

2. Тағы да 1982, 1992 жылдардағы кітаптардың екеуінде бірдей: «Ел ішіне жау келсе»- деп берілсе, Мәшһүр-Жұсіптің әuletтік мұрағаттағы 11-папкасында «ішіне» сөзі орын алғанымен, одан кейінгілерінің бәрінде «шегіне» тұрғанын ескердік. Сонымен бірге Мәшһүр-Жұсіптің бар нұсқасында «жау» емес, «дау» тұрғанын бұрынғы кітап әзірлеушілердің тағы да біркелкі елемегені анықтауды.

26. Ай, заман-ай, заман-ай.

Бұл да сол төрт жазбадан алынды.

1. Тағы да 1982, 1992 жылғы кітаптардың екеуінде бірдей: «Баспақ, тана жиылыш, // Фани болған заман-ай!»- делініп, баспақ, тана жиылусының «фани» болуға не қатысы бары түсініксіздік тудырса, ақынның төрт жазбасында бірдей «шана»- деп жазылуы бұрынғылардың ағаттығын тағы қайталап ашып тұрғаны анық.

2. 1982, 1992 жылғы кітаптарда: «Алланың аманат койған нәрсесі»- деп келтірілген. Сөйтсек, ол кітап авторлары сол қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жұсіптің 1170-папкасына (783(179) б.) сүйенген де, 1177-дегіге назар аудармаған (59(30) б.). Тек 1177 емес, әuletтік мұрағаттағы екі жазбада да (11-папка, 175 б. және 2-папка, 73 б.) соңғы сөздің «жаны» - деп алынуы да 1177-папка нұсқасы дұрысырақ екенін дәлелдей түседі.

27. Шашырап шыкқан қандар көп.

Бұл да Мәшһүр-Жұсіптің өз қолымен жазылған төрт нұсқасы не-
гізінде берілді. Осы орайда:

Үй артында төбешік
Ерттеулі тұрған ат болар.
Кариясы кімнің бар болса,

Жазулы тұрған хат болар,- деңедегі: «ерттеулі тұрған»-
1170-папкасы бойынша берілсе, 1177-де және әүлеттік мұрағаттағыларда
оның орына «ерттеп койған»- қолданылғанын ескертеміз. Біздің «ерт-
теулі тұрған»- нұсқасына- иек артуымыз төртінші жолдағы: «жазулы
тұрған»- сөздерінің тек 1170- пен шектелмей, 1177-де де орын алуын
ескерумен байланысты болды.

28. Өтермeden кетер ме.

Бұл да Мәшһүр-Жұсіптің төрт жазбасынан алынды.

29. Рұлышың оғы қалса табылар.

1. Тағы да Мәшһүр-Жұсіптің төрт жазбасына иек артқанымызды дат
ете отырып, 1982, 1992 жылғы кітаптарда, тағы да өзара көлісп алғандай,
тек 1170-папка бойынша: «Барғанмен орын ала алмас»- деп берілгенін
байқадық. Біз бұжолы онда айтылар ойды нақтылай түсken 1177-
дегі: «Барса-дағы төрден орын ала алмас»- тармағына сүйенгенімізді
ескертеміз.

2. «Шайнағаным күмән-ды»- жолы 1170-папкада жоқ болғандықтан
да, 1982, 1992 жылғы кітаптарға енбей қалған. Біздінше, бұл 1170-тен
басқа Мәшһүр-Жұсіптің үш жазбасында да орын алуды тегін еместігін,
1170-те ақынның бір рет қана мұлт кетуі мүмкін екенін дәлелдейді.

30. Арту-арту бел келсе.

Бұл да ақынның төрт жазбасында бірдей осы үлгіде жазылған. 1177-
папкада мәтін соңынан Мәшһүр-Жұсіптің мына бір түсіндірмесі орын
алған: «Құдай рахмат қылсын Бұқарекене! Сөйлеген уақытысында сөзі
мұндај жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамғыры. Біреуден
біреу ауыз айтудан ұғынып, жаттап алып айтумен осы заманға келіп
тұр. Үш жүздің баласы қазақта осыны жаттап айтушы- осы жазып
отырған Мәшһүрден басқа болған жоқ. Бала би Досболдың Досболы
айтқан екен:

- Хан алдында сейледім,
Хан кеспеді тілімді.
Халық алдында сейледім,
Халық таппады мінімді!
Өз үйіме келген соң,
Итке берсін күнімді!- деп.

Сол айтқандай, үш жүзден шыққан жүйріктердің ортасында сөйледім, сөзімнен мін, өзімнен кір таппады. Енді, міне, танымайтын жат заманға қалып отырмын. Сөз құнын, оның қадір пұлын танитұғын бір жан жоқ!»

(Мәшіур-Жүсіп, 1177-папка, 60-бет).

31. Садыр, қайда барасың?

Бұл өлеңнің қалай туғаны жөнінде Мәшіур-Жүсіп колжазбаларының әрқайсысында түсніктер жазылған екен. Соның ішінде әuletтікегі 11-папка мен 2-папкадағы бір-біріне ұқсас, қысқа болғандықтан біріктіріп, бірінші нұсқа ретінде, 1170- папкадағыны екпіші нұсқа ретінде, 1177-дегі ең қомақтысын жетілдірілген үшінші нұсқа ретінде ұсынып отырмыз.

«Садыр, қайда барасын?» өлеңнің туу тарихы (бірінші нұсқа). Абылай ханның алдында сөйлемеген сөзі. «Садыр-Матай саусындей, // Ду Матайдың даусындей»- деген қазақ жүртynда бір сөз бар. Сол Садыр батыр өрдегі Найманнан ауып, Арғын ортасына келіп, бір «Ақмұрза»-деген Арғынды өлтіріп, құн бермей, еліне көше қашыпты. Барса, сөз бермейді. «Аттыға жол бермейді, жаяуға сөз бермейді»- деген байдын өзі екен, көк шолактың көзі екен.

Сонан соң Арғын болып, Бұқарекенді жіберіпті: «Осы кісі бір тіл алып келер!»- деп. Бұқарекен барса, Садыр-Матайдың ауылы Сарысуды өрлей көшіп бара жатыр екен. Көш алдында Садырға жолығып айтқаны:

- Садыр, қайда барасың?..

Садыр батыр Бұқар сөзіне қарқ-карқ күліп, ауылын қондырып, жүгіп түсіріп, алты «жақсы»: жүз жылқы құн беріп қайтарды дейді. Бұл кісінің өмірі, сөзін түгендеп жазуға бір қап жан керек: Нұхтың ғұмыры керек, Аюбың сабыры керек, Қаронның байлығы керек. Тоқсан үш жасында Абылайдың бір бас косқан жерінде айтқаны мұнша: оның өмір бойы сөйлемеген сөзі канша дейсіз, таусылмайды.

«Садыр, қайда барасың?» өлеңнің туу тарихы (екінші нұсқа). «Садыр-Матай саусындей, // Ду Матайдың даусындей»- деген қазақ жүртynда сөз бар. Сол Садыр батыр өрдегі Найманнан Арғын ортасына ауып келіп, бір Ақмұрза дегенді өлтіріп, құн бермей, еліне көше қашып, барған кісіге сөз бермейді. «Аттыға-жол, жаяуға сөз бермейтұғын»- деген байдын өзі, кекшолактың көзі екен.

Сонан соң Арғын болып Бұқарекенді жіберіпті. «Осы кісі бір тіл алып келер!»- деп.

Бұқарекен барса, Садырдың ауылы Сарысуды өрлей көшіп бара жатыр екен. Көш алдында Садырға жолығып айтқаны.» (Мәшіур-Жүсіп, 1170-папка, 385(181) 6.).

«Садыр батыр сөзге түсіп, карқ-карқ күліп, ауылын қондырып, жүгін түсіріп, алты «жаксы» жұз жылқы қалы кілем, қара нар «бас жетім» қылышп, құн беріп қайтарды дейді. Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге...»

«Садыр, қайда барасын?» өлеңінің туу тарихы (үшінші нұсқа). «Садыр-Матай саусындей, // Ду Матайдың даусындей»-деп ауызда айтылып жүрген сөз болатүғын. «Каптағай» ұранды Найманның Матай деген руынан бір «Садыр батыр»- деген батыр шығып, өз елінен ер өлтіріп, Арғын ортасына ауып келіп, ондай жан қайда жүрсе, жай жүре ала ма, Арғынның да бір шонжарын өлтіріп, еліне үркіп қашып, ауыл аймагымен Сарысуды өрлей көшіп жөнеліпті. «Аттыға- жол, жаяуға сөз бермейтүғын»- деген байдың өзі, көк шолақтың көзі- екен.

Арғын болып, Бұқарекенде жіберіпті: «Осы кісі бір тіл алыш келер. Сірә, ол кісісіне жолықпай жүрген шығар!»- деп.

Бұқарекен барса, Садырдың ауылы Сарысуды өрлей көшіп бара жатыр екен. Көш алдында Садырға жолығып айтқаны...»

«Садыр батыр сөзге түсіп, карқ-карқ күліп, ауылын қондырып, жүгін түсіріп, алты «жаксы», жұз жылқы, қалы кілем, қара нар «жетім» бастатып, «тогызы» қылышп, құн беріп қайтарыпты. Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюптың сабыры, Қарынның байлығы, Аплаторның ақылы керек, аз болса, бір қап жан керек.

32. Бұқарекен біз келдік.

Бұл өлең мәтіні алдында Мәшіһүр-Жүсіптің мына бір ескертпесі орын алған: «Мұндай кісі бай бола ма? Алпыс жасында өз ағайыны бір байдан ат майын мінуге сұрапты. Сонда ол бай атты алысқа айданқырап:

- Ауыл пәлен жерге конғанда, келе қойыңыз!- депті.

Ат майын беруге сараптың қолын босатпай: «Егер ...ім Бұқарекен келе қалса, бір мата беріп жөнелтейін!»- деп, керегенің басына қыстырып қойған екен.

Бұқарекен кіріп келгеннен-ақ, матага көзі түсіп, жырлай бастады дейді. Байдың аты Ақан болса керек. Бұқарекен ол атын азсынып, атына ат қосақтапты.» (Мәшіһүр-Жүсіп, 1177-папка, 61(31)- бет).

Бұл өлең 1982, 1992 жылғы жинақтарға басылған. Мұнда алғашкы екі өзгерісте екі кітапта бірынғайластық, кейінгілерде түрлішелік орын алған:

1. «Шылбырынан берік тартсам»- жолындағы бастапқы сөз 1982, 1992 жылғыларда бірынғай осылай тұрса, Мәшіһүр-Жүсіпте «Шандырынан»- деп анық жазылған (1177-папка, 61(31) –бет).

2. Мәшіһүр-Жүсіпте: «Келіп едім өзіңе, // Тұнеуге айтқан сөзіңе»- делініп, үйқас тәртібі сакталса, біз назар аударып отырған екі кітап-

та да алғашқы тармак сонындағы сөз: «өзіннің»- деп, үйкас тәртібі бұзылған.

3. 1982 жылғыда: «Екі карыс бөзіңе»- делінсе, 1992 жылғыда «карыс» орын «қары» иеленген, біз Мәшһүр-Жұсіп жазбасынан ауытқымай: «қары (кари)»- деп келтирдік.

4. 1982 жылғыда: «Жортулы ердін кезіне»- делініп, 1992 жылғыда бастапқы сөз: «жортуылды»- қалпында берілсе, тағы да түпнұскадағы «жортуылышы» сөзін қалпына келтирдік.

33. Ежелгі дос жау болмас.

Бұқар жыраудың «Бұқарекең біз келдік» өлеңі айтылғаннан кейін, Мәшһүр-Жұсіптің мына бір ескертпесі берілген: «Бай шошып кетіпті:

- Балалар, сөз ыңғайын таныдындар ғой, менің өзімнің тауға мінетуғын құла атымды ап келіп, бере көріндер! Батанызды беріп, риза болып аттана көріңіз!- деген екен. (Мәшһүр-Жұсіп, 1177- папка, 62- бет).

Өлеңдегі жеке сөзге түсінік және оған ілестіріліп келтирілген канатты сөздер:

1. Шернеуіш- сылда- парсы тілі: «Басына тағдыр етілген жазуы»- деген сөз. (Мәшһүр-Жұсіп, 1- папка, 109- бет). Шернеуіш- парсы тілі: «Ілкі баста басына жазылған жазу бар»- дегені. Шернеуіш- басына жазылған тағдыр.» (Мәшһүр-Жұсіп, 1177-папка, 62 б.)

2. Жалғыз бұтақты-

Терек еткен Құдайым!
Тамшылап аққан бұлакты-
Теңіз еткен Құдайым!»

Біздің ескертуіміз: Сол беттің оң жақ қапталында көлдененде жазылған Мәшһүр-Жұсіп ескертпесі орын алған: «Қазакта бір ескі сөз бар: «Кеден-кеден болды, // Кедергі неден болды?». Үйғыр халқынан бөлініп, Каракытайға қарап кеткендіктен, «Кеден» аталған бір ел бар.» (Мәшһүр-Жұсіп, 1-папка, 109- бет және 1177-папка, 62-бет).

34. «Ханға жауап айтпасам» өлеңінің туу тарихы (бірінші нұсқа).

«Асан кайғы айтқан екен:

Мұнан соң килем-килем заман болар,
Заман азып, заң тозып, жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шыбып,
Балалардың дәурені тамам болар.

О күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханинан (хандан)- күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлын-қызың орысқа бодан болып,
Қайран есіл ел-жүртүм, сонда не етер?!

Абылай хан жұрт жиылған бір мерекеде ат үстінде тұрып, Бұқар жыраудан сұраған екен (сұрады дейді):

- Асан қайғының: «Құлы-құлы заман болар, // Қарағай басын шортан шолар!»- дегені не тантық?! Суда жүрген шортан тауға біткен қарағайдың басына қайдан барып шығады? Миға қонбайтұғын сөз ғой!- депті.

Сонда Бұқарекең атының басын бұрып, қырын қарап тұрып, қамшысын ерінің үстіне арта салып, көзіне жас алып:

- Ай, хан-ай, бұл сөзді сен сұрамасаң, керек еді, мен айтпасам, керек еді! (Мәшіһүр-Жұсіп, I-папка, 109- бет және 1170-папка, 228-бет).

«Ханға жауап айтпасам» олеңінің туу тарихы (екінші нұсқа).

Абылай хан бір мерекеде ат үстінде тұрып, Бұқарекеңнен сұрапты:

- Асан қайғының: «Құлы-құлы заман болар, // Қарағай басын шортан шалар!»- дегені немене былшыл?»- деп.

Сонда Бұқарекең атының басын бұрып, қырын қарап тұрып, көзіне жас алып, қамшысын еріне арта салып:

- Ай, хан-ай, бұл сөзді сен сұрамасаң еді, мен айтпасам керек еді! (1170-папка, 861 б.)

«Ханға жауап айтпасам» олеңінің туу тарихы (үшінші нұсқа).

«Асан қайғы сөзі:

Мұнан соң құлы-құлы заман болар,
Заман азып, заң тозып, жаман болар!
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар!

О күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан - күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлың, қызың орысқа бодан болып,
Қайран, есіл ел-жұрттым, сонда не етер?!

Абылай хан бір мерекеде ат үстінде тұрып, Бұқарекеңнен сұраған екен:

- Асан қайғының: «Құлы-құлы заман болар, Қарағай басын шортан шалар!»- дегені не тантық?! Суда жүрген шортан тауға біткен қарағайдың басына қайдан барып шығады? Миға қонбайтұғын сөз ғой!- деп[ті].

Сонда Бұқарекен қырын қарап тұрып, атының басын бұрып, қамшысын ерінің үстіне арта салып, көзіне жас алып:

- Ай, хан-ай, бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді!» (Мәшіһүр-Жұсіп, 1177- папка, 62- бет).

1. Осы орайда 1982 жылғы кітапта, яғни КР ҰФА, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ғалымдары әзірлеген: «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» кітабында (Алматы, Ғылым, 1982, 133-134 б.) кешегі әміршілдік, отаршылдық тәртіп әсерімен бұл өлеңнің: «Қарағайға шықпас деп»- тармағынан кейінгі акырғы 29 жолы кірмей қалса, 1992 жылғы кітапта ол бар.

2. Тек ондағы: «Осы сынды бір кәпір»- жолы Мәшіүр-Жұсіптің сол қолжазба қорында: «Осы сынды бір кәпір» (1170-папка, 861(257) б. және 1176-папка, 228 б.)- қалпында берілсе, 1177-папкада, яғни кейінгі кең жазылған үлгіде (1177-папка, 63 б.): «Затсыз, тексіз, жоп кәпір»- деп берілгенін ескермеуге болmas деп үйіфардық.

3. «Жемірлерге жем беріп»- делініп, бастапқы «жемкорларға»-сөзі өзгеруімен бірге 1992 жылғы кітапта: «Азды қөпке тенгеріп»- тармағы мүлде түсіп қалған екен, біз қалпына келтірдік.

4. 1992 жылғы кітапта: «Басына ол күн туғанда, // Тендік тимес құлынан»- дегендегі соңғы сөз «қолынан»-деп өзгертілген екен, біз әрі оған дейінгі: «Тексізді төрге шығарып»- тармағы ықпалын, әрі осы орындағы сөз мағынасын қабағат ескеріп, «құлынан»- нұсқасын дұрыс деп таптық.

35. «Қайғысыз үйкі үйіктатқан, ханым-ай».

Өлең мәндайшасында мына сөздер жазылған:

1. «Абылай хан өлейін деп жатканда, Бұқарекенің айтқаны.» (Мәшіүр-Жұсіп, 1170-папка, 860(256) б.).

2. «Абылай хан ажал жастығына басын қойғанда, Бұқарекен айтқан екен.» (Мәшіүр-Жұсіп, 1177-папка, 63(32) б.).

Өлең соңындағы түсіндірмелер де әр нұсқада сөл түрліше:

1. Хан көзін ашып:

- Токта, - депті, мұнан көп сөйлесен, мен діннен шығамын да, сөзіңе отірік араласар. Ойға алған арманымға жете алмай, қылармын дегенімді қыла алмай кеттім. Абылай данқыма лайық істі халқымның ортасына орнатада алмай кеттім!- деген. (Мәшіүр-Жұсіп, 1170-папка, 860(256) б.).

2. дегенде, Абылай хан:

- Токта, токта, бұлай десен, мен діннен шығамын, сен жалғаншы боласың! Қанша жыл өмір сүргенмен, қазақты билеп төстегенмен, не пайда: қазақтың арқасын-тамға, аузын нанға сүйегенім жок. Бұл -бір. Ақбоз аттың құнын ер құнына тенегенім жок. Мұнымен- екі. Мылтығының оғын құралайдың көзінен өткізетұғын мергенинің құнын: «Екі ердің құны болсын!»- дегізгенім жок. Ұста мен етікшінің құнын катын құнымен бір бас қылып, «жарты құн»- дегізіп, кесім кестір-генім жок. Осы үш арман сүйегіммен бірге көріме түсті!- деген екен.

«Ат жаманы жорға болады, // Адам жаманы жолда болады»- Абылай хан айтқан екен деседі. (Мәшһүр-Жұсіп, 1177-папка, 63(32) б.) және Мәшһүр-Жұсіп, 1-папка, 110 б.).

Осы орайда Мәшһүр-Жұсіпте екі жерде (1-папка, 110-бетте және 1170-папка 860-бетте): «Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам»-деп берілсе, 1177-папкада «құрбан» орнын «құрмалдық» сөзі иемденген екен. Біз ұйқас тәргібін ескеріп, «құрбан» сөзін таңдадық та, жақша шіндеге «құрмалдық» сөзін коса келтірдік.

Абылай ханның қайда жерленгені туралы мәлімет те Мәшһүр-Жұсіпте орын алған: «Абылай хан жиырма жасында хан сайланып, ханлығына орыс патшасы қол қойып, қытай патшасы өзінің ибн атын беріш, қырық сегіз жыл Көкшетауда табаны таймай, бағы қайтпай, хан болып тұрып, алпыс сегіз жасында жұмға күн Арыс деген өзеннің бойында сарттың қорғанында қаза тауып, сол тұрған- «Хан қорғаны»-аталып қалды. Сүйегін хазірет Сұлтан әулиесінің күмбезіне ап келіп қойған. Устінде жазулы тас бар.» (Мәшһүр-Жұсіп, 1-папка, 110 б.).

Көтеш Райымбекұлы.

Көтеш өмірбаяның, ата-тегін Мәшһүр-Жұсіп былай деп жазған: «Ақыл: Сексенниң Сексенінен: Рай, Райымбек, Қараша, Базар. Райдан: Айдар, Көтеш ақын, Құлбай. Айдардан - Кәмен, Тентек, Құлбайдан: Кесеміс, Тілеміс. Көссімістен - Байғозы, мұнан-Ризат. Көтеш ақынның тұңғышы- Қыстаубай. Қыстаубайдан - Иглік. Мұнан: Құтанбай. Имамбай- үш ағайынды. Өмбыдан әрі патша құдығында, Омбыға тоқсан шақырым жер. Балдың бәйбішесінен - алтау, тоқалынан- алтау. Бұқабай баласы- Жұсіpbай- Мажира қатыннан туған. Мұнан туған баланы Сатылған: Әбдірахман асырап алып: «Соның баласымын»- деп кеткен.

Көтеш ақынның Сабаз дейтүғын бәйбішесі: «Бір қоңыр шұнақ қойдан- жеті қотан қой өсті»-деген.»

Ескерту: сол 96-беттің сол қапталына қигаштап мына дерек жазылған: «Көтештің кенже тоқалынан- Шалбай, онан туған-Қалық.» Ал, он қапталда мына ескерту орналасқан: «Көсеміс байдың қызының аты - Жақсы. Аты «жаксы» болса да, өзі жаман ит болған, сараң, пұшпағы канамаған.» (Мәшһүр-Жұсіп, 1645-папка, 96 б.).

Көтеш өміріне, тегіне арналған екінші мәтінде мына дерек берілген:

«Күлік: Көтеш ақын- өзі бай болған кісі, Сабаз дейтүғын бәйбішесі: «Жалғыз қоңыр шұнақ қой жеті қотан қой болды»- деп сөйлеген екен. Өзін Ереймен тауының Сілетіге қараган жағында, Шорман тамының маңайы, Шеру деген жерде жау тонап, жалаңаш тастан кетіп, итқұс жеп кетіпті Шеру деген жерде. Семіз екен, майы қаралым болып, топырақты

қап-қара қылып тастаған екен»- дейді.(Мәшһүр-Жұсіп, 1176-папка, 364(434)б.).

1. «Қаратаудың басынан көш келеді» - өлеңі әuletтік мұрагаттағы Мәшһүр-Жұсіптің Мәдина деген қарындасынан туған жиен інісі, ақын мұрасын жинал көшіруге бар өмірін арнап, жалпы көлемі үш томдай көшірме қалдырған Жолмұрат Жұсіпұлы (1894-1977) көшірмесі (3-папка, 321 б.) бойынша әзірленді.

2. «Абылай, Ботақанды сен олтірдің» өлеңі.

Бұл өлеңнің туу тарихы кейінгі тарихқа катысты томдарда кеңірек берілетін болғандықтан, әзірше өлеңге және өлең авторына катысты де-ректі берумен шектелеміз. Мәселен, Ботақан өліміне наразылық білдіріп, Арғын адамдары жасақ құрып жиналып келгенде, ел ішіндегі даудың қактығыска, яғни қантөгіске ұласпауы үшін екі жақтан бітімгерлер шыққанда, оларға жас Көтештің калай косылғаны КР ҰFA Орталық ғылыми кітапханасы, қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жұсіп жазбасында (1178-папка, 218(128) б.) берілген: «Бұл жақтан екі кісі, Қаракесек, Сүйіндіктің екі биі- төртеуінін бас косқан жеріне көлдененен бала күні Көтеш ақын барып, оларды сөйлетпей, өлеңді ғүлетең қоя беріпті.»

Көтеш өлеңінен кейін дау-тартыс токталғаны накты көрсетілген: «Сонан соң кінәласқан да жоқ, айттысқан да жоқ. Ханы қарашасымен жарасып, бұл барғандардың не көнілдегісін қылып, сейтіп қайтарған екен.» (Сонда, 219(130) б.).

3. Төлебайдың баласы оңшең сыртта.

Бұл өлеңнің қандай жағдайда туғаны Мәшһүр-Жұсіпте былай жазылған: «Көтеш ақын жаздығүні таңертен Шон бидің үйінің сыртына келип:

- Сөйлес!- дейді.

Тұндік жабулы, үй тола- Едігенің балалары. Ет жесіп: тамаққа алданып, ешкім шыға койматы. Сонда айткан өлеңі.» (Бұл да сонда, 1178-папка, 220(129) б.).

Өлең айттылсымен, оның әсері қандай болғаны былай берілген: «Ақын екен ғой, түсіріп алып келіндер!»- дейді.

Енді бұған дейінгі басылымдар ішіндегі ақын өлеңдерін кең камтыған сәтті үлгінің өзіндегі селкеуліктерді сөз етсек, ол тағы да ұсақ-түйекке салыну емес, ақын мұрасына қашан да жауапкершілікпен карау керектігін ескерту белгісі деп қабылдаған жөн:

1. «ХV-ХVІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (Алматы, Ғылым, 1982, 148 б. Ескерту: бұдан ері осы кітапқа сілтеме жасағанда, жинак атын , т.с.с. толық атамай, «кatalған кітап»- т.с.с. атауларын колданамыз-Н.Ж.) кітабында мына бір тармак мұлде қате берілген: «Едігесіп ет жейді

етті жүрттан.» Ал, дұрысы мынау: «Ерегесіп ет жейсін, аты- жүрттан.» (1178-папка, 220 (129 б.).

2. Осы бір шумак өлеңнің ен соңғы сөздері «Мысық мұрттан»- деп берілсе, бізде ол «Ыстықмұрттан»-деп аударылды.

4. «Есі бүтін табады көшкен жүртты»- өлеңі өз алдындағы туындыға ілесе туган. Өлең алдында мына ескерту орын алған: «Жеп отырған еттері ұрлық қылды деп, бір Ыстықмұртты шауып, талап алған. Соның малының еті екен. Сонда Көтеш айтты дейді.» Өлең соңында «Ыстықмұрт» атауына да ақын түсінік беріпті: «Ыстықмұрт»- деген ел Айдабол ішінде бұратара, туысы басқа, аяғынан келіп, сіністі болған ел екен. Тегі-тубі- Үргакты: Шөптеміс дейді.

Көтеш ақынның бәйбішесінің аты- Сабаз. Бәйбіше бір Қоңыр... Кенже тоқал баласы-Шалбай, онан туған-Қалық.» (Мәшһүр-Жүсіп, 1178-папка, 220(129)-бет).

5. Арқауылдың құба жон түсер қактар.

Бұда сол қолжазба корындағы 1178- папқадан (271(131) б.) алынды.

6. Қойым-ау, кел, қойсайшы оргенінді.

Бұда сол 1178-папқада (271(131) б.) бойынша берілді. Өлең алдында мына бір анықтама орналасқан: «Бір жаңа жүртка қонғанда, қотанда жатпай, қойы өре бергенде, айтқаны.»

7. Дулап отін барады тұсымнан қызы.

Өлең маңдайшасында мына анықтама орын алған: «Қайынына барып, қалындық ойнап жүрген күнінде көп қыздар өзін елемей, тамақ аңдып, бермей, ауылдан топтанып шығып: «Құркеде күйеу жатыр-ау!»- деген хабар болмай, тұсынан ете бергенде, қыздарға айтқаны.» (1178-папка, 221(131)бет).

8. Тұкірсендер, бетіме түкір, қыздар.

Сол аталған кітапта екі сөздің қосымшасына сәл бұрмалау енгей: «Тұкіріндер, бетіме түкір, қыздар, // Тұкіргенің қыламын шүкір, қыздар.»

1. Аталған кітаптағы бастапкы «тұкіріндер» сөзі -«тұкірсендер», кейінгі «тұкіргенін»- «тұкіргеніңе»- деп, қолжазба бойынша өзгергілді. Өлең мәтінінен кейін ізінше оның қыздарға калай әсер еткені де жазылған: «Сонда бір қыз айтқанындей екен, жаман үялып:

- Енді мұндай өлеңді айта көрме, жездеке!»- деп жалынып, қашан кеткенше төбесінен тік тұрып күтіп сыйлаған екен.» (1178-папка, 221(131) б.).

9. Құркелінің бауыры күнде дауыл.

Бұл өлеңнің маңдайшасында Мәшһүр-Жүсіптің мына бір түсіндірмесі бар: «Көтеш ақын бір жазғытұрым ауырып, елі-аймағы

ауруының аялына бакпай, қарамай, жалғыз ауыл қалдырып, жайлауға кете беріпті. Артынан Көтеш ауруынан жазылып, елінің соңынан барып қосылып, ауырғанда айтқан, тазытқан бозқасқасын сойып жатқанын біліп, манағы тастап кеткен жалғызы қалмай жиылса керек: «Ет дегенде, бет бар ма?»- деп. Сондағы Көтештің айтқан өлеңі.» (1178-папка, 223(132) б.).

1. Өлеңнің жетінші тармағы жоғарыда аталған кітапта 1645-папка мәтіні бойынша «Ауырып жаттым маңыма бірі келмей»- делінсе, біз екінші ақын жазбасына, 1178- папкадағыға және сөз орайын ескеріп, «Ауырып жатқан күнімде бір қайрылмай»- деген екінші үлгіні енгіздік. Осы орайда, екінші бір 1645- папка, 95- беттегі анықтаманы да коса келтіреміз: «Көтеш ақын бір жазғытұрым ауырып, көше алмай, жалғыз ауыл қалған. Жазылып, ел соңынан барып, қой сойған. Ет жеу үшін жиырғандарға айтқаны.»

10. Аргы атамды сұрасаң, Сексен:Жұлма.

Бұл да сол қолжазба қорынан (1178-папка, 223(132) б. алынды. Өлеңнің үшінші тармағы соны 1178-де «еш коймайсын»- делінсе, 1645-де «Райды айтпай»- түрінде орын алған. Біз соңғыны таңдадық.

11. Тінәлі, Тышқанбайдан алдыым «жетім».

Бұл өлең Мәшінүр-Жүсіптің екі бірдей өз жазбасын (1178-папка, 223(132)б. және 1170-папка, 797 б.) салыстыра отырып әзірленді. 1178-дегі түсіндірме: «Тінәлі, Тышқанбай- ұрпағы бір түрлі бай, өзі көп өсіп-өнген. Малдыбай мен Қопас- Төртуыл: Тінәлі ішінде Жайын деген таптан шыққан. «Адай: Малдыбай»- атанғаннан-ақ кісілер: «Бұл күнгі арты плохой, толайым жаман. Бұрынғы ақындардың аузы- Алланың аузы!»- десе, кісі өтірікші болмайды.» 1170-папкадағы өлең маңдайшасындағы анықтама: «Көтеш ақын о да- «жетімді» көп алған кісі.» Өлең соңындағы ескертпе: «Осы Көтештің өлеңіне аты қосылған кісілердің тұқым нәсілін сұрастырып қарасақ, Тінәлі, Тышқанбай ұрпағы жақсы өсіп-өніп, бай болып, қатарға қосылып жүр. Малдыбай деген-Адай:Малдыбайдын Малдыбайы. Ол бордай тозып, берекесі жок болып жүр.»

12. Қартайғанда қатының дүшпан болды.

Бұл өлең маңдайшасында мынадай түсініктеме орын алған: «Көтеш ақын қартайған кезінде ауыл көшіп жатыр екен. Бір құрдасы келіп:

- Ақын, жүр, көштің алдына аяндай берейік!- дегенде,
- Атым асаяу, мініп жүре беруге қорқып, қорғалап отырмын, - [дейді].

Сонда құрдасы:

- Баланы Құдайдан тілесе де болар, тілемесе де болар! Жуасын ақынға берсейші!

Жуас, жүрісі жайлы аттарды келіндер мінеді екен: «Көш-жөнекей түйе ауады, бала еміземіз!»-деп.

Сонда Көтеш ақын айтты.»(1178-папка, 224(131) б.).

13. Келін-ау, сен де тексіз, мен де тексіз.

Бұл өлеңнің тууына түрткі болған осының алдындағы: «Қартайғанда катының дүшпан болды»- өлеңін Көтеш айтып бола бергенде, әсіресе келін қатесін көрсеткен соңғы шумактағы ойларды ұнатпаған бір келіні сырь бергені айтылады: «Сонда бір келіні түйеге бұрап бұрап жатып:

- Тексіз, шіркін, не дейді? Тексіз, шіркін, не дейді?!- дей беріпте.

Сонда, Құдай рахмет қылсын, Көтеш не дейді.»

Өлең сонында мына түсінік қосылған: «Аузына Құдай салған той! Келін, бала күтпеген соң, жүзден асқан шағында қанғып кетіп, жау тонап, далада жаяу қалғандықтан, иткүс жеп кетінти. Ажалы ақырында келіннен болмады ма?! Келін, бала алақанына салып, аялап отырса, бұшал даладан не іздейді?» (Мәшһүр-Жүсіп, 1178-папка, 224(131) б. Бұл өлең бірінші рет жарияланып отыр.

14. Сойлес дейсін, қонағым, сойлеспеймін.

Бұл туынды маңдайшасында мына бір анықтама орналасқан: «Жазғытурым ет таусылған кезде үй сыртынан бір қонақ:

- Сейлес!-дейді. Сонда төсекте жатып, Көтеш айтыпты.»

Бұл өлең де баспа бетіне тұнғыш ұсынылып отыр.

15. Сексен ерікке қоймады-ау қалжыратып.

Бұ да 1178- папкадағы 225(133) беттен алынып, тұнғыш беріліп отыр.

16. Кәрілік, жылы-жұмсақ ас жарай ма.

Бұ да 1178-дің 225(133) бетінен алынды. Туынды мәтінінен кейін Мәшһүр-Жүсіп пікір білдірген: «Кәріліктің шын жақтыратұғын нәрсесі-жалғыз осы. Онан басқа кәрілікке не жағушы еді?!» Өлең тұнғыш жарияланып отыр.

17. Атам ата болмады, қалмақ болды.

Бұл өлең де баспаға тұнғыш ұсынылып отыр. Бұл шығарманың тууына не себеп болғаны былай баяндалған:

1. Көтеш ақынды картайған кезінде Жәуке керуенбасы Бұхара базарына кой айдаған сапарында ергіп кетіпті:

- Жүр, ақын өзіңің тапқан табысында бір қыз айттырып, алып берейін!- деп, Сыр бойында Шұбартталы: Шектінің Шектісі бір аз ғана ауыл жатақтың бір қызын атастырып, бар малын беріп:

- «Жас жүрсе, қунайды, кәрі жатса, қунайды»- деген. –Қыстап жатыңыз, базардан қайтқанда, алып кайтайын!- деп, кайнына тастап кетіпті.

Базардан қайтып келгенде:

- Кәне, ақын, бізбен жүруге даярмысыз?- дегенде, ақынның айтқаны.» (Әuletтік мұрагат, 3-папка, 89 б.).

2. Екінші бір жазбада, жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1178-папкада (225 б.), Мәшінүр-Жүсіптің мына бір түсіндірмесі орын алған:

«Қартайған кезінде Жәуке би ертіп кетіп, Қаратауда бір жатақтың қызын Көтеш ақынға айттырып:

- Кайтканда, ала қайтайық!- деп, ақынның өзін кайнына тастап кетіпті. Жәуке би Бұхарадан қайтқанда, келіп:

- Ақын, атаңызben жарасып, ұнастыңыз ба?- дегенде, айтқаны.»

Өлең келтірілгенен кейінгі әңгіме барысы:

1. «Қайыпатасты ұялып атын ала алмапты. Бұрын: «Атынды берсең, беремің, әйтпесе қызыымды бермеймін.»- деп жатыр екен.» (Әuletтік мұрагат, 3-папка, 89 б.).

2. Екінші нұсқа былай берілген: «Атынды астыңдан берің кетсөн, қызыымды беремің, әйтпесе қызыымды бермеймін!»-деген екен. Сондағы атасының барлық малы алты ешкі мен жалғыз қой екен. Сөзден ұялып, атын алмай, бұрынғы уағдасымен қызын беріп жөнелтіпті.»

18. Енем ене болмады деген болды.

Бұл да сол 1178-папкадан (225(133) б.) және 331 б.), сонымен бірге әuletтіктегі 3- папка, ақынның өз жазбасынан алынды. 331 бет сонында мынадай түсінік бар: «Көтеш ақынның байбашесінің аты- Сабаз. Бәйбіше бір коңыр шұнак койды жеті котан қылған. Кенже тоқал баласы-Шалбай. Онан туған Қалық. Әuletтіктегі 3-папкада (89 б.) мына түсіндірме орын алған: «Құлақ естігенде көз көреді»-деген. Сол қыздан туған баланың аты-Шалбай. Мұның үрпағы Қалықты көрдік Керекуде. Және бір «Семіз Әбіш»- атанған біреу жүр:

- Аяберген баласы- мен!-дейді.

Соның ағасы Жорқабайбаласы Баймағамбетті Ташкенте көрген едік. Кенже тоқалдың баласы Шалбай, мұның немересі Қалықты көрдік-Керекуде жүргенде.» Өлең тұңғыш жарияланып отыр.

19. Қонақ қусаң, үйінен құт қашады.

Бұл өлеңдердегі маңдайшасында мына бір түсіндірме бар: «Көтеш ақын қыстығұні бір жақтан келе жатып, Шон бидің ауылына келсе, ауылға жақын маңайын қорық қылып, мал түсірмей, ту сактап, шөбі қызықты, ну болып тұрған соң, туsse қалып, атын ауыздығын алып, оттатуға ыңғайлана бастағанда, ауылынан бір есерсөк шауып келіп:

- Атынды отқа қойма! Бидің: «Жаманшылықта керек болады»- деп, корытып тұрған жері,- дегенде, Көтеш ақынның айтқаны.»

Өлең соңынан Көтештің одан кейінгі әрекеті қоса берілген: «... деп, атына мініп, жүре беріпті. Барған кісі сөзін Шонға айтып келген екен.

- Аузына қыдыры түкірген жан еді, шақыра гөр! Бәлекеттің айтқаны айтқаныңда дәл келуші еді!- деп, шақырта кісі жіберғен екен. Өкпелеген бойымен келмей, кетіп калыпты. Кідірмей ак қар, көк мұз болып, камытшылық болды дейді.»

1. Жогарыда аталған кітапта шумак басындағы сөз «қондырмасан»-делінсе, 1178-папка мәтіні (229 б.) бойынша «қонақ кусан»-деп өзгерілді.

20. Қазакта Арғын аға болған зерек.

Бұл өлеңнің қандай жағдайда туғаны туралы дерек шығарма мәтіні алдында берілген:

Уак: Жарқын би сұраған екен:

- Көтеш-еке, ақындық атаңызда бар ма, бабаңызда бар ма, иа нағашыныңда бар ма?- деп. Сонда Көтеш ақын айтқан екен.»

21. Жөн-жобамыз- қалаши.

Бұл өлең маңдайшасында былай деп жазылған: «Күліктен шыққан Көтеш ақын Қарагайдан шығып, көп қалашымен жолдастасып, Керекуге қарай келе жатса, Қыпшак: Желкілдек баласы Садыр Керекуден шығып, елине қайтып бара жатып, карсы ұшырапты.

Садыр анадайдан танып:

- Мынау қалашымен бірге келе жатқан Көтеш ақын екен. Балалар, ат басын тартып тұра қалындар. «Тұтқылда өлең айт!» -дейін. Аузына сөз түсер ме екен? Ақындығын сынайык!- деп, тұра қалғанда:

- Ассалаумағалейкум, Көтекеш-ау!- депті.

Сонда Көтеш айттыпты.

Өлең соңындағы дерек: «...- дегенде, Садыр қарқ-қарқ күліп:

- Өзіміз тілеп алдық. «Тілеп алған аурудың емі табылмас»- деген-осы. Осыны сейлемтіп неміз бар еді? Мына қасқыр ішікті үстінен апарып жаба көріндер! Тілін сөйтіп кеспесек, болмас!- деген екен.» (Мәшһүр-Жүсіп, 1176-папка, 65-бет). Бұл туынды да алғаш жарияланып отыр.

22. «Ұстаның дандағойі балғасында» - өлеңі де Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасынан алынды (1176-папка, 238(244) (333) б.).

Бұл да тұнғыш жарық көріп отыр.

23. «Ақыл, Сексен атанған елімізді» - туындысы: «Көтеш ақынның «Қу мешін» жұтында айтқан өлеңі»- деген айдармен жоғарыда ескертілген қолжазба корындағы 1645-папқадан (46 б.) алынып, тұнғыш жарық көріп отыр.

24. Ау, балам, танымаймын, не ел боларсын.

Бұл өлеңнің қалай туғаны бірнеше рет жазылған. Бірінші нұсқасы: «Көтеш ақынның бір ауыз өлеңі болған. Өзін жау тонап жатқанда, айтқан.» (1178-папка, 309 бет).

Екінші нұсқасы: «Өлең мәтінінен кейінгі түсінік: «Туған жұрты-сол Айдабол- Күліктің Күлігі еді. Бұрынғылар айтқан екен:

Арғын болсан, Алтай бол,

Алшын болсан, Адай бол!

Үйсін болсан, Сиқым, Жаныс, Ботбай бол,

Найман болсан, Қаракерей: Садыр, Матай бол!

Өзгең қалай болсаң, солай бол!- деген екен.

Нағашы жұрты Алтай еді. Бұрынғы ақындар айтқан екен:

Еламанның баласы- Тұрсынбайсың,

Арманың жоқ жалғанда, мұнсыз байсың!

Бәзілің- бай, Боштайың- дуанбасы,

Бір Алладан басқадан қымсынбайсың!

Қайын жұрты- Бәзіл бай еді.» (Мәшіүр-Жүсін, 8-папка, 23- бет).

Үшінші нұсқасы: «Сексеннен: Райымбек, Рай, Қараша. Райдан-Көтеш ақын. Өзін тонап жатқан жауға айтқан өлеңі ...» Мәтін соңында мына бір анықтама бар: «Осы бір ауыз өлеңнен- тонаған жау қай ел екендігі табылып, бір өзіне үш ердің құны алынған. Тонаған жау- Найман ұрылары екен. Төрг: Сары, Иман, Абыз, Аттас деген ел екен. Ұры жетеу екен.» (1178-папка, 211 б.).

25. Жан-жағымнан жеті ұры анталады.

Бұл туынды да Мәшіүр-Жүсіп жазбасы, 1178-папка, 211- беті бойынша дайындалды. Мәтін соңында мына анықтама орналасқан: «Жау тонап кеткен соң арам денесін жалаңаш жатқан жерінде иткүс жеп тастаған жерінен Жеру деген жердің маңайынан тауып алғып, ел жайлауда екен. Қарағайлы Шоқының түбінде Балықты көлдің басына қойылған. Көтеш ақынның дene топырағы сонда.» (Мәшіүр, 1178-папка, 211-б.), (Жолмұрат, 3-папка, 327 б.), (Фазыл-2-222 б.). Бұл өлең де алғаш жарияланып отыр.

26. Жылқының бурыл келер шал қасқасы.

Әuletтік мұрағаттағы Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі (2-папка, 303 б. бойынша тұнғыш ұсынылып отыр.

27. Жүре-жүре тузелер ердің қосы.

Әuletтік мұрағаттағы Иманмәдіұлы Сұлтанмахмұт көшірмесі бойынша тұнғыш баспаға әзірленді. Өлең мандайшасында мынадай анықтама берілген: «Көтеш ақын қартайғанда, Мұса мырза: «Сәлем беремін!»- деп, келген екен де, қатынын алқымын алып айтқаны.»

28. Дерикеске.

Бұл өлең де Мәшһүр-Жүсіп жазбасынан (1176-папка, 4 б.) алынды. Мәтін соңында мына бір түсіндірме орын алған: «Дерикес-Дербісәлі.» Біздінше, «Дербісәлі» дегені сол Дерикестің аргы атасы, тегі болса керек.

Жанақ Сағындықұлы.

1.Қигытан, Босбостағы мал баққыштар.

Бұл өлең жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1178-папкасы (98 б.) бойынша ұсынылып отыр.

2.Атым Жанақ деген сон, атым-Жанақ.

Бұл да сол 1178- папкадан (98 б.) алынды.

3.Жапын берген Жанақтың шұбарын жер.

Өлең берілмес бұрын мына аныктама келтірілген: «Қазақ алғаш орысқа жаңа қараған кезде Қаракесекке Қамбар: Жанақ ақын Найманға өлең айта қыдырып барып жүргенінде бір үлкен жұрт көп жылған аста Найманның бір байшығаш немесі Жанақ ақынның мініп жүрген атының аузын ашып, тісін қарапты. Тілінің түп тарпында бір қара қалы (галы) бар екен. Сонысын көре салып: «Мұны Жанақ мініп жүргенмен, байқады дейсің бе? Бұған жала қылып жабысып ала кояйын!»-деп:

- Ақын, мына мініп жүрген шұбарыңыз менің құнданында жоғалтқан, аузын үріп, аяғын сыйырып, қолымнан туғызып алған жарықтығым еді!- дегенде, ақын:

- Жок, жарықтығым, бұл атты өз елімізде атақты пәлен деген бай беріп еді. Оның да жылқысы шұбарлы болушы еді. Және: «Өзімнің тумам, біреуден алған емес»- деп, кешіріп айттып беріп еді,- деген сон.

- Жок, ақын-екетай, күнінде өр (ұры) тісі шығып, соны емдегенде, анық көріп едім: жергілікті іштен тұған тілінің түбінде қап-қара көмірдей қалы бар еді. Менікі болса, сол қалы тұрған шығар, ол жок болса, менікі болмағаны,- деген сон, осы сөзді байлау қылып, көп алдына алып келіп. аузын ашып караса, жігіттің айтқаны айтканында болды. Жанақ та ұялып қалды, дәнeme дей алмайды.

- «Ұрысы құшты болса, иесі өлең!», - деген осы екен-ay! Бұл ат пәлен байдын өз биесінің құлыны, өз айғырының баласы екендігі анық-ак еді. Жаным, менін де көңілім орныксын: «Осы шұбар жоғалған атым еді де, анық таныдым!»- деп, Құдай атын ата да, ала қойшы!- дегенде, жігіт секіріп тұра келіп:

- Өз атым екендігіне «Олда-білдә!»- деп, ышқынып шынымен айтыпты.

Жанак та ұшып түрегеліп, ер-тоқым, жүгені[н] алып, атты колынан «таныдым»- деген жігітке ұстатып отыра кетіп бір ауыз өлең айттыпты...

Сол күндерде жұрт күлдері белбеу тағынады екен. Жігіт күлдері белбеуінің бір шеті байлаулы белінде, бір шетін аттың мойнына байлап, үйіне карай жетектеп бара жатып, бір кішкене бұлактан өзі аттап қарғып өткенде, ат кейін тартынып қалғанда, жігіт шалқасынан түсіп, ат үркіп, сүйреп ала жөнеліп, аман бол, күлдері белбеуде үзілу де жоқ, шешілу де жоқ, жұрт қуып қамалап, ұстап алғанша, тастан-тасқа соғып, жігіттің басы жарылып, іші жарылып, шек-карныңы актарылып, мылжа-мылжа болып қалыпты.

Мұны көріп тұрған жұрт Жанакқа келіп:

- Ат сенікі екен де, бұл адам жалғанға жан берген екен де. Енді, жаңым, бұл жазасын тартты, атынды өзін ал!- деп, ап келіп берген екен.

, - Жалғаншының жазасын берген Жаббардың жендетіне міну дұрыс емес, өзінің асына сойындар!- депті.

Бұрынғылардың: «Ақ та болса, ант ішпе, айрандай жұғады»,- деңіні осындағынан қорқып айтқан ғой!» (Мәшһүр-Жұсіп, 1178-папка, 230-231 б.).

4. Абайділда, Аббастың елін жайлап.

Өлең мәтіні сонындағы анықтама: «Ол заманда ақындарға «жетімді» бір шапан орнына береді екен (Мәшһүр-Жұсіп, 1170-папка, 797(193)б.).

5. Ар жақтан аты шыққан Нұрикен бай.

Бұл туынды Мәшһүр-Жұсіп шығармаларының 1645- папкасынан (88 б.) алынды.

Біздің ескертуміз: «Мұнда сөз болған Нұрикен және басқалар туралы айтылған деректер, әдебиет: фольклор, ауыз әдебиеті саласынан гөрі тарихқа тікелей қатысты болғандықтан, біз оны тарихқа, оның ішінде қазақ қажыларына арналған тарихи деректер топтамасы ішінде, яғни тарихқа арналмақ келесі бір томдардың бірінде беруді жөн көрдік-Н.Ж.)

Сақау Мәукеұлы

1. Ескі сөз жана сөздің үлгісі еді.

Бірінші нұсқа:

«Сақау ақынның алғаш өлең бастағанда айтқан өлеңі.» Өлең мәтінінен кейін мына түсінірме орын алған: «Сонда Тұрлыбек дуанбасы:

- Сен қой, саған ат дуанда аз келмес. Сендер домбыра алмасандар, ауыздарыңа сөз түспейді. Аузына сөз салып тұратұғын күшті перісі бар

екен!- деп,- Бұл жолға- өзінің сыбағасы болсын!- деп, өзі аттанғанша Сақауға өлең айтқызып, 600 кой жинап берген екен. 600 кой 3 жылға жетпеген.» (Жолмұрат, 2-папка, 302 бет).

Екінші нұсқа.

«Сақау ақынның Керей: Тұрлыбекке айтқан өлеңі.» Өлең мәтінінен кейінгі анықтама: «Еділбай, Ерденбай, Кісенбай- Сақау ақынның үш баласы.

Айылар дәл он бесте қыздың бағы,
Бұхардың жем жейтұғын аргымағы.
Алты қанат ақ үйдің кеңдігіндей,
Әкемнің бұлбұл еді кеуде жағы.

Бұл өлең Сақаудың Еділбай деген баласының айтқан өлеңі. Жастай өліп калып, катынын Бәсентиін: Есіргеп тоқалдыққа алған. «Қатынымен ойнас болып, у беріп өлтіріпті»- деген өсегі бар. Құдай рахмат қылсын Мәшһүр-Жұсіп Көпейұғлына!» (Жолмұрат, 2-папка, 259- бет).

Үшінші нұсқа:

«Сақау ақынның Керей: Тұрлыбек алдында айтқан өлеңі. Қанжығалы: Жұндібайдың қазы күнінде Орынбай (Орұмбай) ақын Тұрлыбекпен бірге екен. Сонда Тұрлыбек:

- Орынбай, саған алты дуан аздық қылmas. Бұл жолғы олжаны мынаған байлай ғой! «Жетім»- деген шапандай болды ғой. Сонда Тұрлыбек алты жұз қой жидырып берген екен. Уш жылға үнем болуға жарамапты. (1176-папка, 318(412) беттің он қапталында Мәшһүр-Жұсіптің көлденендереп жазған ескертгесі.)

2. Не дейді мынау кәрі күн Құдай ұрған.

Бұл өлең алдында шежіре беріледі де, сонында осы өлеңде аталағын Алшағырга келіп әнгіме тірелген: «Ерназардан- Алшағыр. Алшағыруғлы Бижан. Мұнан: Шынтемір, Тыныбек. Сақаудың өлецинде ...» Одан әрі өлең мәтіні берілсімен, Мәшһүр-Жұсіп түсіндірмесі жағастырылады: «Сол Алшағыр батыр өлерінде өсіет қылған: «Мені пәлен биіктің басына қойындар. Қаракесек жылқы алып бара жатқанда, [қарап] жатайын!»- деп. Онан кейін бір замандарда Қаракесек Куандықтан жылқы алып, саулатып айдал, қуып келе жатқанда, Алшағырдың мolasы көрінген. Сонда жылқы куалап келе жатқан желбас, бозбала:

- Кеше сен: «Қаракесек жылқы алып бара жатса, көре жатайын!»- деген Алшағыр сен ғой! Міне, алып кетіп бара жатырмыз! Дәмен болса, көрден басың көтеріп, айырып ал!- деп, келемежделеп өте берген.

Лездің арасында көп пей жердің арасын тұман алып, сасық тұмандада жылқыны айдағаннан айдал отырып, «ес кетті, жан шықты!»- деген мезгілде бір өзеннің бойында жағалай сынысып отырған елдің үстіпен

түскен. Өзені Нұра екен де, ел- жылқының иесі- ауылдар екен. Сонда өздері:

- Біз аруакқа ұшырадық. «Өліп қалған кісіпің қолынан не келеді?»- деп, келемеждейміз,- деп, өз аяғымыздан жылқыны қосып келіп тұрган жайымыз минаяу!- деген.

«Аруақ соғар!»- деген сөз де бекер сөз болмайды екен. «Құдай, аруақ- дейді.-Құдай қуатласа...»-деген сөз құр бос... сөз болмаса керек.

Алнағырыұғлы Бижан да заманында батыр атанған. Алдажұманның Жұманына он жеті мың жылқы біткен. Бір түндікте мұнан жылқы көп біткен қазак болмаған. Жұман баласы жақсы-Тәти. Бұз да бай болған. Тәти баласы Азна да бай болып өтті. Осы күнде Азна балалары -Куандық байы.» (Мәшіһүр-Жүсіп, 1178- папка, 157-158 б.).

3. Ұшбу құн сыртым-бүтіш, ішім- тұтін.

Бұл да аталған папкадан (1178- папка, 228 б.) алынды.

4. Қүте ғөр, шамаң келсе, малдың астын.

Бұл да сол папка (1178- папка, 228 б.) бойынша дайындалды.

5. Жақсы кеңес, естісен, құлақ құршы.

Бұл да сол жазбадан (1178- папка, 228 б.) алынды.

6. Қапалы адам дүниеде зар айтады.

Бұл да сол папкада (1178- папка, 228 б.) орын алған.

7. Сыртында Қызытаудың сұлы Бөрлі.

Бұл 1176- папка, 318-беттің сол жағында көлдененде жазылған.

8. Қадір Жаббар, медет бер.

Бұл әулеттік мұрагаттағы: «Түрлі авторлар» папкасы ішіндегі (391-393 б.) Әлкей Марғұлан көшірмесі бойынша әзірленді. Белгілі ғалым Ә.Марғұланның Мәшіһүр-Жүсіп туындыларын жинаумен айналысқаны осы жазбадан да көрініп тұр. Онда былай делінген: «Сақау ақынның айтқанынан 1865 жылы жазып алған –Мәшіһүр-Жүсіп Қөпейұлы.» Көшірме сонында Ә.Марғұланның қағазға түсірген уақыты 29.08.1939 жыл екені көрсетілген.

Шернияз Жарылғасұлы

Мәшіһүр-Жүсіп Қөпейұлы жазбасы бойынша жеткен Шернияз өлеңдерін де ел аузынан жиналған, ауыз әдебиеті үлгісі ретінде қарастырған жөн. Мәшіһүр Жүсіп Қөпейұлы Шернияздың Баймағамбет сұлтанға қалай жолыққанын алдымен түсіндірген: «Қазақтың ауыз айткан өлеңі, жоқтауы, жұмбағы, айттысы- рухани тарихының, үйдің шанырақ, кереге, уығындей мүшесі. Ел тарихы ауыз айткан әдебиетсіз томағасы түгел жазылмайды. Қазақ жұртының мәдениетін түгел жазуға

ауыз әдебиет- корага қалаған кірпіш болады. Осыны қөздел біз Шернияз ақынның өлеңін басып отырмыз. Бұл өлеңнен XIX ғасырдағы қазактың мінезі көрінеді. Нені жақсы деп, нені казақ жаман деп білген, неден қазак қашқан, неге қайырган қаршығадай тілеп ұшқан? «Кеше Исадай өзінмен бауырласты, // Өлтірдін неше жүзден асыл тасты?! // Өлтіріп бірге туған бауырынды»- деген өлеңдегі: «туған бауырынды»- Шернияз сөзі емес. Мұны кейінгі надан айтушы қосқан.

Баймағамбет-Айшуақұлы, Айшуақ-Әбілқайыр хан ұғлы. Исадай -Бекейліктен: Байұлы мен Әлімұлының бірінен шықкан, Жәңгір ханға қарсы елді көтерген Кенесары, Наурызбай сықылды қазактың ері. Кейінгі айтушы Шернияздың өлеңін жасытқан көрінеді. Қыр баласы Исадай батыр қыстығұн: ақпан, қантар сұық кезіндегі қарсыласкан жау емес, жол тосып аңдып жатқан жауға абайсызда ұшырап қалып, окка ұшып өлді. Сонда Шернияз дейтін ақын бір сұырдың ініне тығызып, жан сактап қалып, далада жатып, жан сактай алмайтындығын білген соң: «Басқа біреудің колына түссем, өлтіріп тастар! Не болсам да Баймағамбет төреге барып, соның алдында болайын!»- деп, төренін далаға ұшырып, дәретке отырғанын аңдып, дәрет сындырып жүргенде, Шернияз тұттай жалаңаш екен, басында жалғыз-ақ тымағы бар екен. Тымағын аяғының астына басып тұрып, өлеңді қоя берді.» (Мәшіүр-Жұсіп, 1177-папка, 15 б.).

1. Ассалау мағалейкүм, алдияр хан.

Өлеңнің осы бір бастапқы тармағынан кейінгі үш жолы: «Бес ғасыр жырлайды» (1-том, Алматы, 1989, 228 б.) кітабында: «Молдалар хат жазатын сауыт қалам. // Кешегі ел ұстаған ханзаданың // Сізді де ұрпағы деп бердім сәлем» -делінсе, тәуелсіздік алғаннан кейін шыққандықтан да, Шернияз өлеңдерінің Мәшіүр-Жұсіп нұсқасын жеке келтірген кейінгі кітапта (Шернияз. Алматы, Арыс, 2001. 73 б.) (Ескертү: әрі қарай мәтіндік салыстыру жүргізгенде «Бес ғасыр жырлайды» кітабын: «алғашқы кітап», ал «Шернияз» кітабын «екінші кітап»- деп атаумен шектеліп отырамыз-Н.Ж.) бұл жолдар Мәшіүр-Жұсіп жазбасы бойынша мұлде өзгеріліп берілген: «Өлім десе қорқады шыбындей жан. // Өлімнен қашып келіп қорғалаған, // Қуып жүр құйқылжыған құрғыр заман.»

2. Екінші кітапта және түпнұсқада, яғни 1177-папкадағы Мәшіүр-Жұсіптің өз жазбасында бесінші тармақ: «Асыл зат, ханзаданың баласы!- деп»- қалпында беріліп, әрі қарай мұлде баскаша ерістеген.

3. Соңғы «хансын» сөзі кейінгі кітапта кірмей қалған.

4. Түпнұсқада «қаранғы тұнде»- деп ап-анық жазылса, кейінгіде, яғни 2001 жылғы кітапта, оның орнын: «таң атпай» сөздері орынсыз иеленген.

5. 2001 жылғыда «солардың» сөзі келтірілсе, түпнұсқада ол үстінен сызылып, «қасында» сөзі қосақталып қоныс тепкен. Біз ақынның сөз саптау ерекшелігін ескеріп, кейінгі түзетуге сүйендік.

6. 2001 жылғыда «қысың», «қылышың»- делініп, әрекет иесі Истатай емес, Баймағамбет тәрізді теріс әсер тудырса, түпнұсқада соңғы: «н» жоқ, оның орнында «н» әрпі анық орнаған. Біз соны ескергенде, әрекет иесі тек Истатай екендігі анықтала түсти.

7. Бұрынғыда, яғни 2001 жылғыда: «арманым» сөзі берілсе, бұжолы түпнұсқадағы: «өмірім» өрнегі қалпына келтірілді.

8. 2001 жылғыда: «құлак-мұрынын»- делінсе, біз түпнұсқага сүйеппі, «құлак- мұрынан»- деп алдық.

9. 2001 жылғыда: «Истатайды әлі қоймай былшылдан тұрғанындейді»- деп берілсе, тағы да түпнұсқага негізделіп, «әлі» сөзін «қоймай»- дегеннің алдынан сонына жылжытып, «дейді»- орнына «дегенде айткан өлеңі» сөздері қалпына келтірілді.

10. 2001 жылғыда: Шерніаз болсан, жүр, үйге кірін сөйле- дейді»- делініп қысқартылса, бұжолы Баймағамбет сөзінен кейінгі Мәшһүр- Жүсіп баяндауы толық қалпына келтірілді: «деп, хан үйге қарай жүре бергенде, айтқан өлеңі.»

11. 2001 жылғы кітапта: Мұсылман дінге нанар» - деп келтірілсе, тағы да түпнұсқа бойынша «дінге» сөзі «тілге» дегенмен алмастырылды.

12. «Дәретін алып» сөздері 2001 жылғыда енбей қалған екен, тағы да түпнұсқага иек артып қосу жүзеге асты.

13. Екінші кітапта (2001 жылғыда): «түк қалады»- делінсе, «түк қалмай ма»- қалпында ірге тепкен түпнұсқадағы сөздер кіргізілді.

14. 2001 жылғыда: «...әзір ұлым жоқ, бақандай алты қызым бар, соларды макташы,- дейді»- түрінде отау тігілсе, тағы да түпнұсқа бойынша өзгерту, кенеиту жүзеге асты: «...ұлым болмайтын, мынау қыздарымды макташы! Бақандай алты қызым бар, жарастықта отыр ғой!»

15. Кейінгіде:

Орынбор, Троицк қалалары,
Ақылға сондай толы, дана бәрі.
Өңшең абзал қызды тауып берген,
Жатыны асыл екен аналары,- деп берілген.

Ал, Мәшһүр-Жүсіп жазбасында екінші жол сонындағы: «дана бәрі» сөздерін «даналары»; үшінші тармақтағы «қызды» сөзін «баланы»- алмастырған. Сонымен бірге төртінші жолдағы «асыл» дегеннен кейінгі «жан» сөзі де тек түпнұсқа бойынша енгізілгенін еске саламыз.

16. 2001 жылғы кітапта: «жамандар»- орын алса, тұпнұсқаға сүйену «жаман дер» сөздерін әкелді.

17. Бұрынғы (2001 ж.) кітапта: «ауыз құрған» делинсе, бұз да Мәшһүр-Жұсіп жазбасы негізінде: «аузы құрғыр»- деп өзгерілді.

18. 2001 жылғыда: «Шеріңнің сөйлер сөзге басуын-ай»- деп берілсе, колжазбаны дұрыстап оку нәтижесінде соңғы сөз: «басымын-ай»- деп алынды.

19. Екінші кітаптағы (2001 ж.) «келбеті» сөзі тұпнұсқа негізінде «тап мінген»- дегенмен алмастырылды.

20. Кейінгідегі: «калды бәрі»- тағы да тұпнұсқа бойынша «калмак әркім»- болып түзетілді.

21. 2001 жылғы кітапта: «Естумен қан жылады жұртың сейіп»- делиніп, соңғы сөз ұғынықсыздық тудырса, бұз жолы тұпнұсқаға иек артып: «кейін»- деп өзгерілді.

22. Соңғы (2001 ж.) кітапта: «Шұқанактар көл болып кетті қанша»- деп берілсе, Мәшһүр-Жұсіпте «кетті» орнына «өсті» тұрғаны ескерілді.

23. 2001 жылғыда Шернияздың: «Ардақтап Исатайды күткені ғой» - деген сөзінен кейінгі Баймағамбет сөзі және Шернияздың бір шумак өлеңі кірмей қалса, бұз жолы Мәшһүр-Жұсіп жазбасы бойынша қалпына келтірілді: ««Жаудан өлген немесін айта бергенше, басқаны айтсайшы!»- дегенде, Шернияздың айтқаны:

Жаман ой жете алмайды жабындыдан,

Ұл тумас Исатайдай Табылдыдан!

Исатай жаудан өлсе, шаид өлді,

Өлмей ме жаман да үйде қағындыдан?!

24. Аталған кітапта: «Жылап мауқын басады да»- деп қыскалау берілсе, Мәшһүр-Жұсіпте бұдан кенірек: «Жылап алып, мауқын басып, айғаймен сокты.»

25. Аталған ұлтіде: «Исатай өзінменен бауырласты»-деп берілсе, тұпнұсқада «өзінменен» орнына- «өзімменен» орналасқан да, «бауырласты» сөзі «бауырлас-ты» күйінде берілген.

26. Аталған кітапта (2001 ж.): «Ойласам, Исатайдан ешкім сұымас»- деп қате берілсе, тағы да тұпнұсқаға мұқият қарап, өзгерісті байқадық: «Ойласам, Исатайды, ішім сұымас»

27. 2001 жылғыда: «Өзініз әуліктірдің тартып жырға»- делінсе, тұпнұсқадағы соңғы сөз «жырға» емес, «шырға» екені осы жолы ес-керілді.

28. Аталған енбекте: «Жүйріктің шаң жүқпайды тұяғына»- делін-се, тағы да тұпнұсқа бойынша түзетілді: «Жүйрікпін шаң жүқпайтын» тұяғыма.»

29. Айтылған кітапта: «Өлөтін кісі осылай келе ме екен, // Таксыр-ау, көз салсаңшы сияғыма»- делинсе, Мәшһүр-Жұсіпте «осылай» сөзі «осындаі», ал «көз салсаңшы» дегені «көз салсайшы» түрінде келгені ескерілді.

Марабайға айтқаны. Бұл өлең де аталған кордағы Мәшһүр-Жұсіптің өз жазбасы (1177-папка, 20 б.) бойынша беріліп отыр.

1. 2001 жылғыда: «Жиылып төре, кара кеп отырмыз»- делинсе, енді түпнұскаға сүйеніп, «кеп» сөзі «кеп» дегенмен алмастырылды.

2. Аталған кітапта: «Марабайды шығартып жібереді де»- делиніп, қысқа баяндалса, бұжолы Мәшһүр-Жұсіп жазбасына сүйеніп: «Марабайды үйден сүйретіп шығартып таstadtы»-дегенде, сурет нактылығы, дәлдігі қалпына келтірілді.

Баймағамбет қызы Ақылқайныкей тойын бастау олеңі. Бұл да сол жазбадан (1177-папка, 20 б.) алынды.

1. 2001 жылғы кітапта: «кімді айтамын»- деп берілсе, түпнұска бойынша «кімді» орын «нені» иеленді.

2. Аталған кітаптағы: «той қылыш» сөздері де Мәшһүр-Жұсіп жазбасы негізінде: «той қылса»-деп түзетілді.

3. Сөз болған кітаптағы «кеп тұрғанда» сөздері тағы да осы ретпен «кен тұрғанда»- болып өзгерілді.

4. «Бұтойда не берсе де мен аламын»- тармағымен басталған екі жолдық мәтін 2001 жылғыда мүлде кіргізілмеген, түпнұска негізінде осы жолы тұнғыш рет беріліп отыр.

5. Аталған кітапта: «есек желі» -деп берілсе, тағы да түпнұскаға сүйену «жел» сөзін «қылы» ығыстыруына әкелді.

6. 2001 жылғыда: «Қадірі қайтсе мұнын өтеді деп»- түрінде орын тепсе, тағы да түспнұска бойынша «қайтсе» сөзі «кетсе» болып аудыстырылды.

7. Аталған кітаптағы: «іздеткенде» сөзі тағы да түпнұска негізінде: «іздеткенге»- болып өзгерілді.

8. 2001 жылғыда осы шумақтың бірінші, екінші жолдары соны: «көріп келдің», «еріп келдің»- түрінде келіп, әрекет иесі ретінде қыз берілсе, түпнұскада ол «көріп келдім», «еріп келдім» түрінде жазылып, әрекет иесі сөйлеуші ақынның өзі болып алынған. Сонымен бірге соңдағы үшінші тармак аяғы: «жол ғой»- делинсе, тағы да түпнұска бойынша: «жол- деп»- түрінде өзгерілді.

9. Сөз болып отырған енбекте: «той өтіп»- делинсе, тағы да түпнұска негізінде оның орнына «той өтіп» кіргізілді.

10. 2001 жылғыда: «деп жылайды»- сөздері орын алса, тағы да түпнұска көмегімен «деп»- «тек» деп алмастырылды.

11. Аталған кітапта: «күмістеген» сөзі тұрса, бұжолы да түпнұсқада: « құміс пенен» екені ескерілді.

12. 2001 жылғыда: «басыңды» сөзі берілсе, тағы да түпнұска, 1177-папкадағы Мәшһүр-Жұсіп жазбасы, бойынша оның орнына: «басымды» алынды.

13. Аталған кітапта: «сел болмай ма»- делінсе, түпнұсқада ол «сыр болмай ма» түрінде ірге тепкен.

«Қойшы айтты байдың атын «Баянас» деп». Бұл туынды да аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жұсіп жазбасы (1177-папка, 21 б.) бойынша ұсынылды.

Шеже Қаржаубайұлы

1. Қызы едің ол Байыстың, атын- Балдай. Мәшһүр-Жұсіптің әuletтік мұрағатта сакталған өз жазбасы (7 папка, 318- бет) қолжазба қорындағы (1178- папка, 306 б.) ақынның екінші жазбасымен салыстырыла отырып әзірленді. Өлең мәндайшасында 7- пацқада былай деп жазылған: «Шеже айтқан дейді». Ал, кейінрек жазылған екінші жазбада бұл сенімсіздік ысырылып: «Ақын Шеженің бір ауыз өлеңі»- деп, анық көрсетілген. Сонымен бірге кейінгі үлгіде өлеңнің қандай жағдайда тұғаны жөніндегі түсіндірме сол туынды берілмес бұрын келтірілген. Мәселен, өлеңдегі Дубанның кім екені сонда баяндалған: «Едіге биден бесу: Шоң, Қиғара, Сарман, Торайғыр, Қосдәүлет. Қиғардан: Нак бәйбішеде[н] Шаржая жалғыз. Шаржаяудың бәйбішесінен Дубан жалғыз. Осы Дубанды, қатыны Балдай үш ұл тапқаннан кейін, Шоң бидің тоқалып тұған Қорабай Балдаймен ойнас болып, Өлеңтінің Қарасенгірінде Бозталда мойнынан қыл шылбыр салып, буындырып өлтіріп, қара суға тастап, сүйегін ошак салып, созып тауып алған. Балдайды Қорабай алып кетіп, Қорабайға тиген соң, Садық тұған. Дубан өліп, Балдай Қорабайға катын болғанда, ақын Шеженің бір ауыз өлеңі.»

Сонымен бірге екінші үлгіде (1178-папка, 306 б.) өлең мәтіні берілген соң, мына бір түсіндірме коса жазылған: «Төкі- Шоң баласы, Дубан-Шаржая баласы, Шөркен- Ақын баласы. Осы үшеуі Ерейменде бір көлдің басында. Сондыктан ол қөлді «Үш мырзаның қөлі»- дейді. Өтеміс абыз сонда, моласына қайың шыққан.» Бұл туынды бұрын еш жерде жарияланбаған.

2. Шеженің Жолشاрага айтқан өлеңі. Бұл өлең әuletтік мұрағаттағы Мәшһүр-Жұсіптің Мәдина деген қарындастынан тұған жиені, ақын туындыларын жинап көшіруге бүкіл өмірін ариған Жолмұрат Жұсіпұлы (1894-1977) көшірмесі (2-папка, 295- бет) бойынша келтірілді. Назар аудараптық жәйт, рет бойынша осы өлеңден кейін

жеке туынды ретінде ұсынылып отырған: «Шөгіп жатқан Алшекем нар секілді» туындысы мұнда Жолмұратта осы өлең жалғасы ретінде берілсе, Мәшіүр-Жұсіпте жеке отау тіккені ескеріліп, жеке үшінші бір өлең ретінде ұсынылып отыр.

3. Шөгіп жатқан Алшекем нар секілді. Бұл өлең алдында сан мәрте айтылған қолжазба корындағы Мәшіүр-Жұсіптің өз жазбасынан (1176-папка, 226(231), (321) б.) алынды. Ақын осы өленді сол бетте түрлі қаламмен екі рет жазған. Осыны ескеріп, үшінші тармақтағы «шірік» сөзі орнына екінші ретте «жаман» сөзі жазылған еken, оны жақша ішінде екінші келтірдік. Сондай-ақ төртінші жолдағы «жауып» сөзі де кейіннен қағазға түсken «езін» сөзімен алмастырылып, бастапқысы кейін жақша ішіне алынды. Оның есесіне бесінші жолда әдепкіде жазылған «алтын» сөзінің орнын «мырза» иеленген еken, біз бұл тұста екінші «мырза» дегенді алға шығарып, «алтын» сөзін сонынан жақша ішінде бердік. Екінші мәтін сонында: «Тоқсанбай- Алшынбайдың бірге туған ағасы... Тіленші: Алшынбай- Жұсіп, Слямбек»- деген анықтама орналаскан. «Ак серкесі Бошанның Алшынбайым»-деп басталатын 24 жолдық мәтін Жолмұратта жеке жазылып, туынды маңдайшасындағы «баскы екі ауыздан кейінгі өлеңі»- деген ескертуді ескеріп, тақырып, идеясы тұрғысынан да осы «Шөгіп жатқан Алшекем нар секілді» өлеңінің жалғасы ретінде кіргізілді (Жолмұрат, 2-папка, 348 б.).

4. Осы үйде бас қосыпты таз бен соқыр. Шөженің бұдан бұрынғы Жолшараға, Алшынбайға ариап айтқан өлеңдері айтылғасын, Жолмұрат көшірмесінде (2-папка, 295 б.) осы туынды маңдайшасында мына ескерту орын алған: «Қанша қақсаса да, онбайтын[ын] білген сон, бұлай соқты».

5. Жылқышының қарайған қосы болды. Бұл өлең келтірілмес бұрын оның алдындағы: «Осы үйде бас қосыпты таз бен соқыр» өлеңі берілгеннен кейін бұрынғы 6- томда айтысқа байланысты айтылған Мәшіүр-Жұсіп анықтамаларын Жолмұраттың әрі кайталап, әрі қыскартса жинақтап түсіндіруі орын алған: «Шөженің тұбі тегі- қырғыз, Куандық ішінде өсіп, сініп кеткен. Қаракесектің быжынаған құрттай бір асына кез болған, Шөжесің асқа Тәттімбет ертіп келген еken: «Алшынбай мен Жолшараға өлең айт! Дәнемес бермесе, тілінді тартпай, орнынан тұрғысыз кыл. Сабаса, өліп қалмассың! Олар тұқ бермесе, солардың беретінші жалғыз өзім берейін! - деп.»

6. Алшекемінің кісісі құта жазды. Бұл өлең де сол 1178-папка (271(158)б.) бойынша ұсынылды. Мәтін алдында Балта мен Шөже айтысы болғаны. Балта жеңіліп, Шөже жеңгені айтылады да, одан кейін Шөженің кімге қалай шағымданғаны баяндалады: «Ас тарқаганиан кейін

жандаралдың адъютантан[тына] арызға барған. Соңда айтқан өлеңі.» Сегіз шумактық өлең айтылғаннан кейін не болғаны да көрсетілген: «Құдай рахмат қылсын Тәттімбетке! Бұл Тәттімбет өзі Шаншардың Нұрике деген қатынынан өрбіген. Бертістің Бектемір деген баласынан: Битін, Шитін, Мөшкес. Өзі бет біткеннің сұлуы, қызыл тілге келгенде, төрт аяғы бірдей жорға. Алшынбай-Жолшара: Шаншардың Айбике деген қатынынан, «Екі қатынның баласы екі ру ел»- демеді ме?! Әдейі осы асқа Шөжені алып барған. Сол екеуінің ажарын мұқату үшін. Жалған дүниеде өлеңшінің өлеңіне ілінген- жұрт аузында қалмақ. Шөже мен Балтаның айтысқаны»- деп, о да, бұз да қақсайды да жүреді. Өзге сез өлеңді, өлеңді сез өлмейді» (Мәшін-Жұсіп, 1178-папка, 271(158) бет).

7. Апам бүгін түсімде: «Сәлем!»- дейді. Бұл өлең Мәшін-Жұсіптің 1178- папкасы, 223-224 беттерінен алынды. Мәтін соңында мына ескерту орын алған: «Шөже осы өлеңді айткан күнде Шаңдыбаста жеті жұз жылқы бар күні. Осы күнде сол Шаңдыбас тоқсанға келген томашадай шал. Жалғыз баланың табысына табысып, Екібас заводында шабын жалап жатқанын көрдім.»

8. Шөженің Шон биге айтқаны. Шөженің Шон биге айтқаны туралы Мәшін-Жұсіп мұрасын жинап көшірушілер: Мұхаммедфазыл Мәшін-Жұсіпұлы мен Жолмұрат Жұсіпұлының әuletтік мұрағатта бір-бір шумак өлеңі сақталған екен. Мәселен, Мұхаммедфазылда: «Шөже ақынның Шон биге айтқаны» (Фазыл-3-папка, 181 б.) -деп жазылса, Жолмұратта: «Шөже ақын айтқан екен дейді Шон биге» (2-папка, 345 б.)- делинген. Біз такырыптас осы екі мәтінді біріктіріп, бір туынды ретінде ұсынып отырмыз

9. Шөженің Секербайға айтқаны. Бұл өлең кезінде Мәшін-Жұсіптен сабак, тәлім алып, кейін оның шығармаларын жинаумен айналысқан Иманбайұлы Омардың екі көшірмесі (Омар, 1-папка, 65-68 б. және 2-папка, 180-181 б.) бойынша берілді. Өлең басында мынадай ескерту орын алған: «Шөженің Секербайға айтқаны- Қаракесек: Күдерінің асында.»

Арыстан Тобылбайұлы

Ақын өлеңдері әuletтік мұрағаттағы үш көшірмені салыстыра отырып әзірленді: Мұхаммедфазыл, 2-папка, 110-116 б.; Жолмұрат, 3-папка, 141-150 б. және Сұлтанмахмұт Иманмәдіұлы, 109-140 б. Бұл тұста Мұхаммедфазылда жоқ, тек Жолмұрат бойынша қосылған шумақтарды алдымен атап көрсетеміз. Ол: «Қылады Мекержіде байлар сауда»- деген тармакты маңдай еткен 4- шумак, «Жеткенде жиырма бес[ке] Ташкент бардым»- деп басталатын 6-шумак. Сонымен қатар: «Мен өзім сөйлеуші

едім сөз төресін»- жолын алға салған 27- шумак пен оған ілескен 28, 29 30-шумактар да Жолмұрат бойынша үстелгенін еске саламыз. Сондай-ақ: «Орнынан бір отырған тұра бердім»- тармағын ту еткен 33-шумак және «Астынан- жер, үстімнен күң өтіп тұр»- деп басталған 36-шумак та Жолмұрат бойынша қосылды. Мұндай үстелу: «Орыстың қашып шықтым қаласынан»- жолымен бастау алған 51- шумак, яғни Жолмұрат бойынша айналасы 9- шумак, яғни 36 тармақ қосылды. Осы орайда ара-тұра Фазыл, Жолмұратта бар біраз шумактары жоқ болса да, әрі жазылу ретінде өзгерістер орын ала тұра, кезінде акынмен аралас-құралас болған Иманмәдіұлы Сұлтанмахмұт (ағайындары «Сұлтанмахмұт» атын қысқартып, «Шолтым» деп те атап кеткен- Н.Ж.) жазбасында Фазыл мен Жолмұратта ұшыраспаған біраз шумактар орын алуы белгілі бір ақын шығармаларының ел арасында әр қалыпта, әр деңгейде жиналып, сақталғанын тағы да дәлелдей түседі. Енді Сұлтанмахмұт бойынша енгізілген өзгерістерді көрсетеміз. «Кек бесті мінілмеген баршын екен»- жолын майдай еткен 18-шумак және 19- шумак Фазыл мен Жолмұратта ұшыраспай, тек Сұлтанмахмұтта орын алған. Мұны «Орнынан бір отырған тұра алмадым»- жолын бетке ұстаған 26- шумак және оған ілескен: 27, 28, 29, 30-шумактар және «Ауылым Қорғалжыннан асып кетті»- тармағын бетке ұстаған 45- шумак пен оған ілескен 46-шумак туралы да айтуға болады. Сондай-ақ: «Біледі жылқы айдаған жер алышын»- жолымен басталған 54- шумак, «Сарысу- Сапак кетті- жайлаймын-деп»- деген бастапқы тармағы бар 86-шумак, «Сарысу-Сапак кетті өрлеймін- деп»- ілгерлеген 88-шумак туралы да айтуға болады. Сонымен бірге: «Мен Бұхарага барам-деп, кой айдады»- деп өрістеген 91- шумак пен, оған ілескен: 92- шумак, «Ақ мылтық қолыма алыш, аттай қалдым»- деп басталған 105-шумак, «Белінді бір шешкен соң, бумай қалдың»- дегенді ту еткен 108-шумак және соған ілескен 109- шумак, сонымен катар: «Қайтейін, Есіл, Нұра- жайым қалды»- деп жол бастаған 113-шумак пен оған ілескен 114, 115, 116, 117, 118- шумактар да тек соғы жазбада орын алуымен ерекшеленеді. Соның нәтижесінде Сұлтанмахмұт бойынша айналасы 22 шумак, яғни 88 тармақ қосылғанын еске саламыз. Осы орайда алдында сөз болған ҚР ҰҒА колжазба корындағы Мәшһұр-Жұсіп жазбалары сақталған 1178-папкада: «Сарысу-Сапак кетті өрлеймін-деп»- деп басталған 88-шумак және әүлеттік мұрағаттағы II-папкада: «Кене хан, жақсы көрсөң, карашыңмың»- деп басталатын 55-шумак кана сақталуы- бәрі әрі бұл көшірмелердің бәрі Мәшһұр-Жұсіптен алғанғанын, әрі қолжазба корында «ең кажет, ең мәнді» деген мәтіндердің «қолды» болып, кезінде Мәшһұр-Жұсіп жазбаларын актарған, түрліше «қамқорлықпен» шектелген ағайындар ұшырасуы мүмкіндігіне де

жарық түсіре ме деген ойдамыз. Мұның бәрі ақын көшірмелерін және ақын жазбаларын жинауға қолында мүмкіндігі барлардың бәрі де ат салыспаса, бұл Алла алдында да, аруак алдында да кешірілмес киянат, күнә болып қала берерін еске салғымыз келеді.

Орынбай Бертағыұлы

Абайділда ханға

Бұл туынды алдында сан мәрте ескертілген Алматыдағы ҚР ҰФА қолжазба қорындағы Мәшіүр-Жұсіптің өз жазбасы: 1176-папка, 319(413) б. мәтіні мен әuletтік мұрағатта сақталған (2-папка, 329 б.) ақын жазбасын салыстыра отырып әзірленді.

1176-папкада өлең сонында «Бозайғыр» жұтына қатысты мына бір түсіндірме орын алған: «Кенесары, Наурызбай қыргыздан қыргын тапкан жыл «жылқы» жылы еді. Арқада жұт болып, сол жұттың аты «Бозайғыр» атанған.» Ал, әuletтік мұрағаттағы нұсқада осы өлеңнің екінші шумағы жоқ та, сонында мына ескерту бар: «Бозайғырдың мәнісі-жылқы жылы қатты жұт болған екен. Алдында «ұлуда» да жұрт жұтаған екен. Абайділда ханды орыс мейман тұтқау қылып алып кеткені сиыр жылы еді. Жеті жылда қайтып келді. «Сегіз жыл Итжеккеннен арман кетіп, // Ханымыз Абайділда қайдан келген?»- деген өлең де бар..»

Мәделі Жұсіпқожаұлы

Бәйтерек, Байзакқа

Жоғарыда ескертілген қолжазба қорында Мәделі туралы Мәшіүр-Жұсіп алдымен мынадай анықтама берген: «Түркістан, Ташкент орысқа алғаш қараған кезде Сыр бойынан Мәделі қожа ақын атандып, Үйсін: Дулатта отыз ұлды Байзак пenen Бәйтерек араз болып, татулыққа келмей жүргенде, өлең айтып екеуін татуластырғаны.» Өлең сонында: «Екеуін татуластырып, табыстырып қайтқан» ескертуі орын алған.» (1177-папка, 64-бет). Сонымен қатар әuletтік мұрағатта орын алған Мәшіүр-Жұсіптің өз қолымен жазған мына бір мәліметтері де көніл болерлік: «Ұлы жұз: Үйсін-Дулаттан «отыз ұлды» Байзак пен Бәйтерек араз болғанда, Мәделі қожаның айтқан өлеңі.» (1-папка, 143-бет). Сондай-ак әuletтіктегі Мәшіүр-Жұсіптің өз қолымен жазылған мына бір түсіндірмені де қоса келтіреміз: «Үйсін: Дулат - «отыз ұлды Байзак» атанған Байзак пен өз табынан шыққан Бәйтерек екеуі араз болып,

атысып, шабысып, ел бүлініп, жаман болып бара жатқан соң, диуана-дан шыққан Мәделі қожа жаразтыра барғанда айтқан өлеңі.» (4-папка, 105- бет).

Тұз тартқандарға

Өлең мәтіні алдында мынадай түсінік берілген: «Мәделі қожаның тұз тартқан Қоныраттарға айтқан өлеңі.» (1177-папка, 64 б.)

Боза ішкендерге

Бұл туынды алдында мына бір анықтама орын алған: «Боза ішіп, шуласып жатқан Дулаттарға айтқан өлеңі.

Дулаттың төрт баласы: Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр. «Сиқым көп пе, қиқым көп пе, // Жаныс көп пе, қамыс көп пе?» «Шымыр көп пе, шыбын көп пе?» Ботбай бәрінен көп. «Бақтияр!»- Ұлы жұздің ұраны. «Алдияр!»- Кіші жұздің ұраны.

Абғасыға

Мәделі қожаның агайыны бір Абғасы деген қожа Қонырат ортасында Ораз деген бір елден қызы алып: «Қайын жүртим»- деп, ішінде отырып байыған еken де, байлықты көтере алмай: «Болыс боламын!»- деп, сол елмен партия болып, талас-тартысқа түсіп, мал шашыпты. Соңда сол Абғасы қожаға Мәделі қожаның айтқан өлеңі.» Өлең сонында Мәшіүр-Жүсіп ескертуі келтірілген:» «Ақындардың аузына Құдай салады фой. Ораз көтеріліп, тулат кетіп төсекте жатқан жерінде катыны төркініне болысып, мойнына шылбыр тағып беріп, сүйретіп өлтіріпті.»

Бірқайнар деген қамысы қалың бір копа қасқыры ну болады екен. Бір диуана сол қопадан қасқырдың бір күшігін алып асырап, ит есепті қылып, көтінен калмайтығын қылып, төрт-бес жыл жіп тағып жүрісіпті. Бір күні диуана қайнардың маңынан өтіп бара жатқанда, көп қасқыр ұлыпты. Бұны естіп диуананың иті де ұлыпты. Ұлып шуласқанның аяғы диуананың иті көбіне барып қосылып, шулап келіп диуананы талап жеп қойыпты.

Шортанбай Қанайұлы

Мәшіүр-Жүсіп Шортанбайдың «Байды Құдай атқаны» деген өлеңінен үзінді (8 тармак) келтірғен соң, мына пікірін жазып қалдырған: «Оның сөйлегені біздің құрттай бала күнімізде еди. 1928-жылда, ұлу жылында, Құдайдың байды атқаның көзіміз көрді. «Құдай ұрғанды

коса ұрмаса, Құдайдын жандай досы болмайды»- деген де сөз бар.» (5-папка, 18-бет) Сонымен бірге алдында сөз болған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жұсіп жазбасында осы іспепті пікір орын алған: «1928-жылда 22-марта бейсенбі күн қоян құлады, ұлу таққа мінді. Жыл басы берекелі күнге келді. Егіп, шөп ептеісіз көп болады, бидай, тары арзаншылық болады, балаларға ауырырақ тиеді. «Айдай әлемді»- демейін, итше ұлытқан жерлері болмақ. Шортанбай қожа айтқан еken.» (1177-папка, 24-бет). Әuletтік мұрағаттағы 5-папкадағы және осы 1177-дегі үзінді 8 тармактан тұрса, кейінгіде мәтін соцында мына бір ескерту берілген: «Гисабек ишан дауам айтып отыратын мәтелі: «Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес». Бұл сөздердің шындығы жұрт көзіне биыл көрінді.» (1177-папка, 24-бет).

1. Атамыз-Адам пайғамбар. Осы орайда Мәшһүр-Жұсіп шығармаларын кейінгіге көшіріп жеткізушилер ішінде алдымен оның Мәдина деген қарындастын тұған жиені Жолмұрат Жұсіпұлы, одан кейін кенже ұлы Мұхаммедфазылды еске алсақ, үшінші атайтын адаммызыз, бір кезде оның атқосшысы болып, ұзак уақыт іргелес тұрған Иманғали Маненов екені белгілі. Иманғали бір ретте Мәшһүр-Жұсіптің өз жазбасынан көшірсе, енді бірде ел аузына тарап, соны ауызша айтушылардан жазып алушмен де шүғылданған. Мәселен бұған дейін жарық көрген «Жетпіс бап» (Хикаялтар мен дастандар шоғыры) сол ауызша айтушылардан жазылып жинақталса, бұл жолғысы тікелей өз жазбасынан алынған деп шамалаймыз. Мәселен, «Жетпіс бапта»- кейінгіге толық жетпегендіктен де, үйқаспайтын тармактар т.с.с. орын алса, бұл жолғысы неғұрлым үйқас дәлдігімен т.с.с. ерекшеленеді. Енді Иманғали көшірмесін кейін жарық көрген кітаптағы нұсқамен (Бес ғасыр жырлайды, Алматы, Жазушы, 1989, 275-294 б.) салыстыру жүргізгенде, тағы да өткен ғасырларда белгілі бір әдеби үлгінің, әр нұсқада түрліше таралып отырғаны ашыла түседі. Ал, мұның өзі кезінде баспа бетінде жарияланды деген үлгілердің де соған дейін де және одан кейін де ел арасына түрліше таралуын, баспаға шықкан нұсқаға да сол түрлішелік шарпуы тиоғ мүмкіндігін ескеру қажеттігін діттейді. Міне, осы тұрғыда карасақ, тек Мәшһүр-Жұсіп емес, ел арасына тараған басқа да үлгілерді салыстыра зерттеу ешқашан токталмауы керектігі айқындалады. Енді бұл ойларымызды нақты мысалдармен дәлелдей көрейік:

1. Біз ұсынып отырған үлгідегі үшінші, төртінші тармактардың: «Мұсылман, кәпір, халайық, // Сол Адамнан таралды»- жолдарының 1989 жылғы біз сүйеніп отырған кітапта ұшыраспауы не бұрынғы, не кейінгі цензура қыспағы салдарынан қысқару нәтижесі болар деп байымдауға болады. (Ескерту: әрі карай бұл ұғымдарды қысқартып беріп

(«Бес ғасыр жырлайды», Алматы, Жазушы, 1989 ж.) деудін орнына: «кітапта, немесе бұрынғыда»- деп атаумен шектеліп, әuletтік мұрағаттағы Иманғали Маненов жазбасы, З-папка демей-ақ, «Иманғалида», не «қолжазбада», не «кейінгіде»- деуменен шектеліп, онан кейін сондағы бет ретін көрсетіп кана отырамыз-Н.Ж.)

2. Кітапта: «корлықтан»- делінсе, Иманғалида «карлықтан» (171 б.)- түрінде берілген. Біз сөз мағынасына, орнына т.с.с. қарап, кейінгісі дұрыс деп шештік.

3. Кітапта, яғни бұрынғыда: «Жақсылықтан нәрім жок»- делінсе, Иманғалида, яғни біздегі қолжазбада «нәрім» орнына «ырым» сөзі келтірлген.

4. Бұрынғыда: «Ораза, намаз қылғанның»- делінсе, қолжазбада, яғни кейінгіде соңғы сөз орынын «қаза қылмасан» иеленген.

5. «Әр неме түсер ойыца»- деп кітапта берілсе, қолжазбада «неме» сөзін «нәрсе» ығыстырылған.

6. «Топқа кірсөн әркіммен»- деген бұрынғыдағы соңғы сөз қолжазбада «арсызben»- деп ауыстырылған.

7. «Көп- жалғызың саясы»- жолы алдындағы «Бай-жарлының панасы»- тармагы кітапта не цензура, не басқа себеппен түсіп қалса, тағы да кейінгі мәтін, яғни Иманғали жазбасы бойынша толыктырылды.

8. Бұрынғыда: «Тілінен тамар шырасы»- делінсе, тағы да кейінгі бойынша соңғы сөз «шырайы» болып өзгерілді.

9. Кітапта: «Тілінен тамар шырасы» жолынан кейін не цензура, не түрлі себеппен: «Мағлұм дүр Құдайға»- жолымен басталған төрт тармақ кірмей қалса, тағы да қолжазба бойынша енгізілді.

10. Бастапқыда: «Өлімге де мал керек»- түрінде берілсе, қолжазба бойынша алғашкы сөз сәл өзгерумен бірге, тағы бір тармақ тыңнан косылды.

11. «Сахарменен» сөзіне аталған кітапта «ертемен»- деген аударма анықтамасы берілгенін макұлдан еске саламыз.

12. «Сахарменен тұрғанын» жолынан кейін не цензура, не түрлі себеппен: «Хақ дидарын көрерсін, // Ақырет камын қылғанын»- тармактары енбей қалса, тағы да қолжазба бойынша толыктырылды.

13. «Сират» сөзіне аталған кітапта «қыл көпір»- деген түсіндірме берілгенін біз де макұлдаймыз.

14. «Өлгенде жанға пайданы» жолынан кейін тағы да түрлі себеппен: «Ұйқыдан кешіп көп жатпай» -тармағын мандай еткен 9 жолдық мәтін қыскарту құрбаны болса, бұжолы қолжазба бойынша калпына келтірлді.

15. «Дәмді харам шайнама»- жолынан кейінгі: «Құдіретке күніңсіз // Құлайменен ойнама»- тармактары тағы да қолжазба бойынша қосылды.

16. «Өнерпаздың өнері»- тармағы да кейінгі бойынша: «Құмарпаздың құмары»- делініп берілді.

17. «Өкінсен жок келері»- дегенге ілескен: «Тозар торқа, бөз шіріп // Бетінен кетпес бедері»- жолдары тағы да қолжазба бойынша енгізілді.

18. «Құданың болса берері»- дегеннен кейін: «Он сегіз мың ғаламды»- жолынан бастау алған үш тармақтық мәтін де қолжазбадан алынып кіргізілді.

19. «Жайлауда консаң бір жерге»- дегеннен соң: «Көк ала шатыр нарменен»- деп басталған төрт тармақтық мәтін де қолжазба бойынша қосылды.

20. «Біле тұра айтасызы»- дегеннен кейінгі: «Күн шыққан соң, намаздың // Қаза боларын біле тұра жатасызы»- жолдары да қолжазбадан енгізілді.

21. «Әділ» сөзінен кейінгі «би» сөзі де қолжазба бойынша кіргізілді.

22. Кітаптағы: «Жер тырнадай қор қор болмас»- тармағы да қолжазба бойынша: «Жер тіремей тұра алмас»- деп өзгерілді

23. «Айдасаң қызық жүрмейді»- деген кітаптағы «қызық» сөзі орнын қолжазбадағы «қырысық» сөзі иеленді.

24. «Төрт тұлігі аманға»- дегеннен соң: «Алтынды ордаң болса да»- деп басталатын 6 тармақтық мәтін де қолжазба бойынша берілді.

25. «Тіс тиген соң өзіне»- тармағындағы соңғы сөзден басқасы қолжазбадағы: «Тең болмаса» сөздерімен алмастырылды.

26. «Қарауыл қояр сөзіне»- жолынан кейінгі: «Құдайдың барын білмеген»- тармағы да қолжазбадан алынып қосылды.

27. «Кісі үшін дер шалабын»- дегендегі соңғы сөзден басқасы қолжазбадағы: «Kісі ішсін дейді»- сөздерімен өзгерілді.

28. «Өлгенге мал ермейді»- тармағынан кейін: «Көріндер енді, жігіттер»- жолы үстелумен бірге одан соңғы тармақ аяқталымындағы «шолағы» сөзін «шолағын»- деп өзгерту де қолжазба бойынша жүргізілді.

29. «Төрт жардан шыққан би болар // Ақылы аскан дүр болар»- жолдарындағы «би» сөзін- «қыыр», «асқан» дегенді «асса»- деп өзгерту де- қолжазбага сүйену жемісі.

30. «Малы көп кісі би болар» дегендегі «би» сөзін «пұл» деп ауыстырып, оған қоса «Малы жок кісі құр болар»- тармағын енгізу де қолжазба көмегімен жузеге асты.

31. «Мейір кетті пендеден»- дегендегі соңғы сөздін «патшадан»- болып өзгеріліу де- қолжазба әсері.

32. «Ей, муһмин, құлшылық қылсан не етеді?»- деген бір жол қолжазбада ұзартылып, екі тармақ күйінде отау тіккен: «Муһмин болған пенделер // Құлшылық қылсан, не етеді?»

33. «Дүние, малын сүйгендер // Мінбей, кимей өтеді»- деген кітаптағы жолдар қолжазбада біраз өзгеше шанырақ көтерген: «Малын көзі қимаған // Ішпей, жемей өтеді.»

34. «Бір кісі емес, әркімнің // Басында бар сөйтеді»- деген кітаптағы «әркімнің» орнын «әр адам» иеленіп, кейінгі жол: «Бәрі сөйтіп өтеді»- түрінде өзгерумен қатар қолжазбада одан соң: «Дүниенің сұрсен дәүірін»- тармағын ту еткен бес жолдық мәтін үстелген.

35. Кітапта: «Mehірдан катты мал бітін»- делінсе, қолжазбада бастанқы екі сөз: «калыптан артық»- түрінде өзгерген.

36. «Шернеуде жазған несіпке»- дегендегі бастанқы сөз тағы да қолжазба негізінде «әзелде»- делініп өзгерілді.

37. «Сұмбіле туып күз болмай»- дегендегі «күз» сөзі қолжазбада «жаз» делініп берілген.

38. «Білсөніз, бағым болар ма?»- дегендегі «бағым» сөзі де қолжазба бойынша «дауа»- деп, алмастырылды.

39. «Сүйекпен кетпей болар ма»- дегеннен кейінгі: «Иманнан басқа нәрсені // Құдайдан көп сұрама»- жолдары да қолжазба бойынша косакталды.

40. «Ерден қайыр кетпесе, // Өлтірмейді есікте, // Өлшеп берген несіпке»- дегендегі «өлтірмейді» орнында қолжазбада «отырмайды» сөзі берілген. Сөз кисыны да кейінгінің ұтымдылығын байқатып тұр.

41. «Оңбас тұске өшікпе»- дегендегі соңғы сөзден басқасы қолжазбада: «Оңалмас іске»- деп, басқаша алынған.

42. «Патша болса да малы азға»- дегеннен соң: «Езіп жақсан, кір жүқпас // Сексен сынды маңғазға»- жолдарының косылуы- қолжазбага иек арту нәтижесі.

43. «Болар ма еді арманың?»- жолынаң кейін: «Ескірмес ердің астында»- тармағымен басталған б жолдық мәтін де қолжазба бойынша косылды.

2. Шортанбайдын насиҳаты.

«Сапарда жалғыз қалғаның»- жолынаң кейінгі: «Шортанбайдың өлер уағында қатын-бала, ел-жүртқа айтқан насиҳаты»- дегенді маңдай стіп, «Мінеді ғаділ патша алтын тақты»- деген 11 буынды жолмен басталған 13 шумактан, яғни 52 тармақтан тұратын мәтін де қолжазбага сүйенумен енгізілді.

3. Адамның жалған дүниесі.

«Адамның жалған дүниесі»- - жолымен басталған туынды кітапта да, қолжазбада да орын алған. Енді аз-кем айырмашылыктарға көніл бөлейік:

1. «Тұңайлмей ырза болу жок»- дегендегі бастапқы сөз қолжазбада «төгілмей»- деп берілген.

2. «Құннен-қунғе сәндендім»- дегендегі соңғы сөз тағы да қолжазба бойынша «сәнделдім»- деп өзгертилді.

3. «Қалықтаған сұнқар ма ем»- дегендегі бастапқы сөз қолжазба негізінде «халықтан асқан»- сөздерімен алмастырылды.

4. «Жалғаннан дәмім таусылды»- жолынан кейінгі «Жарылқа, Құдай артымды»- деп басталатын 12 тармақтық мәтін тек қолжазба бойынша енгізілді.

5. «Жалған бетті кездендер»- дегендегі бастапқы екі сөз: «жанға бейнет»- түрінде өзгертилді.

6. «Сөз айтайын, үлкендер»- дегеннен кейінгі: «Құдайдан ғапіл өтпендер» -жолы да қолжазба бойынша кіргізілді.

7. «Басшы біткен кәріне»- орнында қолжазбада мына екі тармак жайғасқан: «Жасы жеткен кәріне! // Ұяларсың Құдайдан.»

8. «Тату да болып журе алмас»- дегеннен кейін: «Дүғай сәлем дегейсің»- жолын бетке ұстаған үш тармақ та тек қолжазбада ұшырасуымен ерекшеленеді.

9. «Дүниенің боғы осы деп, // Өлгенімше сайдадым»- орнында қолжазбада «Дүниенің боғы үшін // Өлгенімше сайдадым»- қоныс тепкен.

10. «Карсон менен Кернейге»- дегеннен соң: «Бай мен жарлы, кедейге»- тармағы қосылуы да- қолжазбага ғана иек арту көрінісі.

11. «Қуанбасын қөңілге»- дегендегі аяқы сөзді қолжазбада «дәүлетке»- ығыстырыған.

12. «Өлгенінше шайнаған»- сөздерін қолжазбада: «Өлғенімше жинаған»- ауыстырыған.

13. «Токтасын сөз бер акылға» - дегеннің артында қолжазбада: «Ие болсын артына»- жолы жайғасқан.

14. «Құдайдың ісі бұзық па»- дегенге ілескен: «Дүниеге қызықпа»- тармағы да қолжазба бойынша үстелді.

15. «Әркім де біздей қайғырған»- тармағымен жіптескен: «Қалған дүниеде пайда жок, // Жарылқа, Құдай, алдыман!»- жолдары да қолжазба бойынша кіргізілді.

16. «Байды Құдай атқаны»- дегеннен кейінгі 4 жолдық мәтін, одан 4 тармак өткеннен соң: «Жалғыз сиыры бар болса»- деп басталатын 4 жолдық үзік Мәшін-Жүсіптің өз жазбасында екі жерде ұшырасады

(Мәшһүр-Жүсіп, КР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы, Қолжазба коры, 1177-папка, 24 бет және әuletтік мұрағаттағы 5-папка, 18- бет).

17. «Елубасы, онбасы»- дегеннен соң орын алған: «Ол-шайтанның жолдасы»- тармағы да тек қолжазбаға иек арту жемісі.

18. «Қаратауда туылдың»- дегендегі екінші сөз қолжазба негізінде «тауладың»- дегенмен алмастырылды.

19. «Құнде түсіп аптықпа»- дегендегі үшінші сөз қолжазбада «апатқа»- түрінде ірге тебумен катар, оған ілесе: «Ман раббік- деп сұраганда, // Ұяларсың Құдайдан»- тармактары қосылған.

20. «Екеумізді пір тұтып»- дегендегі соңғы сөз «тұтқан»- деп сәл өзгерумен бірге оған ілескен: «Кімнің діні бұзылmas» тармағы қолжазба бойынша қосылды.

21. «Иман бер деп сұраныз»- дегеннен кейін: «Бұл айтқаным- ақылым»- тармағының енүі де қолжазба бойынша жүзеге асырылды.

22. «Арттағы Құдай басында»- тармағы да қолжазба бойынша: «Ауыртты Құдай басымды-ай»- деп өзгертілді.

23. «Жүгірмек болған жасым-ай»- дегеннен кейін: «Әр жұмада жүре гөр»- деп басталған 4 тармактық мәтін де қолжазба бойынша қосылды.

24. «Жетім бір қалған жас ұлға-ай»- тармағынан кейін ірге тепкен: «Кергенімше күн қайда?»- жолы да- қолжазбаға сүйену жемісі.

25. «Өлгенімді көргенің»- дегеннен соң: «Өлім үшін жаратқан»- деп басталған 9 тармактық мәтін 18 тармактық мәтін де тек қолжазба көмегімен үстелді.

26. «Патша болған Сүлеймен, // Олар да өткен дүниеден»- жолдарынан кейінгі: «Ойлап тұрсаң жалғаннан»- тармағын ту еткен 18 тармактық мәтін де тек қолжазба бойынша кіргізілді.

27. «Қарызды ойлап саспаған»- дегеннен соң: «Дүниеде мал мүлкің»- жолын маңдай еткен үш тармактық мәтін де қолжазба бойынша септелді.

28. «Айя көрме ақылды»- дегеннен кейін: «Қояр ма екен Құдайым»- жолымен басталған 11 тармактық мәтін де қолжазбаға сүйеніп енгізілді.

29. «Айта гөр, Жәке, иманды»- жолына ілескен: «Уа, Алла, тағалам»- тармағы да қолжазба бойынша орын тепті.

30. «Пірлерден кетіп керемет»- дегеннен соң берілген: «Патшадан кетіп әділет // Ақыр заман таянды»- тармактары да- қолжазбаға иек арту нәтижесі.

31. «Бір пендеге ұл бермей»- дегеннен кейінгі: «Бір перзентке зар ғып тұр, // Бір адамға ұл беріп»- жолдары да қолжазба бойынша қосылған.

32. «Ұрлық пенен зорлықтан»- дегендегі аяккы сөз қолжазба бойынша «қарлықтан»- деп түзетілді.

33. «Аузы карыс»- дегендегі алғашқы сөз қолжазба бойынша «казуы»- деп өзгертілді.

34. «Не қылайын дүниені»- дегеннен соң берілген: «Тырнақтап жидың сен нени?! // Жау қалқанын ер күтіп»- тармақтары да - қолжазбаға иек арту көрінісі.

35. «Ағаш атты тізгінде, // Шананы міндік құймелі»- жолдарындағы «шананы»- дегенді тагы да қолжазба бойынша «арба» сөзі ығыстырыды.

36. «Қарсы шап та, мылтық құш, // Құр жабырқап жудеме»-- жолдары қолжазбада біраз басқаша берілген: « Қарсы шап та мылтық қауыш, // Қоршап тұрса, жудеме.»

37. «Аюдайын ақырған»- дегеннен соң, «Қимаймыз деп айрылдық»- жолымен басталған 9 тармақтық мәтін де тек қолжазба бойынша үстелді.

38. «Пысықсыған немесі»- жолы кітапта бір түрлі түсініксіздік әкелсе, қолжазбада ол кенеінп, былай өрілген: «Старшын қойған болды жұрт // Пысықсыған немесін.»

39. «Қызыққан соң парага»- дегеннен кейін: «Көшні кетер жерің жок»- тармағын бас еткен 33 жолдық көлемді мәтін де қолжазба бойынша үстелгенін ескерсек те, біз сүйенген жазба құндылығы ашила түседі.

40. «Мейір сөз кетті сырластан»- тармағы да қолжазба бойынша: «Мейір-шапағат кем болып»- деп өзгертілді.

41. «Жол тосынған жолдастан»- дегеннен соң: «Заманақыр кезінде»- жолын маңдай еткен 9 тармақтық мәтін де тек қолжазба бойынша кіргізілді.

42. «Пайдасы жок шырактың»- дегеннен кейін: «Арам туған баланың»- тармағын бетке ұстаған 11 жолдық мәтін де- қолжазбага сүйену көрінісі.

43. «Ойлап тұрсам, жігіттер»- дегеннен соң: «Ақыретте жанға қас»- деп басталатын 5 тармақтық мәтін де- қолжазбаға иек арту нәтижесі.

Создін басы- Бисмилла

Бұл туынды тұғасымен жоғарыда сөз болған кітапта мүлде жок, тек Иманғали көшірмесінде (3-папка, 190-195 б.) орын алған. Мәтін сонында: «тамам болды» деген жазу тұр.

Кәрілік туралы

Бұл туынды Мәшіүр-Жүсіптиң өз жазбасы (II-папка, 80 б.) бойынша берілді. Мәтін маңдайшасында: «Шортекен сөзі»- деп жазылған.

Құдеріқожа Кошекұлы

Құдеріқожа өлеңдерін келтірмес бұрын Мәшһүр-Жұсін мынадай кіріспе сөз жазған: «Сөйлей берсе, сөз таусылмайды; Сарт құрымай, бөз таусылмайды..» Абылай ханның қалмақты Сарыарқадан бостырып аударған [дай]тұғын заманасында болған шайыр Көшекұлы Құдеріқожа сөйлеген. Бұрынғы заманда жонғария -қалмақ құшті дөкей ірілік қылған қырық сан қара қалмақта Қоңтажы деген тайшысы болған. Қалмақ «хан» деген сөзін «тайшы» дейді екен. Он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауытта «кәрі Аюке»- деген тайшысы болған. «Аюкенің ауыр қолы» атанған. Құба қалмақтың Қалдан Шерін деген тайшысы болған, Уше, Сирен деген жайсаңдары болған. Солардың тұсында қалмақ қазаққа таң атырып, күн шығармаған: шапқан, талаған. «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама»- заманы сол кезде болған. Тілеуімбет батыр он алты ұлы барлығына мазаттанып: «Жасқанып, қашпаймын!»- деп, қалмақтан қаза тапқан. Бір емшектес інісі Наурыз алты баласын соңына ертіп, жансауғалап қашып, аман құтылған. Тобықты: Энет бабан деген қарт жау жолында, төбе басында жаяу отырып қалған. Сонда соның кегін Абылай хан ат арқасына мінген соң алған. Қалмақтың қалайша ауғандығын, бұлген, жарылғандығын Көшекұлы Құдеріқожа жырау қылып сөйлегендігін Көпейұлы Мәшһүр-Жұсін: «Кейінгіге тарих болсын» үшінге қағаз жузіне нұсқа қылып, жазған.» (1177- папка, 37- бет).

Осы елең мәтіні соңында мынадай түсіндірме орын алған: «Дайырттаре: Бекей-Дайырдың Дайыры. Бекей Қаракесекке төрелік қылған. Дайыр, Тінәлі, Темеш Малай-Жәдігерге төрелік қылған. Ыңызтайым Малай-Жәдігерден шыққан батырлар замандарында Дайыр төреге төлеңгіт болып, аталық атанған. Көшекұлы Құдері Алтай: Қарпыктың Қарпығы ішінде өсіп-өнген кожалар. Құдеріқожа баласы- Колат кожа. Мұның баласы- Құлжан кожа, мұның балалары: Файса, Мұса, Баймен кожалар.» (Мәшһүр-Жұсіп, 1177-папка, 41- бет).

Құдеріқожа өлеңдерін келтіреп алдында екінші бір жазбасында Мәшһүр-Жұсіп соған орайлас мына пікірді келтірген: «Абылай ханның қалмақты аударғанын Көшекұлы Құдеріқожа сөйлегені. Қырық сан қара қалмақта Қоңтажы деген ханы болған. Он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт, кәрі Аюке деген ханы болған. «Аюкенің ауыр қолы» атанған. Құба қалмақтың Қалдан Шерін деген ханы болған. Қаратаяда, Шудың аяғында Уса, Серен деген жайсаңдары болған. Солардың тұсында қалмақ қазаққа таң атырып, күн шығармаған: шапқан, талаған. «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама»- заманы сол кезде болған. Тілеуімбет батыр он алты ұлы мен: «Жасқанып, қашпаймын!»-деп, қалмақтан қаза тапқан. Інісі Наурыз- алты ұлды- жан сауғалап қашып аман құтылған.

Тобыкты: Энет бабандар жаяу жүре алмағандыктан, төбе басында отырып қалған. Сонда сонын кегін, Абылай хан ат арқасына мінген соң, алған. Сонда қалмактың қалайша аугандығын, бұлғен, жарылғандығын Көшекұғлы Құдерікожа жырлап сейлеген. «Кейінгіге тарих (туарих) болсын» үшін Мәшһүр Жұсіп Қөпееев қағаз жүзіне нұсқа қылыш қалдырган.» (Мәшһүр-Жұсіп, 1176 папка, 299 (393) бет).

Бұл жазба сонында да Мәшһүр-Жұсіптің алдыңғыға үқсас түсіндірмесі орын алған: «Егіз, Тайым- Малай: Жәдігерден шыққан батырлар, замандарында «Аталық» атанип, хандардың көші-қонын билеп-төстеп жүрген ерлер. Дайыр төре- Бекей: Дайырдың Дайыры. Барак- Құшшықтің Барағының балалары. «Қырық сан Барак ханның елі»- атанған, Ташкентте тұрып ханлық қылған. Бекей:Дайыр, Шығай хан, Баба, Маман, Ханқожа. Бекей ұрпағы: Жамантай, Құсбектер. Осы күнгі Әлихан Бекейханов сол нәсілден.»

Ақмолла Мұхамедиарұлы

Ақмолла Мұхамедиарұлы өлеңдерінің 1917 жылғы төңкеріске дейін (1892 ж.) де, одан соң Қенес билігі кезінде де басылғаны (Күндер мен түндер, Алматы, Жазушы, 1986) белгілі. Біздің назар аудармағымыз: кітап бетіндегі нұсқа мен Мәшһүр-Жұсіп жазбасы арасында елеулі айырмашылыктар орын алған. Бұл ерекшеліктер теркіні, мұның алдында сан мәрте ескертілгендей, Ақмолла өлеңдерінің баспа бетін көрмес бұрын ел арасына түрліше қалыпта тарапу мүмкіндігінде жатса керек. Енді нақты мысалдар келтірейік:

1. Кітапта (яғни «Күндер мен түндер» жинағы, Алматы, Жазушы, 1986 ж.):

Адамнан кеуде қалмас ғарып болмай,
Пакырлық тұрмысты бір танып болмай.

Әдеті- не мысқылдау, яки қорлау,

Сөз сөйлемес біреуді ғайбат қылмай. (59 б.),- деп берілсе, Мәшһүр-Жұсіп жазбасында ол көп өзгерген:

Адамнан нағұа қалмас кәріп болмай,
Пакыр сыхаптына озып болмай.

Әдеті иа рыстыңыз, иа хақарат,

Еріккен ердің қорын парық қылмай.

(Мәшһүр-Жұсіп, 1173-папка, 17 «ә»- топтама, 8(239) б.

Ескертү: әрі қарай екі нұсқаның да тек бет ретін көрсетумен шектелеміз- Н.Ж.)

2. Біреуге дүние-бакыт асыл болса,
Мұратқа жететіндей тәсіл болса.

Нәпсіңде перғауында болып қалар,
Бір қайғы, қаза көріп басылмаса (кітап, 59 б.).

Біреуге дүние нажат хасил болса,
Мұратка һуасынша уасыл болса.
Нәпсіңде перғауында дағуа қылар,
Бір пітне қаза келіп басылмаса (Мәшһүр-Жұсіп, 8 б.).

3. Өзгегі қасиеті бар деп білмес,
Өзіне шын нәпсіні қасқыр қылса.
Ерлерді мысқыл етер, я кемітер,
Тумысынан егер де кем жан болса. (Кітап, 59 б.).

Ғұмыры[н]да қасиетті бар деп білмес,
Өзіне шын нәпсіні қасқыр қылса.
Кәмілді ҳикыр көрүр оба алғас,
Сағадат пітір иесі ғаксыр болса!

4. Фылымның біліміне іңкәр болып,

Төбелеспей басылмас біздін ашу,- делініп, кітапта (63 б.) алғашкы
екі тармакпен шектелу орын алса, Мәшһүр-Жұсіпте әрі бастапкы жол-
дарда өзгешелік болумен бірге соңғы екі тармак қосылған:

Кәмілдін кәміліне іңкәр етіп,
Төбелеспей, басылмас сондай ашу.
Істік бардан басқа жоқ ғадауатына,
Мұратымыз маддасы ғұрит ашу. (Мәшһүр-Жұсіп, 8-9 б.).

5. Төмөндегі мысалда бастапкы бірінші, екінші тармактар мен
соңғылардың (үшінші және төртінші жол) орын ауысымен қатар жеке
сөздер ерекшелігі бар. Осы тұста кітапта араб, парсы, көне сөздерді
аудару орын алса, Мәшһүр-Жұсіпте сол қалыпта беру байқалатынын
ескертеміз.

Күнәміз көптігінен жер көтермей,
Жаңбырдан құры қалды біздін басу.
Қакпаға бір бай келсе, хош келдің, деп,
Мұсәпір, ғарып келсе, үркіп қашу. (кітап, 64 б.).

Есікке бір бай келсе, хош әми-ді,
Мұсәпір, пакыр келсе, үйге қашу.
Күнәның сомлығымен жер көтермей,
Тәңірден құры қалды біздін басу. (Мәшһүр-Жұсіп, 9 б.).

6. Мына үзіндіде де «дін, ислам» сөздеріне 1917 жылғы төңкеріске
дейінгі, не одан кейінгі қысқарту, өзгерту әсерін кабылдағандық
байқалады:

Олардың тілегінше журе берсен,

Адамдық қасиеттерді қырмак керек (кітап, 62 б.).

Міне, осындағы «адамдық қасиеттерді» сөздері орнына Мәшһүр-Жұсіпте: «Дін ислам гирасыны»- алынуы- бәрі кейінгінің (Мәшһүр-Жұсіптің) цензура т.с.с. қыспағынсыз еркін жазып қалдыру айғағы тәрізді.

7. Ұстаздық ісі қиын- жөн білмесе,

Өзіне ынсан беріп көндірмесе (Кітап, 63 б.).

Молдалық ісі қиын, жөн білмесе,

Құдайым таупық беріп, көндірмесе (Мәшһүр-Жұсіп, 10 б.).

Міне, мұнда Мәшһүр-Жұсіптегі: «молдалық», «Құдайым» сөздері де кітапта орын алмауымен ерекшеленеді.

8. «Ұстаз болсын пән үшін жанын қіған» - дегендегі кітаптағы (64 б.) бастапқы З сөз де Мәшһүр-Жұсіпте қыскартуға ұшырамағандықтан да, өзгеше екені байқалады: «Молда болсын діп...».

9. «Шындықтың ісі шықпас ісімізден»- дегендегі (Кітап, 65 б.) бастапқы сөз тағы да сол себептермен Мәшһүр-Жұсіпте басқаша алышып: «Шарифат»- деп келтірілген.

10. «Дүниеде толып жатқан білгіштер бар»- дегендегі (Кітап, 65 б.) «білгіштер» орынын Мәшһүр-Жұсіпте «ғазиздер» иеленген.

11. «Аз нәрсеге долданып, түсін бұзар, // Ұятын құпірлікке сатар деген»- жолдарындағы (кітап, 72 б.) «түсін» сөзі- «дінін»; ал «ұятын»- «иманын» сөзімен Мәшһүр-Жұсіпте алмастырылған (12 (235) бет).

12. «Әдепсізде ар болу ғажап деген»- тармағындағы (кітап, 72 б.) «ар болу» сөздері орынын Мәшһүр-Жұсіпте «иман тұру» иеленген.

13. «Не дерсің: жылап тұрар орындарда // Айғайлап, әзілдесіп, құлғеннен сон»- тармақтары (Кітап, 73 б.) да Мәшһүр-Жұсіпте (1173-папка, 17 «ә» топтама, 13 (234) б.) дін әсері мол болуымен ерекшеленеді: «Алладан корқу деген қайда қалды, // Зар жылар орындарда құлғеннен сон!»

14. Алыңыз ғалымдардан мұны сұрап,

Болмасын адам деген сенде құр ат.

Жүзінде кісі сынды көрінгенмен,

Адамдық пайдасында- мағына, мұрат (Кітап, 74 б.).

Алғашқы тармақтағы: «ғалымдардан» сөзі орнын- «молдалардан», екінші жолдағы: «адам деген» сөздерін- «мұсылмандын», соңғы жол басындағы: «адамдық» - ысырылып, «ақырет» сөзі енүі- бәрі Мәшһүр-Жұсіп өзгерістері, яғни цензура атаулыдан ада болу дәлелдері демекпіз.

15. «Факайд» және одан екі тармақ кейпн орналасқан «шамия» сөздеріне жоғарыда аталған кітапта (74 б.) «окулық аттары»-деп, дұрыс анықтама берілген.

16. «Ұстайсыз арзан көріп, бала ұстаз» (Кітап, 74 б.)- дегендегі «ұстаз» сөзі екінші және төртінші жол аяғында қайталанып, үйқасқа қызмет етсе, Мәшһүр-Жүсіпте «ұстаз» дегенді үш тармак соңында да «молда» сөзі ауыстырыған.

17. «Туралық бұл заманда құрып қалған, // Тура айтушы арт жақта бұғып қалған»- делінсе, (Кітап, 75 б.) Мәшһүр-Жүсіпте «туарлық»- «тұғырлық», «тура айтушы»- «тұғыры айтушы» сөздерімен алмастырылған (14(233) б.).

18. «Байланған тамақпенен тіліміз бар» (Кітап, 75 б.)- дегендегі екінші сөз Мәшһүр-Жүсіпте: «тамиғпенен»- деп өзгерілген.

19. «Бұл айттылған қылыштар табылады // Адамсыған, оқыған бұзықтардан» (Кітап, 76 б.)- жолдары да Мәшһүр-Жүсіпте өзгеше қалыпта орілуімен ерекшеленеді. Мәселен, алғашқы жолдағы «қылыштар»- «бірғит істер»; «оқыған бұзықтардан» (екінші жолдағы)- «ғақылға толықтардан»- сөздерімен алмастырылған.

Осы шығарманың қағазға қашан түскені туралы Мәшһүр-Жүсіп мәтін соңында былай ескерткен екен: «Бәрі- 320 жол. Алла рахмет айласын Ақмолла марқұмға! 1910 жылында, ғинуардың әуелгі онында, тауық жылының қысында.» Сөз соңында ескертеріміз: кітап бетіндегі мәтін мен Мәшһүр-Жүсіптің бар айырмашылықтарын тізе беруді максат етпедік, ен басты, өзектілерін ғана іріктеп сөз етіп, толық салыстыруды түбінде Ақмолла шығармалары текстологиясымен арнағы айналысушылар үлесіне қалдырыдык.

Біржан Қожағұлұлы

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын сақтап, жинаушының бірі онымен көп жыл сыйлас, іргелес тұрған Иманнәділұлы Сұлтанмахмұт (Шолтым) екені белгілі. Бұжолы Сұлтанмахмұт жазбасына сүйендік.

1. «Баласы Қожағұлдың ақын Біржан»-деп басталатын өлеңді баспа бетін көрген (мәселен, «Бес ғасыр жырлайды», 2- том, Алматы, Жазушы, 1964, 157-165 б.) ақын туындылары ішінде кездестірmedік. Бұл туынды, демек, әuletтік мұрагаттағы Сұлтанмахмұт көшірмесі (9-бет) бойынша тұңғыш ұсынылып отыр.

2. «Бел байлап, тәуекел деп төзгені артық»- деп, жоғарыда аталған кітапта (163 б.) берілсе, әuletтік мұрагаттағы жазбада «төзгені» орнын «жүзгені» сөзі иеленген.

3. «Өзіңмен бірдей жанып, бірдей күйген»- деп, аталған кітапта алынса, әuletтікте, яғни Мәшһүр-Жұсіптен көшірген Иманғалида, «жанып» емес, «жатып» кіргізілген.

4. «Бұл күнде арық койдан бағам кейін, // Үш жүзді сайран қылған Біржан едім»- қалпында кітапта орын алса, көшірмеде алғашқы тармақ сонындағы «кейін» дегенді «төмен» сөзі «ығыстырып», екінші жол басындағы сөздер: «Үш жүзге аты шыққан»- түрінде берілген.

5. Осы мәтіндегі: «Сөз айттым мұнан бұрын әлденешеу»- деп басталатын бір шумактық мәтіннің бұдан бұрынғы басылымдарда орын алмай, тек Мәшһүр-Жұсіп мұрағатында ұшырасуы да басқа ақындар тәрізді Біржан өлеңдерінің де жиналып бітпегенін дәлелдей туследі.

Базар Өтегенұлы

«Әр нәрсенің паркы бар» өлеңі мәтін Мәшһүр-Жұсіп мұрасын жи-наушы, іргелес елді мекен еткен Әшім Қарақызыұлы көшірмесі бойынша енгізілді. Бұл туындының да ел арасына көп нұскалы болып таралуының дәлелі- шағын өлеңнің өзінде біраз айырмашылық орын алуы.

1. Жоғарыда аталған «Бес ғасыр жырлайды» (2-том, Алматы, Жа-зуши, 1984, 283 б.) кітабында: «Байқарсын бір күн басыңца»- деп берілсе, әuletтік мұрағаттағы Әшім Қарақызыұлы жазбасында(225 б.) соңғы сөз орнын «білерсін» иеленген.

2. «Асқардай»- деген кітаптағы сөз: орнында көшірмеде «аспандай» жайғаскан.

3. «Дария шіреп тасқандай»- дегендегі соңғы екі сөз көшірмеде: «толқып тасқандай!» түрінде епгізілген.

4. «Кәрілік пен»- деген кітаптағы сөз әuletтік мұрағатта: «кәрі менен» түрінде ірге тепкен.

5. Кітапта: «Тозбайтын бектік тондайсын»- делініп, «бектік» сөзі біртүрлі ұғынықсыздық аркаласа, оның орнын қолжазбада «берік» сөзі иеленуі арқылы ұғым дәлдігі қалпына келгені анық.

6. Кітаптагы: «куан» сөзінің әuletтікегіде «кілем»- деп жазылғаны ескерілді.

7. «Куанып бүгін отырмын // Есен-сая басты қосқанда-ай!»- дегендегі соңғы сөздің кітапта: «косқанға-ай»- түрінде берілуі де белгілі бір туындының ел арасында көп нұскалы болып тарау мүмкіндігін аша туследі.

Акан сері Қорамсаұлы

Осынын алдында сан рет аталған ҚР ҰFA Орталық ғылыми кітапханасы, қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жұсіптің 1176- папкадағы

өз қолымен жазылған түсіндірмесі: «Керей, Сағынай асында болып, Құлагердің қалай жығылғанын көзіне көрген кісінің сөзі: «Бұл Құлагерді өлтірушілер- Алтай:Мұрат-Қотыраш, Батыраш балалары. Аттың алды қарақшыға бір шақырым жақындалап қалған шакта көлдененнен тосып тұрған жиырма- отыздай кісі бірден лап қойып, киіп кеткенде, тұбі тегі- Қозған, Қара... алыпсатары- Жантас баласы Нұрпейіс деген соктығып қалғанда, Құлагер де мұрттай ұшты, Нұрпейіс те атымен қабат мұрттай ұшты. Құлагер өліп қалды да, мынаның аты да, өзі де әрі-бері талып жатып, есін жиып түрегелді. Сол Құлагерді өлтірушілер онған жок. Батыраш балалары да мыж-тыж, берекесіз болды. Сол Нұрпейіс өзі Қараөткелдің қаласына[н] шығып, Ноғай моласына таяна бергенде, үні шықпай ататұғын мылтықтың оғы тиіп, мұрттай ұшып өлді. Кім атқанын білмейді. Жаласы Қараөткелде тұратұғын Қанжығалы:Айтбай қажыға тақылып, оған дәнене қылған [жок]. Бірақ көргендер, білгендер: «Мынау Құлагерге не қылса, өзі де сондай болды!»- десті.» (1176-папка, 222-бет).

Әрі қарай ұсынылмақ өлең мәтіні алдында мына бір ескерту берілген: «Ақаның Құлагеріне шығарған өлеңінің тамтыры.» 16 жолдық өлең мәтіні сонында төмөндегі ескерту келтірілген: «Құлагер өлгеннің сонында серілігі көтін қысты, сау дайы болды, дүниені керек кылмай, өмірі өтті.»

Осы орайда Мәшһүр-Жұсінің өз қолымен жазып жеткізген 16 тармақтық үзіндінің 12 жолының бүрінғы басылымдарда ұшыраспауы қазіргі біз оқып жүрген өлең мәтіндерінде жок шумактар ел аузында, түрлі мұрағаттарда орын алуы мүмкіндігін дәлелдейді. Енді осы аз үзіндідегі өзгешеліктерге үнілеміз:

1. «Жануар, Құлагерім, қолдан кетті»- деп басталатын сегіз тармақтық мәтін бүрін жарияланған үлгілерде жок, тек Мәшһүр-Жұсіпте орын алған.

2. Бүрін басылған үлгілерде бар дегеннің өзінде өзгеңелік мол:

Құлагер, топтан озған жүйрігім-ай,

Жарасар келте жібек құйрығың-ай.

Түбіне Ерейменнің айдал келіп,

Құдайдың қарай қойшы бұйрығын-ай!

(Бес ғасыр жырлайды, 2-том, Алматы, Жазушы, 1984, 329 б.)

Қырмызы, кара құлпы құйрығың-ай,

Сурылып, таптан озған жүйрігім-ай?!

Жеріне Баянаула алып барып,

Құдайдың қарай қойшы бұйрығына-ай! (Мәшһүр-Жұсін, 1176-папка, 221 б.).

3. «Шешесі Құлагердін- «Қақпай соқыр»- деп басталатын соңғы шумақ та бұрынғы басылымдарда кездеспегенін ескертеміз.

Ақан серінің Ақтөкты атынан шығарған өлеңі.

Бұл туынды да алдында ескертілген қолжазба корындағы Мәшһүр-Жүсінтің өз жазбасы (1176-папка, 230 б.) бойынша ұсынылып отыр.

Ақтөктыға (бірінші нұсқа).

Бұл өлең де сол қолжазбадағы Мәшһүр-Жүсін жазбасынан (272 б.) алынды. Мәтін соңында ақынның мына бір ескертуі орын алған: «Сөйтіп (сөй деп) сүбесіне сапыны сұғып алып, бір томардың басына тастап кетті.».

Ақтөктыға (екінші нұсқа).

Бұл туынды әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат көшірмесі (3- папка, 205 б.) бойынша берілді. Мәтін соңында Жолмұрат мына түсіндірмені келтірген: «- деп, бұдан басқа тағы бірнеше Ақан серінің мына өлеңдерін айтуыш еді:

1. «Торыны таңға байлан, мінгел кандай»
2. «Қарағым, асыл тасым- сағаттағы»
3. «Көпестер пұл сатады пайдаменен»
4. «Ауылдың аралаймын кербез кермен»
5. «Қолыма ұстағаным- алтын балдак»
6. «Физатлу, хат жазамын қара сия»
7. «Асыл зат, коңыр қозым көлге тарткан»

Ақан серінің Құлагерге жазған мактау, жоқтау өлеңдерін көп айтатын еді, тағы-тағылар. Осы өлеңдерінің бәрін түгел білмесем де, аз-аздап сол кісіден естуімше билетіндерім бар.»

Шын тұлпар дүбір шықса, шылдамайды.

Бұл туынды іргелес тұрып, Мәшһүр-Жүсіп мұрасын белсене жинаушы Әшім Қарақызыұлы (226-228 б.) көшірмесі бойынша ұсынылып отыр.

Абай Құнанбайұлы

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ұзак уақыт ел аралап, фольклор, халық ауыз әдебиеті үлгілерін ерінбей мол жинауының бір көрінісі-казактың мәндай алды ақыны Абай Құнанбайұлы (1845-1904) туындыларын да кең қамтуы дер едік. Мәшһүр-Жүсіп әр кезде Абайдың 28 өлеңін жазып калдырған. Оның ішінде Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған, бұрын еш жерде жарияланбаған Абайдың ең соңғы өлеңі: «Мағауияға» туындысымен қатар баспа бетін көрсө де, біраз сөз, сөз косымшасы айырмашылықтары орын алуы- бәрі Абай өлеңдері мәтінін саралауда баға жетпес құнды деректер көзі бола алатыны анық.

Осы орайда 1909 жылдан бері сан мәртеге басылып келе жатқан Абай өлеңдерін ел аузынан жинап, сарапап, баспаға ұсынуда да жаңылыс кету, кем қалулар болу себебіне қайталап үңгілткіміз келеді. Мәселен, Абай шығармаларын ең толық жетілдірілген қалыпта әзірлең, бастырған КР FA М.О.Әуезов атындағы әдебиет және ғнер институты қызметкерлері Абай шығармаларына жазған алғысөзінде мына бір дерекке қайталап үңгілткен екен: «Ең алдымен Қазақ ССР Фылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы корында және Мұхтар Әуезовтің әдеби мемориалдық музейі архивінде сактаулы тұрган Мұрсейіт Бікейұлының үш көшірмесін (1905, 1907, 1910) негізгі дерек ретінде атаған дұрыс.» (Абай. Шығ., 1- том, Алматы, Ғылым, 1977, 6 б.). Осы орайда Мұрсейіттің, біріншіден, Абайдың шығармаларын жинауга оның авторының көзі тірісінде емес, біраз ретте кейіндеу кіріскенін, екіншіден, көбінесе ел арасына ауызша тараған үлгілерді қағазға түсірумен айналысқанын ескерген жөн деп санаймыз. Белгілі бір мәтіннің алдымен ауызша тарағып, кейін қағазға түсірілуі кезінде не ұмыту, не қате ұғу, не оймен қосу т.с.с. салдарынан оның үнемі бір қалыпта сакталмай, түрліше сипатта тараалуы ықтимал екендігі де анық. Ендеше Мұрсейіт тәрізді Мәшіүр-Жүсіптің де сол уақытта ел арасына тараған үлгілерді жазып алуы мүмкіндігін дәйектесек, қазіргі баспа бетінде жарияланып жүрген Абай өлеңдері мәтіндерінде не мұлде жоқ, не бұрмаланып берілуі мүмкін жекелеген өлең жолы, не сөздер болуы ықтималдығын біз ескеріп отыруымыз керек.

Осы орайда Мәшіүр-Жүсіп жинап жеткізген Абай өлеңдерінің бір бөлімі алдында атальған қолжазба корында орын алса, енді бір тобы әулеттік мұрағатта сақталғанын ескерткіміз келеді. Сөз жоқ, басқасы басқа, Абайдың бұрын еш жерде жарық көрмеген соңғы елеңдің Абай туындыларын баспаға әзірлең келген ғалымдар назарына ілінбей келуінің езі біздің әдебиетші, тілші, тарихшы ғалымдардың көне араб жазуын еркін оки алмауынан екені анық. Біздің назар аудартқымыз келгені: бұл зиянды, теріс әдет алда да сақтала берсе, талай мұрағаттағы ең бір асыл деректер т.с.с. кейін де байқалмай қала беруі мүмкіндігін дәлелдей алады. Бұл- ойланарлық, дабыл қағарлық мәселе дер едік.

Енді Абай өлеңдерінің қайсысы кай мұрағаттан алынғанын дәйектейміз. Мәселен, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық қайғы ойладық, ұлғайды арман», ««Қыран бұркіт не алмайды салса баптап», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртый», «Байлар жүр жиган малын қорғалагып», «Көңілм қайтты достан да, дұшпаннан да», «Базарға, қарап тұрсам, әркім баар», «Ішім-әлген, сыртым-сау», «Қажымас дос халықта жоқ», «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» өлеңдері (жалпы саны 10) әулеттік мұрағаттағы 4- папка жазбасы (195-

201 б.) бойынша әзірленді. Сондай-ақ, «Патша құдай сыйындым», «Жаз», «Қызың», «Ем таба алмай», «Келдік талай жерге енді», «Өзгеге, көңілім, тоярысын», «Заман ақыр жастары», «Жастықтың оты жалындаған», «Қайғы шығар –ғылымнан», «Әсемпаз болма әрнеге» (жалпы саны -10) өлеңдері тағы да әүлеттікегі 7-папка (157-166 б.) мәтіні бойынша әзірленді. Осы орайда Мәшіүр-Жүсіптегі Абай өлеңдері тек бір мәрте емес- түрлі қағаздар арасынан кездесін отыратынын да ескерген жон. Мәселен, алдында сез болған «Ем таба алмай» өлеңі әүлеттікегі 7-папка (165 б.) орын алушмен бірге Алматыдағы қолжазба қорындағы Мәшіүр-Жүсіп туындылары жинақталған 1170- папкада (955 б.) және 1171-папкада (348(168) б.) сактаулы. Сонымен бірге «Патша құдай, сыйындым»» өлеңі тағы да әүлеттікегі 7- папкада (156 б.) ұшырасумен қатар, Алматыдағы қолжазба қорындағы 1171- папкада (347(166) б.) да кездеседі. Енді әүлеттікте жоқ, тек Алматыдағы қолжазба қорындағы ұлгілерді атап өтейік. Мәселен, «Кейде есер көңіл құрғырың» өлеңі 1170- папкада (956 б.), ал 1171-папкада: «Жазғытүры» (399(180)- 401(183) б.), «Бойы үлғаң» (347(167)- 348(166) б.), «Алла деген сез жеңіл» (346 (165) б.), «Жүректе кайрат болмаса» (346(165) б.), «Адам бір бок қөтерген боктың қабы» 346(164) б.) өлеңдері сакталған. Мәшіүр-Жүсіп жеткізген Абай туындыларын кейінгі жинаушы әзірлеген ретпен емес, баспа бетін қөрген ұлгілер кезегімен беруіміз ақын өлеңдерінің жазылуы мерзімін ескеру истиғиси туғанын ескерте отырып, ұлы суреткердің соңғы 2 шығармасы: «Әбдірахман өліміне» және «Мағауияға»- өлеңдерінің сол қолжазба қорындағы 1176- папкада (163 б.) орын алғанын еске саламыз.

Енді Абайдың баспа бетін қөрген ең соңғы дұрыс басылымымен (Абай, Шығ., 1-том, Алматы, Ғылым, 1977 ж.) біз ұсынып отырған Мәшіүр-Жүсіп көшірмелері арасындағы өзгешеліктердің басты-бастыларына көңіл бөлеміз. (Ескерту: Бұдан эрі Абайдың басылған үлгісі сез болғанда, үнемі кітап атальмың, басылған т.с.с. жылын ежіктемей-ак, «кітап» сезін ғана колданып, ондағы бет ретін ретін қөрсетумен шектеліп және жеке сез қосымшалары өзгерістерінің бәрін тәптіштемей, тек негізгілеріне токталып отырамыз - Н.Ж.)

1. Агалған кітапта «Картайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңдерінің екінші жолы: «Ашуың- ашыған у, ойың-көрмек» (44 б.)- делінсе, Мәшіүр-Жүсіпте біраз өзгеше алынған: «Ашуың, ашынғаның- ойың, көрмек» (Әүлеттік мұрагат, Мәшіүр-Жүсіп, 4 –папка, 199- бет. Ескерту: Біздің мақсатымыз: үл нұскалардың қайсысы дұрыс, не бұрыс екенін бірден түбебейлі ашып беру емес, соған жету үшін де ғалымдар ізденісіне ой тастаумен шектелу).

2. «Шыга ойламай, шығандап қылық қылмай»- деген кітаптағы тармақта соңғы үш сөз Мәшһүр-Жұсіп жазбасында өзгеріске ұшыраған: «шағындан қылық қылма.»

3. «Екеуінің бірі жок ауыл кезін, // Не корлық құр қылжанмен күн өткізбек?»- деп кітапта (44 б.) берілсе, колжазбада алдыңғы жол сонындағы «кезін» сөзі «кезбек» түрінде, ал екінші тармақтағы аяккы үш сөз: «қылжақпен күн өткермек»- деп келтірілген.

4. Кітапта: «Бұзылмаса, оған ел түзелген жок, // Ұлық жүр бұл ісінді кек көрем деп»- қалпында берілсе, көшірmede алғашкы тармақтағы: «оған ел» сөздері «бұған жүрт»- деп алмастырылған. Екінші жолдағы бастапқы төрт сөз де басқаша алынған: «Орыс жүр осынынды...»

5. «Жүрт жүр ғой арамдықты еп көрем деп»- деген кітаптағы «арамдықты» сөзі қолжазбада: «арсыздықпен» -деп өзгертилген.

6. «Алыс, жақын казактың бәрі қаңғып»- деген кітаптағы (47 б.) бастапқы екі сөз Мәшһүр-Жұсіпте мүлде басқаша келтірілген: «ардан кеткен». (Бұ да 4-папқадан, 202 б.).

7. Кітапта: «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» өлеңінің алтыншы жолы: «Қүйкентайы үстінде шықылықтап» (49 б.) делінсе, колжазбада соңғы екі сөз аралығына «жүр» сөзі келіп косылған (әүледтік мұрағат, Мәшһүр-Жұсіп, 4- папка, 197 б.).

8. Кітапта: «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» өлеңі 14 жол көлемінде келтірілсе (49 б.), Мәшһүр-Жұсіпте ең сонынан: «Есір, есірік бермейді сөзге теңлік, // Тура шыннан кашасың құр далактап»- тармақтары косылып, өлең 4 шумақтық, 16 тармақтық көлемге ие болған.

9. Абайдың: «Қалың елім, казағым, қайран жұртый» (50 б.) өлеңінің бесінші тармағы: «Бет бергенде шырайың сондай жақсы»- түрінде беріліп келсе, Мәшһүр-Жұсіпте «бергенде» орынып «бергінде» иеленген (4- папка, 203 б.)

10. Сол өлеңнің он бірінші жолы: «Көрсекызыар келеді байлауы жок»- делінсе, Мәшһүр-Жұсіпте «келеді» сөзін «көбейді» алмастырган.

11. Тағы да сол туындының келесі он екінші тармағы: «Бір күн тыртын етеді, бір күн- бұртың»- делінсе, Мәшһүр-Жұсіпте аяккы сөз «жылтың»- болып өзгерген.

12. Абайдың: «Байлар жүр жиган малын қорғалатып» өлеңінің алтыншы, жетінші жолдары: «Беріп келсе бір арыз бұтып-іпатып, // Елді алып, Елділді алып есіреді»- күйінде сап түзесе, кейінгі көшірmede алғашкы тармақтағы «арыз» сөзін -«қағаз» ауыстырумен бірге соңғы «есіреді» дегенді «елереді» алмастырган (4- папка, 197- бет).

13. Осы өлеңнің соңғы шумағының бірінші жолы: «құшті жықпақ» сөздерімен басталса, Мәшіүр-Жұсіпте «жықпақ» орнына «шықпақ» орнауымен бірге шумақ аяғындағы: «ырылдатып» сөзі «арылдатып» түрінде өзгерген.

14. Абайдың «Көңілім қайтты достан да, дүшпанин да» өлеңнің алтыншы, жетінші тармақтары: «Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда. // Мұнан мениң кай жерім аяулы деп»- түрінде беріліп, 1977 ж. кітап авторлары «жыға» сөзіне «дулығаның артынан қаптаң қоятын зат»- деген анықтама берін, оқиғаны Абай дәүірінен бұрынғы батырлар заманына теліген. Ал, Мәшіүр-Жұсіпте «жыға» сөзі «жаға» деп айқын жазылумен бірге жетінші жолдағы «жерім» сөзі де «жаным» деп ауыстырылған (4-папка, 198 б.).

15. Осы өлеңнің тоғызыншы жолы кітапта: «Ендігі жұрттың сөзі- ұрлық-қарлық»-деп берілсе, он бірінші тармак: «Осы күнде, осы елде дәнеме жок»- түрінде алынған. Ал, Мәшіүр-Жұсіп жазбасында «жұрттың» сөзінен кейін «бар» сөзі косылуы үстінен қейінгі жолдағы «осы» сөзі екі рет қайталануы жойылып, кейінгісі «бұл» сөзімен озгертілген.

16. Сөз болып отырған өлеңнің алтыншы шумағының соңғы тармағы: «Кісі екен деп ұлкеннен ұялмай жұр»- қалпында шаңырақ көтерсе, кейінгі қөшірмеде соңғы үш сөз: «именіп, тіл алмай жұр»- деп берілген.

17. Абайдың: «Патша Құдай сыйындым» өлеңнің он бесінші, он алтыншы тармақтары: «Кеселді түйін шешілсе, // Кердең мойын кесілсес»- түрінде сап түзесе, колжазбада бастапқы «кеселді» орынын- «кесірлі», кейінгі «керден» дегенді «кердейн» ауыстырған (7-папка, 158 б. және 1171-папка, 347 (166) б.).

18. Абайдың «Базарға, қарап тұрсам, әркім баар» өлеңнің жетінші тармағы кітапта: «Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар»- түрінде орын алса, колжазбада бұл ұғымдардың орналасу тәртібіне өзгеріс енген: «Біреу ұғар бұл сөзді, біреу- ұқпас» (Мәшіүр, 4- папка, 196-бет).

19. Абайдың «Жаз» өлеңінде: «Жалшы алдаған жас бала»- деген тармақ орын алып келгені белгілі. 1889 жылғы «Дала уалаяты» газетінде: «Кісіден үйреніп жаздым. Қекбай Жанатайұлы.»- деген ескертумен басылған сол туындыда «жалшы алдаған» орынын «жалпылдаған» сөзі иеленген екен. Ал, Мәшіүр-Жұсіпте де «жалшы алдаған» сөзі жок, оның орнына «жаңа туған» сінгізілген. Біздінше, мұның бәрі тегін емес (Мәшіүр-Жұсіп, 7- папка, 157- бет).

20. Осы «Жаз» туындысының соңы бар басылымдарда: «Қошемет қылып қарқылдап»- түрінде беріліп келді, бұл қалып «Дала уалая-

ты» Газеті нұсқасында қайталанған. Ал, Мәшһүр-Жұсіпте тағы да айрымашылық ірге тепкен: «Қошемет кып канқылдап»..»

21. Абайдың «Ішім өлген, сыртым сау» туындысының сегізінші, тоғызынышы жолдары: «Шабан, шардак және шау. // Мұндай ма едің ана күн»- деп келтірілсе, қолжазбада «шардак» орынын- «шартық», соңғы «ана күн» дегенді «анау күн» ығыстырыған.

22. Сонымен бірге осы өлеңдегі: «Жанды сріткен жайдары-ау»-тармағының бастапқы сөздері әүлеттікте: «жанды ер еткен»- күйінде бой көтерген.

23. Тағы да осы шығармадағы: «Ұрлық пей құлыққа»- жолы мұлде өзгерген: «Қолқа мепен сұмдыққа».

24. Бұдан әрі берілген: «Берерменде бересін»- дегендегі соңғы сөз «бесеусін»- күйінде орын тепкен.

25. Осы шығарманың соңғы жағындағы: «Қайта келер есікті»- жолының бастапқы сөздері көшірмеде: «Қайтып көрер»- түрінде өзгерген.

26. Бұл өлең аяқталымы кітапта: «Көрек күні бір бар-ау»- деп берілсе, қолжазбада «күні» сөзі орынын «жері»- иеленген (Мәшһүр-Жұсіп, 4-папка, 195- бет).

27. Абайдың «Кыз сөзі» өлеңінің бастапқы бөлімі бізге жетпеген. Ал, шығарма аяғындағы: «Ән үйренген ырғалып»- жолынан кейін кітапта жок, Мәшһүр-Жұсіпте бар мына өлең жолдары назар аудартады: «Кыз қасында мұны айтса, // Төсегіңнен кыз шықпас, // Қайсы-ак тілеп ыныранып.» (Мәшһүр-Жұсіп, 7- папка, 165 б.)

28. Абайдың «Қажымас дос халықта жок»- өлеңінің: «Өзі тимей жүрсе тек»- тармағынан кейін кітапта жок, Мәшһүр-Жұсіпте бар сегіз тармактық мәтінді дат еткіміз келеді:

Бұйда тақ та мұрныңа,
«Бер,- десе де- колыма!»-
Жарасар ма орныңа,
Иттің ерсөн соныңа?!
Сактасарлық тектінің
Кім танымас нұсқасын?!

Күнде өзімшіл ептінің
Несін адам ұстасын?(Мәшһүр, 4- папка, 196- бет).

29. Сол өлеңдегі «Пайда, мактан өзінен»- жолының соңғы сөзі кейінгі жазбада «аузынан»- деп алынған.

30. Соңғыда: «Жарыса есек сөзінен»-дегендегі бастапқы сөз көшірмеде «жарисын» түрінде отау тіккен.

31. Кітаптағы: «Кімге достық көп еттім»- деп басталатын шумак пен «Жау қожаңдаи бұртайып»- шумактары қолжазбада орыны ауысып берілген (Мәшһүр-Жүсіп, 4- папка, 196 б.).

32. «Ем таба алмай» өлеңіндегі алтыншы тармақ: «пендеңе» сөзі алдында Мәшһүр-Жүсіпте (1171- папка, 348 (168) б.) «осы жүрген»- сөздері орын алған.

33. Кітаптағы: «Ем таба алмай»- деп басталатын бірінші шумак пен «Босқа ұялып»- жолын маңдай еткен екінші арасында Мәшһүр-Жүсіпте (1170-папка, 955 б.) басқа бір бір шумак орналаскан:

Махаббат, достық қылуға
Кім де болса
Тең емес хазірдейін тұруға.
Бес күндік ғашық жөн емес.
Сүйіспек көнілім ойлайды:
Жанның бәрі катыбас.
Сүйісу тозбай тұрмайды,
Еңбекке аз күн катыбас.

34. Сол туындыдағы екінші шумактың үшінші жолынан кейінгі: «Қатты састьым»- тармагы кітапта жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіптегі (7-папка, 165 б. және 1171- папка, 348(168) б.) мәтін бойынша кіргізілді.

35. Кітаптағы: «Ұйқы, тамак»- деп басталатын шумактың соңғы тармағы: «Құш болып» алдына Мәшһүр-Жүсіп бойынша «Өзіме қыын» (1171-папка, 348 б.) сөздері енгізіліп, тагы да шолақ болып қалған тармақ ұзартылуы іске асты.

36. Тап осындай тармақ кенеюі келесі «Жас жүрегім» тармағын бетке ұстаған шумак соңындағы «ақырын» сөзі алдына Мәшһүр-Жүсіптегі 1171 папка, 348(168) б. бойынша «Патша құдай» сөздері енгізіліуі көмегімен жүргізілді.

37. Осы өлеңнің соңғы жолдары кітапта: «Тез дерттендім, // Кейде өртендім, // Кейде мұз»- түрінде өрілсе, Мәшһүр-Жүсіпте алдымен алғашқы «кейде» сөзі орнына «тез»- енгізіліп, соңғы үш жол ішіндегі «тез» сөзі екі кайталанып, ішкі ұйқас, үндестік калпына келтірілген (Мәшһүр-Жүсіп, 1171- папка, 348 (168) б.). Сонымен бірге шумак аяғы: «Кейде мұз» тармағы да кенейтілген: «Кейде жалын, кейде мұз». Зерделесек, «тез» сөзінің екі кайталануы ішкі ұйқас, үндестік талабына сай келсе, соңғы тармақ кенеюі тұсында «мұз» сөзі жеке одағайланбай, «жалын» сөзімен жарыстырыла алынуы арқылы белгілі бір ой, сезімнің дамытылып берілуіне ықпал еткен.

38. Абайдың «Келдік талай жерге сиді» өлеңіндегі: «Білімсізben алысып»- тармағы соңынан: «Алпыс деген бір жасқа»- жолы тағы да

Мәшһүр-Жұсіп (7-папка, 159 б.) бойынша косылды. Осыны ескерсек, «Бұл туындының жазылған жылы аталған кітапта көрсетілгендей 1890 емес, 1904 емес пе екен?»- деген болжам да бас қөтере алады.

39. Осы туындыдағы: «Өтірікке тұшынып» орына колжазбада: «Дат керімге түсініп»- берілгейн еске саламыз.

40. Осы өлеңнің кітаптагы: «Тентектікті женіп, тыя алмай»- тармагындағы бастапқы сөздер қолжазбада: «Тентегін жиынп» калпында берілген (Бұл да Мәшһүр-Жұсіп, 7- папка, 159-беттен).

41. «Өзгеге, көnlім, тоярсын» өлеңіндегі алғашқы шумағы аяғындағы «Іштегі дерпті жоярсың»; «Мендей көріп кез болса»- жолын майдай еткен алтыншы шумақтың сонындағы: «Кім таныса сол алсын»- тармақтарының екі рет қайталанып, белглі бір ой-сезімге баса назар аудартуы да кітапта жок, ал Мәшһүр-Жұсіпте анық жазылған (7-папка, 160- бет).

42. Осы туындының алтыншы, жетінші жолдары кітапта: «Сайра да, зарла, кызыл тіл, // Қара көnlім оянсын»- деп берілсе, Мәшһүр-Жұсіпте «сайра» орынын «жарла», «қара» орынын «қимаза» иеленген.

43. Сөз боп отырған өлеңдегі: «Сырттан естіп тандансын»- жолындағы бастапқы сөз қолжазбада «сыртын»- деп берілуі де тегін емес деп санаймыз.

44. Сол туынды сонындағы: «Соны көріп соларға»- жолының аяккы сөзі қолжазбада басқаша: «сол итке».

45. Осы өлең аяғы: «Қайтіп қана сарнарсың?!»- тармағымен бітсе, Мәшһүр-Жұсіпте оған келесі бір кыска тармак: «Сарнарсың!» косылған (Бұл да соңда, Мәшһүр-7 папка, 161 б.).

46. «Жазғытұры» өлеңінің екінші жолы: «Масатыдай құлпыраң жердің жүзі»- деп келтірілсе, Мәшһүр-Жұсіпте «құлпыраң» орынына «құлпырып» (1171-папка, 399(180) б.) орын тепкен.

47. Осы туындының: «Түйе боздап, кой қоздап- қорада шу»- жолының соңғы екі сөзі өзгеріске түсken: «Қора шу-шу»

48. Бұл өлеңнің келесі тармағы кітапта: «Көбелек пен құстар да сайда ду-ду»- түрінде орын тепсе, қолжазбада: «Көбелек пен құс пенен-сай да ду-ду»- делінген.

49. Аталған туындыдағы: «Безендірген жер жүзін тәнірім шебер»- жолының бастапқы сөзін «безендіріп»- деп сөл өзгерту де Мәшһүр-Жұсіпте орын алған.

50. Сөз болып отырған өлеңдегі: «Күн қырындап жүргенде көп кожандаپ» тармағындағы «көп» сөзі де қолжазбада «көк»- деп берілген.

51. Сол туындыдағы «Біреуіне біреуі косылыспай»- жолындағы «біреуі» сөзі Мәшһүр-Жұсіпте «бір дене»- деп берілген.

52. Осы өлеңнің ең сонына қарай берілген: «Қызыл арай сары алтын шатырына»- дегендегі аяққы сөз қолжазбада «ұғысина»- деліп келтірілген (Бұ да сонда, 1171- папка, 401(183) б.).

53. «Заман ақыр жастары» өлеңнің сегізінші жолы: «Құр тілменен жиғалы»- делінсе, қолжазбадагы соңғы сөз- «жиғаны» (Мәшһүр-Жұсіп, 7-папка, 161- бет).

54. «Жастықтың оты жалындаپ» туындысындағы: «Жазасын тауып жауласар»- дегендегі бастапқы сөз қолжазбада басқаша- «жарасын» (Мәшһүр, 7- папка, 162 б.).

55. Сол өлеңде: «Мақтанып жұртты шулатса»- дегендегі алғашқы сөз сәл өзгерген- «мақтатып» (Бұ да сонда, 7- папка, 163 б.).

56. «Қайғы шығар ілімнен» өлеңінде: «Болды балан жөргекте»- десінсе, Мәшһүр-Жұсіпте басқаша: «Болады балан жер-көкте» (7- папка, 164 б.).

57. Сол туындыда: «Сыйласа елің ұлықтап»- дегендегі бірінші сөзде қолжазбада өзгешелік бар: «сыйлассан».

58. «Бойы бұлғаң» өлеңінде кітапта:

Байы- баспак,
Биі саспак,

Әулекі аспак сыпира қу,- жолдары орналасса, Мәшһүр-Жұсіпте тағы да өзгеше:

Байы- баспак,
Биі- сасқак,

Әулекі, асқақ, сыпира қу (1171- папка, 347(167) б.).

59. Сол туындының соңғы жағындағы: «Айтты- көндім»-тармағындағы бірінші сөз қолжазбада «Не етті»- түрінде келтірілген.

60. «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» өлеңіндегі: «Тамақ аңдып қайтеді тентіремей?»- жолының бастапқы сөздері Мәшһүр-Жұсіпте: «тамақ аңдып, не қылсын»- түрінде (4- папка, 199 б.) берілген.

61. Сол өлеңнің: «Ол немене жоктықтың эссері емей?»- тармағындағы «жоктықтың»- орнын қолжазбада: «жок-жоктың» сөзі иеленген.

62. Аталған туындының: «Мінер атын, кітімін ып-ықшам қып, // Сымбаттанып, сымпиып тамақ андап»- жолдарындағы: «атын» дегені қолжазбада- «ат пені», «кандалып»- «аңдып»- сөздерімен алмастырылған.

63. Сөз болып отырған шығармада орын алған: «Антұрганға қосылмай, кел, кет қаңғып»- тармағы Мәшһүр-Жұсіпте: «Кезікпеңе қосылма, кеткіл қаңғып»- түрінде келтірілген. (Бұ да сонда, Мәшһүр, 4-папка, 200 б.).

64. «Талаптың мініп тұлпарын»- туындысындағы: «Әр қынға сермедін»- дегендегі бастапқы сөздер қолжазбада «Әр кияға»- түрінде келген. (Мәшһүр-Жұсіп, 1176- папка, 163 б.).

65. Сол өлеңдегі: «Тағлым айтпас ер ме едің»- дегендегі «айтпас»- орнын «жаймас» иеленген (Бұ да сонда, 1176- папка, 163 б.).

66. «Жүректе қайрат болмаса»- туындысындағы алтыншы тармак соңындағы «үстірттер», сегізінші аяғындағы «күңгірттер» орнина Мәшіүр-Жүсіпте (1171-папка, 346(165) б.): «өстірттер» және «күңгірттер» сөздері орналасқан.

67. «Адам- бір бок көтерген боктын қабы» өлеңінің екінші жолы кітапта: «Боктан сасық боласың өлсөң тағы»- қалпында берілсе, кейінгі жазбада сөздердің орын ауысуы бар: «Өлсе, сасық болады боктан тағы» (1171-папка, 346(164) б.).

68. Аталған туындының қелесі жолы кітапта: «Менімен сен тең бе деп мақтанасын»- түріпде берілсе, қолжазбада ол: «Сенен мен кем бе? - деп таласады»- деп, біраз өзгертилген.

69. Абайдың 18 жолдық «Мағауияға» өлеңі бұрынғы кітаптардың ешқайсысында келтірілмеген, Мәшіүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша тұңғыш ұсынылып отыр (1176-папка, 163 бет).

Мәшіүр-Жүсіптің Құнанбай, Абай туралы жазғандары.

Мәшіүр-Жүсіптің Құнанбай туралы жазғандарында да әдебиет, тарихқа қатысты құнды деректер мол. Алғашқы бір мәтін, Мәшіүр-Жүсіптің әuletтік мұрағаттағы 6-папкасы, Мұхаммедәмен көшірмесі, 216-218 беттерінен алынса, екіншісі Мәшіүр-Жүсіптің 1178-папка, 314(175)-315(176) беттері бойынша, ал енді бір қысқартылған түрі 1176-папка, 380 (449)б. бойынша салыстырыла беріліп, әuletтікегі Жолмұрат Жүсіпұлы жазбасына да (3-папка, 237 б.) көңіл бөлінді. Осы орайда 1176-да тек Қалдыбай қожа өлеңіне байланысты әңгіме енбegenің, басқасы сөзбе-сөз бірдей екенін ескертеміз. Үшінші мәтін 1178-папкадан (305(170) б.) алынса, соған ұқсас төртіншісі ақынның әuletтік мұрағаттағы (1-папка, 53 б.) жазғанынан келтірілді. Сонымен бірге жеке Абайға арналған мәтіндер де назар аудартады. Мәселен, осындағы бесінші мәтін маңдайына Мәшіүр-Жүсіп өзі: «Ибраイ Құнанбасев сөзі»- деп (1-папка, 53 б.) ескерткен де, әрі карай сол сөздерді келтірген. Ал, алтыншы мәтін маңдайшасына: «Абайдың афоризм сөзі»- деген такырыпша қойылған да, оның мәтіні (1176-папка, 81 б.) берілген.

Ал, жеке Абай тапқырлығына арналған енді бір домбыраға қатысты әңгіме Мәшіүр-Жүсіп жазбасы, 1178- папкадан (304 (171) б.) алынды.

Балта Бұқарбекұлы

Мәшіүр-Жүсіп өз қолымен былай деп жазған: «Балта ақынның өлеңі. Қарәкесекте- әкесі Актанбердіге төрт мың жылқы біткен Жаныс байдың үйі кедей болып қалған күнінде көптен бері көре алмай түзде

жүріп Балта ақын- нашарланып қалғандағы түрін көріп, осы өлеңді айтып, ботадай боздал жылап қоя берді дейді.»

Әріп Тәңірбергенов

Мәшһүр-Жұсіп жазбасында Әріп туралы мынадай деректер берілген: «Тобыкты: Көкше атанған табынан шықкан Дұтбай болыс тоғыз біймен бір сыйыз (съезд) қылып жүргенде, Құнанбай баласы Ұбырай [Абай] да болыс екен. Тобыкты ақыны Көкбай мен Найман ақыны Әріп айтысқан. Сонда Көкбай: «Тозаққа Найманнан пәлен кетеді, түген кетеді»- дегенде, Әріп ақын айтқаны.» Өлең соңынан оны естігендер жай-күйі баяндалған: «Сонда Ұбырай [Абай] марқұм жантайып жата кетті дейді:

- Ай, Көкбай, Әріппен айтыспа!»- демеуші ме едім?!!- деп.

Біржан-Сара болып айтысып жүрген осы- Әріп ақын екен. Сараны кемітіп, қорлау үшін, Абайды мұқату үшін. Сара қызы Әріп: «Аламын!»- дегенде, тимеген екен, «Қойныңа ал!»- десе, сүймеген екен.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Мәшһүр-Жұсіп өз тұстасы Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» дастына өзек болған жағдай т.с.с. туралы дерек калдырган. Оның бірі әулеттік мұрағаттағы 6-папкада (202 б.) сакталса, екіншісі алдында сөз болған Алматыдағы қолжазба қорында (1176- папка, 48 б.) сакталған.

Нұржан Наушабаев

«Жаманды, жақыным деп, есепке алма»- деген он тармактық өлеңі Мәшһүр-Жұсіптің әулеттік мұрағаттағы (8-папка, 81 б.) мәтіні бойынша ұсынылды.

Нармамбет

Мәшһүр-Жұсіп бір жазбасында: «Дадан-Тобықтыда Қараменде би деген жақсы кісі өткен. Бұл Қараменденің тұқымынан Нармамбет шықкан. Сол Нармамбеттің өлеңі.» (Мәшһүр-Жұсіп , 1176-папка, 382(452) б.) Мәшһүр-Жұсіптің екінші бір жазбасында да (1645-папка, 141 б.) осы іспетті ой қайталанған: «Дадан-Тобықты: Қараменде би ұрпағынан шықкан Нармамбет өлеңі.»

Нармамбеттің «Кен дала, кеткенің бе, кер бетеге» өлеңі Мәшһүр-Жұсіптің өз қолымен жазылған үш нұсқада (1176-папка, 382(452) б., 1645-папка,141 б., әулеттік мұрағат, 6-папка, 103 б.) сакталса, «Именіп иба қылар келін бар ма» өлеңі 1176-папкадан баска аталаған екі нұсқада

орын алған. Тек 6-папкада алғашқы өлеңнің бастапқы шумағында сәл өзгешелік бар: «Кен дала, кеткениң бе, кер бетеге»- тармағындағы «кеткениң бе» орнын «жазы жапан»- сөздері иеленген.

1176-папкадағы Нармамбет өлеңінен кейін «Қараменде бидін өлеңі»- деп берілген мәтінді осы тұста көлтіргенді жөн көрдік:

Сәлем де Қенгірбайға: «Кел, кетелік»,
Мықты сабаз атанды терлетелік.
Мұсылманның жеріне бетті түзеп,
Аты жақсы дария- әрі өтөлік!

Бұл Нармамбет -осы Қараменде бидін үрпағы.»(1176-папка, 382(452) б.)

Ақылбай Абайұлының «Дағыстан» дастаны.

Бұл шығарманың үзіндісі ең алғаш «Абай» журналында 1918 ж. (5- саны) жарық көріп, кейінгі «Бес ғасыр жырлайды» (2- том, Алматы, Жазушы, 1989 ж., 282-297 б.) кітабында т.с.с. орын алғып келсе, солардың ішінде ең толық, дұрыс басылғаны- белгілі Абайтануши Қайым Мұхамедханұлы әзірлеуімен енгізілген «Абайдың ақын шәкірттері»- жинағындағы (Алматы, Дәүір, 1993, 55-70 б.) нұсқа дер едік. Біз ұсынып отырған Мәшіур-Жұсіптің өз қоғымен жазылған «Дағыстан» дастанының құндылығы неде десек, әсірсесе 1917 жылғы төңкеріске дейін, не одан кейін де баспада жарияланды деген туындылардың алдымен ел арасына ауызша тарап, көп нұсқалы болуы ықтималдығын, ал кейінрек баспа бетіне ұсынған үлгі мен одан бұрын тарап кеткен нұсқалар арасында айырмашылыктар орын алса, оның кайсысы бұрыс, кайсысы дұрыс дегенді бір қарағаннан оп-онай шеше салуға келмейтінін ескерген жөн.

Мәтін сонында Мәшіур-Жұсіптің пікірі, түсінік сөздері берілген: «Құдай рахмат қылсын- Ибраһимге, оның шешесі Әлі кемпірge, Зайра қызғa, Жебірейіл ергe! Олар сөйтіп өлмесе, кейінгіге әңгіме кайдан табылады?

Бұл «Дағыстан» әңгімесін жазғаным- өзімнің өмір бойы қалжырап. шаршап жүрген ойларыма дәлме-дәл шыққан жерлері болды. Бірі- ант жеткен, қарғыс тиғеннің арты онбайтындығы. Бірі- Жебірейілдің ке-дейліктен зарығып, тарыққандығы. Бірі- шын ғашықлықтың кадалып карауға мұршасы болмайтындығы. Бірі- Иосиф деген ат жайлы емес екендігі,- бәрі де өз көкейімде арман боп жүрген нарселер еді.

Уай, казак, әулиешілігінен айналайын: «Алғыс түбі- ак май, қарғыс түбі- қара қан.» Қожаның сәлдесін балалары жыртып, шұлғау қылып жатқанын ак сақалды Құшік көріп тұрды ғой. Сол үшін үрім-бұтқак, жұрағаты көз алдында қыргын тапқанын көріп өлді ғой!

Басы өзі болып, он алты баласы қалмактан қырғын тапқандығы (өзінің жетінші атасы Тілеуімбетті айтып отыр-Н.Ж.) жұрт аузында әнгіме болып қалды. Сәлде[ні] шүлғау қылған иттің аты- Аспантай екен, онан тұқым жоқ деп еді. Бір Дәрменбай деген ит бізben тұқымдас, бір таз итпен төбелескенде: «Сен ант жеткең, қарғыс тиген Аспантай ұрпағынансың!»- деген екен. Ол таз да тұқымсыз кетті. 1931- жылда, кой жылы, жетпіс үш жасында жаған қаламы.

Мен өзім атам Иосиф болғанына назаланыш жүруші едім. Неге десен, Иосиф аттының ең барып тұрганы- Иосиф пайғамбар құлдықта қалды, құл орына сатылды, нақақ он екі жыл абақтыда саргайды.

Иосиф- араб тілі, переводы: «Ғамкін, қайғылы» - деген сөз екен... Тілеуімбеттің қарғысқа ұшырағанына назалы, қүйнді едім. Бір ғашық болған қыздың тік қарай алмағандығы есімнен қалмаушы еді.

Бұл «Дағыстан» Күшігін әнгіме қылған ақын –Ибраідың тұнғышы Ақылбайға Алла рахмат айласын! Сөзі көп дерпті қозғады. Кедейліктен, ғашық болған қызыма қолым жете алмағаны маған зор касірет болған жұмыс еді.» (Мәшһүр-Жұсіп, 1645-папка, 132-140 б.).

Мәшһүр-Жұсіптің өз қолымен жазылған осы туындыны сол калында ұсына отырып, оны ең сәтті басылыммен (Абайдың ақын шәкірттері, Алматы, Дәүір, 1993 ж.), Ақылбай Абайұлының «Ақылбай» дастанымен, салыстыру кезінде, екі үлгідегі түрлішеліктің бәрін тізе бермей, оның ең толығырақ, елеулі тұстарын ғана іріктең бергенімізді, соның өзі мол екенін ескерткіміз келеді. (Осы орайда салыстыру кезінде қай үлгінің кімнен екенін көрсетуде кітапқа басылған алғашқы нұсқаны қыска түрде: «кітап», «кітаптан»- деп атаумен шектелу т.с.с. орын алғанын ескертеміз-Н.Ж.)

1. Кітаптағы, яғни «Абайдың ақын шәкірттері» жинағындағы (Алматы, Дәүір, 1993 ж., 55 б.) шығарма кіріспесі ретінде берілген сегіз жолдық мәтін Мәшһүр-Жұсіпте жоқ.

2. Кітапта үшінші шумактың екінші жолы, яғни оныншы тармақ «Тәнірім»- деп басталса, Мәшһүр-Жұсіпте оның орнына «Құдайым» сөзі берілүмен катар осы шумак соңындағы: «Тауды бұзып, тас жарған долы Терек»- жолындағы «тауды бұзып» орнына кейінгіде (яғни Мәшһүр-Жұсіпте): «тасты ағызып» алынуы тегін емес. Ақылбайдың өзі бір жазғанына қайта оралып, редакциялап жетілдіруімен соңғы үлгі туса керек деп ойлаймыз. Сонымен бірге ара-тұра болсын ел аузына ауызша тараған нұсқаны қағазға түсіру кезінде шінара өзгерістер болатынын да есте ұстаған жөн. Осы екі жорамал ішінде біз ұсынып отырған мәтіндегі өзгерістердің болуы Ақылбайдың өзінің редакциялау жемісі болуы мүмкін дегенге баса ден қоямыз. Себебі түрлі себептермен біз көріп

жүрген кітапқа кейінгі жетілдірілген нұсқа емес, бастапқы үлгі ғана жетуі ықтималдығын да ескерген жөн деп санаймыз.

3. Шығарманың он төртінші тармағы кітапта: «Деме, жұрт, тау мен өзен неге керек»- деп берілсе, Мәшһүр-Жұсіпте бұл жол мүлде өзгеше: «Көріп келіп, ойланып, билгін зерек.» Осы орайда осы төртінші шумактың бастапқы тармағы: «Артық нәрсе дүниеде айтпак үшін»- деп берілгенін ескерсек, бастапқы тармактағы ойды жалғастыру тұрғысынан қарағанда, екіншіде (Мәшһүр-Жұсіпте) орайластық, үндестік басымдығы анық байқалады. (Мұндай ұтымдылық кейін де аз кездеспейді. Біз бірақ бұдан әрі баға беру, пікір айтуды тоқтатып, салыстырып зерделеуді кейінгі зерттеушілер үлгісіне қалдырамыз да, тек негізгі өзгерістерді ғана нақты көрсетумен шектелеміз –Н.Ж.)

4. Бұрынғыда, яғни кітапта: «Қолдан келер айла жок, жанға рахат, // Хикметін тамаша көрсетер ек»- делінсе, кейінгіде, яғни Мәшһүр-Жұсіпте «айла» сөзін- «нәрсе», «Тамаша көрсетер ек»- орыны «Тамашасын көрсек керек»- иемденген.

5. Кітапта: «Әдеті ата мұра баяғыдан, // Айтылар әнгімесі аяғынан»- түрінде отау тігілсе, Мәшһүр-Жұсіпте тағы да өзгеше: «Бастаған сөзді бастан, баяғыдан, // Сөз түйіні шешілдер аяғынан.»

6. Бастапқыда: «Мұнарткан Кавказ буы көтерілген»- қалпында шапырақ көтерілсе, кейінгіде «мұнарткан»- дегенді «тұмантқан» алмастырған.

7. Сондай-ақ кітаптағы: «Түріне ғұл-бәйшешек таңыркасып»- тармағындағы: «түріне» сөзі де соңғыда «нұрына»-деп өзгертилген.

8. Кітапта басты жағымсыз бейненің есімі «Жұсіп»- деп алынса, Мәшһүр-Жұсіпте оның аты «Күшік»- деп өзгертилген. Оның себебін Мәшһүр-Жұсіп былай түсіндіріп жазған: «Бұл «Күшік»- деп отырғаным- бұрынғы аты Иосиф [Жұсіп] екен. Дағыстанның бір атакты мергені, батыры атандып жүрген күнде бес ұл, бір қызы болып, құл, күні сай, өзі мейлінше бай болып жүргендігін көтере алмай, накак бір жарлының жалғызын жайратып тастанап, сол жалғыздың шешесі мұны қарғап, сол қарғысты өз құлағынан естіп: «Алғыс түбі- ақ май, // карғыс түбі- кара қан», - деген сөзді көзінен көріп, бес ұл, бір қызы- өзінін көз алдында өліп, «қу бас» болып, жұртта қалған Күшік.» (Мәшһүр-Жұсіп, 1645- папка, 130- бет).

9. «Токтамай сорғалатып әжім беттен»- деген кітаптағы: «сорғалатып» орнын Мәшһүр-Жұсіпте «сорағытып» иеленген.

10. Кітапта 18- шумактың соңғы үш жолы: «Әлінің арнап қарған, зар қылғанын. // Алдына экеп тосқандай секілденді, //Орынсыз өмірінде

бар қылғанын»- деп енгізсе, Мәшһүр-Жұсіпте «Әлінің» сөзінен кейін «сілеп», «әкеп»- орнына- «кеп», «секілденді» емес, «сықылды», «өмірінде» емес, «өмір бойы»- кіргізілуі де екі нұсқада түрлішелік барышылық екенін аша түседі.

11. «Баяндап ұқтыруға жана келдім»- деген кітаптағы тармақтың «баяндап» дегенін Мәшһүр-Жұсіпте- «басынан», «жаңа» сөзін – «енді» ауыстырған.

12. «Соқтығып бұған ешкім тимейді ақыр»- жолынан кейінгі 21-24- шумактар, яғни 16 тармак Мәшһүр-Жұсіпте жоқ, тек кітапта орын алған.

13. Кітапта: «Қаймығып тірі жанин қорықпаған»- делінсе, Мәшһүр-Жұсіпте: «қаймығып» дегенді- «корғалап», «жанин»- сөзін «адамнан» алмастырған.

14. «Өз бойына өз күші сенімді боп, // Ойламас жазалар деп ұлық маған»- деген кітап жолдары Мәшһүр-Жұсіпте мұлде өзгерілген: «Қанды көз, қанішер боп, туған Құшік, // Ұялмас: «Іс қылар- деп, -ұлық маған!»

15. Кітаптағы: «Жиылған жұрт сөйлейді осындаіда»- жолындағы «жиылған жұрт»- дегенді Мәшһүр-Жұсіпте: «гулесіп», «сөйлейді»- сөзін «айтушы еді»- ауыстырған.

16. «Әрі сұлу, әрі есті, әрі мерген»- тармағындағы үш қайталанған «әрі» сөзі Мәшһүр-Жұсіпте: «өзі»- деп алмастырылумен бірге «есті» дегені «шешен»- деп өзгерілген.

17. Отзынышы шумактың соңғы екі жолы кітапта: «Тұрпайы тасырлықта тап келген сон, // Долданып Жұсіп ыза бола қапты»- калпында орын тепсе, Мәшһүр-Жұсіпте мұлде өзгеше: «Көп ішінде калжындал айтқаш сөзі // Қүшіктің кеудесіне оқ боп атты.»

18. Бұдан кейінгі шумактың бастапқы тармақтары кітапта: «Жұсіпке осы калжың тиді катты, // Көтермей құрбы сөзін тәнір атты»- түрінде ерліс, Мәшһүр-Жұсіпте тағы да басқаша: «Долданып, ыза болып, буынады, // Көтермей ойын сөзді, Құдай атты.»

19. Одан әрі орналасқан іргелес жолдар кітапта: «Жұрт ескермес калжының ак көніл деп, // Мінезінен тәқаппар соған батты»- деп берілсе, Мәшһүр-Жұсіпте бұжылы да басқаша: «Басқа жұрт елемейді еркелетіп, // Тәқаппар долы Құшік қандай қатты?!»

20. Бұрынғыда: «Байқамай дәрісін кеп сасып салды, // Бұғып келіп аркарды басып қалды»- делінсе, кейінгіде: «Байқамай, дәрісін кеп, сасып салған, // Елтеп келіп аркарды басып қалған»- түрінде біраз өзгеріске ұшыраған.

21. Бастапқыда: «Ескерусіз Ибраһим жетіп келді, // Жұсіптей канын ішер жау қасына»- түрінде отау тігілсе, соңғыда: «Ескерусіз

Ибраһим келіп қалды, //Өзінің қанын ішер жау қасына»- қалпында біраз өзгешелікке ие болған.

22. Отыз жетінші шумактың екінші және үшінші жолдары кітапта: «Ыңғайлап нысанага бетін алды. // Оқ жетпес деп дандайсып тұрған арқар»- қүйінде алынса, Мәшһүр-Жұсінте басқаша: «Сығалап, нысаналап, бетіне алды. // Оқ тиместей дандайсып тұрған арқар»- түрінде сәл басқаша келтірілген.

23. Кітаптағы: «Қате атарлық, ей, батыр, мен емеспін, // Байлайын арқар болса көрсет маған»- жолдары да басқаша еріс алған: «Жазатайым атарлық сен емеспін, // Тағы арқарың бар болса, көрсет маған.»

24. «Байқаусызыда қасына жетіп келіп, // Дәл жүректен жабысты қанжар қолы»- деген кітап тармактары Мәшһүр-Жұсіпте өзгеріске түсken: «Байқаусыз Ибраһимге жетіп келіп, // Қак жүректен шап берді қанжар қолы.»

25. Қырқыншы шумактың соңғы үш тармағы кітапта былай орын төпкен: «Оныңа болмаймын деп шайқаспай ма // Қапы болды, білмеді аямасын, // Сезгенде бір кісімен байқаспай ма.» Ал, Мәшһүр-Жұсіпте тағы да өзгешелік басым: «Кой, мырза, ойнама!»-деп, шайқаспай ма? // Қапы қалды, білмеді аямасын, // Әйтпесе бір кісімен байқаспай ма?!

26. «Адам сүймес бір іс қып кете барды»- деген кітаптағы қырық бірінші шумактың соңғы тармағы Мәшһүр-Жұсіпте басқаша: «Құдай сүймес бір істі қылып, салды.»

27. Қырық екінші шумактың екінші-төртінші жолдары кітапта: «Қиянатсыз қалжынға ашу қысып, // Жалғыз шешем артымнан о да өледі, // Қарық бол дүниеден көңілін өсіп.»- қалпында ірге төпкен. Ал, Мәшһүр-Жұсіпте тағы да өзгешелік басым: «Накәк едім, өлтірдің, ашу қысып. // Жалғыз шешем артымда, о да өледі-ау, // Сен-ақ қарқ бол, дүниеге көңілін өсіп.»

28. «Әлі кемпір есітіп талып қалды, // Сүйегін Ибраһимнің алып барды.»- кітап жолдары кейінгіде басқаша: «Денедегі жосадай көріп қанды, // Зар қақсап, Әлі кемпір талып қалды.»

29. Кітаптағы:

Мендей ғып қайғы берсін анасына,

Карамай қаза берсін шамасына.

Я өзі, я тұқымы, жұрағаты,

Кетпестей әрекет бар баласына!- шумағы Мәшһүр-Жұсіпте тұбірімен өзгерілген:

Мендей ғып, келтір, Алла, анасына,

Карамай, қаза бергіл, шамасына!

Күрьытып үрім-бұтак жұрағатын,
Қырғын, апат, өлім бер баласына!

30. Бұған ілескен келесі қырық тоғызынышы шумақ та екі нұсқада түрліше болуымен көзге түседі. Кітапта:

Әр түрлі Әлі кемпір зарлық етті,
Әлбетте бұл карғысын қабыл етті.
Зарланғаның есітіп, тағат қылмай,
Жұсіп барып үйіне кіріп кетті.

Мәшһүр-Жұсіпте :

Әр түрлі Әлі кемпір қарғыс етті,
Алланың құлағына арызы жетті.
Кемпірдің зарлығына шыдай алмай,
Күшік бұғып, үйіне кіріп кетті.

31. «Әлі кемпір ас шаш күле алмайды»- жолын маңдай еткен елуінші шумақ, кітапта жок, тек Мәшһүр-Жұсіп жазбасында орын алған.

32. Елу үшінші шумактың екінші жолы кітапта: «Түгендер айта аламын әлде несін»- қалпында орналасса, Мәшһүр-Жұсіпте мұлде өзгеше: «Сөкпендер: «Сөйледі,- деп,-мұның несін?»

33. Елу төртінші шумактың екінші тармағы кітапта: «Бұдан сұлу әйелде болмас әрі»- делінсе, Мәшһүр-Жұсіпте біраз өзгеше: «Мұнан сұлу не болсын әйел түрі?!

34. Тап осы шумактың төртінші жолы кітапта: «Тарыдай тал бойында жок бір міні»- қалпында кірсе, Мәшһүр-Жұсіпте басқаша: «Денесінде болмаған мінді жері.»

35. «Бұл бір жан деп өзгеше бүкіл черкес»- деген кітап тармағы да Мәшһүр-Жұсіпте өзгеріске ұшыраған: «Өзгеше не еткен жан?- деп, мұғыл черкес.»

36. «Тал бойының міні жок, колаң шашты»- деп басталатын елу алтыншы шумақ Мәшһүр-Жұсіпте , 1645- папкада жок, тек кітапта орын алған.

37. Елу жетінші шумак өзгешелігі де көңіл бөлерлік. Кітапта:

Бұралған тал шыбықтай қыпша белі,
Бес ұлдың ортасында шыққан гүлі.
Женіл басып, киікше жүреді деп,
«Ғазел» атын қойған оның елі.

Мәшһүр-Жұсіпте:
Тал шыбықтай бұралған оның белі,
Бес ұлдың ең кенжесі, қызыл гүлі.
«Женіл басып, киікше жүреді!»- деп,
«Ғазел»- деп, атап кеткен аймақ елі.

38. Кітаптағы: «Алма бет, аппақ еті қар секілді»- жолында да Мәшһүр-Жұсіпте ерекшелік баршылық: «Қып-қызыл бет, жұмсақ ет-қар секілді.»

39. Алпысыныш шумактың соңғы жолы кітапта: «Келтіріп айта алмаймын мыңдан бірін»- қалпында ірге тепсе, Мәшһүр-Жұсіпте мұлде басқаша: «Оқысаң осы сөздің артқы жырын.»

40. Алпыс төртінші шумактың аяқы тармағы кітапта: «Бір кісіден кірмейді кейін қалып»- деп берілсе, Мәшһүр-Жұсіпте: «Корген емес бас тартып, кейін қалып»- деп өзгергілген.

41. «Жүргегінде оты бар ер жігіттер, // Осы жауға аттанып кетпек болды»- деген кітап жолдары Мәшһүр-Жұсіпте біраз өзгерген: «Талабының оты женғен ер жігіттер // Өшіккен осы жауға кетпек болды..»

42. Жетпіс бірінші шумактың соңғы жолы кітапта. «Тәуекел дариясына салып кармак»- деген қалыпта орын алса, Мәшһүр-Жұсіпте мұлде басқаша: «Жауды олжалап, ел шауып, Ғазелді алмак.»

43. Бұған ілескен келер шумактың соңғы тармактары: «Өдейі арнап, ыңғайлад экеткен соң, // Тағдырдың кім күтілар шыргасынан»- деген қалыпта бой көтерсе, Мәшһүр-Жұсіпте өзгеше: «Ажал айдал, үйірінен қуын шықса, // Тәнірімнің кім қалады шыргасынан?!»

44. Кітапта: «Көбелектей көп әскер сайдан дулап, // Қамданған қалың кісі шықты шулап»- делинсе, Мәшһүр-Жұсіпте «көбелектей» сөзін «құйылды», «қамданған» дегенді- «жау жарактый»- ығыстырыған.

45. Жетпіс бесінші шумактың төртінші, бесінші жолдары кітапта: «Көпке топырак шашсын ба, атып жықты, // Екеуінің басын да кесіп алып»- түрінде келтірілсе, Мәшһүр-Жұсіпте тағы да айырма бар: «Ақырында бұларды атып жықты // Көз алдында бастарын кесіп алып.»

46. Сексен бірінші шумактың бірінші жолы: «Боялды Ибраһимдей скі [ұл] канға»- жолынан кейінгі кітапта айналасы 55 тармақ Мәшһүр-Жұсіпте жок. Ол туралы ақын өзі былай ескерттің жазған екен: «Мұнан соңғысы жок. Ол жок болғандығы сөз- Жағыпар, Таярдың жайрап қалғандығы.» Мәшһүр-Жұсіпте тоқсан бесінші шумактың алғашкы жолымен: «Алып барып бұларды қойып кетті»- мәтін жалғастырылған.

47. Тоқсан жетінші шумактың соңғы үш жолы мен келесі шумактың бастапқы тармағы- айналасы 4 жолдық мәтін, яғни: «Біріне-бірі келіп сәлем берді»- деп басталып, «Екеуі екі тауды қылған мекен»- тармағымен аяқталған мәтін кітапта жок, тек Мәшһүр-Жұсіпте орын алған.

48. Жұз екінші шумактың бастапқы үш жолы да екі мәтінде түрліше. Кітапта: «Жіберді сонда Рахым тасырылыққа: // - Ешқашан сендей жанға бас ұрдық па? // Зәһираның сұлулығын құп білеміп.» Мәшһүр-Жұсіпте:

«Рахым сонда бет қойды тасырлыққа: // -Біз, сірә, сендей жанға бас ұрдық па ?! // Зайраның сұлулығын несіне айттың.»

49. Кітапта: «Ыңда менен сұырган улы қанжар»- делинсе, қолжазбада алғашкы сөздер: «Араменен суарған»- түрінде өзгертілген.

50. Жұз тоғызыныш шумактың екінші, үшінші жолдары кітапта: «Қан басып, екі көзін ашу кернеп.// Жебірейіл әдіс пенен ыңғайланды»- деп алынса, Мәшһүр-Жұсіпте «екі көзін» дегенді- «ашу кернеп», «әдіс пенен» - орнына «корланып» - орын тепкен.

51. Кітапта: «Жебірәһил көнілдегі сөзін айтып, // Бара тұрсын сонымен үйге кайтып»- қалпында өрілсе, қолжазбада тағы да басқаша: «Жығылды Рахым батыр күні бітіп, // Бара тұрсын Жебірейіл кайтып кетіп.»

52. «Әдет қып Зәһира шығар тау басына»- - жолын мәндай еткен шумак кітаптағы кейінгі орнынан Мәшһүр-Жұсіпте төрт жолға алға шығумен бірге сол шумактың соңғы жолдарында да өзгеріс бары байқалады. Мәселен, кітаптағы: «Ояуда ойлап, түсінде көрген емес, // Бір жұмыс кездеседі сау басына»- жолдары кейінгіде: «Өнінде, не түсінде көрген емес, // Бір жұмыс түседі ауыр сау басына»- деп берілген.

53. Мәшһүр-Жұсіп жазбасы бойынша есептегендеге, «Не қылуға білмеді жалғыз басын»- деп басталған жұз он алтыншы шумақ кітапта мүлде орын алмаған.

54. Сондай-ақ «Зайра артына бұрылышп, жалт қарады»- деп басталған 118- мен «Жігіт айтты: -Ай, Зайра, бар тілегім»- дегенді мәндай еткен 119- шумактардың кітапта мүлде жоқ болып, тек қолжазба бойынша кіргізуі де Мәшһүр-Жұсіп жазбасында қайталамау, өзіндік нақыш орын алғанын т.с.с. дәлелдейді.

55. Кітаптағы 121- шумактың соңғы жолдары: «Көзін жұмса, жігіт тұр сұп-сұр болған // Не болды деп қарайды көзін ашып»- қалпында ірге тепсе, кейінгі жазбада «сұп-сұр болған»- дегенді «қарсы алдында»- ал-мастырумен бірге соңғы тармақ мүлде басқаша өріс алған: «Кел, қалқа, бір сүйгіз!- деп,- құшқастасып!»

56. 125- шумактың бастапқы жолдары кітапта: «Әкемнен сұра мені саған берер, // Сұраған соң беруге о да көнер»- делініп, ал соңғы тармағы: «Некелеп алуына тұра келер»- түрінде келсе, Мәшһүр-Жұсіпте тағы да өзгеше. Мәселен, бастапқылары: «Мені, әкем, сенен басқа кімге берер, // Кешікпе, бар үйіңе, елші жібер!»- қалпында болса, аяқкысы: «Сонда мені ал да кет, жөні келер.»

57. «Қанжарың өткір мә?-деп, айтты оларға»- деп басталатын 138- шумақ та қолжазбада бар, ал кітапта орын алмаған.

58. «Хұсайынның шауыпты бас бармағын»- жолын маңдай еткен 146-шумақ та кітапта ұшыраспай, қолжазбада ғана бар болуымен ерекшеленеді.

59. 147- шумактың үйкас құрайтын соңғы сөздері: «алғызбай жұр», «қалғызбай жұр», «салғызбай жұр»- түрінде келсе, кейінгі жазбада біраз өзгеше: «алғызбапты», «қылғызбапты», «дарытпапты». Зерделесек, үйкас түрлішелігіне коса екіншінің: «салғызбай жұр»- деген соңғы сөзі мүлде басқаша: «дарытпапты.»

60. 148-шумактың 2-4 жолдары өзгешелігі де көніл бөлерлік. Кітапта: «Құні бітті тұрган жок Құдай сактап. // Зәһиранын зар даусына қараймын деп, // Еніреген жарына жұр жалтактап.» Қолжазбада: «Бұда кайрат қылып жұр калбалактап, // Ұқып болды Зайраға қараймын деп, // Аңыраған дыбысына бір жалтактап.»

61. «Байқаусыз ортага алып жығады ерді»- жолын алға салған 150-шумак Мәшһүр-Жұсіпте бар да, кітапта жок.

62. Сондай-ақ: «Жебірейіл сұм дүниеден кетті қайтып»- деп басталған 153-шумак та кітапта орын алмай, тек екіншіде орын алуымен ерекшеленеді.

63. Айналасы 161 шумактан тұратын осы дастанның: «Көп жатпай-ақ Зайраның халі бітті»- деп басталатын 158- шумағы да Мәшһүр-Жұсіпте бар да, кітапта орын алмаған.

Баймұхаммед Тілеубергенұлының «Гүлкашима» дастаны.

Бұл шығарманың күні бүгінге дейін XX ғасыр басындағы казак ағартушысы, жазушысы Мұхамеджан Сералиншін төл туындысы ретінде қарастырылып келгені мәлім. Біз осы орайда осының алдында сан мәрте ескертілген ҚР ҰФА Орталық ғылыми кітапханасында сакталған Мәшһүр-Жұсіптің 1176- папкасындағы (273(367-287(381) б.) және «Көзіме көріндіңіз хор қызындей»- деген 62- шумактан басталатын әuletтік мұрагаттағы (4- папка, 83-98 б.) өз жазбасы, сонымен катар оның баласы Мұхамедфазыл көшірмесін (әuletтік мұрагат, 2- папка, 21-34 б.) салыстырып ұсынып отырмыз. Алдымен назар аудараптың жәйіт: Мәшһүр-Жұсіптің екі жазбасында да және көшірmede де М.Сералин есімі аталауы тегін емес. М.Сералинның осы шығармасы жарияланған оқулық хрестоматияда (XX ғасырдағы казак әдебиеті. Құрастырғандар: Т.Әбдірахманов, Қ.Жармагамбетов. Алматы, Мектеп, 1983): «Гүлкашима»- 1901 жылы жазылған. 1903 жылы Орынборда жеке кітап болып шыққан. «Дастандар» жинағында, XX ғасыр басындағы ақындардың шығармаларында (1963) жарияланған. Сондай-ақ осы хрестоматияның бірінші басылымына кірген болатын. Бұл жолы 1903 жылы жарық көрген нұсқасы шамалы қыскартулармен беріліп отыр (315- бет)»- деп жазылған.

Біз ұсынып отырған Мәшіүр-Жұсіп жазбасының 1903 жылғы кітаптан көшірілмей, сол туындының ел арасына тараған басқа бір нұскасынан алынғаны кейін көрсетілмек мәтіндік саралуладан айқын көрінеді. Бұл да, әсіресе 1917 жылға дейін жарық көрген көркем туындылардың баспа бетінде жарияланғанға дейін ел арасына түрлі нұскада таралғандықтан да, оларды алдымен ауыз әдебиеті үлгісі ретінде карастыру керектігін дәлеңдей түседі деп санаймыз.

Енді бұл туындының авторы неге М.Сералин емес, Б.Тілеубергенұлы дегенге келеск, ол сол 1983 жылғы хрестоматияның өзінде де тұр: «Сандықтан шықкан дәптер, қалтада өлең, // Барлығын ғіркей жазып хисса қылдым. // Хиссаға «Гүлқашима» есім бердім.» (22 б.).

Біздіңше, шығарманың кіріспе бөлімі мен «Сөз соңында» - деп аталаған корытынды бөлімін М.Сералин жазған да, ал, негізгі бөлімі Б.Тілеубергенұлының өз жазбасынан алынған дегенге сүйеніп, шығарманың тұп авторы Б.Тілеубергенұлы да, қосалкы авторы, құрастырушы М.Сералин деп түйіндеуге болатын тәрізді. Мәселені түбекейлі шешуді арнайы мамандардың кейінгі іздептері үлесіне қалдыра отырып, біз бұл туынды Б.Тілеубергенұлы шығармасы және ауыз әдебиеті үлгісі деген шешімге ат басын тіредік.

Осы орайда әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат қолымен жазылған Мұхаммедфазыл көшірмесі басындағы мына бір түсініктемені алдымен келтіргенді жөн көрдік: «Мынау жерге біраз ғана Баймұхаммед Тілеуберген жыршы ұлының өміртариҳын азырақ жазып өтейін. Бұл Баймұхаммед Сыр мұзапатында Үңгіт руынан шыққан. Өз әлінше ақын болған жігіт. Өлеңні, ақын болғандығын мынау сөзінен байқауға болады: «Жасынан жел жаратты [Х]ак тағала»- дегеннен. Тобыл өзенінің бойында жалғыз жеке кара жігіт болған. Басқа бір жағында көп ағайыны болып, сол ағайынға өзі жылына бір рет барып қайтып жүріп, жолда Гүлқашиманы көріп, ғашық болып, ақыры қаза сол ғашықтыққа шыдай алмай өлген. Бұл Баймұхаммедтер- шын ғашықтар, қиямет күнінде Ләйлі-Мәжнүн, Фархад-Шырын туынды түбінен табылатын шын ғашықтар. Кітаптарда мұндан өлімді: «Шаһит шықты»- дейді. Бұлар өзі де шаһидларды жаны ашып, жанындағы көрсіді... жарылқанады. Ата-анасы да жарылқанады. Шын ғашықтар магішқы үшін жан пида қылар, жан аяmas: атылуға, шабылуға, басын беруге бар, қашпайды, өлімнен корықпайды, жан не, нәр не- білмейді. Атудан, шабудан, өлуден корықса, олар шын ашық саспайды емес. Шын ғашықтар еркек, әйел жұмысын білмейді, құшақтарын, сүйісмен күмары тарқап кетеді...»

Осы орайда Мәшіүр-Жұсіпте жок, тек хрестоматияда орын алған тармақ саны 164 болса, керінше хрестоматияға кірмеген, тек Мәшіүр-

Жүсіпте ұшырасатын тармак саны да едәуір- 168 жол екені және кейінгі мәтін салыстыру талдауларынан көрінетін өзгешеліктер тағы да ауыз әдебиеті үлгілерінің таралу, жету ерекшелігін діттеумен бірге Мәшһүр-Жүсіпте өзіндік ұлесін де анықтай түседі деп есептейміз. Ең бірінші Мәшһүр-Жүсіпте жоқ, аталған хрестоматияда бар шумактарды атап өтейік (Ол Мәшһүр-Жүсіп жазбасын қоса есептеген біздегі үлгінің сандық реті бойынша жүргізіледі- Н.Ж.). Мәселен, «Қамыстай саусағында алтын балдақ»- деп басталатын 19- шумақ, «Сүрадым осылайша қыздың жайын»- жолын маңдай еткен 34- шумақ, «Түріннен білдім көңіл кеткендігін»- тармағын бетке ұстаған 42- шумақ, «Мен көрдім шыбық талдай бойыңызды»- жолын ту еткен 63- шумақ. Мұндай өзгешеліктер: 77-шумакқа (Бірінші жолы: «Осындаі бір хат жаздым ак қағазға»), 81-82-ге («Біреуге ғашықтықтың оты түссе»), 109, 110, 111-ге («Әуелде Тәңірі оған несіп еткен»), 117-ге («Сөз жазған солай деп Гүлқашима»), 136-ға («Ей, жігіт, сал құлағың мынау кепке.», 143-ге («Ай, жарым, мұнан сонда өтті заман»), 152- ге («Анадай алыс жерде жасыл шатыр»), 159-160-ға («Ат жарыс, балуан гүрыс ойын кылды»), 162, 163-ге («Шатырды мекен еткен күйеу батыр»), 180-ге («Сол кезде ішімде от, тысым жалын»); 184-ге («Кеткен соң ішім толыктайтын кайғы-дертке»), 186-ға («Бір суып, бір қызды газиз денем»), 194- ге (Қатарыңмеи косылып, // Қарындасты, жар-жар-ай»), 197-200- ғе («Артта қалып енірейді // Туған атаң, жар-жар-ай»), 205-210-ға («Ағайынның шпнде // Жүрмек қайда, жар-жар-ай»), 223-226-ға («Қалды атам деп жылама, // Қайын атаң бар, жар-жар-ай»), 236-237-ге («Қайтейін, жалған дүние опасы жоқ») – тән екендігін діттегіміз келеді. Сонымен бірге: «Сусындал өз жөніме жүріп кеттім»- деп басталатын 22- шумактын соңғы 2 жолы,- «Тап келді бұл бір сауда жиырма үште»- дегенді маңдай еткен 144-нің соңғы 2 тармағы; «Артта қалар желкілдеп»- жолын алға ұстаған 193-нің аяккы 2-жолы; «Артында қалар жылаасып, // Туған елің, жар-жар»- делінген 195- нің бастапқы тармактары,- айналасы 8 жолдық мәтіннің де кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) жоқ екенін ескертеміз. Осы орайда біз ұсынып отырған мәтіннің: «Ериң мен ата-ана, ұстазыңды // Бұйырған ренжітпе деп хак тағала»- тармактары хрестоматияда: «Гибрат кітаптарын оқып қара»- деп басталған 99- шумақтан кейін 100- шумак басы ретінде орын алса, кейінгі: «Хатында деп айттыпсың жарың жаман, // Өтер деп әлі-ак бастан шолақ заман»- жолдары кітапта 102- шумак соңында берілген. Біз бұл жолы осының бәрін Мәшһүр-Жүсіп жазбасы бойынша бірліктеріп, 101- шумак ретінде ұсындық.

Енді хрестоматияда жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алған өзгешеліктерді көлтіреміз. Атап айтқанда: «Сөйлесе, езу тартып көзі

күлгөн»- деп басталатын 13- шумак; «Үстінде шайы көйлек, оқа салған»- тармағын бетке ұстаған 17- шумак; «Ауылдан мен барамыш ұзай алмай», - жолын алға салған 25, 26- шумақтар; «Ол жігіт Құдай айдап душар келді»- дегенді ту еткен 28- шумак. Мұндай тың шумак көрністері: «Осылай бір хат жаздым ақ қағазға»- жолымен басталған 54- шумақта, «Сізді ойлап ұйқы қашқан екі көзден- дегенді алға тартқан 66, 67- де, «Денеңе сыр жалаңаш денем тисе»- жолын маңдай еткен 72- де, сондай-ақ 74-де(«Қайғымен көкірегім ашылмайды»), 90-да («Көрген жан сүйсінгендей қаламыца»), 93- де («Рас сөз, Гүлқашима шын айтады»), 108-де («Зинаны пайғамбар да қош кермеген»), 116- да («Саяулға жауап беру бізге парызы»), 119- да («Бұ хатты оқып көрдік келгеннен соң»), 122- де («Медетбай сегіз жұз сом ақшаны алған»), 126- да («Сұм дүниес ау, сенен менің көңілім сұыған»), 131-133- де («Жарайды, пәлі, жақсы қыздың сөзі»), 135- де («Маған сен дін үйретпе, айтшы ықыласың»). 139-142- де («Ал, енді тұр қасымнан, орныңа бар»), 170-174-де (Кемпірлер кыз қорыған көзін сатып»), 215- де («Ол бұлбұл отыр екен қызға жалғас»), 230-да («Құр шаршап, естүменен мен қалыптың»), 240-243- де («Сөзіңді сениң жазған жатқа алармын»), 247-249 –да («Құдайым жазған екен жок қылуға»), 252,-253- де («Ғашығына Гүлқашима от боп жанып»), 260-263-де («Хош-сая бол, Тобыл өзен, қалың талым»)- орын алғанын ескерсек, Мәшһүр-Жұсіптің тыңнан қосқан ұлгілері аз еместігі көзге түседі. Сонымен бірге хрестоматиядағы: «Айтайын, мағлұм болсын сізге халім»- деп, басталатын айналасы 8 жолдық мәтіннің, яғни 127-128 –шумақтың Мәшһүр-Жұсіпте: «Беруге, мені тәғірім несіп еткен»- жолымен басталып, мұлде басқаша келтірілуі де еткен ғасырларда басылым көрғен ұлгілердің көп нұсқалы болып келуінің тағы бір көріші деп санаймыз. Мұны хрестоматиядағы: «Жарапты жас келіншек сөзін айтты» (216- шумак)- орнына мұлде басқа шумақ: «Келіншек лебіз ашып, бастады сөз» (Мәшһүр-Жұсіште) келтірілуі, сонымен бірге: «Кудая, не қылсан да, құдіретің бар» (246- шумак)- тармағымен басталған хрестоматиядағы шумак орнына: «Оқыдым оңашада бұл хатты алып»» -дегенді маңдай еткен Мәшһүр-Жұсіптің өзгешелігі туралы да айтуға болады.

Сонымен бірге: «Мен айттым:- «Токта, сұлу, бермен кара»- жолымен басталған 134- шумақтың кейінгі үш жолы, «Кос сорлы, қартайғанда, қан жыллаттым»- тармағын маңдай еткен 251- ниң соңғы екі тармағы өзгешелігі де көніл бөлерлік. Бұл айттылғандарғана емес, бұдан кейін сөз болатын ерекшеліктер, немесе жеке сөздер өзгешеліктерінің бәрі мәтінде камтылып, арнайы түсініктемедегі талдау нысанасына іліге бермегендері де, соның бәрі аталған мәтіннің көп нұсқалылығын дәлелдейді.

Енді жекелеген әріп, сөз ерекшеліктерінің бәрін тізбей-ақ, соның шіндегі айрықша көзге түскендерін нақты көрсетеміз.

1. Хрестоматиядағы үшінші шумак:

Жыл жарым мұнан бұрын әлеуметім,

Бір қызға көзім көріп, көңілім кетті.

Арка елі сока суырып дем алғанда,

Сыр елі жақындаған хабар жетті,- делинсе,

Мәшіүр-Жұсіпте алғашқы тармақтың «жыл жарым» сөзінен басқасы мүлде өзгеше: «Мені Алла әурет етті.» Екіншідегі «көріп» сөзі «түсіп»- деп алмастырылса, үшіншідегі: «соқа суырып» орынын «суық сорып» иеленген. Зерделесек, «соқа суырып» ұфымы түсініксіз және оның Арка елінә тән екендігі күмәнді. Ал, «суық сорып» мәтіндегі жағдай ерекшелігін накты көрсетуімен ерекшеленеді.

2. Хрестоматияда 11- шумактың үшінші жолы: «Ақ жұзді, ақылы кәміл, шырын сөзді»- деп берілсе, Мәшіүр-Жұсіпте «акылы кәміл» сөздерін «бидай өнді» өрнегі ығыстырыған.

3. Кітапта келесі 12- шумактың соңғы тармақтары: «Күлгендे екі беті шұқырайып, // Сүйкімді көрінеді жүзі нұрлы»- деген қалыпта орын алса, Мәшіүр-Жұсіпте, яғни шартты түрде атасақ, екінші нұскада үшінші жол мүлде өзгеше берілген: «Түрленіп тоқсан екі, жұз құбылып». Ал аяқыдағы: «көрінеді»- орнын- «шырайлы, өнді»- сөздері иеленген.

4. Хрестоматияда, яғни алғашқыда (Оған негіз болған үлгі 1903 жылғы, кітаптан алынғанын ескерсек, оны: «алғашқыда», «біріншіде»- сөздерімен келтіре беруге болады деп санадық. –Н.Ж.) 15- шумактың соңғы тармағы: «Көрініп тамағынаң ішкен асы»- делинсе, екіншіде бастапқы екі сөз тағы да озгерген: «білініп көмейінен».

5. Біріншідегі 18- шумак: «Басында камшат бәрік тенге такқан, // Бөрігін қырын киіп, айна бакқан»- деп басталып, соңғы жолы: «Көрінген сәулесі шар тараптан»- түрінде өрістесе, кейінгіде өзгешеліктер баршылық. Атап айтқанда, алғашқы жолдағы «тенге» сөзін екіншіде «үкі» ығыстырумен бірге екіншідегі тармак: «Шекеге бөркін қойып»- деп, өзгеше басталған. Ал, төртіпші жол мүлде өзгеше: «Сәулесі жар-жұрқ еткен, шамша жаққан.»

6. 23- шумактың бастапқы үш жолы әуелгіде: «Қош айтып бәйбішеге жүріп кеттім, // Басы осы бізге жұққан қайғы-дерттін. // Сағ көңілім судай тұнық былғанды енді»- қалпында орын тепсе, екіншіде айырмашылықтар баршылық. Бірінші тармақтағы бастапқы 3 сөз орнын: «Жөн табу қайда маған» иеленумен бірге, екінші жолдағы «жұққан» дегенді- «түскен», үшіншідегі «былғанды» сөзін «лайланды» алмастырыған.

7. Келесі 24-шумактың соңғы жолдары бастапқыда: «Қана боп көңілім алаң келе жатсам, // Бір адам жол үстінде жолығысты»- деп

берілсе, соңыда мұлде өзгеше: «Сандалып, дал болумен келе жатсам,
// Алдынан көңілді ашар жан кездесті.»

8. 27- шумақтың соңғы тармағы біріншіде: «Сөйлескен сөзімізді
баяндасам»- түрінде орын тепсе, екіншіде мұлде басқаша: «Алдынан
карсы ұшыраған қыдыр- десем.»

9. 29- шумақтың соңғы 3 жолы хрестоматияда: «Жігітпен бірер
мезгіл кеңес құрдым.// Ол болды білетүғын көрінген соң, // Манағы қыз
жайынан сауал бердім»- делінсе, соңыда екінші тармак мұлде өзгеше:
«Атымның басын біраз тарта тұрдым.» Үшінші жол басындағы ұш
сөз де басқаша: «Тілі орамды, колайлы.» Ал, төртіншіде «манағы»
сөзін- «сөз козғап», «бердім»- дегенді «сұрдым» (сұрадым) ауыстырған.
Кітаптағы алғашқы тармактар соны: «тұрдым», «құрдым» сөздерімен
бітіп отырғанын ескерсек, алғашқыдағы «бердім»- дегеннен гөрі
«сұрдым» (сұрадым) үйқаска жақын тұрғанын анғару да қын емес.

10. Келесі 30- шумақтың бастапқы жолдары кітапта: «Кейінгі жолда
ауылға түстім дедім»- //Шеткі үйден сусын қымыз іштім дедім»- деп
берілсе, Мәшһүр-Жұсіпте «жолда» дегенді «шеткі» сөз, ығыстырумен
бірге келер жол басы: «Текке аңсан, көзімменен су»- қалпында өзгеше
өрілген.

11. 32- шумақтың соңғы жолдары біріншіде: «Кеткен соң көnlім
қатты сұрап тұрмын, // Айып етпе беймаза ғып тергегенге»- делінсе,
кейінгіде «қатты» орын- «ауып», «беймаза ғып»- дегенді «тәптішлең»
алмастырған.

12. 35- шумақ басталымындағы «Достиар» сөзіне Мәшһүр-Жұсіп
өзі беттін сол жақ капиталына көлдененде жазып мынадай анықтама
берген: «Достиар- ел аты, Кіші жұз: төрт Шөмекей, бес Жапластың
біреуі» (1176- папка, 275(369) б.).

13. Бұл аталымға да Мәшһүр-Жұсіп өз түсіндірмесіш келтірген:
«Мөңке: Табын- о да Кіші жұз- Сыр бойында болады» (1176- папка,
275 (369) б.).

14. Алты тармактың 37- шумақтың соңғы жолы әуелгіде: «Анық
емес мұнысы маған күмән- дейді»- қалпында берілсе, екіншіде басқаша:
«Ол жеріне көп жетік емен- дейді.»

15. 41- шумақтың аяққы жолы біріншіде: «Замандас пайда қылар
құрбыласы»- түрінде ірге тепсе, соңыда мұлде бөлек: «Өсектен бұл
қүнде аман қара басы.»

16. 52- шумақтың басы кітапта: «зорменен» делінсе, Мәшһүр-
Жұсіпте сәл өзгеше: «зор беріп.» Ал, осы шумақтың үшінші жолы
бастапқыда: «Элеумет, оқып қара осы хатты»- түрінде келсе, кейінгіде
мұлде басқаша: «Агалар, ойлан-дағы, байқап қара.» Сонымен бірге

шумак соңындағы: «сөз шамасын» орнын қолжазбада: «соз мағынасын»- иеленген.

17. 58- шумактың екінші жолы бастапқыда: «Бір мінсіз көркінізге қарап тұрдым»- делинсе, екіншіде өзгерген: «Көрген сон көркінізді қөніл бөлдім.» Осы шумактың соңғы жолы да екі нұсқада түрліше. Біріншідегісі: «Лыпылдан өртеп кетті, шыдан жүрдім»- болса, екіншідегісі: «Лапылдан өртей кетті, шыдай бердім.»

18. 60-шумактың үшінші жолының соңы алғашқыда: «қайнатқан соң» - делинсе, кейінгіде оның орнына «қинаған соң» берілген.

19. 80- шумактың үшінші жолы біріншіде: «Сүйгені- бөтен жарға несіп болып»- деп берілсе, екіншіде мұлде басқаша: «Біреуге ғашықлықтың оты түссе.»

20. 89- шумактың соңғы жолдары кітапта: «Құпия сыр ғашықтықты баян қылған, // Мазмұнын ол хатынның оқып білдік»- деп берілген. Осындағы «баян қылған» сөздері Мәшіһүр-Жұсіптің алғашкы (1916 ж.) жазбасында да қайталанса, екінші (1927-1928 ж.) нұсқада оның орнын «әшкере еткен»- иеленген. Ал, соңғы жол Мәшіһүр-Жұсіптің алғашкы үлгісінде: «Ары жок, абиырсыз- деп, сізді білдік» (Мәшіһүр, 4- папка, 84 б.)- делинсе, кейінгіде: «Ары жок, ұяты аз жан, ғой!- дедік»- түрінде өрістеген.

21. 90- шумактың бастапқы жолдарын біз 1176- папка бойынша: «Көрген жан сүйсінгендей қаламыңа, // Сонда да, шынын білмей, нағамың ба?»- деп бергенімізді құптай отырып, дәл осы жолдардың әулеттік мұрағатта (4-папка, 85 б.) мұлде басқаша екенін де ескерткенді жөн көрдік: «Уағалейкүмассалам сәлеміңе, // Ойлашы бізге жазған қаламыңа (қәләміңе)».

22. 91-шумактың екінші тармағы әуелгіде: «Алланың әмір қылса, ұққымі қатты»- делинп, ал төртіншісі: «Қүші жоқ жан өзгертпес құдіретті»- түрінде келсе, аяққыда басқаша. Екінші жол: «Жар тапсан, махаббатлы, болар тәтті»- де, төртінші: «Кім өзгертті, ойлашы Құдіретті!»

23. Келесі 92- шумак бұрынғыда:

Шығарып қиялышынан, ұмыт бізді,

Күйеуге жаздың хатты берген кезде.

Екі жыл мұнан бұрын тап келмедин,

Бұйрық жоқ қосылуға екеумізге,- делинп, ең алдымен үйкас селкүлігі көзге түссе, соңғыда алдымен үйкас тәртіптелген. Мәселен, екінші жол: «Хат жазып, куып мұнша өткен кезді»- дегенде, алдымен үйкас жақсаруы жүзеге асқан. Осы үйкас ширауын төртінші тармақтың: «Қосуға бұйрық жоқтан екеумізді»- түрінде келуі де дамыта түскен.

24. Осы туындының 94- шумағының бастапқы 2 жолы кітапта былай берілген: «Салдың ба жеңілдікке мінезінді, // Байқамай түрлі сөзді жаздың бізге». Ал, Мәшіүр-Жұсіпте екінші жол біраз өзгерген: «Байқамай бізге жазып әр сөзінді?» Сонымен бірге хрестоматияда жок мына жолдардың, яғни осы шумақтың соңғы тармактарының Мәшіүр-Жұсіпте орын алуы көңіл бөлерлік: «Баяндап ғашық жайын хат жазыпсын: // «Ләйлі мен Мәжнүндеймін!»- деп өзінді.»

25. Келесі 95- шумақтың соңғы үш жолы да екі нұскада алуандығымен назар аудартады. Біріншіде: «Қалғандай кей сөзіңнен көңілде тат. // Сөзінді, жаным жігіт, сейле абайлап, // Алысқа көп ұзатпа, тіліңді тарт»- деп берілген. Екінші тармак: «Мен ғашық саган»- деудің өзі де ұят»- деп, мұлде басқаша көлтіріліп, үшіншісі Мәшіүр-Жұсіптиң бір жазбасында (4-папка, 85 б.) тап осы қалыпта өрістесе, енді бірінде (1176- папка, 278 (372) б.) оның орнын «Сөзіңе түс алмадым қатты ұялдым»- иеленген. Ал, 4- соңғы жол сөздері алғашқының екіншісінде орын тепкенін ескерген жөн.

26. Бұрынғыда 103- шумақтың екінші жолы: «Құдіреттің кім бұзады бұйырғанын»- делінсе, кейінгіде: «Құдайдың тағдырына бар ма амалым?!»- орын алған. Сонымен бірге тап осы шумақтың төртінші жолы алғашқыда «сапардан» сөзімен басталса, соңғыда оның орнын «саплардан» (саптардан) иеленген.

27. 104- шумак та 2 нұскада түрліше келуімен көңіл бөлгізеді. Хрестоматияда:

Сабырдың ақырында сауабы зор,
Жар жаман бола берсін, көңіл көр.
Жаманға жақсы қатын кез келген соң,
Құдайға шүкір айтар, кара да тұр.

Мәшіүр-Жұсіпте «акырында» дегенді- «акыретте», «көңілі көр»- сөздерін «көрсокыр көр» ауыстырумен бірге «шүкір айтар»- тіркесін - «шүкір қылар» алмастырған.

28. Әуелгіде келесі 105- шумақтың соңғы 3 жолы былай өрілген: «Риза боп алғанына көңілі бітсе, // Ұжмақтан жаман орын алмас еді, // Құдайым еткен ниетін қабыл етсе.» Соңғыда екінші тармак басы: «Риза болып тоюмен»- деп өзгерумен қатар, «жаман орын алмас еді»- орын «жаксы орын алар деймін»- иеленіп, «ниетін» сөзі «шүкірлік»- деп алмастырылған.

29. 107- шумак екі нұскада басқаша. Біріншіде:

Екі езгі іс бір орынға қосылмай ма,
Жатқа ал бір Құдайды осындейдайда.
Барына шүкір, жоғына сабыр етсе,
Ол пәнда орны ұжмақта деген кайда.

Екіншіде:

Бір жаксы бір жаманмен косылмай ма,
Қосылып екі жақсы тұр қай жайда?
«Барына- шүкір, жоғына қанағатшыл
Болғанның орны жұмакта!»- деген кайда?!

30. 113- шумактың екінші жолы бұрынғыда: «Сол күнде білінбей ме қиянатым»- деп беріліп, Мәшһүр-Жүсіптің алғашқы жазбасында (4- папка, 86 б.) сол қалып сақталса, екіншіде (1176- папка, 279 (373) б.) басқаша: «Кош көрмес мал бергеннің қиянатын.»

31. 6 тармақтан тұратын 120- шумактың бесінші жолы алғашқыда: «Сейлесе жар иссі келген екен»- делінсе, кейінгіде өзгеше: «Жабдығын «Есік ашар» сейлескенін.»

32. 146- шумактың соңғы 3 жолы бастапқыда: «Әр жерден шакырылған жұрт толады. // Ат жарыс, атан жарыс, алтын қабақ, // Мереке, балуан тартыс көп болады»- түрінде берілген. Ал, соңғыда біраз өзгерген: «Әр жерден жұрт жиуга үй қылады. // «Ат жарыс, балуан қүрес, қызық бар!»- деп, // Мереке, бас қосылған сый қылады.»

33. Келесі 147- шумактың кейінгі 3 тармағы да түрлішелігімен ерекшеленеді. Әуелгіде: «Ат қосқан бәйге алады оза шауып. // Етпекке бір үлкен той жеті болды // Қымызын жиганына бие сауып.» Екіншіде «ат қосқан» орнын, «ат, құнан» иеленумен бірге соңғы жолдар түрлішелігі назар аудартады: «Бір жетіде шамасы тарқайды»- деп, // Жұрт қымызын жияды бие сауып.»

34. 149- шумактың бастапқы жолдары кітапта: «Мен ерте жабдық салдым кер жорға атқа, // Шыдасын неге жаным саламатта»- деп ірге тепсе, Мәшһүр-Жүсіпте біраз өзгеше: «Мен ерттеп, жабдық салдым .»

35. 155-шумак та 2 нұсқада түрлішелігімен көніл бөлгізеді. Хрестоматияда:

Ас үйге түсіріспін тойдын асын,
Топ адам айналып жүр ошак басын.
Адамга екі жүздей қанша табак,
Кетеді, білген адам байымдасын.

Мәшһүр-Жүсіпте «түсіріспін» орнын «пісіріспін» иеленумен бірге екінші тармақ басы: «Көп адам босатпай»-деп берілген. «Адамга екі жүздей»- дегенді «Кісіге сегіз жүздей» алмастырумен қатар соңғы жол басындағы: «кетеді»- «жетеді»- делініп, ең аяккы: «байымдасын»- «хасапласын» (есептесін) түрінде өзгерген.

36. 156- шумактың соңғы жолдары бұрынғыда: «Той асы Ҳақ қазынасы, бай фана емес, // Келсе, орын арылмаған сорға да бар»- делінсе,

екіншіде: «Не жандар, жұрт жиылса, көрінбейді, // Құрт жиған, диуаналар, дорба да бар»- түрінде отау тігілген. Сонымен катар Мәшһүр-Жүсіптің алғашкы жазбасында кітапқа үндес келетін: «Тимейтін, келсе орын, сорлы да бар» (4- папка, 90 б.) - орын алғанын есте ұстаган жөн.

37. Бастапқыдағы: «Жегенмен таусылмады, көп тартылды»- деген 158- шумактың екінші жолын кейінгінің: «Жал-жая қазы-қарта, бас тартылды»- тармағы алмастырган. Сондай-ак осы шумактың: «Ас толған ғарыб-қаби елге артылды»- деген төртінші жолы да екіншіде: «Жегенмен таусылмай көп артылды»- деп өзгертилген.

38. 161- шумактың алғашкы жолдары кітапта: «Атқа мініп, мырзага кош-сау айтып, // Үлкендер үйді-үйнен кетті қайтып»- қалпында шаңырак көтерсе, Мәшһүр-Жүсіпте басқаша: «Тауыса алмас көзбен көрген тілмен айтып, // Кинадық аз күн жанды бейнет тартып.» Сонымен бірге соңғы тармактағы «кешіктірді» сөзінің екіншіде «зарықтырды» дегенмен ауыстырылуы да- ел арасына тараған нұсқалар түрлішелігінің көрінісі.

39. 176- шумактың соңғы жолдары бұрынғыда: «Әуслі- өлең, екінші ойын жасап, //Сауық қып отырысты түн бойын.»- деп келтірілсе, кейінгіде: «Әуелі- өлең, екінші әр түрлі ойын, // Қыздырып ылғи жастар қыздың тойын.» - түрінде берілген.

40. 183- шумактың екінші жолы хрестоматияда: «Салғанын көрейін деп Жаппар хактың,»- деп беріліп, бұл қалып Мәшһүр-Жүсіптің алғашкы жазбасында (4-папка, 92 б.) сакталса, екіншіде мүлде өзгерген: «Бәрі бір, адасқанға, жел мен ықтың» (1176- папка, 283(377) б.)

41. 185- шумактың екінші тармағы әуелгіде: «Жан-жәндік бәрі үйқыда қыбырлаған»- деп алынып, Мәшһүр-Жүсіптің алғашкы жазбасында соган үндестік: «Бір жан жоқ, бәрі үйқыда қыбырлаған» (4-папка, 92 б.) орын алған. Ал, екінші жазбада (1176- папка, 284(378) б.) мүлде басқаша берілген: «Қайғы-дерт жанымды өртеп, тындырмаған.» Сонымен бірге осы шумактың төртінші жолындағы «бір-біріне» сөзі бұрынғыда да, Мәшһүр-Жүсіптің алғашкы жазбасында да сол қалыпта берілсе, 1176-да тағы да түрленген: «жымындасып».

42. Сөз болып отырған кітаптағы 201-шумактың соңғы жолдары: «Оц жактағы ойнаган // Күнің қалды жар-жар-ай»- түрінде берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте осындағы алғашкы мен кейінгі тармақ аралығына кимелеп: «Құлын-тайдай айқасқан»- орын тепкен.

43. 211-шумактың екінші жолы хрестоматияда және Мәшһүр-Жүсіптің бұрынғы жазбасында: «Ғашықтық қатты батты көп сарғайтып» (Мәшһүр-Жүсіп, 4-папка, 93 б.)- деп берілсе, екіншіде тағы өзгерген: «Ғашықтық қүйдірді ішті, зарды ұлғайтып» (Мәшһүр-Жүсіп, 1176- папка, 284 (378) б.).

44. Бастапқыда 239- шумактың алғашкы жолдары: «Не пайда күнің шығар, күнін батар, // Бай қызы нар жетектен қатар-қатар»- түрінде келіп және Мәшһүр-Жұсіптің алғашкы жазбасында да соған орайластық орын алған. (Бұл тұста «жетектеп» сөзі «жетектер»- деп сәл өзгерген. (Мәшһүр-Жұсіп, 4-папка, 95 б.) Ал, 1176- да тағы да ерекшеленген: «Не пайда шықкан күнінен жок боп батар, // Нар құрысын жетектеген қатар-қатар?!!»

45. Осы тармактан кейін хрестоматияда мүлде жоқ Мәшһүр-Жұсіптің кара сөзбен жазылған мына бір ескертпесі орын алған: «Тобыл сұнының бойында, тоғайының ортасында отырып, бастаң-аяқ осы сөздерді жазып, жан қалтасына салып, өткір пышақпен өзінен-өзі өшін алыпты: «Болмашыға әуре болған сазан,- деп,- саған осы керек!»- деп. «Мені ешкім өлтірмегеніне дәуіт, қаламым, өзімнің қанлы пышағым күэ болсын!»- деп. Құдай рахмат қылсын Баймұхаммед Тілеуберген жыршыұғлына! Әр оқыған жан- рухына бір аят садақаларыңызды аяй көрменіздер! Хикаят болса, осындай туын!» (Мәшһүр-Жұсіп, 1176-папка, 286 (380) б. және Мәшһүр-Жұсіп, 4-папка, 96-97 б.).

46. Осы туындының «Қалтасындағы хат сөзі» тақырыпшасының бірінші, ал жалпы шығармалың 250- шумағының сонғы 3 жолы кітапта былай берілген: «Мені өлтірген адам жоқ, болма надан. // Отына ғашықтықтың шыдай алмай, // Көшірдім өзімді-өзім бұ дүниядан.» Осындағы үшінші жол («Отына ғашықтың шыдай алмай») Мәшһүр-Жұсіптің алғашкы жазбасында өзгерілмей берілсе (Мәшһүр-Жұсіп, 4-папка, 96 б.), екінші жазбада (1176- папка, 287 (381) б.) бәрі мүлде басқаша алынған: «Күәм бар бұл сөзіме: дәуіт, қалам, // Жауабын ақ қағазға жазғанин сон, // Ақырда өз өмірін етер тамам!»

Мәшһүр-Жұсіп өзінің алғашкы жазбасының кай уақытта қағазға түсkenін көрсеткен: «Тілеуберген жыршы баласы Баймұхаммедке Алла рахмат айласын! 1916- жылында, 8- мартта, коян жылы. Ал, 1176-папкадағы ақын жазбасы 1927 жылғы Жұсіпбек Аймауытұлының хатына, оның Мәшһүр-Жұсіп мұрасын жинақтап әзірлеп, баспаға ұсыну қажеттігі еске салынған кенесіне жауап регінде екінші рет жазылған болар деп шамалаймыз.

A. Байтұрсынов

А.Байтұрсынов өлеңдері Мәшһүр-Жұсіpte екі орында сакталған. Оның бірі- алдында сан ескертілген Алматыдағы КР ҰFA Орталық ғылыми кітапханасы, 1176- папкадағы (373 (443) б.) ақынның өз қолымен жазылғаны болса, екіншісі әуледтік мұрагаттағы, негізінен,

Мәшһүр-Жұсіп жазбасы жинақталған үлгідегі (7-папка, 227-243 б.) Жолмұрат көшірмесі. Кейінгі нұсқаңың қағазға қашан түскені туралы дерек ақынның «Анама хат» өлеңінің аяғында берілген: «Жазылды 1921 жыл, 29 август, Дағба елінде» (Мәшһүр-Жұсіп (Жолмұрат), 7-папка, 241-бет).

1. А.Байтұрсыновтың «Қазақ салты» деген өлеңінің үшінші шумағының басы: «Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп» (Шығармалары, Алматы, Жазушы, 1989, 24 б. Ескерту: әрі қарай А.Байтұрсыновтың баспа бетін көрген үлгілерімен салыстыру жүргізілгенде, үнемі осы кітапқа иек артып отырдық- Н.Ж.) - деп берілсе, қолжазбада «тықылдап» орнын «шешенсіп» (Әулелтік мұрағат, Мәшһүр-Жұсіп, 7-папка, 238 б. Ескерту: әрі қарай 7- папкаға сүйенгенде де, тек бет ретін көрсетумен шектелеміз) иеленген.

2. Сол өлеңінің соңғы шумағының бастапқы тармағы: «Бұл бір сөз қасірет стіл хатқа жазған»- түрінде өрілсе, қолжазбада «қасірет етіп» сөздерін «қасіретлесіп»-алмастырған.

3. А.Байтұрсыновтың «Достыма хат» өлеңінің соңғы 8 тармақтық бөлімінің аяғы: «Жаны ашып, жақын үшін қайғырап ма, // Жаны-мал, жақыны-мал, малдың құлы?!»- делинген. Ал, Мәшһүр-Жұсіпте «қайғырап ма» емес, «қайғырапға» - деп ап-анық жазылған.

4. А.Байтұрсыновтың «Жиған-терген» өлеңінің үшінші шумағы соны кітапта: «Есек баспас тайғақ мұз»- түрінде келсе, қолжазбада «есек» орнын «секіп» сөзің ісемденген.

5. Сол өлеңнің бесінші шумағы соны кітапта: «Иманымнан қайтпаймын»- қалпында сап түзесе, қолжазбада «иманымнан» емес, «айтқанымнан»- шаңырақ кетерген.

6. Сол туындының «Ұлғайып қайғы»- жолымен басталған шумағының алтыншы жолы кітапта: «Көкті бұлт торлады»- деп берілсе, қолжазбада «көкті» сөзің «жан-жакта» ауыстырыған.

7. А.Байтұрсыновтың «Анама хат» өлеңінің үшінші тармағы: «Сені онда, мені мұнда аман сактап»-делінсе, қолжазбада бастапқы үш сөз орнын: «Мінхірді бізді»- сөздері иеленген.

8. Сол туындының сегізінші жолы кітапта: «Өкімет- өр зорлыққа не бар шарап?!»- қалпында орын тепсе, қолжазбада «бар»- сөзің «дүр» алмастырған.

9. Сол өлеңнің төртінші шумағы кітапта: «Алданып тамағыма, оны ұмытсам»- деген қалынта алынса, қолжазбада «оны» сөзің «шерді» ығыстырыған.

10. А.Байтұрсыновтың «Жұртыйма» өлеңінің үшінші шумағының екінші жолы кітапта: «Шығасың қолыңа ала керісінді»- қалпында орын тепсе, «ала» сөзі Мәшһүр-Жұсіпте «ұстай»- деп өзгертилген.

11. Сол туындының соңғы шумағының екінші тармағы кітапта: «Қайтейін, өзге десе көнгішінді»- деп берілсе, Мәшһүр-Жұсіпте «өзге» орнын «басқа» сөзі меншіктеген.

Сонымен бірге аталған қолжазбада А.Байтұрсыновтың жоғарыда аталған туындыларынан басқа да өлеңдері: «Тілек батам», «Жауға түсін жан сезі», «Жұбату», «Есек пен үкі»(аударма өлең)- орын алған. Бұл орайда кітап пен қолжазба арасында көзге түсерлік елеулі айырмашылықтар болмағандықтан, ол туындыларды атап өтумен гана шектелгенді жөн көрдік.

C. Торайғыров

С. Торайғыров шығармалары біршама жақсы зерттелді деуге негіз толық. Біз бұл тұста акын туындыларының соңғы 2 томдығындағы (Шығ., 1,2,-том, Алматы, Ғылым, 1999 ж.) үлгілер мен Мәшһүр-Жұсіп жазбаларына салыстыру жүргізбекпіз. Аталған кітапка алғысөз ретінде берілген «Ақын тағдыры» (авторы- С.Кирабаев) мақаласында орынды атап өтілгендей, 1927 жылы Ж.Аймауитовтың Мәшһүр-Жұсіпке жазған хатында Сұлтанмахмұт шығармаларының жиналып, баспаға әзірленгені айтылғаны мәлім. Бірақ ізінше Ж.Аймауитов қамалып (1929 ж.), «халық жауы»- дегеннің туындыларын жок қылу әдетке айналған кезде ол нұсқаның да құртылуы, ақынның көп туындылары жоғалып, тек баспа жүзін көргендері және ел аузынан кейін т.с.с. жиналғаны кейінгі басылымдарда қамтылғаны белгілі. Міне, осы орайда әрі жерлесі, әрі ағасы Мәшһүр-Жұсіп жазып қалдырған нұсқаның мәні ерекше екені анық.

Түсімде

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1176- папкадағы (389(459) б.) Мәшһүр-Жұсіптің өз жазбасы бойынша берілді. Онда бұл туындының алғашқы 8 жолдығының 7 тармағы (5-жол жок) келтірілген.

Қымыз

Бұл өлең де сол қордағы 1177- папкадағы (133-бет) Мәшһүр-Жұсіптің өз жазбасы бойынша ұсынылып отыр.

1.Өлеңнің екінші жолы аталған кітапта: «Сені ішкен құмарына жеткен қымыз»- делінсе, қолжазбада «құмарына» орнын «мұратына» иселенген.

2.Шығарманың 15- жолы кітапта: «Екпінің еш нәрсеге жол бере ме»- қалпында сап түзесе, қолжазбада: «жол бере ме»- сөздері «жол бермейді»- деген аз өзгеріске ұшыраған.

3. Өлеңнің жетінші шумағы кітапта: «Магнитін түстік жерден қонак бұрып»- түрінде алынса, қолжазбада «магнитің» дегенді «манайың» сөзі алмастырған.

4. Сол шумақтың соңғы тармағы: «Жапырылып» сөзімен басталса, қолжазбада оны «жабырлап» ауыстырған.

5. Сегізінші шумақтың екінші жолы кітапта: «алып қолға»- сөздерімен тамамдалса, қолжазбада «алып» сөзі «ұстап» болып өзгерілген.

6. Онынши шумақ кітапта: «Сапырсаң сары шараға қулаш керіп»- калпында орын тепсе, қолжазбада «сары шараға» сөздері «шара-шара» түрінде келтірілген.

7. Ои бірінші шумақтың алғашқы сөзі: «кәсіпсіз» болса, қолжазбада оның орнын «қаңғырган» иеленген. Үзінді соңында Мәшһүр-Жұсіп өз қолымен: «Құдай рахмат қылсын Сұлтанмахмұт Шоқбытбаласына!»- деп жазылған. Соған қарап бұл туындының Сұлтанмахмұт көз жұмған (1920 ж.) кейін қағазға түсірілгенін анықтауға болады.

Бір балуанға қарап

Бұл өлең де Мәшһүр-Жұсіптің 1176-папкасынан (385(455) б.) алынды. Төрт шумақтық өлең толық жазылуымен және кітаптағымен үндес келуімен ерекшеленеді. Өлең соңында тағы да: «Сұлтанмахмұт[ка] Құдай рахмат қылсын!»- деп жазылғанына қарап ақын көз жұмғанин (1920 ж.) кейін қағазға түскенін межелеуге болады.

Тұрмыска

Бұл өлеңнің I, IV, V бөлімдері Мәшһүр-Жұсіптің 2 жазбасында (1176-папка, 105- бет және әuletтіктері 8- папка, 16- бет) да жоқ. Екі үлгіде де айырма кездеспейді.

Ләист бұлты шатырлап

Бұл туындының Мәшһүр-Жұсіп қолымен жазылған 2 үлғісі сакталған. Бірі ертерек жазылып, әүлеттік мұрагатта (6-папка, 16-17 б.) сакталғаны да, екіншісі жоғарыда аталған қолжазба қорындағысы (1177- папка, 105, 106 б.) Екі үлгінің соңында: «Осы өлеінді сөйлегенде» тақырыпшасын айдар еткен Мәшһүр-Жұсіптің мына бір түсіндірмесі орын алған: «Тенізден терең ой, қорғасынан ауыр түңілу, түннен қаранды қайғы, удан аңы касіретте жүрген жанлар. Сермеген колды аспандағы айға жеткізбесе де, ойлаған ойға жеткізетүғын қайрат бойына келгенде, сойлеп кеткен сөздері.»

1. Бұл туындының 10- жолы кітапта: «Қапаланған көнілден»- деп берілсе, қолжазбада: «қапаланған» сөзін «куйленген» ауыстырған.

2. Осы өлеңнің аяқты шумағының басы: «Білімсіз талант тас екен»- күйінде ірге тепсе, қолжабада «білімсіз»- дегенді «ғылымсыз» ығыстырыған.

«Адасқан омір» дастаны

Бұл мәтіннің басы алдында ескертілген қолжазба қорындағы 1176-папқадағы 393 (463) – беттен және «Бұл күнде үйқы, тамақ, қайғы жолдас»- тармағынан кейінгілері сол папканың 6- бетінен алынды.

1. «Бұжалғанның ісіне біз аң-танбызы»- жолын маңдай еткен шумак кітапта ұшыраспағандықтан, тек осы жолы енгізілді.

2. «Бұл күнде үйқы, тамақ, қайғы жолдас»- тармағын маңдай еткен шумақтың ұшінші жолы кітапта: «Мен үмітсіз һәм менен жұрт та үмітсіз»- қалпында берілсе, қолжазбада: «Іәм менен»- орнын «менен де»- иеленген.

3. «Сырласып, жасы кіші айтпас ойын»- жолын алға ұстаған шумақтың ұшінші тармағы кітапта: «Ең арты»- деп басталса, қолжазба бойынша оның орнына: «ең әрі»- енгізілді.

4. Сол шумак соңы кітапта: «айтқан ойым»- түрінде келтірілсе, қолжазбада «айтқан» сөзі «талқан»- деп алмастырылған.

5. Аталған шумақтан кейін іргелес орналасқанның екінші жолы соңы кітапта: «Ие»- дейді «үлкен кісі»- делінсе, қолжазбада тағы да өзгеше: «Е»- дейді көрғен кісі.»

«Кедей» дастаны

1. «Өзін мырзалармен салыстыру» бөліміндегі 10- жол кітапта: «Ауыл тұрсын»- деп басталса, қолжазбада «тұрсын» орнын «түгіл» меншіктеген.

2. Осы бөлімнің 16- тармағы кітапта: «Ол туды деп қуанды елдін бері»- қалпында өрбісе, қолжазбада өзгешелік бар: «Ол туғанда, қуанды жұрттын бері.»

3. Аталып отырған бөлімнің 7- шумағының ұшінші жолы кітапта: «Құдалық, үй түскенде сойған малын»- деп алынса, қолжазбада: «үй түскенде»- орнын «отау түсер»- иеленген.

4. Сөз болып еткенге іргелес шумақтың екінші тармағы кітапта: «Маңайыма жолай ма жалғыз адам»- деп беріліп, ал төртіншісі: «Ауруынан соңың сол сөз жаман»- деп келтірілген. Ал, қолжазбада: «жолай ма жалғыз»- дегенді: «жоламас еш бір», «соңың» (4- тармақтағы) сөзін «байдын»- деп өзгерту жүзеге асқан.

5. Осы бөлімдегі 9-шумақ аяғы кітапта: «Жөнеледі көзінен төгіп жасын»- қалпында тұрса, колжазбада «көзінен төгіп»- деңенді «ағызып көздің» алмастырган.

6. Дастанның «Қорытынды» бөлімінің бастапқы шумағының аяккы жолдары кітапта: «Құдайға не жазып ем тумай тұрып, // Туғаннан мені жок қып, оны жарытып»- деп берілген. Ал, қолжазбада тағы да өзгешелік бар: «Құдайға не жазып ек іште жатып, // Туғаннан мені құртып, оны жарытып?!»

7. Шығарманың «Рухани қосымша» бөліміндегі жетінші шумақтың екінші тармағы «Молдекене» деп басталса, қолжазбада оның орнына «Қожекене» алынган.

8. Туындының: «Байлық-ұрлықтың жемісі» бөліміндегі соңғы шумақ алдындағы: «Ұрлық қылдыр, кісі олтірт, өтірік айтқыз, // Алдағыш қыл- бәріне тұрам көніп»- деңендегі «қылдыр»- «қылғыз», «алдағыш»- «алдамыш»- деп өзгерілген.

9. Дастанның: «Жақыннан айрылғандағы күйік» бөліміндегі: «Ол сенікі» деп мені нағыза алмас, // Жұз әулие, мың пір кеп миленғанмен»- жолдарында айырмашылық бар. Мәселен, «сенікі» орнында «менікі»- алынса, «жұз әулие»- «мың әулие», «мың пір»- «жұз пір»- қалпында берілген.

Магжан Жұмабаев

Дін үйреткенге

Әuletтік мұрағаттағы Мәшһүр-Жұсіптің өз қолымен жазылған (8-папка, 18-19 б.) М.Жұмабаевтың «Дін үйреткенге» өлеңінің 7-шумағынан басқа мәтіні сақталған. Енді баспа бетін көрген нұсқа мен Мәшһүр-Жұсіп жазбасы арасындағы айырмашылықтарды сөз етеміз.

1. Шығарманың 14-жолы кітапта: (М.Жұмабаев. Шығ., 1- том, Алматы, Білім, 1995, 61 б.) «Көрмейтін көзді көр ғып артты-алды»- деп берілсе, Мәшһүр-Жұсіпте «көзді көр қып» - орнын «қылды қор ғып»- иеленген.

2. Туындының 20-тармағы кітапта: «Қайтейін, әсіресе, есіл ерік»- делинсе, колжазбада «әсіресе»- сөзін «әлсіресе» ауыстырган.

3. Өлеңнің 22-жолы аяғы: «Жас төкпеспіз» болса, колжазбада оны «жас төккен кез» алмастырган.

Корқыт

Ақынның бұл дастанының бастапқы 13 шумағы Мәшһүр-Жұсіпте (1176-папка, 157(141) б.) орын алған. Тағы да кітап пен қолжазба арасындағы өзгешеліктердің негізгілеріне назар аудартпақпыз:

1. Дастанның 24- тармагы кітапта: «(М.Жұмабасев. Шығ., 2-3-том, Алматы, Білім, 1996, 6- бет) «Жұрт оны әуезі ғып жынды дескен»- қалпында сап түзесе, қолжазбада «әуезе ғып»- дегенді «кәуесет қып»- ығыстырыған.

2. Шығарманың 26- жолының аяғы: «көптін ері»- түрінде келсе, қолжазбада оны «көптің бірі» ауыстырыған.

3. Туындының 29- тармағы кітапта: «Қорқыт та ерте атанды «пері сокқан»- делінсе, қолжазбада «атанды» сөзі «ат алды»- дегенмен алмастырылған.

4. Дастанның 41- жолы кітапта: «Бір кезде көл тасады құрмак үшін»- делінсе, қолжазбада «тасады» сөзі «толады»- деп өзгерілген.

5. Шығарманың 46- тармағы кітапта: «Ой менен тіл берілген байланбаққа»- деп алынса, қолжазбада, яғни Мәшһүр-Жұсіпте: «Тіл берілген өліммен байланбаққа»- деп басқаша келтірілген.

6. Туындының 48- жолы кітапта: «Жел менен топырақ боп айналмаққа»- делініп, өз алдындағы 45-тармак соңындағы: «айналмаққа» сөзін қайталау жүзеге асса, Мәшһүр-Жұсіпте соңғы «айналмаққа» - «айдалмаққа» болып өзгерілген.

Оқжетпестің қиясында

Бұл дастанның Мәшһүр-Жұсіп қолымен жазылған соңғы 6 жолы әuletтік мұрағатта (4-папка, 247 б.) сакталған. Кітап пен қолжазба арасында бір айырмашылық орын алған.

1. Мұндағы екінші жол соңы кітапта: «жыр толғайды»- деп берілсе, қолжазбада оның орнын «шер толғайды»- иеленген.

Сонымен бірге Мәшһүр-Жұсіп жазбасында М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанына қатысты дерек орын алған: «Тіршіліктің бір артықтығы: естімегенді есіттіріп, көрмегенді көрсете береді екен. Біздің казакта Абылай хан заманында Уақ: Сары- Баян қап бір сап бір өзімен бір туысқан Нояды он бестегі уыздай күнінде: «Мениң ғашық болған қызымынде неге алып қаштын?»- деп, атып өлтіріп тастапты. Екі арман өмірінше сүйегімен бірге кетті. Бірі- ғашық болған қызын ала алмағаны. Бірі- өз інісін өзі атып, өлтіргені.

Құнанбайдың тоқалына барғандықтан, ыбырай айдаттырыған- Базаралы-Бағаналы батыр (Мәшһүр-Жұсіп, 1176-папка, 386(456) бет).

Басқа да ақындар олендері

Ажар

Бұл ақынның бізге жеткен бір шумак өлеңі Мәшһүр-Жүсітте 2 жерде жазылған. 1176- папкадағы (4- бет) «Қыр сонынан»- орына 1177- де (134-бет) «бір жағымнан»- келтірлүмен қатар шығарма авторы туралы дерек ұшырасады: «Қаракесек- «Соқыр Ажар» атанған ақын қыздың өлеңі.»

Байқошқар

Ақын туралы дерек Мәшһүр-Жүсіп жазбасында орын алған: «Үшата: Қозған- Тілеуімбет баласы Байқошқар қажының өз баласы Сұлтанбайға айтқан өлеңі (1177-папка, 134- бет).» Өлең сонында мына бір түсінік берілген: «Бұлар кім десеніз, Қалжан, Құлжаны- Еламан: «Кіші ауыл»-Қаткейдің Қалмағамбет, Құлмағамбеті. Биекай- осылардың немере ағасы. Эйеті-Қозған, Басшіліктегі, белі жок, өмірінде түйе бағып откен біреу.» (1177- папка, 134- бет)

Байтас

Өлеңнің қандай жағдайда туғанын анықтарлық дерек берілген: «Құнанбай жер ауып, кайтып келгенде... Байтас ақынның айтқан өлеңі» (Жолмұрат, 1- папка, 344- бет). Шығарма мәтінінен кейін мына бір түсіндірме орын алған: «Мәуия, Зікірия- Бектін балалары Павлодар қошесінде Қойлы: Дүйсенбайдың қасында тұрады. Мырзағұл-Қаржас: Отықбай баласы Кәкен деген, Халел деген баласынан естіп жазып алынды.»

Бердікожа

Жолмұратта сакталған бір шумак өлеңнен Бердікожаның Шанышқылы руынан екені ғана белгілі.

Бибі

Бибіге қатысты жалғыз дерек Жолмұрат көшірмесі басында жазылған: «Арыстанбайдың Имамбегіпің тоқалы Бибінің келіншек күнінде Жаяу Мұсаға айтқан өлеңі.»

Борібай

Мәшһүр-Жұсіп жазбасында (2-папка, 330- бет) Бөрібайдын ататері «Ақбура» екені көрсетілген. «Әудем жер» өлеңі алдымен қағазға түсірілсе, оған ілесе: «Қонаққа айтқаны» берілген. Ал, «Қауғанға» өлеңі маңдайшасында ол туындының дүниеге келуіне негіз болған жағдай былай баяндалған: «Бөрібай ақын, Кара Алтайдын баласы Қаркынбай мырза,- солар заманында Ұлытау, Қішітауда Малай, Жәдігер- бір баяуырлас елімен бірге қыстап, жұтап қалыпты. Сонда ол жақтағы Төртуыл бұлардың қыстаған жерін: «Шіркін, жер-ак еді!»- деп, мақтай берген сыйылды. Сонда айтқан екен: «Жаксы болса, бұл жерді Қойлыбай, Шағырай не ғып қыстамай жүрген?»- деп.

Қыс ішінде ерек қойға жұқ артып, Керей Қыпшақ өзеніне көшіп келіпти. Сонда Қыпшақ өзенінде бір Қауған би деген Қыпшактың жақсы кісісі бар екен, соған айтқаны.» Өлең соңынан мына анықтама берілген: «Сонан соң Қауған би құрмет қылып, күттіп алып қалған, малы аман шығып кеткен екен.» (Мәшһүр-Жұсіп, 2- папка, 332- бет). Ал, «Құн дауына» өлеңдерін туу тарихы былай көрсетілген: «Үйсін: Ошақты-Жалайырдың Ошақтысы Малай, Жәдігер деген таптан бір Құлназар дегенді өлтіріп, құн бермей кеткен турасында Бөрібай ақын айтқан екен.» Өлең мәтіні келтірілгеннен кейін онда сөз болған кісі аттарына түсінік және құн дауының кейін қалай өрбігені берілген: «Есенбай, Есімбет деген Жәдігердің- Қосаннан шықкан батырлары екен. Ошақты бұл сөзге ығыспапты, құн бермепті.» Бұдан әрі окиғаның қалай өрбігені Мәшһүр-Жұсіп шығармалары 6- томында (Павлодар, ЭКО, 2005 ж., 126-127 б.) «Едіге би» тарауында келтірілген.

Осы орайда «Әудем жер» өлеңінің толық нұсқасы Мәшһүр-Жұсіптің әулеттік мұрағаттағы 2- папкасынан (330-331 б.) алынса, оның бастапқы 16 тармағы екінші бір нұсқада да (II-папка,, 327 б.) сакталғанын, сонымен бірге алдында ескертілген колжазба корындағы Мәшһүр-Жұсіп шығармалары жинақталған 1173- папка (9-топтама, 18 б.) ішінде Жолмұрат көшірмесі орын алғанын, сондай-ак әулеттік мұрағатта осы туындының: Жолмұрат (2-папка, 138 б.) және Фазыл (2-папка, 108-109 б.) көшірмелері коса сакталғанын ескерткіміз келеді. Бөрібайдын бұдан басқа өлеңдері алдымен Мәшһүр-Жұсіптің жазбасынан (2- папка, 331-333 б.) алынып, Жолмұраттың 9.02.1937 жылғы көшірмесімен (2-папка, 291 б.) салыстыру жүргізілді.

Иса

Иса ақын туралы мәліметтер жоғарыда ескертілген қолжазба корындағы Мәшһүр-Жұсіп жазбасында берілген: «Атығай-Қарауыл: Зілқара, Шопан, Әлібек, Мұса деген атақты кісілер өткен. Сол Әлібектің інші Исаиң айткан өлеңі- жана заман шыққанда (Мәшһүр-Жұсіп, 1176-папка, 371 (441) б.)»

Жамшыбай

Жамшыбай туралы Мәшһүр-Жұсіп жазбасында мына бір дерек орын алған: «Құліктен шыққан Жамшыбай ақын ар жақтағы Қарағайға, Шұбарға барып келе жатып, Керекудің бір жағына өтіп, бірсыныра жыл Кереку базарына базарнай болып тұрған Тілеу бидікіне далада тұрып сөйлес кылса:

- Конакка зәру емеспіз, қондырмаймыз! Бар, мені керек қылған ертең базардан тапсын!- депті.

Үйге сөйлес үшін барған жолдасы осыны айтып келген соң, далада тұрып, Жамшыбай әнді шырқапты. Өлең мынау...» Өлең айтылғасын, не болғаны баяндалған: «Тілеу шошып кетіпти:

- Өзім шықпасам, пәлекет түспей кетің, пәлеге қалдыра!- деп, жүгіріп шығып:- Ойбай, ақын екен ғой, өзімізді кенелтіп, сусынымызды қандырып кететұғын! - деп, түсіріп алышты.» (Мәшһүр-Жұсіп, 1176-папка, 65 б.)

Жапар

Жапар ақын туралы дерек Мәшһүр-Жұсіпте екі жерде келтірілген. Оның біріншісі: «Айдабол: Тайкелтірден шыққан Жапар ақынның бір ауыз өлеңі- Шорман баласы Мұса мырзага айтқан», - деп, келтірілп отырған бір шумак өлсімен тамамдалса (Мәшһүр-Жұсіп, 1177- папка, 134(89) бет), екіншісінде сол туынды тууына байланысты кеңейтілген мәлімет берілген: «Күні кеше Айдабол баласы Тайкелтір деген елден Жапар ақын шыкты, домбыра ұстап, өлең айтқан ақынның серке жияр таусыншығы болды. Атбасарға қараған елге барып, өлең айтып, олжалы келе жатып, Қаржас: Талас деген елде Майбұлакта отырған Әмір деген Таластікінде конып жатқанда, Әмірдің балалары отыз теңге ақшасын алып калыпты. Ергенінде онан аттанып, келе жатса, Мұса мырзаның ауылы октай ұшырапты. Жаз күні ғой, Мұса мырза таң намазына дәретке шығып жүр екен. Қөрген жерден өлеңді зырлатыпты... Мырза:

- Балам, болды, болды, қоя ғой! Бала-шаға шырт үйқыда жатыр, шошып кетер. Самауыр үйге кіргізілгенде, келе ғой!- деп, дәретін ала беріпті.

Таңертенгі шайына Иса, Мұстафа інілерін шакыртып алдырып, шай артынан:

- Манағы өлеңінді айтшы!- депті. *

Ол өлеңді жүндей сабайды ғой. Мұстафа деген інісі Қаржас болысы екен. Мұса мырза Мұстафаға:

- Қалтаңнан алпыс теңге шығаршы!- депті.

- Ақша салған камзолым үйде керегенін басында түр еді,- деп, Мұсаның Қәш деген баласын жүгіртіп жіберіп алдырып, алпыс теңгени Мырзаның колына беріпті.

Құдай рахмат қылсын, Мұса мырза өз қалтасынан жиырма теңге алып:

- Он теңге Құлболды аруағына, он теңге Құлықе аруағына бергенім!- деп, Жапар ақынға беріпті.

- Мына алпыс теңгениң отызы- жоғалтқан өз акшан, отызы айып-қайымы. Ал, Мұстафа өзім берген жиырма теңгеде жұмысың болмасын! Өзінен шыққан алпысты Әмір балаларынан аласың, алмасаң қой, мейлін!- деп. Жапарды сексен тенгемен риза қылышты.

Енді сүйн сорғалатып, майын тамылжытып, жұз ауыз өлең айтсан, қалтасынан бір тыны шығарар ит калды ма?! Заманның құрығаны, таусылғаны- осы. Бұрынғы өткен өлгендердің бәріне де Құдай рахмат қылсын! Бұл күнгі: «Тірімін!»- деп жүргендердің бәрінің де көтіне көк істік кірсін!» (Мәшһүр-Жұсіп, 1176- папка, 63(57) б.). Осы орайда екі жерде жазылған нұсқаның екіншісінің төртінші жолы басқаша: «Құлақ сал мына сөзге, шонжарым-ай!»- түрінде берілгенін еске саламыз.

Зілғара

Тоқсан бес

Зілғара туралы Мәшһүр Жұсіп жазбасында былай деп көрсетілген: «Атығай-Зілғара, Шопанның Зілғарасы жасында болған, толған. Өзі жеті дуан үстінен советник те болған, балалары: Әлібек, Мұса деген дуан-басы болған. Қартайған кәріліктен көрген корлығын айтып сөйлегені. Өзі тоқсан бесте отырғанда, төрт тоқалы бар екен. Жолаушы бір жігіт үйіне қонайын деп отырып:

- Ата, жасыңыз қаншаға келдіңіз?- депті.

Ұрысип тастапты:

- Бұрынғының сөзін естіген жок па едің? «Жақсы көрген кісіннің жасын әсте сұрама, // Жақсы көрген атыңның тісін ашып карама!»- деген-ді.

Тоқалдар шаруаларына шығып кеткен соң, айтыпты:

- «Ұргашы- еркектің жеті дүшпаны»- деген. Дүшпандардың көзінше менің жасымды сұрайсың. Олар отырғанда, жасым санын айтсам, тауы шағылып, көңілдері кайтып қалады. Тоқсан бесте жасым бар, төрт тоқалым бар, ең кішісі- он сегізде. Төртеуінің үйі де, ойы да төрт баска. Қунде біреуінің қойнына жатамын. Қай мәз қылыш, жарқыратып тастайды дейсін: алдау, жан жалдағыш-тағы.

Сонда домбырасын алды, айтқан өлеңі...(Мәшһүр-Жұсіп, 1177-папка, 385(198) (341 б.).

Осы орайда ертеректе тағы бір Мәшһүр-Жұсіп қолымен жазылған осы өлең мәтінінің әулеттік мұрагатта (1- папка, 79 б.) сақталғанын еске саламыз.

Қалдыбай

Қалдыбай тегі туралы Мәшһүр-Жұсіп жазбасында: «Қалдыбай қожаның өлеңінде бар»- деп жазғаны сақталған (Мәшһүр-Жұсіп, 1178-папка, 308(172)- 309 б.). Өлеңде аталған Қанай балалары туралы деректер келтірілген: «Сол Қанай байдың кенжесі Фазыл (Бәзіл) деген бай болыпты. Байлығы Арқадағы «үштін бірі» болып, «Үш Фазылдың бірі болған- Фазыл» атаныпты. Фазылдың баласы Жылқыбай-Шаншардан шықкан төрт мырзаның бірі болып, «Жылқыбай мырза» атаныпты. Нұрбикеде-Балықбай, Айбикеде-Жылқыбай тұстас болыпты, бастан та болыпты. Екеуі із қосып, ел... ішінде... «Қалдыбай қожа»- деген ақын кожа болған. Бір аяғынан бір аяғы шолак жергілікті ақсақ екен. Кемпірдің шабаданындай кораш кісі екен. Жылқыбай мырзанікіне келіп қонып, аттандырып тұрғанда, Жылқыбай мыскыл қылыш күліл:

- Кожакеннің үзенгі бауы ұзарайын деген екен, тек аяғы ұзын-ау!- дегенде, кожа айтыпты дейді...

«Кожа: «Құл құттан»- деп, Жылқыбайды айтты. Жылқыбай құл құттан емес, Қарәкесек сәуірі Шаншардың нығызы, толығы- Болатқожаға барғанша, ата-бабасында бір кемдік жок. Сұрастырып, қағыстырып келсек, Жылқыбайды тапқан анасы құң болып шықты. «Елді құл мен құттан билеп тұр»- дегені сол екен. Қаз дауысты Қазыбек немересі болған Қанай бай сут кенжесі Фазылға атақты бір байдың қызын алдып бермей, күнді қалай алдып береді? Осы адам нанарлық сөз бе, миға салып, ойлау керек. «Сөзді түгел айтамып»- деушілер атасының көзі-құны қалиғандай жоқтайды, зерттейді, сонан соң табылады.»

Қараменде

Мәшһүр-Жұсіптегі: «Қараменде бидін өлеңі»- дегендегіден өлең авторының би болғанын анықтауға болады. Шығарма мәтіні соңынан мына бір анықтама косылған: «Бұл Нармағамбет – осы Қараменде бидін ұрпағы.» (Мәшһүр-Жұсіш, 1176-папка, 382 (452)- бет).

Кожамберді

Кожамберді туындысы ең алғаш В.В.Радловтың 1870 жылғы «Наречія тюркских племень», Санктпетербург, 1870)- кітабына енсе, кейін Мәшһүр-Жұсін таңдамалысына (2- том, Алматы, Ғылым, 1992, 49-51 бет) кіргізілді. Біз бұжолы алдында ескергілген қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жұсіп жазбасына (1170-папка, 95-101 б.) сүйене отырып, аталған жинақпен (Ел казынасы- ескі сөз (В.В.Радлов жинаған казак фольклоры үлгілері), Алматы, Ғылым, 1994, 288-290 б.) салыстыру жүргіземіз. Шығарма маңдайшасында мына бір анықтама орын алған: «Қожамберді қырық жігіт[пен] Өскенбайдың ауылына барымтаға барды. Барғанда қолға түсті. Қолға түсіп өлең айтты.»

1. Алғашқы тармақтағы «мен» сөзі орын алмауымен бірге үшінші жол аяғы В.В.Радлов кітабында: «Жылқы бар үйімде»- қалпында берілсе, Мәшһүр-Жұсітіе басқаша: «жылқым бар-ды». Сондай-ақ В.В.Радловта соңғы жол: «Онан шықтым мен көзім тоймай»- делинсе, Мәшһүр-Жұсіпте: «көзім» сөзі алдынан «сорлы»- орын алуымен ерекшеленеді.

2. Бірінші нұсқада екінші шумак соны: «Амал кайда болар мақалың сорға?»- түрінде ірғе тенсе, қолжазбада, яғни Мәшһүр-Жұсіпте түсініксіз тұрған «қайда» сөзі «айлап»- деп алмастырылған.

3. Үшінші шумактың бірінші тармағы соны бастапқыда: «тагасынан» - түрінде келсе, кейінгіде: «табанынан» болумен катар «бірер қасық» орнын «бір қасықтай» иеленген. Сонымен бірге осы шумак аяқталымы әуелгіде: «заманынан»- делинсе, екіншіде сәл өзгеше: «заманыңнан».

4. Бесінші шумактың аяқталымы бұрынғыда: «қала берді»- делинсе, екіншіде оны: «қаға берді» ауыстырған.

5. Алғашқыда 8,9,10- шумак басы біркелкі болып: «Санындей шағаланың менің саным»- қалпында шаңырап көтерсе, Мәшһүр-Жұсіпте де сол үлгі кайталанып, тек «менің» созі үнемі «екі»- деп алмастырылып берілген.

6. Сол 8-шумактың үшінші жолы біріншіде: «Қолында осы кәріп өліп кетсем»- делинсе, соңғыда «кәріп» дегенді «кәпір» ығыстырған.

7. Тоғызының шумақтың кейінгі тармақтары бастапқыда: «Менің жаным қолында осы кәуір, // Өліп кетсем, кімге көзін сүзеді кемпір, шалым»- түрінде өрліп, аяққыда буын саны біркелкілігі жойылып, өсіп кетуі орын алған. Мәшһүр-Жұсіпте: «менің жаным» орнын «шықса жаным» иеленүмен бірге, соңғының алғашқы: «өліп кетсем»- дегені мүлде кірмей, тармақтағы буын саны біркелкілігі сакталған.

8.Он Бірінші шумақтың үйқас құраушы аяққы сөздері алғашқыда: «кісен дейді», «кісі өлмейді», «бір сенбейді»- түрінде келсе, кейінгіде олардың орнын: «кісен деғен», «кісі өлмеген» және «бір сенбекен»- иеленген.

9. Он екіншінің үйқас негіздеуші соңғы сөздері бұрынғыда: «жатамызға», «жотамызға», «кіреміз бе»- делініп, төртінші тармақ аяғында үйқас аксауы орын алса, Мәшһүр-Жұсіпте соңғысы «жатамыз ба»- қалпында енгізіліп, үйқас сапасы жақсарған.

10. Он үшінші шумақтың үйқасқа тірек болған аяққы сөздері кітапта: «жатамызға», «жотамызға», «енемізге»- деліпіп, тағы да үйқас аксауына жол берілген. Соңғыда ол олқылық түзетіліп, үйқас құраушы бастапқы екі жол аяғы: «енемізге», «денемізге»- түрінде келген.

11. Он төртіншінің екінші тармағы бастапқыда: «Тоқып міне алмадым мен атыма»- делініп, «тоқып» сөзі бір түрлі түсініксіздік тудырса, екіншіде оның орнына «түзеліп» келтірілген.

12. Алғашқыдағы : «е! деғенде» орнын екіншіде: «жау деғенде» иеленді.

13. Біріншіде: «Өскенбай күндес болды күніменен»- деліпіп, өз алдындағы тармақ соңындағы үйқас құраушы «күніменен» сөзін әрі орынсыз қайталап, әрі ұғынықсыздық тудырса, бұжолы Мәшһүр-Жұсіп жазбасына сүйеніп, аяққы сөз «куңіменен» болып өзгертилді.

14. Әуелгіде он жетіпшінің үйқас негіздеуші соңғы сөздері: «табылды ма», «сағындың ба», «нефылдым-ай»- түрінде келіп, үйқас селкеулігі орын алса, екіншіде алдынғы тармақтар аяғы: «жынғылды сай», «сағындым-ай»- түрінде келіп, төртіншідегі: «не қылдым-ай»- сөзімен күп үйлесіп тұр.

15. Бұрынғыда 19-шумақ соны: «Қазактың қазмойынын мінуші едім, // Мінерсін енді ат қылыш қарағайды»- қалпында беріліп, мінү ұғымы екі рет қайталанған. Ал, екіншіде аяққы тармақ: «Көр енді тоқ-тоқ еткен қарағайды»- деп өзгертилген.

16. Бастапқыда: «Руы қысырақтың»- сөздері ұғынықсыздық тудырса, Мәшһүр-Жұсіпте «руы» сөзінің орнына «үйірі» алынған.

17. Әдепкідегі: «Теп-тек жатқан еліме бұлік салды»- тармағы кейінгіде басқаша: «Тұтқын боп, Кожамберді қолда қалды.»

Қойкелді

«Қойкелді»- өлеңнің кандай жағдайда туғаны туралы Мәшһүр-Жұсіп былай деп жазған: «Керейдің Лекер деген ерін қалмақ атып, сирағын оқ үзіп кетті. Соナン соң: «Кегін аламын!» - деп, Қойкелді інісі аттанды. Аттанғанда жырлайды.» (Мәшһүр-Жұсіп, 1170-папка, 137- бет).

Бұл мәтіннің де алдымен 1870 жылғы В.В.Радлов кітабында басылғаны ескеріліп, кітап пен Мәшһүр-Жұсіп жазбаларындағы елеулі айырмашылықтар теріліп көрсетіледі. (Осы орайда сол кітаптың соңғы басылымы: «Ел қазынасы- ескі сөз», Алматы, Ғылым, 1994 ж. сөз болғанда, оны не «кітаптағы» нұсқа деген атаумен шектеліп, немесе, «калғашқы», «бірінші» т.с.с. сөздері колданылады да, ал Мәшһүр-Жұсіп жазбасы келтірілгенде: «екіншіде», «колжазбада» т.с.с. сөздері беріліп, екі үлгіде де ізінше бет реті келтіріліп отырады- Н.Ж.)

1. Кітапта: «Қалмақтан шабарлатып жылқы алмаққа»- делинсе, Мәшһүр-Жұсіпте, яғни екінші үлгіде «шабарлатып» орнын «шығырлатып» иеленген.

2. Бұрынғыда: «Қыздарға құлын саулаттық»- деп берілсе, кейінгіде бастапқы сөздер: «қыздардың қанын»- болып өзгерілген.

3. Бастапқыда: «Көрімге құлын саулаттып»- делініп, бір түрлі ұғынықсыздық пайда болса, соңғыда нақтылық басым: «Кермеге құлын байлатып.»

4. «Айдалада салмасам! // Мен аттанып, жол шектім // Айналамның азы үшін»- жолдарының тек Мәшһүр-Жұсіптеға болып, В.В.Радлов кітабында ұшыраспауы тағы да белгілі бір ауыз әдебиеті үлгілерінің ел арасына алдымен ауызша тарап, көп нұскалы, алуан түрлі болуы ықтималдығын дәлелдей түседі.

5. Әуелгідегі: «Тендер сабам жок үшін»- тармағы екіншіде кенейтілген: «Кара сабам жоғы үшін, // Катын-бала қамы үшін.»

6. Әдепкіде: «Тең құрбымнан тең үшін, // Қара бір жермен тең үшін»- түрінде өріліп, «тең үшін»- қайталануы іске асса, екіншіде бастапқы жол: «Тенденсімнен кем үшін» -деп берілген.

7. Біріншіде: «Тұлкі жортпас тәменнен»- делініп, «тәменнен» сөзі түсініксіздік тудырса, Мәшһүр-Жұсіп «тәменнен» демей, «тұмадан» деп алып, сол бетке көлденеңдеп жазып, осы сөз мағынасын ашып көрсеткен: «Тума»- деп дөңгіл-дөңгіл жерлерді айтады, құба жонда болады!»

8. Бұрынғыда: «Қасқая шалтым мал үшін»- қалпында тұрса, соңғыда «шалтым»- дегенді «жорттым» алмастырган.

9. Кітапта: «Көк көгершін көк үшін»- түрінде өрбісе, қолжазбада «көк үшін» орнын «көгершін» иемденіп, бір сөздің тармак ішінде қайталанып берілуі арқылы белгілі бір саздылық, ойнақылық артуы жүзеге асқан.

10. Бастапқыда: «...қалмактың елінің кісісі жиылып қуды, күн көтінен жеткен соң...»- дегендегі «күн» сөзі ұғынықсызыққа ғана итермелесе, қолжазбада оны «қуып» сөзі ауыстырып, түсінік дәлдігі арткан.

Мариям Жағорқызы

Мариям Жағорқызы өлеңі ән ретінде орындалып, айтылып келгені мәлім. Ал, мына Мәшһүр-Жұсіп нұсқасы соның ең толығы, кешегі кеңес әміршілерінің қайшысына ілікпей, бізге аман жеткені. Бұл туынды Мәшһүр-Жұсіптің өз қолымен жазылған (1176- папка, 377 (447) және 337 «ә» (косымша) бет) мәтінінен алынды.

Мәшһүр-Жұсіп

Мұхаммедханафия

Бұл туынды осының алдында ескертілгендей, кейінрек қолымызға тиген, Мәшһүр-Жұсіптің жас кезінде қағазға түсірген жазбасы бойынша әзірленді. Кешендер қолға тиіп, ақынның төл туындылары ішіне енбей қалғандықтан, әрі сөз саптау стилінде ауыз әдебиеті сарыны басым болғандықтан, бұл шығарманы осы кітап ішіне енгізіп, ұсынып отырмыз.

Нығымет

Әuletтік мұрагаттағы Мәшһүр-Жұсіп (8-папка, 11-15 б.) жазбасы бойынша әзірленді. Шығарма маңдайшасында: «Қазак ішіне сот алғаш шыққанда, бір Нығымет деген жазған»- анықтамасы орын алған.

1. «Көріп, ракым қылар!- деп»- тармағынан кейінгі біраз өлец жолдары аралықтағы бір беттің сақталмауына байланысты орын алмаған.

Шығарма соны мына бір түсініктемемен аяқталған: «Былтыр өткен жаз 25-інші жылда ет пен қымызды іші- басынан асқанша жеп, ішіп, үйіне барсымен өліпті, қалыптан асырып, ішіп-жей берген соң. «Уай, атау-керең болсын!» -деген сөздің бірі болмаса, бірі қабыл бола қалғаны.»

Сәрсекей

Шығарма маңдайшасында мына ескерту орын алған: «Қанжығалы: Сәрсекей ақынның Иса мырзага айтқаны.» (Жолмұрат, 2- папка, 337 б.)

Фали Елубайұлы (Смағұл)

Имам Зүфір

Мәшһүр-Жұсіптің ертерек жазылған жазбасынан (II- папка, 47-69 б.) алынды. Дастан сонындағы: «... Смағұл- менің атым // Болады Айдаболдан аргы затым»- сөздерінен шығарма авторы кім екені аныкталды. Сонымен бірге сол 69- беттің екінші жағында: «Баласы Байболдының- Фали атым», және «Атым- Фали, баласы едім Елубайдын»- дегеніне қарап, шығарма авторының аты Фали да, «Смағұл»- деген косалкы аты болар деп шамаладық. Ал, бірде- Байболдының, бірде Елубайдың баласы ретінде жазылу себебіне келсек, оның біріншісі атасы да, екіншісі әкесі болар деп шамаладық.

Тәтидің өлеңі

Мәшһүр-Жұсіптің өз жазбасы (1170-папка, 33-39 б.) бойынша әзірленіп, 1870 жылғы В.В.Радлов ұлгісімен (Ел қазынасы- ескі сөз. Алматы, Ғылым, 1994 ж. 592-594 б.) салыстыру жүргізілгенде, атап өтерліктең басты-басты мына өзгешеліктер айқындалды:

1. В.В.Радловта (осынын алдында сөз болғандай, әрі қарай кітап аталымын, авторын атай бермей: «алғашқыда», «біріншіде»- деген іспетті сөздерді қолданамыз- Н.Ж.): «Атпенен желі тарттырдым, // Кереге бояу шалғынға»- делінсе, Мәшһүр-Жұсіpte (әрі қарай мұнда да авторын т.с.с. аталмай, «екіншіде», «кейінгіде» т.с.с. сөздерді қолланумен шектелеміз- Н.Ж.) «бояу» сөзі орын «бойы»- иеленген.

2. Алғашқыда: «Еңкейе барып жайласам»- делініп, өзінен бір тармақ кейінгі жол сонындағы «байласын»- дегенмен онша үйқаспай тұрса, кейінгіде: «жайласам» емес, «жайласын» орын теуіп, үйқасы сақталған.

3. Бұрынғыда: «Аманатым ол алда»- делінсе, екіншіде: «Аманатын ол Алла»- түрінде келіп, ұғым нақтылығы қалпына келтірілген.

4. Біріншіде: «Елімдегі біреуім // Қанатым сүйеген»- делінсе, соңғыда бірінші мен екінші жол арасына: «Сөзді арбалап тиеген, // Жығылып бара жатқанда»- тармақтары енүмен қатар, соңғының басындағы «қанатым» сөзіне «ен» қосыншасы жалғанып, берілмек ұғым көп кеңейген.

5. Бастапқыда:

«Тагы дүғай сәлем дегейсін,
Алаштың ұлы Арғынға.

Мені өлді деп естісе,

Сарғайып жүртүм санаға»- делінің, екінші мен төртінші тармақтың онша ұйқаспауы орын алса, кейінгіде екінші жол: «Жасы бір үлкен ағаға»- делініп, ұйқас ширауы орын алған. Сонымен бірге соңғы тармақтағы «сарғайып»- «сарғаяр»- деп өзгертилген.

6. «Иесі көп қараға»- деудің мәнісіне үңілсек, сол сөз жазылған 38- беттің он жағында көлдененде деп жазылған мына бір түсінікке тап боламыз: «Жұман байдың бәйбішесі- Мәулім. Бәйбішеден Құрам жалғыз. Мана деген тоқалынан: «Кошқарбай, Сәттібай, Тәти.» Міне, мұның бері артта қалған малға ие боларлық ұрпактың барышылық екенін аңдатып тұр.

7. Бұрынғыда: «Ер жеткенше корғандар // Қатын менен баланы»- түрінде келсе, соңғыда біраз басқаша: «Ер жеткенше қорған да болсын // Қатын менен балаға.» Сонымен бірге соңғы сөздің «балаға» түрінде келуі езінен бір жол бұрынғы «қараға» дегенмен дөп ұйқасуға да бастап тұрғанын ескерген жөн.

8. Өуелгіде: «Кәпір дінін көрсетпей»- делінсе, екіншіде бастапқы сөздер: «кәпірдің жүзін»- деп өзгерген.

9. Біріншіде: «Жорғадан басқа жүйрікті // Зар екен деп мінбеген»- дегендегі «зар» сөзі түсінкісіздік тудырса, аяққыда оны «зор» сөзі ауыстырып, ұғынықтылық артқан.

Төлеген

Төлегеннің: «Кешегі өтіп кеткен хан Абылай»- деп басталатын, 6 шумақтық өлеңінің Мәшһұр-Жұсіптің өз қолымен жазылған 4 нұсқасы сақталған. Оның әуелгісі- әүлеттік мұрагаттағы (2- папка, 283-284 б.) үлгі болса, қалғандары- бұдан бұрын сан айтылған КР ҰFA Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорындағы Мәшһұр-Жұсіп жазбалары: 1176 (139 б.), 1177(170), 1178(220(129)б.) папкалары. Мұның ішінде 1178- папкалардан басқадағыларында негізінен бір қалып сақталса, 1178- де сәл өзгешелік орын алған. Мәселен: «Қонушы ек ауыл үй бол араласып»- деп басталатын 5- шумак орын алмауымен бірге оның алдындағы 3- шумақтың үшінші жолы басқалардың бәріндегі: «Нұрқан, Бапан болғанда, Шоң мен Шорман»- делінсе, 1178-де: «Тере, қараң отырысың, айтшы өздерің»- деп берілген екен, біз де соған ат басын тіредік. Сонымен бірге 4- шумақтың соңғы жолдары 1178-дегі: «Тұн жамылып, тоғайды пана тұтып»- басқаларда 5-шумак соңында беріліп, аяққы тармақ соны: «паналасып»- делінген.

Ал, 4- шумак соны 1178-дегі: «Қызы-бозбала қарқ күліп, сақылдасып» -жолы басқаларда: «Жайлайда отыруши ек макұлдасып»- түрінде келген. Біз бұл жолы сан көптігіне емес, ұғым нақтылығының 1178-де іске асқанын ескеріп, соны ұсындык.

Үшкілбай Сасықбаласы

Бұл туындының Мәшһүр-Жұсіп қолымен жазылған екі нұсқасы салыстырылып әзірленді. Шығарманың ертерек жазылып (Мәшһүр-Жұсіп, 1-папка, 79- 81 б.), әсіресе бет маңдайындағы жолдары онша көрінбеген жағдайда оның орны кейінрек қағазға түсіп, неғұрлым жақсы сақталған (КР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы, қолжазба қоры, Мәшһүр-Жұсіп жазбасы, 1177-папка, 386-388 б.) үлгімен толықтырылды. Екіншіде (1177- папка) бұл туынды авторы жөніпде кеңірек мәлімет берілген: «Қыпшақ: Молдабаласынан шыққан Үшкілбайдың өлеңі. Қыпшақ: Үбірайдың әкесі Жайықбаймен бір туысқан Сасықтың баласы. Тауық жылында жұтап қалып, қос жылқысы қосымен Есілдің бір жылымына түсіп, қырылып, жалғыз күнде жарлы болып қалған соң, айтқан өлеңі.» (1177- папка, 386(199)б.). Туынды сонында мына бір түсіндірме орын алған: «Осы жұтқа, міне, биыл жетпіс жыл, біз үш жасар бала едік.» (1176- папка, 388 б.). Соңғы дерекке жүгінсек, бұл туындыны Мәшһүр-Жұсіптің қағазға түсірген уақыты 1931 жыл екені, яғни 1177- папкадағы мәтіндердің ақын өмірінің соңғы жылында жазылуы ықтималдығы келіп шығады.

Шаһида

Шаһиданың екі өлеңі сақталған. Оның біріншісі алдында сан мәрте айтылған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жұсіп жазбаларының 1176- папкасынан (2-бет) алынса, екінші «Амойынға» өлеңі әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат Жұсіпұлы жазбасы (1-папка, 369- бет) бойынша әзірленді.

Мұса Құлниязұлы

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жұсіп жазбасы (1176- папка, 2- бет) бойынша берілді.

Еленке мен Кемпір деген қыз қақтығысы

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жұсіптің (1177- папка, 171 б.) өз жазбасы бойынша ұсынылды.

Мазмұны

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері	1
Бұқар жырау	3
Көтеш Райымбекұлы (XVIII ғасыр)	25
Жанак Сағындықұлы (1770-1856)	31
Сақау Мәукеұлы (1798-1875).....	32
Шернияз Жарылғасұлы (1807-1867).....	35
Шөже Қаржаубайұлы (1808-1895)	43
Арыстан Тобылбайұлы (1811-1880)	52
Орынбай Бертағыұлы (1813-1891)	67
Мәделі Жұсіпқожаұлы (1816-1888)	68
Шортанбай Қанайұлы (1818-1881)	70
Күдерікожа Көшекұлы (1820-1858).....	108
Ақмолла Мұхамедиярұлы (1831-1895).....	113
Біржан Қожағұлұлы (1834-1897)	123
Базар Оңдасұлы (1842-1911)	125
Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913)	125
Абай Құнанбайұлы (1845-1904).....	128
Мәшіүр-Жұсіптің Құнанбай, Абай туралы жазғандары	151
Балта Бұқарбекұлы (XIX ғ. айтыс ақыны).....	156
Әріп Тәнрібергенов (1856-1924).....	156
Шекерім Құдайбердіұлы (1858-1931)	157
Нұржан Наушабаев (1859-1919)	158
Нармамбет (1860 туған).....	158
Ақылбай Абайұлы (1861-1904)	159
Баймұхаммед Тілеубергенұлы.....	174
Ахмет Байтұрсынов (1873-1937).....	200
Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920)	207
Мағжан Жұмабаев (1893-1938)	213
Басқа да ақындар өлеңдері (алфавит тәртібімен)	216
Ажар	216
Байқошкар	216
Байтас	216
Бердікожа	217
Бибі	217
Бөрібай	217
Иса	219
Жамшыбай	223
Жапар	224

Зілгара	224
Қалдыбай	225
Қараменде	225
Қожамберді	225
Қойкелді	228
Мариям Жагорқызы	232
Мәшһүр-Жусіп	233
Нығымет	254
Сәрсекей	256
Ғали Елубайұлы (Смағұл)	257
Тәтидің өлеңі	278
Төлеген	281
Үшкілбай Сасықұлы	283
Шаһида	286
Еленке мен Кемпір деген қыз қағысқаны	288
Тұсініктер	289-391

Мәшһүр Жұсіп Көпейұлы

**Шығармалары
7 том**

Сдано в набор 20.12. 05 г. Подписано в печать 20.01.06 г. Формат 84x60 1/16.
Бумага офсетная. Гарнитура Times. Объем в усл. печ. лист. 23,0.
Объем в уч. изд. лист. 20,5. Тираж 1000 экз.



Отпечатано в ТОО НПФ “ЭКО”.
140000, Республика Казахстан, г. Павлодар,
ул. 29 Ноября, 2, тел. (3182) 32-16-08